# CHANGAN CS55PLUS автокөлігін пайдалану жөніндегі нұсқаулық

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті сатып алушы! Таңдаған CHANGAN CS55PLUS автокөлігіңіз құтты болсын!

CHANGAN Automobile компаниясы клиенттердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін өз өнімін, сондай-ақ пайдаланушы нұсқаулығын үздіксіз дамытып әрі жақсартып отырады. Біз шығаратын әрбір CHANGAN автокөлігінің озық технологиялары мен жоғары сапалы құрылымын мақтан тұтамыз.

Бұл нұсқаулық сізді жаңа CHANGAN автокөлігін пайдалану және оған қызмет көрсету ерекшеліктерімен таныстырады. Оны мұқият оқып шығу керек, өйткені ондағы ақпарат өзіңіздің жаңа автокөлігіңізді пайдаланудан алатын рақатты біршама арттырады.

Пайдаланушы нұсқаулығын және автокөліктер конфигурациясын қажеттілікке қарай, алдын ала ескертпестен, қайта қарастыру құқығын сақтап қаламыз. Өз автокөлігіңіздің сипаттамасы мен конфигурациясын басқа нұсқаулықтардың мазмұнымен салыстырып, солардың айырмашылығы негізінде өтемақы талап етпеңіз. Өнімге немесе пайдаланушы нұсқаулығының мазмұнына қатысты сұрақтарыңыз болса, CHANGAN компаниясының өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

CHANGAN Automobile Co., Ltd. пайдаланушы нұсқаулығының авторлық құқығына ие және бұл нұсқаулыққа түсінік беру құқығын сақтап қалады. Компанияның қағаз жүзіндегі рұқсатынсыз нұсқаулықтың ешқандай бөлімін қолдануға немесе кез келген мәтінде, оған қоса жекелеген дәйексөздерді немесе басқа да әдеби мақалалар мен материалдардағы дәйексөздерді көрсетуге болмайды.

Өндіруші автокөлігіңізге міндетті түрде техникалық қызмет көрсету CHANGAN өкілетті дилерінде жүзеге асырылғанын талап етеді. Автокөлікті пайдалану барысында сұрақтарыңыз немесе ұсыныстарыңыз туындаса, CHANGAN ресми дилерінің қолдау қызметіне хабарласыңыз.

Chongqing CHANGAN Automobile Co., Ltd.
Jun 2021

© CHANGAN Automobile Co., Ltd., All Rights Reserved.

## АВТОКӨЛІКТІҢ СЫРТҚЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІ




① Құрамдас фаралар;
② Қозғалтқыш капоты;
③ Алдыңғы әйнектазартқыштар;
④ Сыртқы артқы көрініс айнасы;
⑤ Электржетегі бар терезелер;
⑥ Құрамдас артқы шамдар;
⑦ Камерасыз шиналары бар дөңгелектер;
⑧ Жүргізуші есігінің құлпы бар ашу тұтқасы
⑨ Отын құю аузының люгі;
⑩ Жүксалғыш есігі.

## АВТОКӨЛІК САЛОНЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ




① Есіктерді ашу тұтқасы;
② Руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы;
③ Аспаптар тақтасы;
④ Руль астындағы әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы;
⑤ Мультимедианы басқару;
⑥ Апаттық сигнал беру жүйесін қосу түймесі;
⑦ Кондиционерді басқару тақтасы;
⑧ Электр әйнекөтергіштерді басқару пернелері;
⑨ Есіктердің құлыптарын басқару модулі;
⑩ Руль;
⑪ АБҚ басқару селекторы;
⑫ Жүргізу режимді таңдау селекторы;
⑬ Сымсыз зарядтау құрылғысы.


※ Бұл белгіше сипаттамада көрсетілген функция немесе жабдық автокөліктің стандартты жиынтығына кірмегенін және анықтама ретінде ұсынылғанын білдіреді. Нақты конфигурация автокөлігіңізге байланысты.

## АСПАПТАР ТАҚТАСЫНЫҢ КӨПФУНКЦИЯЛЫ ДИСПЛЕЙІ




Бұл белгіше сипаттамада көрсетілген функция немесе жабдық автокөліктің стандартты жиынтығына кірмегенін және анықтама ретінде ұсынылғанын білдіреді. Нақты конфигурация автокөлігіңізге байланысты.

## МОТОР БӨЛІМІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ




① Жуғыш сұйықтығы;
② Жоғары қысым / температура контурының салқындату сұйықтығының жоғары қысымды кеңейткіш бағы;
③ Май өлшегіш сүңгі;
④ Қозғалтқыштың май құю аузының қақпағы;
⑤ Төмен қысым / темипература контурының салқындату сұйықтығының кеңейткіш бағы /;
⑥ Тежегіш сұйықтығы;
⑦ Аккумулятор батареясы;
⑧ Ауа сүзгісі;
⑨ Сақтандырғыштар блогы.

※ Бұл белгіше сипаттамада көрсетілген функция немесе жабдық автокөліктің стандартты жиынтығына кірмегенін және анықтама ретінде ұсынылғанын білдіреді. Нақты конфигурация автокөлігіңізге байланысты.

## ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

- **Пайдалану**
- **Жөндеу және қызмет көрсету**
- **Техникалық сипаттамалар**

Осы Пайдаланушы нұсқаулығындағы ақпарат жарияланған сәтінде жарамды. Алайда өнім сапасының үнемі артуына байланысты CHANGAN компаниясы автокөлік құрылымына өзгерістер енгізу құқығын сақтап қалады.

Бұл нұсқаулық серияның барлық моделіне қатысты және стандартты, сондай-ақ қосымша жабдықтардың сипаттамалары мен түсіндірмелерін қамтиды.

Бұл нұсқаулықтан өзіңіздің нақты автокөлігіңізге қатысы жоқ материалды таба аласыз.

## НҰСҚАУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫ

Автокөлікті пайдаланудан бұрын ол туралы толық түсінік алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Бұл нұсқаулық сізге автокөлікті дұрыс пайдалануға және қызмет көрсетуге, сондай-ақ қауіпсіз жүргізуден максималды ләззат алуға көмектеседі.

Зақымдану, жарақат және өлім қатерін барынша азайту үшін **«НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ»”**, **«ЕСКЕРТУ»** және **«ЕСКЕРТПЕ»** бөлімдеріндегі ақпаратқа назар аударыңыз.

Нұсқаулықтағы мәтін автокөліктің жұмысын жақсы сипаттау үшін суреттермен толықтырылған. Нұсқаулықпен танысқанда автокөліктің ерекшеліктері туралы білетін боласыз, сонымен қатар әртүрлі жол жағдайларында қауіпсіздік техникасы мен жүргізуге қатысты маңызды ақпарат аласыз. Нұсқаулықтың жалпы құрылымы мазмұнында көрсетілген.

Қажетті ақпаратты немесе функцияны іздеген кезде әліпбилік көрсеткішті қолданыңыз. Онда нұсқаулықтағы бүкіл ақпараттың әліпби ретімен берілген тізімі бар.

**Бөлімдер:** нұсқаулық сегіз тараудан және әліпбилік көрсеткіштен тұрады. Әр бөлім қысқаша мазмұннан басталады, онда осы бөлімде қажетті ақпараттың ұсынылғанын бірден көруге болады.

Нұсқаулықта қауіпсіздігіңізді және айналаңыздағы адамдардың қауіпсіздігін сақтау үшін сақтық шаралары мен пайдалану нұсқаулары берілген.

Бұл ақпарат сізге немесе айналаңыздағы адамдарға зиян келтіруі мүмкін ықтимал қауіптер туралы, сондай-ақ автокөліктің зақымдануы туралы ескертеді. Автокөліктің жапсырмаларында және осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік нұсқаулары ықтимал қауіптерді және тәуекелдерді болдырмау немесе азайту үшін қажетті әрекеттерді сипаттайды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл белгі ықтимал қауіпті ескертеді. Ол ықтимал қауіп пен дене жарақаты туралы ескерту үшін қолданылады. Ықтимал жарақат алудың немесе өлімнің алдын алу үшін осы таңбадан кейінгі барлық қауіпсіздік нұсқауларын орындаңыз. Қауіп туралы ескерту белгісі сигналдық ҚАУІП, ЕСКЕРТУ және САҚТАНДЫРУ сөздерінің алдында тұрады.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: CHANGAN АВТОКӨЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ЖӘНЕ МОДИФИКАЦИЯСЫНА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Автокөліктің құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге болмайды. Өйткені бұл автокөліктің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді де, оның қауіпсіздігін, сенімділігін төмендетіп, ұзақ қызмет ету мерзімін қысқартады. Кейбір жағдайларда автокөліктің құрылымын өзгерту салдары қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен қағидаларды бұзуға және автокөлікке кепілдік өтемін беру талабын бұзуға әкелуі мүмкін. Кейбір өзгерістер Көлік министрлігі мен аймақтағы басқа да мемлекеттік органдар белгілеген автокөліктердің пайдалану ережелерін бұзуы мүмкін.

Changan Automobile Co компаниясының кепілдік міндеттемелері автокөліктің құрылымына өз бетінше өзгерістер енгізуден туындаған кез келген істен шығу, зақымдану немесе пайдалану сипаттамаларының нашарлау жағдайларына қолданылмайды.

## ЕКІЖАҚТЫ РАДИОБАЙЛАНЫС НЕМЕСЕ ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІН ОРНАТУ

Автокөлік электрондық отын бүрку жүйесімен және басқа да сезімтал электрондық компоненттермен жабдықталған. Дұрыс орнатылмаған немесе бапталмаған екі жақты радио немесе ұялы байланыс жабдығы электрондық жүйелердің жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Құрылғы өндірушісінің нұсқауларын қатаң орындаңыз және ұсыныстар мен сақтық шараларын сақтаңыз. Мобильді немесе екі жақты сымсыз жүйелерді орнатудың алдында CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ АВТОКӨЛІКТІҢ ЗАҚЫМДАНҒАНЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Зақымдану, жарақат және ықтимал өлім қатерін азайту үшін «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ», «ЕСКЕРТУ» және «ЕСКЕРТПЕ» бөлімдеріндегі ақпаратқа баса назар аударыңыз. Бұл атаулар мыналарды көрсетеді:

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! – Бұл тақырыпта адам денсаулығына қауіп төну немесе автокөліктің бүліну ықтималдығы бар жағдайлар ескертіледі. Адамдардың жарақат алу немесе өлім қаупін болдырмау немесе азайту үшін берілген нұсқауларды қатаң сақтау керек.

**ЕСКЕРТУ**


Осы «**ЕСКЕРТУ»** бөлімінің мазмұнын елемеген жағдайда, автокөлік және/немесе оның жабдығы зақымдануы мүмкін.

Автокөліктің және/немесе оның жабдығының бүліну қаупін болдырмау үшін **«ЕСКЕРТУ»** тармағындағы нұсқауларды орындаңыз.


**ЕСКЕРТПЕ**

Бұл бөлімде автокөлікті пайдалануды және оған қызмет көрсетуді жеңілдетуге қажетті қосымша пайдалы мәліметтер келтірілген.

Төмендегі суреттегі ескерту белгісі кез келген әрекетке тыйым салуды білдіреді.



Төмендегі суреттегі ескерту белгісі «ҚАУІПТІ, жоғары кернеу» дегенді білдіреді. Абай болыңыз, электр тогының соғу ықтималдығы жоғары. Жабдықты арнайы рұқсатсыз ұстамаңыз және бөлшектемеңіз.



**Аксессуарлар, қосалқы бөлшектер және автокөліктің құрылымына өзгертулер енгізу**

Жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігі автокөліктің бөлшектерінің сапасына байланысты. Түпнұсқа қосалқы бөлшектер және аксессуарлар Changan Automobile Co. компаниясында немесе оның басқаруымен әзірленеді және өндіріледі. Қауіпсіздік мақсатында міндетті түрде тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану ұсынылады.

Changan Automobile Co. компаниясының кепілдік міндеттемелері тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен аксессуарларға қолданылады. Компанияның кепілдік міндеттемелері сәйкес келмейтін бөлшектерді пайдалану салдарынан туындаған ақаулар мен проблемаларға қолданылмайды. Автокөліктің құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге болмайды. Өйткені бұл автокөліктің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді де, оның қауіпсіздігін, сенімділігін төмендетіп, ұзақ қызмет ету мерзімін қысқартады. Кейбір жағдайларда автокөліктің құрылымын өзгерту салдары қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен қағидаларды бұзуға әкелуі мүмкін.

Автокөліктің кез келген бөлігін ауыстыру қажет болған кезде, тек компания жеткізушілері шығарған түпнұсқа қосалқы бөлшектер мен аксессуарларды ғана пайдаланыңыз. Олай болмаса, түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді пайдалану салдарынан туындаған ақауларға кепілдік міндеттемелер қолданылмайды.

**Ұялы байланыс жүйелерін орнату**

Автокөлікке екіжақты сымсыз ұялы байланыс жүйелерін орнату автокөліктің келесі электронды жүйелерінің жұмысына әсер етуі мүмкін: АБС, тұрақтандыру жүйесі, өрге қарай қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе, қосалқы қауіпсіздік жүйесі және қауіпсіздік белбеулерін тарту жүйесі. Орнатпай тұрып, CHANGAN өкілетті сервис орталығынан арнайы сақтық шаралары мен кеңестерді біліп алыңыз.

**Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS)**

Электрондық медициналық құрылғылары (мысалы, жүрек ширатқышы) бар пайдаланушылар осындай медициналық құрылғыларға әсер етуі мүмкін электрмагниттік сәулелердің немесе радиотолқындардың әсері туралы нақты ақпарат алу үшін құрылғы өндірушісінен кеңес алуы керек.

**Тас жолмен және жолсыз жермен жүргізу ерекшеліктері**

Автокөліктің осы моделі – жалпы пайдаланылатын жолдармен және жолсыз жерлермен жүргізуге арналған әмбебап көлік құралы. Бұл автокөліктің басқарылуы мен маневрлігі кәдімгі жолаушы тасымалдайтын көлік құралдарынан ерекшеленеді, өйткені жер бетінен автокөлікке дейінгі биіктік пен ауырлық орталығы қарапайым автокөліктерге қарағанда, жоғарылау болады. Бұл модельдің айрықша құрылымдық ерекшеліктері кәдімгі жолаушы автокөліктерімен салыстырғанда осы автокөлік модельдерінің төңкерілу ықтималдығын арттырады. Дұрыс пайдаланбау салдарынан жазатайым оқиғаны және жарақат алуды болдырмау үшін «Жол талғамайтын көлікке арналған сақтық шаралары» және «Жолсыз жерде көлікпен жүрген кездегі сақтық шаралары» бөлімдерімен мұқият танысыңыз.

## Белгілері

Осы нұсқаулық CHANGAN UNI-K автокөліктері үшін қолданылады.

Пайдаланушы нұсқаулығында пайдаланылатын қысқартулар мен әріптік белгілер төмендегі кестеде келтірілген:

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---|---|
| л | Литр |
| мл | Миллилитр |
| км | Километр |
| м | Метр |
| см | Сантиметр |
| мм | Миллиметр |
| мин | Минут |
| с | Секунд |
| кг | Килограмм |
| А | Ампер |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---|---|
| В | Вольт |
| км/сағ | Километр / сағат |
| кГц | Килогерц |
| кПа | Килоаскаль |
| айн/мин | Айналым / минут |
| Вт | Ватт |
| кВт / айн / мин | Киловатт / бір минут ішіндегі айналымдар |
| °С | Цельсий градусы |
| % | Пайыз |
| Н·м | Ньютон-метр |
| (°) | Градус |
| (′) | Бұрыштық минут |
| Гбайт | Гигабайт |
| Мбайт | Мегабайт |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---|---|
| МБҚ | Механикалық беріліс қорабы |
| АБҚ | Автоматтық беріліс қорабы |
| ЭББ | Электронды басқару блогы |
| ЖЖМ | Жанар-жағармай материалдары |
| ГЛОНАСС | Жаһандық навигациялық жерсерік жүйесі |
| GPS | Жаһандық орынды анықтау жүйесі |
| GSM | Уақыт (TDMA) және жиілік (FDMA) бойынша арналарға бөлінген, сандық ұялы байланыстың жаһандық стандарты |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---|---|
| GPRS | Пакеттік деректерді беретін GSM ұялы байланыс технологиясына жасалатын қондырма |
| UMTS | Әмбебап ұялы телекоммуникация жүйесі |
| КҚ | Көлік құралы |
| МДЖ | Минималды деректер жинағы |
| ТЖҚ | Төтенше жедел қызмет |
| ЭРА-ГЛОНАСС | Ресейлік мемлекеттік апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі |
| БҚ | Бағдарламалық құрал |

| Белгісі | Өлшем бірлігі |
|---|---|
| ПИБ | Пайдаланушы интерфейсінің блогы |
| ЖКО | Жол-көлік оқиғасы |
| ҮҚЖЖ ББ | Үрлемелі қауіпсіздік жастықтары жүйесінің басқару блогы |
| ТЖҚШЖ | Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі |
| ICCID | SIM-чиптің бірегей сериялық нөмірі |
| ЖЖЕ | Жол жүру ережелері |

## МАЗМҰНЫ


**I. КІРІСПЕ ..... 16**

ОТЫН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАРДЫ ШЫҒАРУ ДЕҢГЕЙІ 18

ЗАУЫТТЫҚ ТАҚТАЙШАЛАР МЕН АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN) ..... 20

МИКРОТОЛҚЫНДАРДЫҢ ТЕРЕЗЕСІ ..... 22

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІ (EDR) ..... 22

ҚОЗҒАЛТҚЫШ МОДЕЛІ МЕН НӨМІРІ ..... 23

ТУРБОАЙДАУЫШЫ БАР ҚОЗҒАЛТҚЫШ ..... 23

**II. АВТОКӨЛІКТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ ..... 25**

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ..... 27

ОРЫНДЫҚ ..... 28

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛБЕУЛЕРІ ..... 33

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ..... 37

AIRBAG ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ ..... 44

**III. АВТОКӨЛІКТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ..... 58**

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ ..... 60

КІЛТ ..... 61

START ENGINE STOP ТҮЙМЕСІНЕН ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ66

ИММОБИЛАЙЗЕР ..... 67

ЕСІК ҚҰЛЫПТАРЫ ..... 70

ЭЛЕКТР ӘЙНЕККӨТЕРГІШТЕР ..... 72

АРТҚЫ КӨРІНІС АЙНАСЫ ..... 75

ТӨБЕДЕГІ ЛЮК ※ ..... 78

ЖҮКСАЛҒЫШ ЕСІГІ ..... 83

АВТОКӨЛІКТІҢ КАПОТЫ ..... 90

ОТЫН ҚҰЮ АУЗЫНЫҢ ЛЮГІ ..... 91

РУЛЬ ..... 93

АСПАПТАР ТАҚТАСЫНЫҢ КӨПФУНКЦИЯЛЫ ДИСПЛЕЙІ ..... 96

ЖАРЫҚТЫ БАСҚАРУ ..... 112

ӘЙНЕКТАЗАРТҚЫШ ПЕН ЖУҒЫШ ..... 117

КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ ..... 119

МУЛЬТИМЕДИА ЖҮЙЕСІ ..... 126

ТҰРАҚҚА ҚОЮҒА КӨМЕКТЕСУ ЖҮЙЕСІ ..... 132

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ ..... 145

КРУИЗ-КОНТРОЛЬ ..... 160

БАСҚА ЖАБДЫҚ ..... 183

**IV. АВТОКӨЛІКТІ БАСҚАРУ ..... 190**

АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ..... 192

ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ ЖӘНЕ ӨШІРУ ..... 196

ТРАНСМИССИЯ ..... 199

ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІ ..... 205

КӨЛІК ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР ..... 215

ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІ ..... 220

**V. АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ..... 222**
АВТОКӨЛІКТІҢ АҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР ЖӘНЕ БОРТТЫҚ ҚҰРАЛДАР ..... 224
ДӨҢГЕЛЕКТЕРДІ АУЫСТЫРУ ..... 227
АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫНЫҢ ЗАРЯДЫ ӘЛСІЗ КЕЗДЕ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ ..... 230
АВТОКӨЛІКТІ КӨТЕРУ ЖӘНЕ СҮЙРЕУ ..... 231
АПАТТЫҚ ЖАБДЫҚ ※ ..... 235
**VI. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ 240**
МІНДЕТТІ ТЕКСЕРІСТЕР ТІЗІМІ ..... 242
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАР ..... 243
ШИНАЛАР МЕН ДИСКІЛЕР ..... 243
ФАРАЛАР ЖӘНЕ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ..... 257
САҚТАНДЫРҒЫШТАР ..... 261
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ..... 262
ӘЙНЕКТАЗАРТҚЫШТАР ЖӘНЕ ӘЙНЕКЖУҒЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ ..... 265
АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫ ..... 266
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ..... 268
**VII. АВТОКӨЛІКТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ 270**
АВТОКӨЛІКТІҢ ӨЛШЕМДЕРІ ..... 272
АВТОКӨЛІКТІҢ ӨЛШЕМДЕРІ ..... 273
ҚОЗҒАЛТҚЫШ ..... 274
АВТОКӨЛІКТІҢ СИПАТТАМАЛАРЫ ..... 275
АВТОКӨЛІКТІҢ САЛМАҒЫ ..... 276
ҚҰЙЫЛАТЫН СҰЙЫҚТЫҚТАР МЕН КӨЛЕМДЕРІ ..... 277
ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАРДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ, СУЫҚ КҮЙДЕГІ ШИНАЛАРДА БОЛУЫ ТИІС ҚЫСЫМ ..... 278
ДӨҢГЕЛЕКТЕРДІ ОРНАТУ БҰРЫШТАРЫ (ЖҮКТЕМЕСІЗ) ..... 278
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ ..... 279
**VIII. ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 281**

# I. КІРІСПЕ

## ОТЫН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ

Ресей нарығына арналған CHANGAN CS55PLUS модельдеріндегі пайдаланылған газ шығарындыларының деңгейі стандарт талаптарын қанағаттандырады және Vi(b) стандартына сәйкес келеді. Октан саны 92-ден кем емес жоғары октанды этилденбеген бензинді пайдалану ұсынылады.

**Басқа өңірлер үшін:** CHANGAN CS55PLUS автокөлігі үшін октан саны RON (зерттеушілік октан саны) 92# / AKI (Антидетонациялы) 89# немесе жоғары этилденбеген бензинді пайдаланыңыз.

Тек ұсынылған отын сіздің жаңа автокөлігіңізге қуаттың, динамиканың, үнемділіктің және уыттылықтың номиналды мәндеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді және пайдаланылған газдың және оталдыру білтелеріндегі ыстың мөлшерін азайтады.

**ЕСКЕРТУ**

Тек этилденбеген бензинді қолданыңыз. Төмен сапалы отынды пайдалану қозғалтқыш жүйесінің зақымдануына және/немесе отынның ағып кетуіне алып келуі мүмкін. Этилденген отынды пайдалану салдарынан оттегі датчигі, қозғалтқышты басқару жүйесі зақымдануы, сондай-ақ қозғалтқыш зақымдануы және тіпті қирауы мүмкін. Бұл каталиттік түрлендіргіште тұтануға алып келеді, ал ол, өз кезегінде, қозғалтқыштың пайдаланылған газдарын тазалау процесінің әсерін төмендетеді де, оның бұзылуына алып келуі мүмкін. Этилденген бензиннің құрамындағы қорғасын оттегі концентрациясының датчигін және пайдаланылған газдардың үшкомпонентті бейтараптандырғышын істен шығарады.

Ешбір жағдайда отын бағына отын жүйесін тазартқыштарды және басқа қоспаларды қосушы болмаңыз әрі оларды пайдаланбаңыз. Отын тазартқышты пайдалану қозғалтқыштың зақымдануына алып келеді, ал ол кепілдік міндеттememен өтелмейді. Толық ақпарат алу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Кез келген тазартқыш затты кездейсоқ қабылдағаннан кейін медициналық көмек алу үшін дәрігерге дереу қаралыңыз.

Отын тазартқыштың құрамдас бөліктерінің бірі – бензин. Отын тазартқышты қолдану кезінде шылым шегуге және ашық жалынның болуына тыйым салынады.

Отын тазартқышты балалардың қолы жетпейтін, күн сәулесі түспейтін жерде сақтаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Отын құю кезінде пистолет автоматты түрде тоқтап қалса, отын багы толды деген сөз. Отын құюды тоқтатыңыз, әйтпесе отын төгілуі немесе отын жүйесі зақымдануы мүмкін. Апат кезінде отынның ағып кетуіне жол бермеу үшін отын құю аузының қақпағы мықтап жабылғанын әрдайым тексеріп жүріңіз.

**Құрамында спирт пен метанол бар бензин**

Газохол – бензин мен этанолдың (бидай спирті деп танылған) қоспасы,

сондай-ақ бензин немесе метанол (ағаштан алынған спирт деп танылған) бар газохол, этилденген немесе этилденбеген бензинмен бірге немесе соның орнына сатылуы мүмкін.

Құрамындағы этанолы 10%-дан көп газохолды пайдаланбаңыз және метанолы бар газохол мен бензинді пайдаланбаңыз. Бұл отындардың әрқайсысы автокөліктің жұмысында ақау туғызуы мүмкін және отын жүйесінің, қозғалтқышты басқару жүйесінің және пайдаланылған газ шығындыларын басқару жүйесінің зақымдануына алып келеді.

Автокөліктің жұмысында ақау туындаған сәтте кез келген түрдегі газохолды пайдалануды доғарыңыз. Автокөліктің бүлінуі немесе соған байланысты ақаулар төмендегі заттарды пайдалануды нәтижесінен болса, кепілдікпен өтелмейді:

1. Құрамындағы этанолы 10%-дан көп газохол;
2. Метанолы бар газохол мен бензин;
3. Этилденген отын мен этилденген газохол.

**ЕСКЕРТУ**

Автокөлікке отын құю үшін метанолы бар газохолды, сондай-ақ ІЖҚ жұмысына әсер ететін және/немесе автокөліктің жұмысын төмендететін кез келген бензин-спирт қоспасын пайдаланбаңыз.

**Отынның балама түрлері мен қоспалары**

Отынға келесідей қоспаларды пайдалану:

- Отынға қосылатын силиконды қоспа;
- ММТ (құрамында марганеці Mn бар) отын қоспасы;
- Отынға қосылатын ферроцен (темір) негізіндегі қоспа;
- Отынға басқа металл негізіндегі қоспаларды араластыру салдары қозғалтқыш цилиндрлерінде жалынның жанбай қалуына, көлік тартысының нашарлауына, қозғалтқыштың тоқтап қалуына, катализатордың зақымдануына немесе қозғалтқыштың бұзылуына алып келуі ықтимал коррозияның артуына және / немесе күш агрегатының қызмет ету мерзімінің қысқаруына алып келуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ**

Осы отын түрін пайдаланудың салдары отын жүйесінің зақымдануына немесе өнімділіктің пен қозғалтқыш жұмысының бұзылуына алып келсе, олар автокөлік кепілдігімен өтелмейді.

**Метил-трет-бутил эфирі МТБЭ**

CHANGAN компаниясы автокөлік үшін 15,0% (көлемі бойынша) жоғары МТБЭ - Метил-трет-бутил эфирі (масса бойынша оттегінің көлемі 2,7%) бар отынды пайдалануға кеңес бермейді. Құрамында 15,0% (көлемі бойынша) жоғары МБТЭ бар отын автокөліктің өнімділігін төмендетуі, ал қанықкан будың жоғары қысымы қозғалтқыштың оталуын қиындатуы немесе бөгеуі мүмкін.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Отын жүйесінің бүлінуіне және сапасы төмен - метанолы бар немесе 15,0% (көлемі бойынша) жоғары МТБЭ - Метил-трет-бутил эфирі (масса бойынша оттегінің көлемі 2,7%) бар отынды дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінен пайда болған ақауларына байланысты кез келген зақымдарға мен автокөліктің қызмет көрсету сипаттамаларының нашарлауына Changan Automobile Co. компаниясының кепілдік міндеттемелері қолданылмайды. |

### Метанолды пайдаланбаңыз

Автокөлікке метанолы (ағаштан алынған спирт) бар отынды пайдаланбаңыз. Отынның бұл түрі автокөліктің қуатын төмендетуі және отын жүйесінің компоненттерін, қозғалтқышты басқару жүйесін және пайдаланылған газдарды шығару жүйесін зақымдауы мүмкін.

### Шетелде пайдалану

Автокөлікті басқа елде пайдаланған кезде мыналарды орындау қажет:

- Барлық жол жүру ережесін, көлік тіркеу, өмірді сақтандыру және осы аймақ үшін қолданылатын жауапкершілік қағидаларын сақтау;
- Тек автокөлік үшін ұсынылған тиісті отынның болуын тексеру және пайдалану.

## ЗАУЫТТЫҚ ТАҚТАЙШАЛАР МЕН АВТОКӨЛІКТІҢ СӘЙКЕСТЕНДІРУ НӨМІРІ (VIN)


### Тақтайшалар

Автокөліктің VIN (сәйкестендіру нөмірі) және максималды рұқсат етілген жалпы салмағы және басқа да ақпараты көрсетілген зауыттық тақтайша оң жақ артқы есігінің ойығында құлып ілмегінің астында орналасқан.







## Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)




Автокөліктің VIN коды (VEHICLE IDENTIFICATION NUMBER) келесідей орындарда жазылған:

- Мотор бөліміндегі қозғалтқыштың оң жақ артындағы пластинаға ойып басылған;
- Аспаптар тақтасы мен алдыңғы әйнектің түйіскен жерінде, сол жақтағы төменгі бұрышта;
- Шанақтың артқы оң жақтағы жолаушы есігінің ойығындағы ақпараттық зауыттық тақтайшасында.

## ЭББ-дан (ECU) алынған автокөліктің VIN туралы ақпаратты оқу:





1. Диагностикалау сканерін жүргізуші жақтағы сол жақ төменгі бөлікте орналасқан OBD диагностикалық интерфейсіне жалғаңыз;
2. Диагностикалау сканерінің интерфейсінде автокөліктің моделін таңдаңыз да, қозғалтқышты басқаратын EMS жүйесіне кіріңіз.
3. EMS интерфейсінде «Read Version Information» (нұсқа туралы ақпаратты оқу) тармағын таңдаңыз да, автокөліктің VIN нөмірін тексеріңіз.

OBD интерфейсі нарықта ұсынылған көптеген автокөлік диагностикалау сканерін қолданады. CHANGAN компаниясы Changan Bosch диагностикалық сканерін автокөлік дилерлері қолдануы үшін бекітіп, авторизациялаған.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| • OBD CHANGAN диагностикалау интерфейсі CAN немесе K-line бойынша ақпарат беруге қолдау көрсетеді. Алдымен диагностикалық сканердің CAN шинасы арқылы деректермен алмаса алатынын тексеріңіз. Егер ол EMS-пен істемесе, онда басқа K-line байланысын қолданатын сканерді пайдаланып көріңіз; |
| • Егер екі сканнер де EMS-пен байланыс орната алмаса немесе VIN оқи алмаса, CHANGAN өкілетті дилеріне хабарласыңыз. |

## МИКРОТОЛҚЫНДАРДЫҢ ТЕРЕЗЕСІ




Микротолқындар терезесі сыртта, алдыңғы әйнектің жоғарғы оң жағында орналасқан. Оны жаңбыр датчигінің немесе жол қатарынан шығуды бақылау датчигінің тіректері жауып қалмауы керек.

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ТІРКЕУ ЖҮЙЕСІ (EDR)

Автокөлік жол-көлік оқиғалары мен апаттары (EDR) жайлы деректерді тіркейтін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, ол автокөліктің жылдамдығын және соқтығысу кезінде тежеу деректерін тіркей алады. Алайда соқтығысудың түрі мен күшіне байланысты бұл ақпарат сақталмай қалуы мүмкін.

EDR тіркеу жүйесімен сақталған деректер соқтығысу сәтінде оқиғаны мұқият қарауға, зақымдануды және мүмкін болатын жарақатты бағалауға көмектеседі.

CHANGAN компаниясы келесі мәнжайларды қоспағанда EDR жүйесімен сақталған ақпараттар мен деректерді үшінші тұлғаларға жарияламайды:


- Мүлік иесінің немесе көлік құралының жалгерінің келісімі болғанда;
- Қоғамдық қауіпсіздік бюросының, соттың немесе басқа да мемлекеттік мекеменің ресми сұрауы болғанда;
- CHANGAN компаниясы сот тыңдауына шақыртылған кезде.

Қажет болғанда EDR жүйесі тіркеген деректер келесідей жағдайларда пайдаланылады:

- Көрсеткіштерді зерттеу және көлік құралының қауіпсіздік жүйесін жасау;
- Деректерді үшінші тарапқа көрсету, бірақ жинау және автокөлік иелері туралы ақпаратты және олардың көлік құралдарын ашу мақсатында емес.

EDR жүйесінде тіркелген деректерді арнайы диагностикалау сканерінің көмегімен OBD диагностикалау порты арқылы, CHANGAN өкілетті сервис орталығында оқуға болады.

## ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ МОДЕЛІ МЕН НӨМІРІ



Қозғалтқыш моделінің нөмірі мен қозғалтқыш нөмірі қозғалтқыштың цилиндрлер блогына басылған.

## ТУРБОАЙДАУЫШЫ БАР ҚОЗҒАЛТҚЫШ

Турбоайдауыштан май ағып кетпеуі үшін қозғалтқышты ұзақ уақыт бойы (1 сағат және одан көп) бос жүрісте істетіп қоймаған жөн;

-20°Cтан төмен температурада ұзақ тұрғаннан кейін акселератор педалін қозғалтқыш оталғаннан кейін 6 секунд ішінде толық баспаңыз.

Турбоайдауыштың сенімді ұзақ және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін «Техникалық қызмет көрсету» бөліміндегі тиісті талаптармен танысып, техникалық қызмет көрсетуді уақытылы жүргізіңіз.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Жоғарыда көрсетілген сақтандыру шараларын сақтамау салдарынан турбоайдауыш зақымдануы немесе май ағып кетуі мүмкін, олар кепілдік міндеттемелермен өтелмейді. |

## АВТОКӨЛІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

Автокөліктің құрылымына қандай да бір өзгеріс енгізуге болмайды. Өйткені бұл автокөліктің пайдалану қасиетінің нашарлауына алып келеді де, оның қауіпсіздігін, сенімділігін төмендетіп, ұзақ қызмет ету мерзімін қысқартады. Кейбір жағдайларда автокөліктің құрылымын өзгерту салдары қолданыстағы мемлекеттік қауіпсіздік және шығарындылар стандарттарын бұзуға әкелуі мүмкін.

Changan Automobile Co компаниясының кепілдік міндеттемелері автокөліктің құрылымына өз бетінше өзгерістер енгізуден туындаған кез келген істен шығу, зақымдану немесе пайдалану сипаттамаларының нашарлау жағдайларына қолданылмайды.

Қосымша электрондық құрылғыларды өздігінше орнату автокөліктің қате жұмысына, сымдардың зақымдануына, аккумулятор зарядының таусылуына және / немесе тұтануына алып келуі мүмкін. Өз қауіпсіздігіңіз үшін қосымша бөгде электрондық құрылғыларды орнатпаңыз және пайдаланбаңыз.

## АВТОКӨЛІКТІ СЫНАП ЖҮРГІЗУ

Алғашқы 1000 км ішінде автокөлікті пайдалану (автокөлікті сынап жүргізу) кезінде автокөліктің сипаттамаларын арттыру, отынды үнемдеу және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін келесідей сақтық шараларын ұстануға кеңес беріледі

- Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін оның жұмысын бірден жоғары жылдамдықта ұстамаған жөн. Қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқышты баяу әрі мұқият қыздырып алыңыз. Күрт үдетуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Автокөлік қозғалысы кезінде қозғалтқыштың айналымын 2000 - 4000 айн/мин диапазонында ұстаңыз.
- Автокөліктің жылдамдығына қарамастан қозғалтқыштың тұрақты айналымын ұзақ уақыт бойы сақтамаңыз. Автокөлікті сынап жүргізу кезінде қозғалтқышты толыққанды пайдалануға енгізу үшін қозғалтқышты әртүрлі айналымда жұмыс істеткен жөн.
- Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтары алғашқы 500 км жүріс кезінде тозады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін күрт апаттық тежеуден, әсіресе алғашқы 300 км жүрісте сақтаныңыз. (төтенше жағдайлардан басқа).

Алғашқы 2000 км жүріс кезінде тіркеме сүйремеуге / көлікті сүйретпеуге тырысыңыз.

# II. АВТОКӨЛІКТІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ

## САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Бұл бөлімде қауіпсіздік техникасы бойынша негізгі және аса маңызды сақтық шаралары мен ұсыныстар жинақталған және сипатталған.

### Қауіпсіздік белбеуін әрдайым тағыңыз.

Қауіпсіздік белбеулері – жүргізуші мен жолаушыларды жол-көлік оқиғалары болған кезде ауыр жарақаттардан қорғайтын тиімді құрал.

Қауіпсіздік жастықтары (SRS жүйесі) қауіпсіздік белбеулеріне көмекші құрал және оларды толығымен алмастыра алмайды. Автокөлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған болса да, автокөлік қозғалысы кезінде ӘРДАЙЫМ қауіпсіздік белбеуін тағып отырыңыз. Қозғалысты бастамас бұрын орындықтың қалпын дұрыс реттеңіз.

### Балаларды тасымалдау қағидалары

12 жасқа дейінгі немесе бойы 150 см дейінгі балаларды артқы орындықта міндетті түрде бала бекіту құрылғысын пайдалана отырып тасымалдау керек. Егер бала осындай бала бекіту құрылғысына сыймаса, қауіпсіздік белбеуін бүстер орындығынсыз дұрыс қолдана алмайынша, бел/иық бауы бар бүстерлік орындықты міндетті түрде қолданыңыз.

### Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтары өмірді сақтап қалуы мүмкін болғанымен, олар тым жақын отырған немесе дұрыс бекітілмеген жолаушыларға ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат келтіруі мүмкін. Нәрестелердің, кішкентай балалардың және аласа бойлы ересектердің қауіпсіздік жастығының ашылуынан жарақат алу қаупі жоғары болады. Осы нұсқаулықтағы барлық нұсқаулар мен ескертулерді орындаңыз.

### Жүргізушіні алаңдату

Жүргізушіні алаңдату, әсіресе көлік жүргізу тәжірибесі аз жүргізушілерге үлкен қауіп төндіреді және өлімге әкелуі мүмкін. Автокөлік жүргізу кезіндегі басты ереже – қауіпсіздік ережелерін сақтау және автокөлікті мұқият жүргізу. Жүргізушілер ықтимал алаңдатушы факторлардың кең спектрін білуі керек: ұйқы келу, қозғалыс кезінде әртүрлі заттарды іздеу және оларға қол созу, көлік жүргізу кезінде тамақтану және жеке күтім жасау, басқа жолаушылардың жүргізушіге кедергі келтіруі және ұялы телефондарды пайдалану. Жүргізушілер көздері мен назарын жолдан алғанда немесе көлік жүргізуден басқа нәрсеге назар аудару үшін қолдарын рульден алып тастағанда алаңдауы мүмкін.

Басқа нәрсеге көңіл аудару қаупін және жазатайым оқиғаның туындау мүмкіндігін азайту үшін:

- Мобильді құрылғыларды (мысалы, MP3-ойнатқыштар, телефондар, навигация құрылғылары және т.б.) ТЕК тұрақта немесе көлік тұрағында ғана баптаңыз.
- Мобильді құрылғыларды қауіпсіздік шарттарын сақтай отырып, заңдарда рұқсат етілген жағдайларда ғана пайдаланыңыз.
- Көлік жүргізу кезінде ЕШҚАШАН СМС немесе басқа мәтіндік хабарламалар және/немесе электрондық поштаға хаттар ЖІБЕРМЕҢІЗ. Бірқатар елдерде жүргізушілерге қозғалыс кезінде мобильді құрылғыларды пайдалануға тыйым салатын заңдар бар.
- Автокөлікті басқару кезінде ЕШҚАШАН мобильді құрылғыны ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ, себебі ол көлік жүргізуге кедергі келтіруі мүмкін. Жүргізуші жолаушылардың және жол қозғалысына басқа да қатысушылардың алдында жауапты болады. Қауіпсіз қозғалыс үшін қолыңызды рульге қойып, жолға назар аударыңыз.

### Автокөліктің жылдамдығын бақылаңыз


Белгіленген жылдамдықты асыру — соқтығысу кезіндегі жарақаттану мен өлім-жітімнің негізгі факторларының бірі. Жылдамдық артқан сайын, бұл қауіп те артады, бірақ төмен жылдамдықпенқозғалу кезінде де ауыр жарақат келу қаупі бар. Максималды рұқсат етілген жылдамдыққа қарамастан, машинаны ағымдағы жағдайлар үшін қауіпсіз болғаннан тезірек үдетпеңіз.

### Автокөліктің техникалық жағдайын қадағалаңыз

Шинаның жарылуы немесе басқа механикалық бұзылу өте қауіпті болуы мүмкін. Мұндай жағдайлардың пайда болу ықтималдығын азайту үшін шиналардағы қысымды, олардың күйін үнемі тексеріп отырыңыз, сонымен қатар автокөлікке үнемі және уақтылы жоспарлы техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз.

## ОРЫНДЫҚ

### Орындықты реттеу




Орындықтың ұсынылған қалпы, сондай-ақ осы модель үшін әзірленген арқалықтың еңкею бұрышы.

- **Алдыңғы орындықты ілгері-кейін реттеу:** орындық ең түпкі артқы қалыптан алға қарай 10 мм жылжи алады.
- **Арқалықтың жобаланған еңкею бұрышы** (тік сызық пен дене сызығы арасындағы бұрыш): осы модель үшін 25° құрайды.

## Орындық қалпын реттеу

Соқтығысу кезінде максималды қорғаныста тек орындықты, бас тіреуішін, қауіпсіздік белбеуін және қауіпсіздік жастығын дұрыс пайдалану арқылы қамтамасыз етуге болады.

Қозғалысты бастамас бұрын, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін орындықтың қалпын реттеңіз:

- Орындықтың қалпын реттеңіз. Орындық пен оның арқалығы дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз. Арқалықты шамадан тыс еңкейтпеңіз;
- Бассүйегіштің биіктігін реттегенде оның ортасы құлақтың жоғарғы деңгейінде болуы керек. Реттеген соң бассүйегіштің қажетті күйге бекітілгеніне көз жеткізіңіз;
- Жүргізуші орындығын рульден жеткілікті қауіпсіз қашықтықта болатындай етіп реттеңіз. Рульдің көлбеу қалпын қауіпсіздік жастығы жүргізушінің кеуде бөлігіне тікелей қарама-қарсы болатындай етіп реттеңіз;
- Орындықтың қалпын реттеңіз: түзу отыру керек, арқаңыз орындықтың арқалығына толығымен тиіп тұруы қажет.
- Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. («Қауіпсіздік белбеулері» бөлімін қараңыз).

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Тасымалдау ережелеріне сәйкес барлық жолаушы өз орындарына отырмайынша қозғалысты бастамаңыз.
- Жолаушыларды орындықтың бүктелген арқалығына, жүксалғышқа немесе жүктің үстіне отырғызып тасымалдамаңыз.
- Қозғалыс барысында апаттық тежеу немесе автокөліктің соқтығысуы салдарынан туындаған жарақаттануға немесе өлімге жол бермеу үшін көлік құралының орындықтары арасында тұруға немесе қозғалуға тыйым салынады.
- Орындық үстіне ауыр немесе өткір заттарды (мысалы, инелер немесе шегелер) қоймаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарға тыстарды кигізбеңіз, оларды жөндемеңіз. Орындықтарды және олардың қаптамасын өз бетінше өзгертпеңіз. Әйтпесе, бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жұмысы бұзылуы мүмкін немесе олар кездейсоқ іске қосылып, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Төтенше апаттық тежеу немесе соқтығысу кезінде дұрыс отырмаған немесе қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушылар жарақат алуы мүмкін.
- Автокөлік қозғалысы кезінде орындықтың қалпын реттеуге жол берілмейді. Бұл орындықтың кездейсоқ қозғалуына байланысты автокөлікті басқара алмай қалуға немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Орындықты реттеген кезде қолыңызды орындықтың астына немесе басқа қозғалмалы бөліктердің жанына қоймаңыз, өйткені қолыңыз қысылып қалып, жарақат алуыңыз ықтимал.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Орындықтың арқалығын тым қатты еңкейтпеңіз. Дұрыс отырмаған жағдайда, қауіпсіздік белбеуінің бел тұсы ішті қысып тұруы және / немесе белбеудің иық тұсы мойынға тиіп тұруы мүмкін. Соқтығысу орын алған жағдайда бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастығы үлкен күшпен ашылады. Дұрыс отырмау немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау автокөлік жүргізушісінің және/немесе жолаушылардың басын, мойнын және дененің басқа осал бөліктерін зақымдауы мүмкін. Мұндай жарақат балаларды өлімге жетелеуі мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Орындықтың астына бөгде заттарды қоймаңыз. Олар орындықтың бекіту механизміне кедергі келтіруі немесе оны зақымдауы мүмкін және/немесе орындықтың күйін реттеу тұтқасын кездейсоқ басып жіберіп, орындық жылжып кетуі және автокөлікті басқара алмай қалуыңыз мүмкін. Сонымен қатар бұл орындықты реттеу механизмін зақымдауы мүмкін.
- Орындық көпшігінің үстіне жастықтарды және әртүрлі төсеніште қоймаңыз. Орындықтың бетіне орналастырылған төсемнің дұрыс емес өлшемі мен пішіні алдыңғы орындықтың SBR ақауларына әкелуі мүмкін (қауіпсіздік белбеуі туралы ескерту).

## Алдыңғы орындықты механикалық реттеу ※



**1. Орындықтың қалпын ілгері-кейін реттеу**

Орындық астындағы реттеу иінтірегінің ① ортаңғы бөлігін жоғары қарай тартыңыз және оны ұстап тұрып, орындықты қажетті қалыпқа сырғытыңыз. Реттеу тұтқасын жіберіңіз.

**2. Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу**

Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу тұтқасын ② жоғары тартыңыз да, оны қажетті бұрышпен реттеу үшін арқалыққа шалқайыңыз, содан кейін тұтқаны босатыңыз.

## Алдыңғы орындықты электрмеханикалық жолмен реттеу ※



**1. Орындықты қалпы мен биіктігі бойынша реттеу**

Орындық қалпы мен биіктігін реттеу үшін басқару қосқышын ① қажетті бағытқа жылжытыңыз (тек жүргізуші орындығы үшін). Қажетті күйге жеткенде - жіберіңіз. Орындық тоқтап, бекиді.

**2. Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу**

Басқару қосқышын ② дұрыс бағытта еңкейтіп, жіберіңіз. Орындық арқалығы тоқтап, бекиді.

## Орындықтарды жылыту ※



Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының жылытқышын басқару мультимедиа жүйесінің дисплейі арқылы іске асырылған. Мультимедиа дисплейінің негізгі бетінде [Кондиционер] → [Ыңғайлы орындық] → орындық жылытқышын реттеу интерфейсін таңдаңыз.

Жылыту түймесін бір рет басқанда үш сегментті индикатор жанады және орындықты жылыту функциясы максималды қуат режимінде іске қосылады;

Жылыту түймесін қайта басқан кезде екі индикатор бөлінісі жанады да, орындықтарды жылыту функциясы орташа қуатпен жылыту режиміне ауысады;

Жылыту түймесін 3 рет басқанда бір индикатор жанады да, орындықтарды жылыту функциясы минималды жылыту режиміне ауысады;

Жылыту түймесін 4 рет басқан кезде индикатор сөніп, жылыту функциясы өшеді.

Жүргізуші орындығы мен алдыңғы жолаушы орындығының жылыту режимін бір уақытта және / немесе дербес қосуға және реттеуге болады.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Жылыту функциясы қосылған кезде орындықты көрпемен, жастықпен немесе басқа да жылу оқшаулағыш заттармен жаппаңыз. |

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Орындықты жылыту функциясын ұзақ уақыт қолданған кезде қызып кету немесе өртену қаупі туындауы мүмкін. Әсіресе жылыту функциясын ұзақ уақыт қолданған кезде абайлаңыз. Реттеу үшін қазіргі жағдайға сәйкес жылыту қосқышын пайдаланыңыз.

Орындықтарды жылыту функциясын пайдалану кезінде келесі жолаушыларға ерекше назар аудару ұсынылады:

- Егде жастағы адамдар, сәбилер, балалар, науқастар, мүгедектер және жүкті әйелдер;
- Терісі аса сезімтал жолаушылар;
- Жоғары шаршау күйіндегі, мас күйіндегі немесе дәрі-дәрмектердің әсерінен ұйқылы күйдегі адамдар (мысалы, ұйықтататын дәрі немесе суық тиюге қарсы дәрі).

## Артқы орындықтарды реттеу

### Жүксалғыш көлемін ұлғайту



Бекітпеден босату үшін арқалық бекіткішін жоғары көтеріп, жүксалғыш көлемін ұлғайту үшін арқалықты алға еңкейтіңіз.

### Артқы орындықтың шынтақтаянышы



Шынтақтаянышты пайдалану үшін артқы орындықтың арқалығының ортаңғы бөлігін төмен түсіріңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Егер автокөлік қозғалысы кезінде шынтақтаяныш пайдалану қажет болмаса, кенеттен тежеу немесе апат кезінде жарақат алу қаупін азайту үшін шынтақтаянышын жабық күйде ұстаңыз.


## ҚАУІПСІЗДІК БЕЛБЕУЛЕРІ

Қауіпсіздік белбеулері – жүргізуші мен жолаушыларды жол-көлік оқиғалары болған кезде ауыр жарақаттардан қорғайтын тиімді құрал.

Соқтығыс орын алған немесе автокөлік күрт тежеген жағдайда үлкен инерция күші пайда болады. Мұндай жағдайда қауіпсіздік белбеулері жүргізуші мен жолаушыларды орындықтарда ұстап қалып, автокөлік салонының ішкі элементтеріне соғылудың алдын алады және кинетикалық энергияның көп мөлшерін сіңіреді, осының арқасында жүргізуші мен жолаушылардың жарақат алу қаупі азаяды.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану – қауіпсіздік жастықтарының дұрыс жұмыс істеуі үшін маңызды шарт.

Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдаланбау және дұрыс жайғаспау салдары төтенше жағдай туындаған кезде шұғыл тежеу және / немесе қауіпсіздік жастығының жедел ашылу нәтижесінде жүргізуші мен жолаушылардың бас, мойын және дененің басқа қорғалмаған бөліктеріне жарақат келтіруі мүмкін.




Қауіпсіздік деңгейін жоғарылату үшін, қозғалысты бастау алдында қауіпсіздік белбеулерін пайдалану кезінде:

- Қауіпсіздік белбеуін дұрыс және сенімді түрде тағу керек;
- Орындықты дұрыс күйге келтіру керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздік белбеулері мен оның бөліктерінің күйін үнемі тексеріп отырыңыз.

Зақымдалған немесе істемейтін қауіпсіздік белбеулерін дереу ауыстырыңыз.

Әр орындықтағы қауіпсіздік белбеуі тек бір адамның пайдалануына арналған.

ЖКО нәтижесінде қажалған, зақымданған жерлер пайда болған жағдайда және ауыр жүктемеге ұшырағаннан кейін белбеулер міндетті түрде ауыстырылуы керек.

Қауіпсіздік белбеулерін өзіңіз бөлшектемеңіз және / немесе өзгертпеңіз! Жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда - CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Бекітілген қауіпсіздік белбеулерін қыспаңыз, майыстырмаңыз, бұрамаңыз немесе өткір заттарға тигізбеңіз;<br>Белбеудің таспасына зақым келтірмеу үшін өткір немесе сынғыш заттарды бекіту үшін қауіпсіздік белбеуін пайдаланбаңыз;<br>Тым үлкен көлемді киім белбеудің дұрыс жұмысын бұзуы мүмкін;<br>Қауіпсіздік белбеулерін таза ұстаңыз. Лас белбеулер белбеуді автоматты түрде тарту құрылғысының жұмысын қиындатады;<br>Қауіпсіздік белбеуінің құлпына бөгде заттардың түспегеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, белбеуді дұрыс бекіту мүмкін емес. |

## Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу ※

Аспаптар тақтасындағы қауіпсіздік белбеуінің индикаторы жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға қауіпсіздік белбеулерін бекіту қажеттілігін еске салады.




Егер жүргізуші және / немесе алдыңғы жолаушы қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеулерімен бекітілмеген болса, қауіпсіздік белбеуінің индикаторы ескертуші дыбыс сигналымен бірге жануды жалғастырады.

Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы 5 минут ішінде қауіпсіздік белбеуімен бекітілмесе, ескерту сигналы өшеді. Аспаптар тақтасындағы тағылмаған белбеу индикаторы жанып тұра береді.


| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Егер тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу жоғарыда көрсетілген қисынға сәйкес жұмыс істемесе, бұл оның дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |

## Қауіпсіздік белбеуінің дұрыс орналасуы

Үш нүктелі белбеудің бел аймағын белге емес, жамбасқа мүмкіндігінше төмен орналастырыңыз; белбеудің иық бөлігін дене корпусының үстіне, кеуде арқылы орналастырыңыз. Қауіпсіздік белбеуін қолтық астынан немесе дененің артынан өткізбеңіз.


**Қауіпсіздік белбеуін тағу**

1. Белбеуді ілгек тілшігінен бірқалыпты тартып шығарыңыз;
2. Белбеудің иық бөлігін иық арқылы, ал бел бөлігін жамбас үстінен өткізіңіз;
3. Ілгекті белбеудің бекітілгенін растайтын сырт еткен дыбыс естілгенше қауіпсіздік белбеуінің тоғасына салыңыз. Белбеудің айналмауын қадағалаңыз.




**Белбеуді ағыту**

Қауіпсіздік белбеуін ағыту үшін құлыптың қызыл түймесін басыңыз. Бұл кезде тілшік құлып ұясынан серіппе арқылы итеріліп шығарылады. Белбеудің толық тартылуын қамтамасыз ету үшін оны тілшігінен қолыңызбен ұстап бағыттаңыз.




**Балаларға арналған қауіпсіздік белбеуін пайдалану**

Осы автокөлік моделінің қауіпсіздік белбеулері ересектерге арналған. 12 жасқа дейінгі балалар үшін 12 жасқа дейінгі балаларға арналған ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін арнайы бала бекіту жүйесін пайдалану ұсынылады («Балалар қауіпсіздігі» - «Бала бекіту құрылғысы» бөлімін қараңыз).

Егер бала бекіту құрылғысы үшін ересек болса, оны артқы орындықта қауіпсіздік белбеуімен бекітіп тасымалдаңыз.

**Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеуін пайдалануы**

Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуінің бел аймағын мүмкіндігінше ыңғайлырақ және жамбасқа төмен қарай орналастыра отырып қолдануы керек.

Белбеудің иық бөлігін иықтан өткізіп, белбеу таспасын іштің үстінен жылжытыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Жүкті әйел мен оның баласының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдаланыңыз.
Қауіпсіздік белбеулерін қолданар алдында дәрігерден сақтық шаралары туралы кеңес алыңыз. Жүкті әйел мен оның баласының қауіпсіздігі үшін қауіпсіздік белбеулерін пайдаланған кезде сақтық шараларды сақтау бойынша дәрігердің ұсыныстарын бұлжытпай орындаңыз.

**Қауіпсіздік белбеуін жарақат алған, зардап шеккен және мүгедек жандардың пайдалануы.**

Дәрігердің ұсыныстарын орындаңыз. Қауіпсіздік белбеуін нақты жағдайға сәйкес пайдаланыңыз.

## Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеуі


### Қауіпсіздік белбеуінің күшін шектеу

Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік белбеуінің алдын ала тартқыштары күшті реттей алады.

Бетпе-бет қатты соқтығыс болған жағдайда белбеудің кеудеге қысымы белгіленген мәннен асып кетсе, белбеуді тарту механизмі белбеудің кеудеге қысымын азайту үшін белбеудің белгілі бір ұзындығын босатады.

## Артқы қатардағы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері

Артқы қатардағы орындықтар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталған. Артқы қатардағы жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағуы керек. Егер автокөлік қозғалыссыз болса, қауіпсіздік белбеуін босатыңыз және қауіпсіздік белбеуінің айылбасын сақтау орнына қойыңыз. Қауіпсіздік белбеуінің тоғасы орындықтың көпшігі мен арқалықтың жанындағы арнайы ойықта орналасқан. Пайдалану кезінде тоғаны көпшіктен шығару керек.



## БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

### Балаларды тасымалдау қағидалары

12 жасқа дейінгі немесе бойы 150 см дейінгі балаларды артқы орындықта міндетті түрде бала бекіту құрылғысын пайдалана отырып тасымалдау керек. Егер баланың бойы бала бекіту құрылғысы үшін үлкен болса, міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін қолданыңыз.




Балаларды автокөліктің ішінде жалғыз қалдырмаңыз, себебі олар:

- Есікті ашып жіберіп, басқа адамдарға немесе жол қозғалысы қатысушыларына қауіп төндіруі;
- Автокөліктен шығып кетіп, басқа автокөліктердің қозғалысына кедергі немесе өзіне зиян келтіруі;
- Жазатайым оқиғалар мен жарақат алу қаупін тудыратын автокөліктің қозғалысына себепкер болуы мүмкін.

Жабық автокөліктің іші қызып кетіп, балалар көліктен шыға алмай қалған жағдайда, олардың ауыр жарақат алуына немесе тіпті өліміне әкелуі мүмкін. Бала автокөлікке бөтен адамдардың кіріп кетуі ықтималдығына байланысты басқа да жарақаттар алуы мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Балаларды тіпті өте қысқа уақытқа да автокөлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Автокөлік қозғалысы кезінде баланы тізеге отырғызып немесе қолға алып тасымалдауға тыйым салынады.


Мыналарға тыйым салынады:

- Баламен бірге бір қауіпсіздік белбеуін пайдалану.
- Екі немесе одан да көп жолаушының бір белбеді бірге пайдалану.

Қауіпсіздік белбеуінің күйін ауық-ауық тексеріп отырыңыз, өйткені бала қозғалғанда, белбеудің дұрыс күйі өзгеруі мүмкін.

## Артқы бүйірлік есіктерді балаларды қорғау үшін бекіту

Артқы бүйір есіктердегі балаларға арналған қауіпсіздік құлпы артқы бүйір есіктерді өздігінен құлыптай алады. Құлыпты іске қосқан кезде артқы бүйір есіктерді ішінен ашу мүмкін емес. Оларды тек сыртынан ашуға болады.



**Іске қосу:**артқы бүйір есіктің шетіндегі балалардың қауіпсіздік құлпын көрсеткі бағытында бекіту күйіне ауыстырыңыз. Іске қосылғаннан кейін құлыптың дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

**Ажырату:**артқы бүйір есіктің бүйір жағындағы бала құлпын ашық күйге ауыстырыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Егер бала автокөліктің ішінде болса, әрдайым қауіпсіздік құлпын қосып қойыңыз. Олай болмаған жағдайда бала есікті ашып жіберіп, өзіне және / немесе басқа адамдарға/жол қозғалысы қатысушыларына зиян келтіруі мүмкін.


## Бала бекіту құрылғысы

Ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолдануға кеңес береміз.

Тиісті бала бекіту құрылғысын таңдау және сатып алу үшін баланың бойын, жасын және салмағын ескеру қажет.

Бала бекіту құрылғысын құрылғы өндірушісінің нұсқауларына қатаң сәйкестікпен орнатыңыз және пайдаланыңыз.

Егер бала бекіту құрылғысы дұрыс орнатылмаса және қолданылмаса, балаға ауыр, мүмкін өлімге жетелейтін жарақат келтірілуі мүмкін.




**Алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы алдыңғы жолаушы орындығына** қозғалыс жүрісіне теріс қаратылған бала бекіту құрылғысын ОРНАТУШЫ БОЛМАҢЫЗ. Егер алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы ашылса, бұл ауыр жарақатқа немесе баланың өліміне әкелуі мүмкін.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Бала бекіту құрылғысын тек екінші қатардағы орындықтардың шетіне орнатуға болады.

Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын артқы орындықтың арқалығын бекітіңіз.

ISOFIX жүйесі бар бекіту құрылғысын орнатпас бұрын екінші қатардағы орындықтың арқалығының бекітіліп тұрғанын тексеріңіз.

Бала бекіту құрылғысын орнатқаннан кейін, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны ілгері-кейін, солға және оңға қарай жұлқып көріңіз. Рұқсат етілген люфт 25 мм аспауы тиіс.

Әр қолданар кезде бала бекіту құрылғысының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуімен бекітілетін құрылғылар үшін қауіпсіздік белбеуі құрылғы арқылы бұралмай өтетінін, ал қауіпсіздік белбеуінің ілмегі белбеудің тоғасына бекітілгенін тексеріңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Бала бекіту құрылғысының астына немесе артына жастықтарды немесе басқа заттарды төсеуге тыйым салынады.

Егер бала бекіту құрылғысы күн сәулесінің тікелей әсеріне ұшыраса, онда қауіпсіздік белбеуі мен құрылғының өзі қызып, бала күйіп қалуы мүмкін. Қолданар алдында орындық тысы мен тоғасының температурасын тексеріңіз.

Егер сіз бала бекіту құрылғысын пайдалануды жоспарламасаңыз, оны бекіту жүйелері арқылы автокөлікке бекітіңіз немесе шешіп алыңыз.

Егер қауіпсіздік жүйесі немесе бекіту жүйесі апат кезінде зақымдалған немесе ақаулы болса, диагностикалау және/немесе жөндеу / ауыстыру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Баланың дене бітімі мен салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын қолданыңыз.

ISOFIX бекіту жүйесін тек ISOFIX жүйесімен жабдықталған бала бекіту құрылғылары үшін пайдаланыңыз.


ISOFIX бекіту жүйесіне ISOFIX жүйесімен жабдықталмаған қауіпсіздік белбеулерін, бала орындығын немесе кез келген басқа құрылғыны қоспаңыз.

Бала орындығының орналасуы мен оны бекіту тәсілін А.1 және А.2 кестелерінде көрсетілген деректерге сәйкес ескеру қажет.

## ISOFIX жүйесі

ISOFIX – бұл екінші қатардағы орындыққа бала бекіту құрылғысын бекітуге арналған стандартты жүйе.

ISOFIX сипаттамаларына сәйкес келетін бала бекіту жүйесінің бекіту нүктелері артқы орындықтың арқалығына орнатылады. «ISOFIX» белгісі бала бекіту жүйесінің бекіту нүктелерін тез табуға көмектеседі.




**ISOFIX төменгі бекіту нүктелері**

Төменгі бекіту нүктелері екінші қатардағы орындықтың көпшігінің және арқалықтың түйіскен жерінде орналасқан және орындықтың қаңқасына бекітілген.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Бір бекіткішке бірден бірнеше бала бекіту құрылғысын бекітпеңіз. Жүктеме дұрыс бөлінбейтіндіктен бекіткіштер сынып кетіп, соның салдарынан бала ауыр жарақат алуы немесе тіпті мертігуі мүмкін.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Бала бекіту құрылғысын автокөліктің орындығына сенімді бекіту үшін бассүйегішті көтеріп қою немесе шешіп алу қажет болуы мүмкін.<br>Егер бала бекіту құрылғысы жоғарғы бекіту нүктесінде белбеумен бекітілетін болса, онда белбеуді бассүйегіштің екі бағыттауышының арасына өткізу керек.<br>Бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын, ISOFIX бекіткіштеріне еркін қол жететінін тексеріңіз. ISOFIX бекіткіштері дұрыс орнатылған бала бекіту құрылғысының жүктемесіне төтеп береді. Бекіткіштерге қауіпсіздік белбеулерін, арқандарды және басқа заттарды немесе құрылғыларды бекітуге тыйым салынады. |

## Бала бекіту құрылғыларының қолданылуы

### А.1 кестесі. Бала бекіту құрылғысының қолданылуы

| Салмақ санаты | Орындықтың күйі (немесе басқа күйлер) | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Алдыңғы жолаушы орындығы | Екінші қатардағы орындықтың шеткі орындары | Екінші қатардағы орындықтың шеткі орындары | Үшінші қатардағы орындықтар ※ |
| 0 санаты (10 кг жеңіл) | X | U / L | X | X |
| 0+ санаты (13 кг аз) | X | U / L | X | X |
| I санат (9-18 кг) | X | U / L | X | X |
| II санат (15-25 кг) | X | U / L | X | X |
| III санат (22-36 кг) | X | U / L | X | X |

Кестедегі әріптік белгілердің мәні:

U: салмақ санатына сәйкес сыныбы әмбебап бала бекіту жүйесі үшін қолданылады;

0UF: салмақ санатына сәйкес алға қаратылған сыныбы әмбебап бала бекіту жүйесі үшін қолданылады;

L: тізімдегі арнайы бала бекіту жүйесі үшін қолданылады. Мұндай бекіту құрылғылары арнайы, шектеулі немесе жартылай әмбебап болуы мүмкін;

B: салмақ санатына сәйкес интеграцияланған бала бекіту жүйесі үшін қолданылады;

X: орындық бала бекіту жүйесі үшін барлық топқа пайдаланылмайды.

## A.2 кестесі ISOFIX бекіткіші бар бала бекіту құрылғыларын орнату

| Салмақ санаты | Өлшем санаты (*) | Қысқыш құрылғы (бекіткіш) | ISOFIX жүйесінің автокөліктегі орналасуы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Алдыңғы жолаушы орындығы | Артқы қатардағы шеткі орындықтар | Артқы қатардағы ортаңғы орындық | Үшінші қатардағы орындықтар ※ |
| Тасымалданатын бесік | F | ISO / L1 | X | IL | X | X |
| | G | ISO / L2 | X | IL | X | X |
| | | (1) | X | X | X | X |
| 0 санаты (10 кг жеңіл) | E | ISO / R1 | X | IL | X | X |
| | | (1) | X | X | X | X |
| 0+ санаты (13 кг жеңіл) | E | ISO / R1 | X | IL | X | X |
| | D | ISO / R2 | X | IL | X | X |
| | C | ISO / R3 | X | IL | X | X |
| | | (1) | X | X | X | X |
| I санат (9-18 кг) | D | ISO / R2 | X | IL | X | X |
| | C | ISO / R3 | X | IL | X | X |
| | B | ISO / F2 | X | X | X | X |
| | B1 | ISO / F2X | X | X | X | X |
| | A | ISO / F3 | X | X | X | X |
| | | (1) | X | X | X | X |
| II санат (15-25 кг) | | (1) | X | X | X | X |
| III санат (22-36 кг) | | (1) | X | X | X | X |

(1): ISO / XX өлшемдерінің санатына сәйкес (A~G) деп таңбаланбаған бала бекіту жүйесі үшін автокөлік өндірушісі тиісті салмақ тобының негізінде әр салмақ санатына сәйкес әр орындық үшін ұсынылған арнайы ISOFIX бала бекіту жүйесін көрсетуі керек.

Кестедегі әріптік белгілердің мәні:

IUF — бұл өлшемді сыныптың ISOFIX жалпы алға бағытталған бала бекіту жүйесіне қатысты қолданылады.

IL — тізімдегі балаларды қорғау үшін арнайы ISOFIX бала бекіту жүйесіне қатысты. Мұндай бекіту жүйелері арнайы, шектеулі немесе жартылай әмбебап ISOFIX жүйелері болуы мүмкін.

X — ISOFIX күйі осы салмақ класында және/немесе өлшем санатында ISOFIX жабдығына / бала бекіту жүйесіне қолданылмайды.

( * ) – ISOFIX өлшем класы ISOFIX бала орындықтарында көрсетілген «A» мен «G» аралығындағы бас әріптермен белгіленеді.

## AIRBAG ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫ

Қауіпсіздік жастығы – қосымша бекіту жүйесінің (SRS) элементі.

SRS жүйесі қауіпсіздік белбеулеріне көмекші құрал және оларды толығымен алмастыра алмайды. Көлік қозғалысы барысында әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отырыңыз. Қозғалысты бастамас бұрын орындықтың күйін дұрыс реттеңіз («Орындық» бөлімін қараңыз).

Жүргізуші мен жолаушылардың жарақаттану қаупін азайту үшін қатты соқтығыс болғанда, қауіпсіздік жастығы ашылған кезде жолаушы мен автокөліктің салон қаптамасы арасында буфер пайда болады.

**СКЕРТУ**

**ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

**ӘРҚАШАН**, әр сапар кезінде қауіпсіздік белбеулері мен бала бекіту жүйесін қолданыңыз! Қауіпсіздік белбеулері бекітілмеген немесе дұрыс бекітілмеген жағдайда, тіпті қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде де, адам ауыр жарақатқа ұшырауы немесе қаза табуы мүмкін.

Баланы ЕШҚАШАН алдыңғы жолаушы орындығындағы бала бекіту құрылғысына немесе бүстер орындығына отырғызып тасымалдамаңыз. Қауіпсіздік жастығы балаға қатты соққы беріп, ауыр жарақатқа немесе өлімге ұшыратуы мүмкін.

12 жасқа дейінгі балаларды артқы орындыққа отырғызып тасымалдау кезінде оларды әрдайым қауіпсіздік белбеуімен бекітіңіз. Бұл кез келген жастағы балаларды тасымалдау үшін ең қауіпсіз орын. 12 жастағы немесе одан ересек жастағы баланы алдыңғы орындыққа отырғызып тасымалдау қажет болса, оны қауіпсіздік белбеуімен дұрыс бекіту, ал орындықты мүмкіндігінше артқа жылжыту керек.

Автокөлік толық тоқтағанға дейін және қозғалтқыш өшкенге дейін барлық жолаушы тік отырып, қауіпсіздік белбеулерін таққан болуы керек. Аяқтар ыңғайлы созылған, табандар еденде. Орындықтың арқалығы орындықтың жастығына тік күйде орнатылады.

Егер апат кезінде жолаушы басқа күйде болса, лезде ашылатын қауіпсіздік жастығы жолаушыға қатты тиіп, оған ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат келтіруі мүмкін.

Ешқашан қауіпсіздік жастықтарына тым жақын отырмаңыз және орындықтың арқалығын тым қатты еңкейтпеңіз. Есікке немесе орталық консольге сүйенбеңіз.

Автокөлікті ыңғайлы басқаруға және бақылауға зиян келтірместен, орындықты алдыңғы қауіпсіздік жастықтарынан мүмкіндігінше алыстатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздік жастықтары осы автокөлік моделі үшін арнайы конфигурацияланған. Басқа нұсқалармен немесе үлгілермен ауыстыруға болмайды, әйтпесе бұл қауіпсіздік жүйесінің бұзылуына және жарақат алуға әкеледі.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғаннан кейін немесе автокөлік 10 жыл пайдаланылғаннан кейін оның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік жастықтарының бүкіл жүйесін ауыстыру қажет. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

SRS жүйесінің элементтерін, қауіпсіздік жастықтарын және тиісті компоненттерді алып тастауға, бөлшектеуге, өзгертуге, жөндеуге немесе зақымдауға (ұрып-соғуға, кесуге немесе өртеуге) тыйым салынады, өйткені бұл SRS жүйесінің істен шығуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін, осылайша жүргізуші мен жолаушылардың қажетті қауіпсіздігі қамтамасыз етілмейді. Апат болған жағдайда — бұл ақауға немесе кездейсоқ ашылып кетуге, ауыр шығындарға немесе жарақаттарға әкелуі мүмкін!

SRS бекіту жүйесінің кез келген ақауы анықталған жағдайда диагностикалау және / немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жарақат алмау үшін қауіпсіздік жастығын өз бетінше тексермеңіз немесе жөндемеңіз!

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері AIRBAG белгісімен көрсетілген. Жастықтар ашылатын беттерді жаппаңыз және осы аймаққа ешқандай заттарды қоймаңыз.

Жолаушы мен қауіпсіздік жастығының арасына адамдарды, жануарларды отырғызуға немесе бөгде заттарды орналастыруға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде күйіп қалу немесе тұтану қаупін болдырмау үшін қозғалыс барысында темекі шекпеңіз.

12 жасқа дейінгі балаларды екінші қатардағы орындықтарға арнайы бала бекіту құрылғысына отырғызып тасымалдаңыз.

## SRS жүйесі жұмысының сипаты


SRS жүйесі автокөліктің қуат көзі қосылған кезде ғана белсенді болады («ON» күйі). Қауіпсіздік жастығы қажет болған жағдайда ашылады. SRS жүйесінің бақылау шамы жарамды болуы шарт («Аспаптар тақтасы» - «Сигнал шамдары мен индикаторлары» бөлімін қараңыз).

Автокөлік шанағының зақымдану дәрежесі қауіпсіздік жастықтарының ашылуына әсер етпейді. Автокөліктің соқтығысу фактісі қауіпсіздік жастығының міндетті түрде іске қосылу шарты емес. Қауіпсіздік жастықтары кез келген соқтығысу кезінде ашылмауы керек. Олар бірқатар факторлардың жиынтығы әсерінен ашылады және мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: соқтығысу кезіндегі автокөліктің жылдамдығы, соқтығысу бұрышы және соқтығысу кезіндегі баяулау жылдамдығы.

Автокөлік қатты және пішімі өзгермейтін заттарға соқтығысқанға қарағанда, қозғалмалы немесе пішімі өзгеретін, әсер ету күшін сіңіретін қорғаныс білеуі мен ағаш сияқты нысандарға соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының ашылу жылдамдығы жоғарылау болады.

Егер соқтығысу шұғыл тежеу кезінде орын алса, онда соқтығысу кезіндегі соққы күші қауіпсіздік жастығының ашылуы үшін жеткілікті болмауы мүмкін, сондықтан осындай жағдайларда қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы ықтимал.

Автокөлік бірнеше рет соқтығысқан жағдайда, қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу талаптары орындалған кезде, тек бір рет қана ашылады. Шамалы соққы күшімен бірнеше рет соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастықтары ашылмауы мүмкін (①), алайда кейінгі қатты соқтығыс болған кезде олар ашылу үшін қажетті соққы күшіне жеткенде іске қосылуы мүмкін (②).




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

SRS жүйесінің ақаусыз екеніне көз жеткізіңіз. Жүйе индикаторының шамы ақаулы болса, диагностикалау және / немесе жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе, соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығы іске қосылмауы мүмкін, бұның салдарынан ауыр зақым және / немесе жарақат келуі мүмкін.


Егер автокөлік су кедергісінен өтсе / немесе салон суға малынған болса, қауіпсіздік жастықтарының контроллері дұрыс жұмыс істемей қалмас үшін, оны диагностикалау және/немесе жөндеу мақсатында дереу CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе,

бұл кездейсоқ іске қосылу немесе қауіпсіздік жастықтарын ашу алгоритмін бұзу салдарынан апатқа әкелуі және / немесе жарақатқа ұшыратуы мүмкін.


**SRS жүйесінің жұмыс принципі**

Автокөліктің кез келген қауіпсіздік жүйесінің мақсаты — соқтығысу кезінде жолаушылардың қозғалысын бәсеңдетіп, оларға өте аз жарақат келтіру.

1. Автокөлік соқтығысқан кезде SRS жүйесінің датчигі соққы күшін анықтайды. Егер ол белгіленген мәннен асып кетсе, қауіпсіздік жастығының контроллеріне жастықтардың ашылуына жауап беретін сигнал беріледі;
2. Контроллерден сигнал алғаннан кейін, қауіпсіздік жастығы үрленіп ашылып, адам денесі мен салонның элементтері арасында қорғаныс кеңістігін жасайды;




3. Қауіпсіздік белбеулері қауіпсіздік жастықтарымен бірге соққы күшін сіңіреді, бас пен жоғарғы денені ықтимал зақымданудан және / немесе жарақаттан қорғайды.




4. Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін адамға тиетін әсерді азайту үшін тез жиырылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздік жастықтары ашылғанда тарс еткен дыбыс естіліп, түтін шығады – бұл пиропатронды (газ генераторын) іске қосқан кездегі әдеттегі процесс.

Ашылған кезде шығарылатын ұнтақ улы емес, бірақ ол тыныс алуды қиындатады және / немесе теріні тітіркендіруі мүмкін. Салонды желдету үшін терезелерді дереу ашыңыз. Көзіңізді, барлық кесілген жерлерді және / немесе жараларды жақсылап шайыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ашылғаннан кейін SRS жүйесінің кейбір компоненттері өте ыстық болуы мүмкін. Оларды суығаннан кейін ғана ұстаңыз. Егер абайсызда қолыңыз тиіп кетсе, инфекцияның немесе аллергияның алдын алу үшін дереу арада мол сумен шайыңыз.

Қауіпсіздік жастығы бірден үлкен күшпен ашылады, оның салдарынан жарақат келеді, оның ішінде сызаттар, көгерулер және сүйек сынығы болады.

Қауіпсіздік жастығы – бұл бір рет қолданылатын элемент. Егер жастық

ашылса, оны жаңасына ауыстыру керек.


**SRS жүйесі ақауының индикаторы**

SRS жүйесінің ақау индикаторы қызыл түсті.




Оталдыру жүйесі қосылған кезде («ON» күйі), SRS жүйесінің және қауіпсіздік жастықтарының индикаторы шамамен 3 секундқа қосылып, содан кейін өшеді. Жүйе дұрыс жұмыс істеп тұрған кезде индикатор сөніп тұрады.

## Қауіпсіздік жастықтарының компоненттері




A: Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы;
B: Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы;
C: Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ※
D: Қауіпсіздік қалқалары ※

**Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары**

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы туралы ақпарат алдыңғы жолаушының күңқағарында орналастырылған. Онымен мұқият танысып шығыңыз.


**Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы**

Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы рульде, «**AIRBAG**» деген жазуы бар қаптаманың астында орнатылған. Ол іске қосылу үшін барлық шарттар сақталған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.




**Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы**

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы (АҚЖ) автокөліктің алдыңғы тақтасында оң жағынан «**AIRBAG**» деген жазуы бар ұсақ-түйек тартпасының үстінде орнатылады. Ол іске қосылу үшін барлық шарттар сақталған бетпе-бет соқтығысу кезінде ашылады.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Алдыңғы орындыққа жүріс бағытына теріс қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатуға, сондай-ақ онда 12 жасқа толмаған және / немесе бойы 150 см аласа баланы тасымалдауға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығының ашылуы балаға жарақат келтіруі мүмкін

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде дұрыс отырыңыз. Аспаптар тақтасына аяқтарыңызды қоймаңыз.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының сәнді қаптамасын сақтау жүйесі ретінде пайдаланбаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**


Алдыңғы жолаушы жақтағы аспаптар тақтасына және алдыңғы әйнекке заттарды қоймаңыз.

Мысалы, навигация жабдығына немесе ұялы телефонға арналған кронштейндерді немесе бекіткіштерді (соның ішінде жабысқақ таспаны пайдаланып), сондай-ақ қауіпсіздік жастығы ашылатын аймақта алдыңғы жолаушы жағынан басқа жабдықты орнатпаңыз.


**Алдыңғы қауіпсіздік жастығының ашылу шарттары**

Төмендегі жағдайлар – алдыңғы қауіпсіздік жастығы жайылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар. Алайда, нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулау жастықтың жайылу шарттарына сәйкес келетініне байланысты.


1. Қозғалмайтын және пішімі өзгермейтін бетон қабырғаға 30 км/сағ астам жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысқан кезде:




2. Автокөлік қозғалмайтын және пішімі өзгермейтін бетон бағанына (бағанасына) 35 км/сағ астам жылдамдықпен бетпе-бет соқтығысқан кезде:




3. Автокөлік қозғалыс бағытына көлденең бағытта 30 градустан аспайтын бұрышпен, қозғалмайтын әрі пішімі өзгермейтін бетон қабырғаға 35 км/сағ жоғары соқтығысу нүктесінде қозғалыс жылдамдығымен бетпе-бет соқтығысқан кезде:





Алдыңғы қауіпсіздік жастығы автокөліктің қатты бетпе-бет соқтығысуға немесе бүйірден тиген соққы күшіне ұшырайтындай әсерге тап болғанда, сондай-ақ келесі пайдалану жағдайларында іске қосылуы мүмкін:

1. Автокөлік баспалдақтармен, жиектастармен, тротуардың жиектерімен немесе басқа ұқсас көтеріңкілеу кедергілермен соқтығысқан кезде;




2. Автокөліктің алдыңғы бөлігі өрден төмен түскенде, жоғары жиектастан немесе баспалдақтан ұшып түсу сәтінде жер бетіне соғылғанда;





3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде немесе шассидің негізгі бөлігі зақымданған кезде;





Алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы соқтығыс болған кезде автокөліктің белгілі бір теріс үдеуіне қол жеткізілгеніне байланысты. Алайда, алдыңғы қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда, тіпті біршама жоғары жылдамдықта да ашылмауы мүмкін:

1. Автокөліктер бетпе-бет соқтығысқан немесе белгілі бір бұрышпен (жабынмен) соқтығысқан кезде;




Қозғалыс бағытында автокөлікке әсер ету азаяды, өйткені екі автокөліктің де үлкен энергия сіңіретін деформация аймақтары бар.


2. Автокөлік жүк көлігінің бүйіріне немесе артына соқтығысқан кезде;




① Жүк көлігінің қорғаныс құралы – пішіні өзгереді, беріктігі төмен.


② Егер соқтығысу нүктесі автокөлік капотының аймағына немесе одан жоғары келсе, онда автокөліктің теріс үдеуі немесе әсер ету күші қажеттіден едәуір төмен болуы мүмкін және қауіпсіздік жастығының ашылу жағдайларына сәйкес келмейді.

3. Автокөлік ағашқа немесе майысатын шағын бағанға соғылған кезде:





Соқтығысу кезінде зардап шеккен заттар сынуы немесе құлауы мүмкін болғандықтан, алдыңғы қауіпсіздік жастығы ашылмауы мүмкін.


4. Автокөлік бетон қабырғасына немесе жүрдек автомагистраль қоршауына соқтығысқан кезде;





5. Егер автокөлігіңізге артқы жағынан басқа автокөлік соғылса, ал автокөлігіңіздің алдыңғы және бүйір бөліктері механикалық әсерге (соққыға) ұшырамаса;





6. Егер автокөліктің алдыңғы бөлігі мен бүйір жақтары механикалық әсерге (соққыға) ұшырамаса, автокөлік басқа автокөліктің артқы жағымен соқтығысқан кезде;





7. Автокөлік аударылған немесе төңкерілген кезде;




8. Бүйірмен соқтығысу кезінде, соққы қозғалтқыш бөлігіне немесе артқы есікке/жүксалғыш есігіне келсе;




9. Автокөлік шарбақ немесе қоршау сияқты икемді және пішімі өзгеретін заттармен соқтығысқан кезде.



## Бүйір қауіпсіздік жастықтары ※

Алдыңғы есіктердің ойығында бүйірлік қауіпсіздік жастықтары туралы ескерту ақпараты бар. Ондағы ақпаратпен мұқият танысып шығыңыз.

Бүйірлік қауіпсіздік жастығы орындықтың арқалығына кіріктірілген және «**AIRBAG**» жазуымен белгіленген. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы, іске қосу шарттары сақталғанда, бүйірден соққы тиген жағдайда ашылады, жолаушы мен ішкі әрлеу элементтері арасында буфер жасап, кеуде қуысын бүйірден қорғауды қамтамасыз етеді.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздік жастығымен жабдықталған орындықтарға қосымша тыстарды немесе жұмсақ жастықшаларды орнатпаңыз. Мұндай тыстарды пайдалану жүйенің тиімділігін төмендетіп, тіпті оны толығымен бейтараптандырады.

Орындықтардың қаптамасын өз бетінше өзгертпеңіз. Бұл қауіпсіздік жастығының дұрыс жұмыс істемеуіне немесе іске қосылған кезде кездейсоқ жарақат алуға әкелуі мүмкін!

Киімді орындықтың арқалығына іліп қоймаңыз.

## Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары ※

Үрленетін бүйірлік қауіпсіздік қалқалары салонның тіреулеріндегі қаптаманың астында және алдыңғы және артқы есіктердің ойықтары үстінде орналасқан. «B» тіреуінде «AIRBAG» деген жазба белгісі бар. Бүйірлік қауіпсіздік қалқалары жолаушылар мен автокөлік салонының ішкі элементтері арасында жолаушылардың бастарын қорғайтын қорғаныс буферін жасай отырып, барлық іске қосылу жағдайын ескере отырып, бүйірмен соқтығысу жағдайында ашылады.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**


Қауіпсіздік қалқаларының орналасқан жерлеріне басыңызды немесе денеңізді сүйемеңіз. Қалқалардың ашылу аймағы - автокөліктің бүйір терезелерінің ойықтары.

Орындықтың арқалығы мен бүйір есіктердің арасына ешқандай зат қоймаңыз.


**Бүйірлік қауіпсіздік жастықтың ашылу шарттары**

Төмендегі жағдайлар – бүйірлік қауіпсіздік жастығы ашылуы ықтимал соқтығысуға жүргізілген сынақ кезіндегі стандартты зертханалық жағдайлар. Алайда, нақты соқтығысқан кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылуы соқтығысу кезінде пайда болатын баяулау жастықтың ашылу шарттарына сәйкес келетініне байланысты.

1. Автокөлік қозғалыс бағытына перпендикуляр бағытта 25 км/сағ жоғары қозғалыс жылдамдығымен келе жатып, салмағы 950 кг жоғары басқа көлік құралына соғылғанда;





2. Бүйірмен сырғу салдарынан диаметрі 254 мм астам жылжымайтын және пішінін өзгертпейтін бетон бағанаға соғылған және соқтығыс кезіндегі жылдамдығы 35 км / сағ жоғары болса;





Нақты апат болған кезде қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы белгілі бір теріс үдеуге қол жеткізілгеніне байланысты. Дегенмен, бүйірлік қауіпсіздік жастығы келесі пайдалану жағдайларында ашылуы мүмкін:


1. Автокөлік баспалдақтармен, жиектастармен немесе басқа ұқсас шығып тұратын кедергілермен соқтығысқан кезде;





2. Автокөлік өрден төмен қарай түскен сәтте алдыңғы бөлігімен жер бетіне соғылған кезде;




3. Терең шұңқырға немесе ойыққа түскен кезде және/немесе шассидің негізгі бөлігі зақымданған кезде;





4. Қадамдармен қозғалғанда немесе олармен соқтығысқан кезде.





Бүйірлік қауіпсіздік жастығының іске қосылу ықтималдығы соқтығыс болған кезде автокөліктің белгілі бір теріс үдеуіне қол жеткізілгеніне байланысты. Алайда, бүйірлік қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда соққының жылдамдығы біршама жоғары болған кезде де ашылмауы мүмкін.


1. Басқа көлік құралы қозғалыс бағытына перпендикуляр бағытта бүйірімен келіп, автокөліктің алдыңғы (алдыңғы әйнек алдында) немесе артқы бөлігін соққан кезде;




2. Автокөлік басқа көлік құралымен бүйір жағынан, белгілі бір бұрышпен және төмен жылдамдықпен соқтығысқан кезде;





3. Автокөлік аударылған немесе төңкерілген кезде;




4. Автокөлік салмағы жеңіл нысанмен (велосипед, мотоцикл) бүйірлеп соқтығысқан кезде. Мұндай соқтығысу кезіндегі әсер ету энергиясы төмен. Бұл жағдайда соққы шектеулі аймаққа келеді, ал оның толық күшін датчиктер ажырата алмайды;




5. Жіңішке бойлық бағанға бүйірімен соғылған кезде;




## Қосымша сақтық шаралары

**Автокөлік қозғалысы кезінде апаттық тежеу немесе автокөліктің соқтығысуы салдарынан туындаған жарақаттануға немесе өлімге жол бермеу үшін көлік құралының орындықтары арасында тұруға, автокөліктен шығуға немесе салонда қозғалуға тыйым салынады.**

Апат немесе апаттық тоқтау кезінде қауіпсіздік белбеуін тақпаған жолаушы автокөлік ішінде басқа жолаушыларға ұшып түсуі немесе көлік құралынан лақтырылуы мүмкін.

**Қауіпсіздік белбеулеріне керек-жарақтар мен бөгде заттарды бекітпеңіз немесе пайдаланбаңыз.**

Жолаушылардың жайлылығын арттыру немесе қауіпсіздік белбеуін өзгерту үшін қолданылатын құрылғылар мен керек-жарақтар қауіпсіздік белбеуі қамтамасыз ететін қорғанысты азайтып, апат кезінде ауыр жарақат алу мүмкіндігін арттыруы мүмкін.

**Алдыңғы орындықтардың құрылысын өзгертпеңіз.**

Алдыңғы орындықтардың құрылысына өзгеріс енгізу, бекіту жүйесінің немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының қосымша сезімтал элементтерінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.

**Орындықтың астына бөгде заттарды қоймаңыз.**

Алдыңғы орындықтардың астында бөгде заттар болса, бекіту жүйесінің және сымдар бумасының қосымша сезімтал элементтерінің жұмысына кедергі келуі мүмкін.

**Есіктерге соққы жасамаңыз.**

Автокөліктің электр қуат көзі қосылған кезде («ON» күйі) есіктерге соққы жасау қауіпсіздік жастықтарының жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

**Қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөліктің құрылысын және автокөліктің SRS жүйесін қайта жабдықтамаңыз және өзгертпеңіз.**

Автокөлікті түрлендіру және оның құрылысына өзгерістер енгізу (мысалы, автокөлік жақтауын, бамперлерді, сыртқы және ішкі алдыңғы және / немесе бүйірлік металл құрылыстарын, клиренс биіктігін және т.б. өзгерту) автокөлік қауіпсіздігі жастықтары жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.

# III. АВТОКӨЛІК ФУНКЦИЯЛАРЫ

## ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ФУНКЦИЯСЫ БАР КІЛТ

### Сымсыз қашықтан басқару функциялары

Сымсыз қашықтан басқару пультінің көмегімен автокөліктен 10 метрге дейінгі қашықтықта артқы есікті қоса алғанда барлық есікті құлыптауға және құлпын ашуға болады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Кілтті майыстырмаңыз және оны жерге түсіріп алмаңыз. Оны басқа нысандарға әсер ету үшін қолданбаңыз. Кілтті ұзақ уақыт бойы жоғары температура әсер ететін жерде (мысалы, аспаптар тақтасының немесе қозғалтқыш капотының үстінде тікелей түсетін күн сәулелерінің астында) қалдырмаңыз.

Кілтке судың немесе басқа кез келген сұйықтықтардың тиюіне жол бермеңіз. Әйтпесе, жүйенің жұмысы бұзылуы мүмкін.

Кілтті басқа электрмагниттік құралдармен (ұялы телефондар, компьютерлер, планшеттер, навигаторлар және т.б.) бірге ұстамаңыз.

**Қашықтан басқару пульті келесі жағдайларда жұмыс істемейді:**

- Автокөліктің электр қуаты «OFF» (Өшіру) күйінде емес;
- Қашықтан басқару пультінің жұмыс істеу қашықтығы асып кетті;
- Қашықтан басқару пультіндегі қуат элементінің заряд деңгейі төмен;
- Сигналдарды басқа көлік құралдары немесе нысандар жауып тұр;
- Қоршаған ауа температурасы тым төмен немесе тым жоғары;
- Қашықтан басқару пульті радиосигнал көзінің (мысалы, радиостанция, әскери техника, әуежай немесе радиомұнара және т. б.) жанында орналасқан.

Егер қашықтан басқару құралы жұмыс істемесе, есіктерді ашу және жабу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз. Кілтсіз кіру жүйесімен (PEPS) жабдықталған автокөліктерде «PEPS жүйесі※– Резервтік оталдыру») бөліміндегі ұсыныстарға сәйкес қозғалтқышты оталдырыңыз. Қашықтан басқару жүйесінің жұмысымен байланысты сұрақтар бойынша CHANGAN өкілетті сервис орталықтарына хабарласыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Таратқыштың қуатын өзгертпеңіз (соның ішінде бағдарламалық баптаулар немесе қуатты күшейткіштерді қолдану арқылы), сыртқы антенналар немесе толқын таратқыштар қолданбаңыз.

Қашықтан басқару пультімен әртүрлі сымсыз байланыс құрылғыларының жұмысына сыртқы кедергілер тудырмаңыз. Кедергілер туындаса, дереу қашықтан басқару пультін қолдануды тоқтатыңыз және оны қайтадан қолданар кезде мұндай кедергілерді жою шараларын қолданыңыз.

Автокөліктен шығып, пульттің жұмыс аймағынан тыс жерде кілттегі түймелерді баспаңыз. 2000 реттен көп (жалпы жиынтығы) басылған жағдайда кілт әрекетсіз күйге көшеді және автокөлігіңіздің жүйелерін басқармайтын болады. Бұл жағдайда кілтті қайта кодтау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## КІЛТ

### SMART-кілт




A: SMART-кілт;

B: Механикалық кілт.

Механикалық кілт SMART-кілттің ішінде орналасқан. Шығару үшін «SMART-кілттің қуат элементін ауыстыру» бөлімімен танысыңыз.

### Bluetooth кілт ※

Ұялы телефонның көмегімен келесі функцияларды басқаруға болады: қозғалтқышты оталдыру және тоқтату, есік құлыптарын кілттеу/ашу, артқы есікті ашу және терезелердің жағдайын тексеру.

### Кілттің жеке нөмірі

Кілттің жеке нөмірі кілттер жиынтығымен бірге жеткізілетін штрих-код тақтайшасында орналасқан. Оны сақтап қойыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ**

Кілттерді жоғалтып алсаңыз, тапсырыс беру үшін кілттің нөмірімен CHANGAN өкілетті сервис орталығына жүгініңіз.

## Кілттегі басқару түймелері

**Құлыпты ашу**

Автокөліктің барлық есігінің құлпын ашу үшін «Құлыпты ашу» түймесін басыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

**Құлыптау**

Автокөліктің барлық есігін құлыптау үшін «Құлыптау» түймесін басыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Егер автокөлік есіктерінің бірі (соның ішінде артқы есік) немесе капот жабылмаған болса немесе автокөліктің оталдыру жүйесі өшірілмеген болса («OFF» күйі), есіктер құлыптау түймесінің көмегімен құлыпталмайды, дыбыстық сигнал естіледі.

**Қашықтан басқару кілтінің көмегімен жүксалғыш есігін ашу**

Автокөліктің оталдыру жүйесі өшірулі кезде («OFF» күйі) жүксалғыш есігін ашу үшін кілтте жүксалғыш есігін ашу түймесін 3 секундтың ішінде екі рет басыңыз.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Қашықтан басқару кілтіндегі түймені басудан бұрын жүксалғыш есігінің жанында адамдардың және/немесе басқа да кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіп алыңыз. |

**Қозғалтқышты қашықтан оталдыру функциясы ※**

Автокөлік құлыпталған, отын деңгейі минималды белгіден жоғары (отын деңгейінің шамы жанбайды) және айдап әкетуден сақтау жүйесі қосылған (айдап әкетуге қарсы жүйе индикаторы жыпылықтайды) кезде қозғалтқышты іске қосу үшін қашықтан басқару пультіндегі іске қосу түймесін ≥ 2 секунд басып тұрыңыз.

Қозғалтқышты қашықтан басқару пультімен өшіру қажет болса, іске қосу түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз.

**Есіктердің құлпын ашу режимдерін ауыстыру**

Құлыптау және құлыпты ашу түймелерін бірге 4 секундтан ұзақ басып тұрыңыз. Құлыптау режимінің ауысқанын хабарлайтын бір реттік дыбыс сигналы естіледі. Осы кезде құлыпты ашу түймесін басыңыз. Тек жүргізуші есігінің құлпы ашылады. Қайта басқан кезде басқа есіктердің құлыптары ашылады.

Құлыптау және құлыпты ашу түймелерін қайта бірге басып, 4 секундтан артық ұстап тұрған кезде жүйе қайтадан барлық төрт есіктің құлпын ашу режиміне ауысады.

**Автокөліктің орналасқан жерін анықтау**

Автокөліктің орналасқан жерін анықтау функциясын іске қосу үшін барлық есік құлыптаулы тұрған кезде құлыптау түймесін 2 секунд ішінде екі рет басыңыз. Автокөліктің орналасқан жерін білдіру үшін екі рет дыбыс сигналы беріледі және бұрылыс сигналдарының шамдары шамамен 10 секунд бойы жыпылықтап тұрады. Шамдар жыпылықтап тұрған кезде құлыпты ашу түймесін бассаңыз, автокөлік есіктерінің құлыптары бірден ашылады.

## Терезелерді және люкті қашықтан басқару ※

### Терезелерді қашықтан басқару ※

Автокөліктің электр қуаты өшірілген («OFF» күйі) және есіктер жабылған күйде:

1. Құлыптау түймесін басып тұрсаңыз, барлық терезе жабыла бастайды. Түймені жіберсеңіз, терезелердің жабылуы тоқтайды.
2. Құлыпты ашу түймесін басып тұрсаңыз, барлық терезе ашыла бастайды. Түймені жіберсеңіз, терезелердің қозғалысы бірден тоқтайды.

Егер автокөлік қысып қалудан қорғау функциясы бар әйнеккөтергіштермен жабдықталған болса, құлыптау түймесін 2 секундтан ұзақ басып тұрсаңыз (терезе қозғала бастаған кезде түймені жіберіңіз), терезе әйнегі автоматты түрде жабық күйіне дейін көтеріледі; құлыпты ашу түймесін 2 секундтан ұзақ басып тұрсаңыз, әйнек автоматты түрде толығымен ашық күйіне дейін түседі.

### Люкті қашықтан басқару ※

Егер электр қуаты өшірулі болса («OFF» күйі) және автокөліктен шығарылған оталдыру жүйесінің кілті болса (SMART-кілт автокөлікте емес), автокөліктің барлық жабық есігінде люк жабық болмаса, құлыптау түймесін 2 секундтан артық басып тұрсаңыз, люк автоматты түрде жабылады.

### Терезелерді / люкті қашықтан басқару ※

Автокөліктің электр қуаты ажыратылған («OFF» күйі) және есіктері жабық болғанда, автоматты әйнеккөтергіші және люгі/люк қалқасымен жабдықталған модельдер үшін:

1. Құлыптау түймесін басып тұрыңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы бар барлық терезе және люк/люк қалқасы жабыла бастайды. Құлыптау түймесін жіберсеңіз, қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталмаған терезелердің қозғалысы тоқтайды; қысып қалудан қорғау функциясы бар терезелер автоматты түрде толығымен жабылғанша жалғастырады;
2. Құлыпты ашу түймесін басып тұрыңыз. Қысып қалудан қорғау функциясы бар барлық терезе және люк/ люк қалқасы ашыла бастайды. Құлыпты ашу түймесін жіберсеңіз, қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталмаған терезелердің ашылуы тоқтайды; қысып қалудан қорғау функциясы бар терезелер және люк/люк қалқасы автоматты түрде ашылуын жалғастырады.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Тек жүргізуші тарапынан қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған автокөліктерде зауыттық баптаулардың әйнеккөтергіштерді қашықтықтан басқару функциясы белсенді емес күйде болады. Оны іске қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |

**SMART-кілттің қуат элементін ауыстыру**



1. Артқы қақпақты басып, оны көрсеткі бағытымен сырғытыңыз.
2. Бұрауышпен немесе жұқа құралмен қуат көзінің қақпағын ашып, аккумуляторды шығарып алыңыз.
3. Аккумуляторды ауыстырыңыз және кілттің корпусын кері ретпен жинаңыз.

## КІЛТСІЗ АШУ ЖҮЙЕСІ (PEPS) ※

### PEPS жүйесі келесі функцияларды қамтиды:

1. Сымсыз қашықтан басқару функциясы;
2. Кілтсіз кіру функциясы ※
3. Қозғалтқышты түймемен оталдыру/тоқтату функциясы (ENGINE START STOP) ※
4. Рульді құлыптау функциясы ※


| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Кез келген электрондық медициналық құрылғыларды (мысалы, жүрек ширатқышты) пайдаланушылар осындай медициналық құрылғыларға әсер етуі мүмкін электрмагниттік сәулеленудің әсері туралы анық ақпарат алу үшін құрылғы өндірушісінен кеңес алуы керек. Радиотолқындар мұндай медициналық құрылғыларды қолдануға күтпеген әсер етуі мүмкін. |

## PEPS кілтсіз кіру жүйесінің жұмысына әсер ететін шарттар

PEPS жүйесі төменде сипатталған жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайларда құлыптау / құлыпты ашу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз.

- SMART-кілт іске қосу аймағынан анықталмады;
- Автокөлік күшті электрмагниттік толқындар шығаратын нысандардың (телевизия мұнаралары, электр станциялары, жанармай құю бекеттері, радиостанциялар, кең экранды дисплейлер, әуежайлар немесе басқа да нысандар) жанында орналасқан;
- Автокөліктің жанында радиотолқындар шығаратын электронды жабдықтар (ұялы телефон, дербес компьютер, қуат адаптері) бар;
- SMART-кілт металл затқа (фольга немесе құрамында металдары бар үлдір) жанасып және/немесе затпен жабылып тұр;
- Жақын маңайда бір мезгілде жұмыс істеп тұрған көп SMART-кілттер бар;
- SMART-кілттегі қуат элементінің заряд деңгейі төмен.

**Әрекет ету аймағы**




1. Қозғалтқышты оталдыру/ өшіру функциясының (START ENGINE STOP) әрекет ету аймағы – автокөлік салонының ішінде (автокөлік салонының шегінде белсенді). SMART-кілт аспаптар тақтасында, еденде немесе ұсақ-түйек жәшігінде жатса, ENGINE START STOP функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
2. PEPS кілтсіз кіру жүйесінің іске қосылу аймағы – жүргізуші есігінің тұтқасында немесе жүксалғыш есігінде орналасқан PEPS түймесінен 0,8 м қашықтықта;

SMART-кілт есік тұтқасына, терезеге немесе артқы бампердің ортасына тым жақын тұрса, PEPS функциясы іске қосылмауы мүмкін.

## Кілтсіз кіру жүйесі ※

Кілтсіз кіру функциясы SMART-кілт жүйенің әрекет ету ауқымында болған жағдайда ғана іске қосылуы мүмкін.



**PEPS жүйесінің көмегімен құлыпты ашу**

Барлық есік жабық және құлыпталған күйде болса, жүргізуші жағынан алдыңғы есіктің сыртқы тұтқасынан ұстаңыз. Барлық есіктің құлпы бір уақытта ашылады, ал бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

**PEPS жүйесінің көмегімен құлыптау**

Құлыптары ашылған автокөліктің есіктері жабық болған кезде жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасынан ұстаңыз. Барлық есіктің құлыптары бір уақытта жабылады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Төменде сипатталған жағдайларда автокөлік есіктерін кілтсіз кіру түймесі (PEPS) арқылы құлыптауға болмайды:

- Жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің кез келгені жабылмаған;
- Автокөлік қуаты сөндірілмеген (OFF күйінде емес);
- SMART-кілт автокөлік ішінде;
- SMART-кілт есік тұтқасынан 5 см-ден кем қашықтықта немесе есіктің тікелей өзінде орналасқан.

Автокөлік есіктерінің құлыптарын жабуға болмайтын PEPS жүйесінің жұмысына әсер ететін басқа жағдайларды «III. Автокөлік функциялары – Кілтсіз кіру жүйесі (PEPS) – Кілтсіз кіру жүйесінің (PEPS) жұмысына әсер ететін жағдайлар» бөлімінен қараңыз.

**Жүксалғыш есігін PEPS көмегімен ашу**

1. Жүксалғыш есігі құлыптаулы тұрған кезде SMART-кілт артқы есіктің әрекет ету аймағында орналасса, оны ашу үшін артқы есіктің төменгі бөлігіндегі PEPS түймесін басыңыз.



2. Егер 4 бүйірлік есік құлыпталып тұрған кезде SMART-кілт артқы есіктің іске қосылу аймағында (жүксалғышта) қалып қойса, оны жапқан кезде барлық бүйірлік есіктің құлыптары автоматты түрде ашылады да, ескерту сигналы естіледі. Егер 30 секунд ішінде есіктердің ешқайсысы ашылмаса, барлық есік құлыптары автоматты түрде жабылады.

## ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ START ENGINE STOP ТҮЙМЕСІМЕН ІСКЕ ҚОСУ




SMART-кілт автокөлік салонының ішінде болғанда (қозғалтқышты оталдыру түймесінің әрекет ету аймағында), қозғалтқышты оталдыру/тоқтату немесе автокөліктің электр қуаты режимдерін («ACC», «ON» және «OFF») ауыстырып қосу үшін «START ENGINE STOP» түймесін басыңыз.

**ACC/ON режимі:** «START ENGINE STOP» түймесінің жану түсі - кәріптас.

**«OFF» режимі (ӨШІРУ):** «START ENGINE STOP» түймесінің индикаторы сөнеді.

## Автокөлікті электрмен қоректендіру режимдерін ауыстырып қосу (АБҚ)

1. Тежегіш педалі басылмаса және берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» күйінде тұрса, «ENGINE START STOP» түймесін басу «ACC-ON-OFF» электр қуаты режимін «ACC – ON – OFF» ретімен ауыстырып қосады.

Аккумулятор батареясының қуаты таусылмас үшін, «ACC» режимінде 1 сағаттан артық жұмыс істеген соң, автокөліктің қуаты автоматты түрде ажыратылады («OFF» күйі).

Тежегіш педалі басылмаса және берілістерді ауыстыру селекторы «P» күйінен өзге кез келген күйде тұрса, «START ENGINE STOP» түймесін басу «ACC-ON» ретімен қуат көзі режимін ауыстырып қосады.

## Қозғалтқышты апаттық жағдайда оталдыру

Бұл процедура SMART-кілтті анықтау мүмкін болмаған кезде немесе батарея заряды аз болған жағдайда қозғалтқышты оталдыру немесе электр қуатының режимін өзгерту үшін қолданылуы мүмкін.

**Қозғалтқышты оталдыру:** тежегіш педалін басып, SMART-кілтті стақанқойғыштың түбіне салыңыз. «START ENGINE STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жанғаннан кейін «START ENGINE STOP» түймесін бассаңыз, қозғалтқыш оталады.

**Қуат режимдерін ауыстыру:** SMART-кілтті «START ENGINE STOP» стақанқойғышының түбіне салыңыз. «START ENGINE STOP» түймесін басу қуат режимдерін «ACC – ON – OFF» ретімен ауыстырып қосатын болады.

## ИММОБИЛАЙЗЕР

Автокөлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін автокөлік заманауи ұрлыққа қарсы қозғалтқыштың иммобилайзер жүйесімен жабдықталған.

Кілтсіз кіру жүйесімен (PEPS) жабдықталмаған автокөліктерде сәйкестендіру автокөліктің кілті, автокөліктің шанағын басқару модулі және қозғалтқыштың басқару блогы арқылы жүргізіледі.

PEPS жабдықталған автокөліктерде, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш заманауи иммобилайзер жүйесімен тексеріледі. Сәйкестендіру жүйесі мыналарды қамтиды: SMART-кілт, ақылды контроллер (иммобилайзер) және қозғалтқышты басқару блогы. Автокөліктің қозғалтқышын иммобилайзерді сәйкестендіру процесі толық жүргеннен кейін ғана оталдыруға болады.

## Күзетке қою

Егер есіктердің қандай да бірі немесе артқы есік жабылмаған болса, автокөлікті күзетке қоюға болмайды.

Кілтсіз кіру (PEPS) жүйесімен жабдықталмаған автокөліктерде күзет жүйесін келесі тәсілмен іске қосуға болады:

1. Автокөлікті тұраққа қойып, қозғалтқышты өшіріңіз;
2. Кілтті оталдыру құлпынан шығарыңыз;
3. Автокөліктің капотының, артқы есігі мен барлық есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз;
4. Есіктерді құлыптау үшін кілттің құлыптау түймесін басыңыз. Бұру индикаторлары екі рет жыпылықтайды.

PEPS жүйесімен жабдықталған автокөліктерде күзет жүйесін келесі тәсілмен іске қосуға болады:

1. Автокөлікті тұраққа қойып, қозғалтқышты өшіріңіз. Автокөліктің қуат режимін «START ENGINE STOP» түймесінің көмегімен «OFF» күйіне ауыстырыңыз. «START ENGINE STOP» индикаторы сөнеді;
2. Автокөлік ішіндегі кілтті шығарыңыз;
3. Автокөліктің капотының, артқы есігі мен барлық есігінің жабық екеніне көз жеткізіңіз;
4. Есіктің сыртқы тұтқасындағы PEPS түймесін немесе қашықтан басқару функциясы бар кілттегі құлыптау түймесін пайдаланып, есіктерді құлыптаңыз. Бұру индикаторлары екі рет жыпылықтайды.

Жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін, аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы қосылып, 1 секундта бір рет жыпылықтайды, біраз уақыттан кейін қозғалтқыштың иммобилайзері іске қосылып, автокөлік күзет режиміне өтеді.

## Автокөлікті күзеттен шығару

Кілтсіз кіру (PEPS) жүйесімен жабдықталмаған автокөліктер үшін автокөліктің есіктерін ашу үшін «Unlock» құлыпты ашу түймесін басыңыз. Автокөлік күзеттен шығарылып, аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы сөнеді.

Кілтсіз кіру жүйесімен жабдықталған автокөліктер үшін SMART-кілттегі «Unlock» құлпын ашу түймесін немесе жүргізуші есігінің тұтқасындағы PEPS түймесін басып, көліктің есігін ашыңыз. Бұдан кейін автокөлік күзеттен шығарылады. Қуатты «ON» күйіне ауыстырып қоссаңыз, иммобилайзерді сәйкестендіру сәтті аяқталады. Аспаптар тақтасының индикаторы сөнеді.

Егер автокөліктің құлпын ашқаннан кейін 30 секундтың ішінде автокөлік есіктерінің бір де бірі, соның ішінде артқы есік ашылмайтын болса немесе оталдыру жүйесі қосылмайтын болса, есіктер автоматты түрде құлыпталады, ал жүйе қайтадан күзет режиміне ауысады.

## Дабыл режимі

Автокөлік күзетке қойылған кезде келесі жағдайлардың біреуі орын алса, дабыл режимі іске қосылады:

- PEPS түймесі немесе қашықтан басқару кілті қолданылмастан автокөліктің кез келген есігі ашық (күзетке қойылған күйінде есіктердің құлпын механикалық кілтпен ашуды қоса алғанда);
- Артқы есік ашық;
- Автокөліктің электр қуатының күйі өзгерді.

Дабыл режиміне өткеннен кейін аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы жоғары жиілікпен жыпылықтайды; дыбыс сигналы естіледі, бұрылыс көрсеткіштері үздіксіз жыпылықтайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

Жолаушы көлік құралынан шыққан кезде жүйенің апаттық күйге ауысуын болдырмау үшін иммобилайзерді автокөлік ішінде жолаушылар жоқ болған жағдайда ғана іске қосыңыз.

Қозғалтқышты дабыл режимінде оталдырмаңыз. Ол тұрақты жұмыс істей алмайды.

## Дабыл режимінен шығару

Есіктің құлпын мыналардың көмегімен ашыңыз: есіктің тұтқасындағы PEPS түймесі/ қашықтан басқару кілті / автокөлікті дабыл режимінен шығаруға және есіктердің құлпын ашуға арналған мобильді телефонның Bluetooth кілті. Аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы сөнеді; дыбыс сигналы беріледі; бұрылыс көрсеткіштері 4 рет жыпылықтайды.

Күзет режимін өшіргеннен кейін, аспаптар тақтасындағы иммобилайзер индикаторы сөнеді де, ескерту сигналы естіліп, бұрылыс шамдары 4 рет жыпылықтайды.

**ЕСКЕРТУ**

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйелерін қайта жабдықтамаңыз және қосымша айдап әкетуге қарсы жүйелер орнатпаңыз, себебі бұл орталық басқару блогын зақымдауы және басқа электр құрылғыларына әсер етуі мүмкін.

Қайта жабдықтаудан немесе бөгде электр жүйелерін орнатудан туындаған шығындар үшін бүкіл жауапкершілікті көлік иесі көтереді. Осы себепке байланысты келтірілген кез келген зиян кепілдік арқылы өтелмейді.

## Механикалық кілтпен есіктердің құлпын сырттан ашу/ жабу




**Құлыпты ашу**: Кілттің артқы қақпағын басып, сырғытыңыз → механикалық кілттің ұшын шығарыңыз → есіктің сыртқы тұтқасын тартып, механикалық кілттің ұшын көлбеу салыңыз → механикалық кілттің ұшын теріс бұраңыз → механикалық кілтті шығарып, есіктің сыртқы тұтқасын жіберіңіз → есікті ашыңыз.

**Құлыптау:** Есікті ашып, кілттің артқы қақпағын басып, сырғытыңыз → механикалық кілттің ұшын шығарыңыз → есіктің сыртқы тұтқасын тартып, механикалық кілттің ұшын көлбеу салыңыз→ механикалық кілттің ұшын оңға бұраңыз → есікті жабыңыз → кілтті қайтадан оңға бұраңыз, кілтті шығарып, есіктің тұтқасын жіберіңіз, жабылғандығы білінетін дыбыс естіледі.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Суық және ылғалды ортада есіктің құлпы мен механикалық жетектеріне мұз қатып қалуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлік есіктерінің ыңғайлы жұмыс деңгейі төмендеуі мүмкін. |

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Қосалқы кілтті автокөлік ішінде қалдырмаңыз.<br>Автокөлікті қараусыз қалдырған кезде әрдайым кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.<br>Алдын ала барлық терезені жабыңыз және барлық есікті құлыптаңыз. |

## Есік құлпын ішкі жағынан ашу



**Құлыпты ашу**: барлық есік жабық және құлыпталған кезде есіктің тұтқасын бір рет тартсаңыз, есік құлпы ашылады, есіктің тұтқасын қатарынан екі рет тартып, есікті ашыңыз. Егер есік жабық болса, бірақ құлпы ашық болса, есікті ашу үшін тұтқаны бір рет тартыңыз.

**Құлыптау:** автокөліктің қуаты қосулы тұрғанда («ON» күйі) есіктерді құлыптау үшін есіктердің құлыптарын басқарудың орталық қосқышын пайдаланыңыз. Автокөліктің электр қуаты өшірілген кезде, механикалық кілттің ұшын апаттық құлыптың өзегіне салыңыз да, алдыңғы есікті

(жүргізуші есігінен басқа) құлыптау үшін оңға бұраңыз.

Барлық есік жабылған кезде, барлық есікті құлыптау/құлпын ашу үшін, есіктің орталық құлпының тиісті басқару пернесін басыңыз.

**Байқаусызда құлыптанып қалудан сақтау**


Жүргізушінің есігі ашылған соң есіктің құлпын басқару пернесін құлыпталған күйге келтіріңіз. Жүргізуші есігі байқаусызда жабылып қалса, құлыпты басқару пернесі автоматты түрде құлыпты ашу күйіне қайтады.

**Есікті орталық құлыптың көмегімен құлыптау**

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Орталық құлып пернесі есіктер жабық тұрғанда ғана істейді. |

Барлық есік құлыптарын жабу үшін есіктегі ① орталық құлыптың пернесін басыңыз;

Барлық есік құлыптарын ашу үшін есіктегі ② орталық құлыптың пернесін басыңыз.




| НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ |
| --- |
| • Автокөлік қозғалысы барысында барлық есік құлыптары толығымен жабық болуы керек. • Қозғалыс барысында есіктердің абайсызда ашылып кетуін болдырмау үшін барлық есіктің құлыпталғанына көз жеткізіңіз. • Есіктерді ашпас бұрын маңайда көлік құралдарының және/немесе жаяу жүргіншілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. |

**Соқтығыс болған кезде есік құлыптарының ашылуы**

Егер соқтығысуды анықтаған кезінде автокөліктің электр қуаты қосылған болса («ON» күйі), автокөліктің барлық есіктерінің құлпы автоматты түрде ашылады (егер автокөліктің қауіпсіздік жүйесі соқтығысу фактісін анықтаса, батарея да, есік құлыптары/жетектері де жұмыс істейді).

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| 10 сек ішінде құлыптар жылдам үздіксіз 10 реттен артық ашылған/құлыпталған жағдайда құлыптардың электр моторын қызып кетуден қорғау функциясы іске қосылады. Есік құлыптарының жұмысы уақытша тоқтатылады және тек механикалық жолмен құлыпты ашу/құлыптау қолжетімді болады. Есік құлыптары 1 минуттан кейін қалпына келеді. Кез келген қақтығыс жағдайында есік құлыптарының құлпын ашу функциясы соқтығысқан кезде құлыпты автоматты ашу функциясына басымдық беріліп, құлыптар автоматты түрде ашылады. |

**Қозғалыс барысында барлық есік құлыптарының автоматты түрде жабылуы**

Автокөліктің жылдамдығы сағатына 20 км-ге дейін жоғарылаған кезде автокөліктің барлық есігінің құлыптары автоматты түрде бекітіледі.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Жылдамдықты үдеткен кезде есіктерді автоматты түрде құлыптау функциясы зауыттық баптауларда өшірілген күйде. Бұл функцияны іске қосу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |

## ЭЛЕКТРЛІ ӘЙНЕККӨТЕРГІШТЕР

Әйнеккөтергіштерді басқару автокөліктің электр қуаты қосулы болса («ON» күйі) немесе «ON» күйінен «ACC/OFF» режиміне ауыстырғаннан кейін 1 мин. ішінде мүмкін болады.

Электр әйнеккөтергіштерді басқару пернелері әрбір есікте орналасқан. Жүргізуші есігінде барлық терезені құлыптау мүмкіндігі бар орталық басқару блогы орналасқан.




Электр әйнеккөтергіштерді басқару пернелері:

① Алдыңғы сол жақ есіктің әйнеккөтергіші;

② Артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергіші;

③ Артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергіші;

④ Алдыңғы оң жақ есіктің әйнеккөтергіші;

⑤ Әйнеккөтергіштерді құлыптау пернесі.

### Терезені құлыптау

Жолаушылар жақтағы әйнеккөтергіштерді басқаруды құлыптау үшін ⑤ пернесін басыңыз. Қайта басқанда жолаушылар үшін әйнеккөтергіштерді басқару функциясының құлпы ашылады.

## Терезелерді ашу және жабу

- **Ашу:** пернесін басыңыз;
- **Жабу:** пернені жоғары тартыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Суық және ылғалды қоршаған ортада мұздың қатуына байланысты электр әйнеккөтергіштердің жұмысы қиындауы мүмкін.<br>Сақтандырғыштардың қызмет ету мерзімін ұзарту және әйнеккөтергіштер жүйесінің зақымдалуының алдын алу үшін бір мезгілде екі не одан көп терезені реттемеңіз.<br>Бір терезені бір мезгілде ашуға және жабуға әрекет жасамаңыз, ол жұмыс істемей қалуы мүмкін. |

## Бір рет басу арқылы ашу/жабу пернесі ※

Әйнеккөтергіштерді автоматты түрде басқару пернесінің 5 режимі бар:

1. Бір рет басу арқылы ашу;
2. Қолмен ашу;
3. Ортаңғы күй;
4. Қолмен жабу;
5. Бір рет басу арқылы жабу.




Терезені ашу немесе жабу үшін тиісті перненің алдыңғы шетін қажетті күйге дейін басыңыз немесе жоғары қарай тартыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Әйнектің автоматты режимде ашылуын/жабылуын дереу тоқтату үшін пернені қарама-қарсы бағытта басыңыз/тартыңыз. |

## Қысып қалудан қорғау ※

Терезе автоматты түрде ашылу/жабылу кезінде қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған. Егер көтерілген кезде әйнек кедергіге тап болса, ол автоматты түрде тоқтап, белгілі бір қашықтыққа төмен түседі. Қысып қалудан қорғау функциясының іске қосылу аймағы терезе жақтауынан төмен 4 ~ 200 мм.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Терезенің дұрыс жабылмауына байланысты қысып қалудан қорғау функциясы өшірілуі мүмкін, бұл жарақат алу қаупін тудырады. |

**Қысып қалудан қорғау функциясының шектеуі**

Егер қысып қалудан қорғау функциясы 10 секунд ішінде екі рет бірдей күйде іске қосылса, ол өшеді. Терезе бір рет басу арқылы жабыла алмайды. Бұл жағдайда әйнеккөтергіштерді қолмен ғана ашуға немесе жабуға болады. Функция 10 секундтан кейін толықтай қалпына келеді.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Егер терезені автоматты режимде жапқан кезде екі рет кез келген кедергі анықталса, қысып қалудан қорғау функциясы уақытша сөнеді. Терезені жабуға келесі әрекет жасау кезінде кедергінің алынғанына көз жеткізіңіз. |

Төменде сипатталған жағдайлар қысып қалудан қорғау функциясының қайта баптауына алып келуі мүмкін:

1. Қысып қалудан қорғау функциясы бір күйде үш рет іске қосылды және қалпына келмеді;
2. Автокөліктің аккумулятор батареясы ажыратылған немесе аккумулятордың кернеуі 6 В-тан төмен;
3. Сыртқы әсерден терезенің жақтауы деформацияланған, ал терезе әйнегі қысып қалудан қорғау функциясының жұмыс істеу аймағынан шығып бара жатыр.
4. Әйнеккөтергіштің жұмысы кезінде кедергі күші 5%-ға өседі.

**Қысып қалудан қорғау функциясын қайта баптау**

1. Терезе толық жабылғанша пернені көтеріңіз;
2. Пернені жіберіңіз;
3. Пернені тағы да 1 секундтан ұзақ көтеріңіз, содан кейін осы операцияны екі рет қайталаңыз;
4. Терезе толық ашылмайынша пернені басып тұрыңыз;
5. Пернені көтеріңіз және терезені автоматты түрде көтеруге әрекет жасап көріңіз.

Егер терезе әйнегі автоматты түрде көтерілмесе және түсірілмесе, жоғарыда аталған баптау әрекеттерін қайталаңыз немесе CHANGAN өкілетті сервис орталығына жүгініңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан, қысып қалу қаупі бар. Әйнектің қозғалыс бағытында ешқандай кедергінің жоқтығына көз жеткізіңіз. Қысып қалудан қорғау функциясы келесі нысандарға және жағдайларға қарсы жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, саусақ);
- Ойық 4 мм-ден кіші болса;
- Автоматты қарсы қозғалыстан кейін бірден қолмен жапқан кезде.

Қысып қалудан қорғау функциясы мұндай жағдайларда қорғауды қамтамасыз етпейді. Әйнекті жапқан кезде ешқандай дене мүшелерінің әйнектің қозғалу аймағында болмайтынына көз жеткізіңіз.

## Жауын-шашын кезінде терезелердің автоматты түрде жабылу функциясы ※

Жауын-шашын датчигі және барлық төрт есіктің қысып қалудан қорғау функциясы бар автокөліктер үшін. Егер автокөліктің терезелері ашық болса, жауын-шашын анықталған кезде олар автоматты түрде жабылуы мүмкін. Ұялы телефон қосымшасы арқылы пайдаланушыға "Жауын-шашын табылды, автокөліктің терезелері жабылды" немесе "Жауын-шашын табылды, автокөліктің терезелерін жабыңыз" деген хабарлама келеді.

## АРТҚЫ КӨРІНІС АЙНАЛАРЫ

## Сыртқы артқы көрініс айналары

Сыртқы артқы көрініс айнасы кеңірек көріністі қамтамасыз ететін иілген айнадан тұрады. Қозғалмас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын дұрыс реттеңіз. Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөліктің қуат көзі қосулы («ACC/ON» күйі) кезде ғана реттеуге болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Сыртқы артқы көрініс айналарында көрсетілген нысандар және осы нысандарға дейінгі қашықтық олардың нақты өлшемі мен оларға дейінгі қашықтыққа қатысты бұрмаланып беріледі. Арттағы автокөлікке дейінгі қашықтықты айнадағы көрініске қарап бағаламаңыз. Автокөліктің артқы жағына дейінгі нақты қашықтықты әрдайым тексеріп отырыңыз. Кері жағдайда бұның салдарынан апат орын алуы мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарын автокөлік жүріп келе жатқан кезде реттемеңіз және түсірмеңіз. Бұл автокөлікті бақылауды жоғалтуға және оның салдарынан апатқа алып келуі мүмкін.

**Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу**



① **Реттеу үшін артқы көрініс айнасын таңдаңыз:** айнаны таңдау қосқышын солға (L - солға) немесе оңға (R - оңға) жылжытыңыз.

② **Артқы көрініс айнасының орнын реттеңіз:**қосқыштағы тиісті пернелерді басыңыз (жоғары, төмен, солға және/немесе оңға).

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер сыртқы артқы көрініс айналарына мұз қатып қалса/ тоңазып қалса, айна бетінің зақымдалуына жол бермеу үшін оларды қырмаңыз және реттемеңіз.

Сыртқы артқы көрініс айнасы максималды мүмкін болатын реттеу бұрышына жеткен кезде айнаның электрқозғалтқышының немесе механизмінің зақымдалуына жол бермеу үшін реттеуді тоқтатыңыз.

Сыртқы айнаны күш салып қолмен реттемеңіз. Кері жағдайда айна компоненттері зақымдалуы мүмкін.

**Қолмен реттеу**

Айналарды реттеу жетегі зақымдалған немесе басқа электр ақаулары орын алған жағдайда сыртқы артқы көрініс айнасының айна элементінің жиегінен аздап басу арқылы абайлап реттеңіз.

**Сыртқы артқы көрініс айналарының механикалық жиылуы ※**



Артқы көрініс айнасын қолмен көрсеткілер бағытында жинауға және ашуға болады.

**Электржетегі бар сыртқы артқы көрініс айналарының жиылуы ※**

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию түймесін ③ бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айнасы автоматты түрде жиылады немесе ашылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Жиылған артқы көрініс айналарымен қозғалысты бастамаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Егер автокөлік артқы көрініс айналарын электромеханикалық жинау функциясымен жабдықталмаса, реттеу қосқышына зақым келтірмеу үшін қосқышты артқа қайтармаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Айна механизмі мен бөлшектеріне зақым келтірмеу немесе оның бекітілуін әлсірету үшін қолмен механикалық араласудан аулақ болыңыз және артқы көрініс айналарын электржетекпен жию кезінде сыртқы күш қолданбаңыз.

Электржетегі бар артқы көрініс айналарын қолмен жию қажет болса, мұны артқы көрініс айналарының статикалық күйінде ғана жасаңыз.

Егер артқы көрініс айнасының күйі қалпына келмесе немесе бекітілмесе, олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру үшін электржетекпен жию функциясын іске қосып көріңіз.

**Сыртқы артқы көрініс айналарының автоматты жиылуы ※**

Автокөліктің қуаты өшірілген кезде («OFF» күйі), қашықтан басқару функциясы немесе «PEPS» батырмасы бар SMART кілтімен автокөлікті құлыптаңыз және сыртқы артқы айналар автоматты түрде жиналады.

Автокөлік құлпын қашықтан басқару функциясы бар SMART-кілтпен немесе «PEPS» түймесімен ашқан кезде екі сыртқы айна да автоматты түрде ашылады.

**Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту ※**

Автокөліктің электр қуаты қосулы болғанда («ON» күйі) жылыту түймесін басыңыз («III бөлімін қараңыз. Автокөліктің функциялары – «Климат-контроль жүйесі» бөлімін қараңыз), сонда артқы көріністің сыртқы айнасын жылыту элементі айналы элементті автоматты түрде қыздырады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Айналарды жібіту функциясы жұмыс істеп тұрған кезде айналарға қол тигізбеңіз, өйткені сыртқы артқы көрініс айналары қызып тұрады.

**Сыртқы артқы көрініс айналарында қозғалыс жолағын ауыстыру туралы ескерту ※**


Автокөлік қозғалысы барысында, әсіресе бұрылған немесе қозғалыс жолағын ауыстырған кезде сыртқы артқы айналарда ескерту индикаторлары жанады.

## Салон ішіндегі артқы көрініс айнасы

Максималды артқы көрініске қол жеткізу үшін қозғалысты бастамас бұрын салон ішіндегі артқы көрініс айнасын реттеп алыңыз. Артқы орындыққа немесе жүк бөліміне көрініске кедергі келтіретін заттарды орналастырмаңыз.

**Шағылысуды механикалық алдын алу мүмкіндігі бар салон ішіндегі шағылысуға қарсы артқы көрініс айнасы ※**

Түнгі уақытта көлік жүргізген кезде жүргізушінің көздерін қарықтырудан сақтау үшін салон ішіндегі артқы көрініс айнасының астындағы тұтқаны тартыңыз.




## ТӨБЕДЕГІ ЛЮК ※

Люкті тек электр қуаты қосулы («ON» күйі) тұрғанда немесе электр қуатын «ON» режимінен «ACC/OFF» режиміне ауыстырғаннан кейін ғана 1 минуттың ішінде басқаруға болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Егер люк қозғалған кезде дене мүшелері оған жақын орналасса, жарақат алу қаупі немесе қысылып қалу мүмкіндігі бар.

Люкті жылжытқан кезде мұқият және абай болыңыз. Жапқан кезде оның траекториясындағы барлық бөтен заттарды алып тастаңыз.

Балаларды автокөлікте қараусыз жалғыз қалдырмаңыз. Балаларға люкті басқаруға жол бермеңіз, өйткені жарақат алу және қысып қалу қаупі бар.

Люктің құрылымы бойынша ашудың екі әдісі көзделген: люкті артқа жылжыту немесе люктің артқы жағын көтеру.

**ЕСКЕРТПЕ**

Люкті үстінде мұздың, қардың немесе басқа да қоқыстың жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана ашыңыз, олай болмаса, қате немесе ақау туындауы мүмкін.

Люктің күннен қорғау қалқасы люк ашылған кезде бастапқыда ашылатындай етіп құрастырылады. Люкті ашу кезінде күнқағар қалқаның ашылуына бөгет жасамаңыз.

Люкті басқару түймесін ұзақ уақыт (5 секундтан астам) басып ұстамаңыз, өйткені электр қозғалтқышы немесе жетек жүйесінің элементтері зақымдалуы мүмкін.

Автокөлікті жуар алдында люктің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Люк әйнегінің тығыздағышын немесе оның айналасын жуу үшін қысыммен атқылаған су ағынын пайдаланбаңыз.

Люкке жүйелі түрде (үш ай сайын) техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Люктің тығыздағыштары мен бағыттауыштарының бетіндегі шаңды уақтылы сүртіп, ластануын тазалап отырыңыз.

Люкті ашқан/жылжытқан кезде ішкі қысым өзгереді, бұл сыртқы шуды тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда шуды азайту немесе жою үшін люктің орнын өзгертіңіз немесе терезені сәл ашыңыз.

## Төбе люгін басқару

Люктің жұмыс режимдері:

**Қолмен:** люкті басқару түймесін басып қалу - люк қадамдармен қозғала бастайды;

**Автоматты түрде:** ұзақ басып тұрғаннан кейін люкті басқару түймесін жіберіңіз - люк автоматты түрде қозғала бастайды. Люктің автоматты режимде қозғалуы кезінде оны тоқтату үшін люкті кез келген басқару түймесін басыңыз.



| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Люктің күннен қорғайтын қалқасы люктің төбедегі қозғалысына тәуелді етіп құрастырылған. Люктің қозғалысы кезінде күнқағар қалқаны жабуға кедергі жасамаңыз.<br>Люкті басқару пернелерін ұзақ уақыт тоқтаусыз баспаңыз. Бұл қозғалтқышты және/немесе люкті ашу жүйесінің механизмін зақымдауы мүмкін және люкті қайта баптау қажет болуы мүмкін. |

**Люкті жылжыту**

Люкті жылжыту жолымен ашу үшін пернесін автокөліктің артқы жағына қарай басыңыз;

Люкті жылжыту жолымен жабу үшін: пернені автокөліктің алдыңғы бөлігіне қарай басыңыз.

Люкті ашу кезінде күнқағар қалқа люк әйнегімен бірге автоматты түрде ашылады. Люкті толықтай жапқаннан кейін күнқағар қалқаны қолмен жабуға немесе ашуға болады.

**Люкті көтеру (желдету режимі)**

**Люкті көтеру үшін:** люктің жабық күйінде пернені автокөліктің алдыңғы жағына қарай басыңыз.

**Люкті жабу үшін:** люк ашылған кезде пернені автокөліктің артқы жағына қарай басыңыз

**Люкті қайта баптау**

Аккумулятор батареясын ажырату немесе оның зарядының төмен деңгейі люк алгоритмінің ақаумен жұмыс істеуіне алып келуі, нәтижесінде люк дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Толық зарядталған және дұрыс жұмыс істеп тұрған аккумулятор батареясымен және автокөліктің электр қуаты қосулы болғанда («ON» күйі) келесі тәсілмен қайта баптауды орындаңыз:

1. Люк ең шеткі күйге дейін еңкейгенше пернесін басып тұрыңыз, содан кейін түймені жіберіңіз;
2. Люктің әйнегі тоқтамай тұрып жоғары/төмен қозғалудың бір циклын аяқтамайынша пернесін тағы да 3

секунд басып тұрыңыз. Түймені жіберіңіз.

Ашу және жабу циклын қайталаңыз және қозғалыс аяқталғаннан кейін түймені жіберіңіз. Қайта баптау аяқталды.

## Панорама төбе ※

Панорама төбенің люгін басқару тек автоматты режимде мүмкін. Автоматты режимде қозғалыс барысында панорама люктің әйнегін тоқтату үшін люкті кез келген күйде басқару пернесін басыңыз.


Панорама төбенің люгін басқару пернесі әр бағытта (алға және артқа) және жоғары 2 күйге ие.

1. I күй: люктің басқару пернесін автокөліктің артқы жағына қарай I күйге сырғытыңыз, әйнек ***немесе*** люктің күнқағар қалқасы ашылады. Люктің басқару пернесін автокөліктің алдыңғы жағына қарай I күйге сырғытыңыз, әйнек ***немесе*** люктің күнқағар қалқасы автоматты түрде жабылады;
2. II күй: люктің басқару пернесін автокөліктің артқы жағына қарай II күйге сырғытыңыз, әйнек ***және*** люктің күнқағар қалқасы ашылады. Люктің басқару пернесін автокөліктің алдыңғы жағына қарай II күйге сырғытыңыз, әйнек ***және*** люктің күнқағар қалқасы автоматты түрде жабылады;

**ЕСКЕРТПЕ**

Панорама люкті басқару пернелерін ұзақ уақыт тоқтаусыз баспаңыз. Панорама люктің жетегі қызып кетуден қорғау функциясымен жабдықталған. Электрмотор үздіксіз жұмыс істеген жағдайда қызып кетуден қорғау функциясы қосылады, люктің қозғалысы тоқтайды және қауіпсіз температураға дейін суығаннан кейін ғана қайта жалғастырылады.

**Люкті жылжытып ашу**



**Панорама люкті жылжыту арқылы ашу:**егер күнқағар қалқа толығымен ашық болса, кілтті автокөліктің артқы жағына қарай I немесе II күйге сырғытыңыз.

Егер күнқағар қалқа жабық немесе жартылай ашық болса, пернені II күйге сырғытыңыз, ал төбедегі панорама люктің әйнегі мен күнқағар қалқа ашылады.

**Панорама люктің күнқағар қалқасын ашу:** пернені артқа қарай I күйге сырғытыңыз.

**Панорама люгін жабу:** люк әйнегі ашық күйде тұрғанда кілтті автокөліктің алдыңғы жағына қарай I күйге сырғытыңыз.

**Панорама люктің күнқағар қалқасын жабу:** панорама төбенің әйнегі жабылған кезде, қосқышты автокөліктің алдыңғы жағына қарай I немесе II күйге сырғытыңыз. Егер панорама төбенің әйнегі жартылай ашық болса, қосқышты автокөліктің алдыңғы жағына қарай II күйге сырғытыңыз, панорама төбенің әйнегі мен күн қалқаны автоматты түрде жабылады.

**Люктің артқы бөлігін көтеру (желдету режимі)**



**Панорама люкті көтеру:** пернені жоғары басыңыз, панорама төбенің әйнегінің артқы жағы желдету режимінде ашылады;

**Панорама люкті жабу:** қосқышты автокөліктің алдыңғы жағына қарай I күйге сырғытсаңыз, панорамалы төбе әйнегінің артқы жағы жабылады;

**Жаңбыр жауған кезде люктің автоматты жабылуы※**

Егер төбе люгінің әйнегі ашық болса, онда жауын-шашын анықталған кезде люк әйнегі автоматты түрде жабылады. Атмосфералық жауын-шашын датчигімен жабдықталған модельдер үшін қолданылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жаңбыр датчигі алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан. Оны жаппаңыз және бөгемеңіз.
- Егер атмосфералық жауын-шашын датчигінің беті ластанған болса, бұл әйнектазартқыштардың үздіксіз жалған іске қосылуын тудыруы мүмкін.
- Егер датчик ұзақ уақыт ластанған болса, жауын-шашын мен жарықтандыруды анықтау жүйесінің сезімталдығы төмендейді.
- Тұздың қалдықтары, жәндіктер мен су дақтары датчик бетінің ластануына әкеп соғуы мүмкін.
- Зақымданғаннан кейін алдыңғы әйнекті ауыстырған кезде датчикті де ауыстыру керек.

**Панорама люкті қайта баптау**

Аккумулятор батареясын ажырату немесе оның зарядының төмен деңгейі люк алгоритмінің ақаумен жұмыс істеуіне алып келуі, нәтижесінде люк дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Толық зарядталған және дұрыс жұмыс істеп тұрған аккумулятор батареясымен және автокөліктің электр қуаты қосулы болғанда («ON» күйі) келесі тәсілмен қайта баптауды орындаңыз:

1. Пернені басып, автокөліктің алдыңғы жағына қарай сырғытып, ұстап тұрыңыз. Панорамалық люктің механикалық қозғалыстың дыбысына ұласқан дірілін сезсеңіз, люкті жабу түймесін басып тұра беріңіз;
2. Люктің панорамалық әйнегі және күнқағар қалқа автоматты түрде толық ашылады;
3. Түймені басып ұстап тұрыңыз, сонда люктің панорама әйнегі автоматты түрде жабыла бастайды. Күнқағар қалқа да автоматты түрде жабылады;
4. Люктің панорама әйнегі мен күнқағар қалқа толығымен жабылған кезде қайта баптау аяқталды.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Баптаудың алдында панорама төбе люгінің әйнегі және панорама төбе люгінің күнқағар қалқасы толық жабық екенін тексеріңіз. |

## Кілттің көмегімен люкті қашықтан басқару

Егер автокөліктің электр қуаты өшірулі болса («OFF») және автокөліктен шығарылған оталдыру жүйесінің кілті болса (SMART-кілт автокөлікте емес), автокөліктің барлық жабық есігінде люк жабық болмаса, кілттегі құлыптау түймесін 2 секундтан артық басып тұрсаңыз, люк автоматты түрде жабылады.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| • Автокөлік нөлден төмен температурада қозғалғанда немесе ұзақ тұрған кезде люкті толығымен жібігеннен кейін ғана ашыңыз. Ешқашан люкті күш салып ашпаңыз.<br>• Автокөлік тегіс емес жолдарда немесе таулы жерде пайдаланылатын болса, люкті ұзақ уақыт бойы толық ашық күйінде ұстамаңыз.<br>• Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 120 км/сағ шамасынан асатын болса, люкті ашпаңыз. |

## Қысып қалудан қорғау функциясы

Егер -20°C-тан 80°C-қа дейінгі температура ауқымында люкті жапқан кезде панорамалы төбе люгінің әйнегі немесе күннен қорғау қалқасы қарсылыққа немесе кедергіге тап болса, онда жабу процесі тоқтап, люк толық ашылғанға дейін қарсы бағытта қозғала бастайды.

Люкті қысып қалудан сақтау функциясы люк әйнегінің автоматты түрде қозғалуы кезінде ғана қосылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, жарақаттануды және/немесе соғылуды болдырмау үшін люк арқылы басыңызды немесе дене мүшелеріңізді шығармаңыз.

Егер қозғалыс барысында люкті жапқан кезде люк механизмі болмашы қарсылықты немесе кедергілерді анықтаса, онда қысып қалудан қорғау режимі іске қосылады және люктің қозғалысы тоқтатылады.

Люктің қозғалу жолында кедергілердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан қысып қалу қаупі сейілмейді. Люк әйнегінің қозғалу аймағының кедергілерден босатылғанына көз жеткізіңіз.

Қысып қалудан қорғау функциясы келесі нысандарға және жағдайларға қарсы жұмыс істемейді:

- Иілгіш, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, саусақ);
- Ойық 4 мм-ден кіші болса;
- Автоматты қарсы қозғалыстан кейін бірден қолмен жапқан кезде.

Қысып қалудан қорғау функциясы мұндай жағдайларда қорғауды қамтамасыз етпейді. Люкті жапқан кезде ешқандай дене мүшелерінің әйнектің қозғалу аймағында болмайтынына көз жеткізіңіз.

## ЖҮКСАЛҒЫШ ЕСІГІ

### Жүксалғыш есігін ашу



Суретте көрсетілгендей, артқы есіктің төсенішіндегі жүксалғыштың есігін ашу түймесін басу арқылы көлік құралын құлыптан ашқаннан кейін 30 секунд ішінде құлыптан ашуға болады. Басқан соң, есікті тепе-теңдік жағдайына дейін тартыңыз. Жүксалғыштың есігі автоматты түрде ашылып, жүксалғыштың жарығы қосылады.

## Жүксалғыш есігін жабу

Жабу және құлыптау үшін артқы есікті тепе-теңдік күйіне дейін төмен қарай тартыңыз, содан кейін оның үстінен басыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Жүксалғыш есігін жабу үшін оның сыртқы жағынан басыңыз. Қысып қалудан сақтану үшін көмекші тұтқаны есікті жабу үшін қолданбаңыз.
- Қысып қалу қаупі бар болғандықтан, жүксалғыш есігін жапқан кезде балалардың артқы есіктің құлпын басқару тұтқаларын пайдалануына жол бермеңіз.
- Жүкті салу мен түсіруді жүксалғыш есігі толық ашылған кезде ғана жүргізу қажет. Есігі толық ашылмаған жүксалғышқа қол жеткізу ол жабылып қалған кезде жарақатқа әкелуі мүмкін.

## Жүксалғыш есігін апаттық жағдайда ашу

Егер жүксалғыш есігі құлыпталған болса және жүксалғыш есігін ашу түймесі жұмыс істемесе, артқы есікті ішкі жағынан ашыңыз: артқы орындықты түсіріңіз, суретте көрсетілгендей артқы есіктің ішкі қаптамасындағы төсенішті алыңыз. Артқы есік құлпының тұтқасы төсеніштің артындағы тесікте орналасқан. Тұтқаны тақалғанша оңға бұрып, жүксалғыш есігін басыңыз да, жоғары қарай ашыңыз.





**ЕСКЕРТПЕ**

Егер апаттық ашу режимі және жүксалғыш есігінің құлпын ашу режимі қажет болса, онда артқы есікте ақау бар. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Электржетегі бар жүксалғыш есігі ※


### Электр жетегі бар жүксалғыш есігін ашу

Есікті ашу – аспаптар тақтасында ашық есік туралы ақпарат пайда болады, жүксалғыш жарығы қосылады, апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары бір рет жыпылықтайды, ескерту сигналы жүксалғыш есігі максималды күйге дейін ашылғанша естіледі.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Жүксалғыш есігін құлыптан ашқан соң, оны алдымен артқа, сосын жоғары тартыңыз.<br>Жүксалғыш есігін ашқан кезде мұқият және абай болыңыз. Жеткілікті орын бар екеніне көз жеткізіңіз, олай болмаса, ол зақымға және/немесе жарақатқа әкелуі мүмкін. |

### Жүксалғыш есігінің тұтқасы

- Жүксалғыш есігінің тұтқасын басыңыз, сонда электржетегі бар есік автоматты түрде ашылады.



- Электржетегі бар жүксалғыш есігін ашу процесі кезінде жүксалғыш есігінің сыртқы тұтқасын немесе аспаптар тақтасындағы жүксалғыш есігін ашу/жабу түймесін басыңыз, сонда электржетегі бар жүксалғыш есігі тоқтайды. Тоқтағаннан кейін жүксалғыш есігінің сыртқы тұтқасын немесе жүксалғыш есігін ашу/жабу түймесін қайтадан басыңыз, сонда электржетегі бар артқы есік толық жабылғанға дейін кері бағытта қозғала бастайды.
- Егер автокөлік құлыптаулы болса және қашықтан басқару кілті жүксалғыш есігін іске қосу аймағында болса (жүксалғыш есігінен 0,8 м қашықтықта), электржетегі бар жүксалғыш есігін жүксалғыш есігінің сыртқы тұтқасымен ашуға болады:
- Автокөліктің электр қуаты қосулы болғанда («ON» күйі), АБҚ селекторы «P» немесе «N» күйінде тұрғанда және тұрақ тежегіші іске қосулы кезде электржетегі бар жүксалғыш есігін сыртқы ашу/жабу пернесінің көмегімен ашуға болады.

### Жүргізуші жағынан жүксалғыш есігін басқару түймесі

Жүргізуші орындығының жағындағы жүксалғыш есігін басқару түймесін басып тұрыңыз (шамамен 2 секунд). Электр жетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.

Электржетегі бар есікті ашу кезінде жүксалғыш есігін басқару түймесін қайта басу есікті ашу процесін тоқтатады; ол тоқтағаннан кейін басқару түймесін қайтадан басыңыз, сонда электржетегі бар есік ашылу процесін жалғастырады.



Автокөліктің қуаты «ON» күйінде, берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» немесе «N» күйінде және тұрақ тежегіші іске қосылған болса, электржетегі бар жүксалғыш есігін жүргізуші жақтағы жүксалғыш есігін басқару түймесін ұзақ басу арқылы ашуға болады.

**Электржетегі бар жүксалғыш есігін қашықтан басқару кілтімен ашу**

- Қашықтан басқару пультіндегі артқы есіктің құлпын ашу түймесін екі рет тез басыңыз. Электр жетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде ашылады.
- Электржетегі бар есікті ашу кезінде қашықтан басқару пультіндегі жүксалғыш есігін басқару түймесін екі рет басу есікті ашу процесін тоқтатады. Есік тоқтайды.
- Есік тоқтағаннан кейін, қашықтан басқару пультіндегі құлыптан босату түймесін тағы екі рет басыңыз, сонда электржетегі бар жүксалғыш есігі ашылу процесін жалғастырады.
- Автокөліктің электр қуаты ажыратылған кезде («OFF» күйі) электржетегі бар жүксалғыш есігін қашықтан басқару кілтімен ашуға болады.

**Электр жетегі бар жүксалғыш есігін жабу**

Электр жетегі бар жүксалғыш есігін жапқан және құлыптаған кезде: апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары екі рет жыпылықтайды және дыбыстық ескерту сигналы шығады. Жүксалғыш есігі толық жабылғаннан кейін жүксалғыш жарығы сөнеді, ал аспаптар тақтасында жүксалғыш есігінің құлыпталғаны туралы ақпарат көрсетіледі.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Электржетегі бар жүксалғыш есігін жапқан кезде есіктің жабылу жолында адамдардың және/немесе кедергілердің (соның ішінде бөгде заттардың) жоқ екеніне көз жеткізіңіз, олай болмаса, қысылып қалу қаупі бар. |

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Жүксалғыш есігін жабу үшін оның сыртқы жағынан басыңыз. Қысып қалудан сақтану мақсатында тікелей есікті жабу үшін көмекші тұтқаны қолданбаңыз.
- Қысып қалу қаупі бар болғандықтан, жүксалғыш есігін жапқан кезде балалардың артқы есіктің құлпын басқару тұтқаларын пайдалануына жол бермеңіз.
- Жүкті салу мен түсіруді жүксалғыш есігі толық ашылған кезде ғана жүргізу қажет. Есігі толық ашылмаған жүксалғышқа қол жеткізу ол жабылып қалған кезде жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігі автоматты түрде жабылған кезде электр жетегіне жақындамаңыз және артқы есіктің қозғалысын қолмен тоқтатуға тырыспаңыз; олай болмаса, ол қысылған кезде жарақат алуға әкеп соғуы мүмкін.
- Электржетегі бар жүксалғыш есігін автокөліктің ішінен жаппас/ашпас бұрын жазатайым оқиғаны немесе жүксалғыш есігінің және/немесе электржетек механизмінің механикалық бұзылуын болдырмау мақсатында осы операцияны орындау үшін қажетті бос орын бар екенін, жол қозғалысының басқа қатысушылары мен жаяу жүргіншілер үшін кедергілердің болмауын тексеріңіз.
- Жүксалғыш есігінің электр тірегін бөлшектемеңіз. Олай болмаса, тірек ішіндегі жоғары қысымды серіппе жарақатқа әкелуі мүмкін.

**Есіктің қапталындағы жүксалғыш есігін басқару түймесі**

- Автокөлік есігінің қапталында орналасқан жүксалғыш есігін басқару түймесін басып қалу электржетегі бар жүксалғыш есігінің автоматты түрде жабылуына әкеледі.



- Электржетегі бар есікті жабу кезінде жүксалғыш есігін басқару түймесін немесе тұтқадағы түймені қайта басу есікті жабу процесін тоқтатады. Ол тоқтағаннан кейін басқару түймесін немесе есіктің түймесін қайтадан басыңыз, сонда электржетегі бар есік қозғалыс бағытын өзгертіп, ашу процесін бастайды.

- Автокөліктің қуаты – «ON» күйінде, ал берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» немесе «N» күйінде және тұрақ тежегіші іске қосылған болса, электржетегі бар жүксалғыш есігін жүксалғыш есігін басқарудың ішкі түймесімен жабуға болады.

**Жүргізуші жағынан жүксалғыш есігін басқару түймесі**

- Аспаптар тақтасындағы жүксалғыш есігін басқару түймесін басып, ұстап тұрыңыз. Электржетегі бар жүксалғыш есігі автоматты түрде жабыла бастайды. Егер жабылу кезінде жүксалғыш есігін басқару түймесін жіберсе, есік тоқтайды. Басқару түймесін қайта басқан кезде жүксалғыш есігі жабылу процесін жалғастырады.
- Егер электржетегі бар жүксалғыш есігін жабу кезінде жүксалғыш есігін басқару түймесін жіберіп, тоқтағаннан кейін басқару түймесін қайтадан бассаңыз, есік қозғалыс бағытын өзгертіп, ашылу процесін бастайды.

Автокөліктің қуаты – «ON» күйінде, ал берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» немесе «N» күйінде және тұрақ тежегіші іске қосылған болса, электржетегі бар жүксалғыш есігін жүргізуші жағындағы жүксалғыш есігін басқару түймесінің көмегімен жабуға болады.

**Электржетегі бар жүксалғыш есігінің қысып қалудан қорғау функциясы**

Электр жетегі бар жүксалғыш есігі жарақаттануды немесе жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін қысып қалудан қорғау функциясымен жабдықталған.

Егер ашу/ жабу процесінде жүксалғыш есігі кедергіге және/немесе үлкен қарсылыққа тап болса - қысып қалудан қорғау функциясы іске қосылады - есіктің қозғалысы тоқтап, есік белгілі бір қашықтыққа қарама-қарсы бағытта қозғалады, содан кейін тоқтайды.

Қысып қалудан қорғау функциясы көмекші функция болып табылады және жүксалғыш есігін ашу/жабу барысында қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етеді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қысып қалудан қорғау функциясының болуына қарамастан қысып қалу қаупі сейілмейді.

Осы операцияны жасау үшін қажетті бос кеңістіктің болуына, жол қозғалысының басқа қатысушылары мен жаяу жүргіншілерге жазатайым оқиғаны немесе жүксалғыш есігінің және/немесе электр жетек механизмінің механикалық зақымдануын болдырмау үшін кедергілердің болмауына көз жеткізіңіз.

Қысып қалудан қорғау функциясы келесі заттар мен кедергілерге жауап бермейді:

- Жұмсақ, икемді, жеңіл және жұқа заттар (мысалы, саусақтар);
- Жүксалғыш есігінің толық жабылу күйіне дейінгі соңғы 15 мм жабылу қозғалысының аймағында орналасқан заттар;
- Жұмсақ, жеңіл және жұқа заттардың (мысалы, шаш) болуы.

Мұндай жағдайларда қысып қалу қаупі жоғары болады, қысып қалудан қорғау функциясы дене мүшелерінің

қысылуынан сақтамайды. Жүксалғыш есігін жапқан кезде дененің барлық мүшесі жүксалғыш есігі жабылатын аумақтан тыс екеніне көз жеткізіңіз.

**Жүксалғыш есігін абайсызда қозғалудан қорғау функциясы**

Егер ұзақ уақыт ішінде бір қосқышты 10 реттен артық үздіксіз басса, электржетегі бар жүксалғыш есігі абайсызда қозғалудан қорғау режиміне ауысады және түймелерді басуға жауап беруді тоқтатады. Шамамен 10 секундтан кейін жүйе осы режимнен шығады және функция қалыпты жағдайға оралады.

**Электржетегі бар жүксалғыш есігін қайта баптау**

Аккумуляторды қайта орнату кезінде, жүксалғыш есігі ашық болса, жүксалғыш есігінің электр жетек функциясы қолжетімді болмайды. Электр жетегі бар жүксалғыш есігінің қалыпты жұмысын қайтару үшін және қайта баптау процессін аяқтау үшін - жүксалғыштың есігін толықтай жабыңыз. Жүксалғыштың есігін жабық болса, қайта баптау қажет емес.

ECU электр блогын ауыстырғаннан кейін электржетегі бар жүксалғыш есігін ашудың баптауын жүргізу қажет. Жүксалғыш есігінің ақаусыз жұмысын қайта баптау және қалпына келтіру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Электржетегі бар жүксалғыш есігінің ең жоғары ашылу биіктігін шектеу функциясы**

Электржетегі бар жүксалғыш есігі электржетегі бар жүксалғыш есігін ашудың ең жоғары биіктігін шектеу үшін қолданылатын ашылу биіктігін есте сақтау функциясымен жабдықталған.

Электржетегі бар жүксалғыш есігінің ең жоғары ашылу биіктігін шектеуді орнату әрекеттері:

Электржетегі бар жүксалғыш есігін қажетті биіктікте бекітіп, жүксалғыш есігінің қапталындағы түймені 3 секундтан ұзақ басып тұрыңыз. Бұрылыс сигналдары 3 рет жыпылықтап, дыбыс сигналы ұзақ естіліп тұрған кезде жүксалғыш есігін ашудың ең жоғары биіктігін шектеу функциясы сәтті орнатылады.


## АВТОКӨЛІК КАПОТЫ

### Мотор бөлігінің капотын ашу

1. Автокөлік салонының алдыңғы қаптамасында, аспаптар тақтасының астында, сол жақта орналасқан мотор бөлігінің капотының құлпын ашу тұтқасын жоғары тартыңыз.



2. Капоттың алдыңғы бөлігінің ортасында орналасқан капотты құлыптау тілін оңға қарай сырғытып, мотор бөлімінің капотын көтеріңіз.



3. Сорғышты ашық күйде бекіту үшін оған арналған ойыққа тірек өзегін орнатыңыз.



**ЕСКЕРТУ**

Капотты тек автокөліктің электр қуаты өшірулі күйде («OFF» күйі) болған және тұрақ тежегіші қосылған кезде ғана ашыңыз.

Капотты ашпас бұрын алдыңғы әйнектазартқыштардың алдыңғы әйнекке түсіріліп тұрғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, әйнектазартқыштар немесе қозғалтқыш капоты зақымдалуы мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Капоттың абайсызда құлап кетуін болдырмау үшін тіреуіш сырықтың ойыққа толық сұғылғанына көз жеткізіңіз.

Ашық капотпен қозғалысты бастамаңыз және жылжытпаңыз.

Жарақат немесе күйік алу қаупі болғандықтан, ешбір жағдайда мотор бөлімінен бу шығып тұрған кезде қозғалтқыш капотын ашпаңыз.

Күйік шалудан сақтану үшін тіреуіш сырықтың пластик бөлігінен ұстаңыз.

## Мотор бөлігінің капотын жабу

1. Қозғалтқыш капотын сәл көтеріңіз де, сырықты ойықтан шығарып алыңыз. Оны ұстағышқа бекітіңіз.

2. Капотты түсіріңіз және еркін жабылуы үшін шамамен 30 см биіктіктен тастай салыңыз. Капот жабылды. Қозғалтқыш капотының алдыңғы жиегінен көтеріп көріп, құлыпталғанына көз жеткізіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қозғалтқыш капоты абайсызда ашылып кетсе, көру мүмкіндігінің шектелуіне байланысты апатқа жол бермеу үшін қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқыш капотының жабық және құлыптаулы екеніне көз жеткізіңіз.
Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалтқыш капотының құлпын ашу иінтірегінен тартпаңыз.

## ОТЫН ҚҰЮ АУЗЫНЫҢ ЛЮГІ

Отын құю аузы автокөліктің сол жақ артқы жағында орналасқан. Отын құю аузының люгін ашу иінтірегі жүргізуші орындығының алдында сол жақта орналасқан.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Отын жеңіл тұтанады. Тұтануға жол бермеу үшін ұшқындардан, ашық оттан немесе түтіннен сақтаныңыз.
Отын құймас бұрын қозғалтқышты өшіріңіз.

### Автокөлікке отын құю

1. Автокөліктің электр қуатын өшіріңіз («OFF» күйі) және барлық есік пен терезелерді жабыңыз;

2. Отын құю аузының люгін ашу иінтірегін жоғары қарай тартыңыз, люк сәл ашылады. Отын құю аузының люгін ашыңыз;



3. Отын құю аузының қақпағын теріс бағытта бұрап, шығарып алыңыз;



4. Отын құю аузының қақпағын отын құю аузы люгінің ішкі жағына бекітіңіз.



5. Отын құю пистолетінің ұшын отын бағына толық сұғыңыз, шүріппесін бекітіңіз де, отын құюды бастаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Төмен сапалы отынды пайдалану қозғалтқыштың отын құю жүйесінің зақымдалуына және/немесе отынның ағуына әкелуі мүмкін. Бұл қозғалтқыштың зақымдануына және тіпті оның бүлінуіне, сондай-ақ каталиттік түрлендіргіштің тұтануына әкеледі, соның салдарынан шығарылған қозғалтқыш газдарының тазартылу тиімділігі төмендейді және оның бұзылуына әкелуі мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Тек жоғары сапалы этилденбеген автокөлік бензинін қолданыңыз. Отын жүйесіне сапасыз отын берілсе, отын жүйесі мен қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.
- Отынның боялған беттерге тиюіне жол бермеңіз. Лак-бояу жабыны зақымдалуы мүмкін.
- Егер отын құю аузының люгіне мұз қатып қалған және оны ашу мүмкін емес болса, люкті жеңіл басыңыз және мұзын кетіру үшін бетін сүртіңіз, содан кейін люкті ашыңыз.

6. Қақпақты қайтадан отын құю аузына салыңыз да, айқын шыртылдағанша оңға бұраңыз. Отын құю аузының люгін жабыңыз;

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Бактағы артық қысымнан отынның шашырауына жол бермеу үшін отын құю аузының қақпағын жайымен ашыңыз.
- Отын құю пистолетінің ұшын мүмкіндігінше тереңірек сұғыңыз. Әйтпесе, отынның бактан төгілуі тұтануға және/немесе жарылысқа алып келуі мүмкін.
- Егер отын пистолеті автоматты түрде өшіп қалса, бұл отын бағының толғанын білдіреді. Отын құюды жалғастырмаңыз. Бұл отынның төгілуіне немесе отын жүйесінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Отын құю аузының қақпағын ашпас бұрын немесе отын құю пистолетін қолға алудың алдында статикалық электр қуатын алып тастау үшін автокөліктің корпусына қолыңызды тигізіңіз. Статикалық электр разрядының болуына жол бермеу үшін отын құю кезінде автокөлікке отырмаңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Отын құю аузы қақпағының тығыз жабық болғанын тексеріңіз. Қақпақ толық жабық болмаса, қозғалтқыш ақаулығының жарық индикаторының іске қосылуына әкеп соғуы ықтимал.

## РУЛЬ

### Рульді құлыптау

Қозғалтқышты өшіргеннен кейін және автокөліктің электр қуаты сөндірулі («OFF» күйі) тұрғанда кез келген есікті ашыңыз, сонда электрмеханикалық құлып рульді құлыптайды. «START ENGINE STOP» түймесін басыңыз, сонда руль автоматты түрде құлыптан шығарылады.

**ЕСКЕРТУ**

Егер қозғалтқышты оталдыруға тырысқан кезінде «ENGINE START STOP» түймесінің индикаторы жасыл түспен жыпылықтаса, руль бұрылмайды, ал дисплейде «Steering lock is not released» (Руль құлыптанған) хабары көрсетіледі - бұл рульдің құлыптанғанын білдіреді. Рульді сәл бұрыңыз, автокөліктің электр қуатын сөндіріңіз («OFF» күйі). Одан кейін «ENGINE START STOP» түймесін басыңыз. Мотордың дыбысын естіген соң тежегіш педалін басыңыз, сонда «START ENGINE STOP» индикаторы жасыл түспен жанады. Рульдің құлпы ашылды.

### Рульді реттеу

Автокөлікті жүргізген кезде жайлылық пен қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін рульдің күйін реттеуге болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Рульде отырғанда дұрыс қалпыңызды сақтаңыз.

Автокөлік қозғалған кезде рульдің қалпын реттеуге тыйым салынады. Руль бағанының абайсызда бекітілмей қалуынан апат орын алуы мүмкін.

1. Руль бағанын реттеу механизмін құлыптан шығару үшін рульді реттеу иінтірегін төмен тартыңыз;



2. Рульді қажетті күйге келтіріңіз;
3. Рульді реттеу иінтірегін бастапқы күйіне келтіріп, рульдің күйін бекітіңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Қозғалысты бастаудың алдында рульдің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіп, рульді жоғары және төмен шайқап көріңіз.

## Көпфункциялы рульде басқару пернелерінің кешені ※

1 комплект ※ – IACC жүйесімен жабдықталған, автокөліктер үшін:



2 комплект ※ – ACC жүйесімен жабдықталған, автокөліктер үшін:



3 комплект ※ – CC жүйесімен жабдықталған, автокөліктер үшін:



Рульдегі басқару пернелері автокөліктің моделіне байланысты ерекшеленеді. Өзіңіз таңдаған автокөліктің жинағына байланысты сипаттаманы қараңыз.

## Рульдегі басқару пернелері



1.  : Мәзір пернесі (солға немесе оңға түймелерін бірге пайдалану):

- Басып қалу: кіру/аспаптар тақтасындағы мәзірге шығу/бастапқы мәзірге қайту;
- Басып тұру: негізгі мәзірге қайту.

2.  : Алдыңғы әуенге (радиостанцияға) қайту/қоңырауды аяқтау:

- Басып қалу: алдыңғы әуенге (радиостанцияға) қайтып, ойнату/қоңырауды аяқтау;

- Басып тұру: артқа айналдыру.

3.  : Келесі әуен (радиостанция)/телефон қоңырауына жауап беру:
- Басып қалу: келесі әуенді (радиостанцияны) іздеу және ойнату/телефон қоңырауына жауап беру;
- Басып тұру: алға жылдам айналдыру.

4.  : • Дыбысын арттыру;
- аспаптар тақтасының мәзірін жоғары ауыстыру.

5.  : (рульдің оң жақ бөлігінде):
- Басып қалу: дыбыс қаттылығын азайту;
- 1 секунд басып тұру: дыбысты өшіру;
- 8 секунд басып тұру: мультимедиа жүйесін қайта қосу.
- Аспаптар тақтасының мәзірін төменге ауыстыру.

6.  : Растау пернесі:
- Басып қалу: мәзірдің таңдалған бөлімін растау;
- ойнатуды тоқтату (үзіліс)/ойнату;
- сапар жайлы ақпаратты өшіру.

7.  : Дауыспен басқаруды қосу.

8.  : пайдаланушы баптауы
- Пайдаланушы функциясын қосу.

9.  : Круиз-контрольді іске қосу: ACC (бейімделетін круиз-контроль) іске қосу немесе IACC-тан немесе ACC-қа ауыстырып қосу;

10.  : IACC (ақылды бейімделетін круиз-контроль) іске қосу.

11.  : Круиз-контроль режимінен (ACC немесе IACC) шығу ※

12.  : • Круиз-контроль режимінің жұмысын қалпына келтіру;
- крейсерлік жылдамдықты арттыру;

13.  (рульдің сол жағында):
- Круиз-контрольді орнату (ACC);
- Орнатылған жылдамдықты түсіру.

14.  Қозғалысқа кедергі болмаған кезде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі уақыт аралығын/қашықтықты реттеу;

Жоғарыда аталған пернелер мен функциялар автокөліктің барлық пішіндемесін сипаттайды.

Өзіңіз нақты таңдаған автокөліктің жинағына байланысты сипаттаманы қараңыз.


## АСПАПТАР ТАҚТАСЫНЫҢ КӨПФУНКЦИЯЛЫ ДИСПЛЕЙІ

### 1-модель ※



| | |
|---|---|
| 1. Отын деңгейінің көрсеткіші | Отын багындағы қалған отынның болжамды мөлшерін көрсетеді.<br>Егер көрсеткіш отынның төмен деңгейін көрсетсе және ескерту шамы жанса, автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құю керек. |
| 2. Спидометр | Автокөлік жылдамдығын км/сағ деп көрсетеді. |
| 3. Ақпараттық дисплей | Сапар жайлы түрлі ақпараттарды бейнелеу, ескертулер және басқа да ақпараттар. |
| 4. Ақпарат индикаторлары | Сигнал шамдары мен индикаторлар. |
| 5. Тахометр | Қозғалтқыштың иінді білігінің ағымдағы айналу жылдамдығын көрсетеді (айн/мин). Көрсетілген мәнге тең ×1000 айн/мин. қозғалтқыштың максималды жылдамдығындағы ұзақ қозғалыс қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін. |
| 6. Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші | Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.<br>Егер көрсеткіш қызыл диапазонда болса және сигнал шамы жанса, бұл қозғалтқыштың салқындатқыш температурасы асып, қозғалтқыш қызып кетеді дегенді білдіреді.<br>Қозғалтқышты дереу өшіріңіз, суығаннан кейін қызып кетудің себебін анықтаңыз және жойыңыз. |

## 2-модель ※


1
2
3
4
5
6
08:38
AVG Speed
D
km/h
58
8℃
60
km/h
Normal
2.0
2.0
1.5
x1000r/min
0 20 40 60 80 100 120 150 180 210 240
8 7 6 5 4 3 2 1 0
2.0
Bar
2.3
E
F
288km
H
C

| | |
|---|---|
| 1. Отын деңгейінің көрсеткіші | Отын багындағы қалған отынның болжамды мөлшерін көрсетеді.<br>Егер көрсеткіш отынның төмен деңгейін көрсетсе және ескерту шамы жанса, автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құю керек. |
| 2. Спидометр | Автокөлік жылдамдығын км/сағ деп көрсетеді. |
| 3. Ақпараттық дисплей | Сапар жайлы түрлі ақпараттарды бейнелеу, ескертулер және басқа да ақпараттар. |
| 4. Ақпарат индикаторлары | Сигнал шамдары мен индикаторлар. |
| 5. Тахометр | Қозғалтқыштың иінді білігінің ағымдағы айналу жылдамдығын көрсетеді (айн/мин). Көрсетілген мәнге тең ×1000 айн/мин. қозғалтқыштың максималды жылдамдығындағы ұзақ қозғалыс қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін. |
| 6. Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші | Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасын көрсетеді.<br>Егер көрсеткіш қызыл диапазонда болса және сигнал шамы жанса, бұл қозғалтқыштың салқындатқыш температурасы асып, қозғалтқыш қызып кетеді дегенді білдіреді.<br>Қозғалтқышты дереу өшіріңіз, суығаннан кейін қызып кетудің себебін анықтаңыз және жойыңыз. |

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қызып кетуге әкелген ақау себептерін жоймайынша қозғалтқышты қайта іске қосуға тыйым салынады.

## Сигнал шамдары мен индикаторлар

**Шалғай жарық фараларын қосу индикаторы**

Индикатор шалғай жарықтың қосулы фараларын көрсетеді.

**Таяу жарық фараларын қосу индикаторы**

Индикатор таяу жарықтың қосулы фараларын көрсетеді.

**Негізгі шамды автоматты түрде басқару жүйесінің индикаторы**

**Ақ:** күту режимі;
**Жасыл:** іске қосылған;
**Қызғылт сары:** жүйе істен шыққан.

Егер бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі ақаулығының қызғылт сары индикаторы жанса, LDW контроллерін тексеріңіз. Тексеру және диагностикалау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Тұманға қарсы артқы шамдар**

Индикатор қосулы артқы тұман шамдарын көрсетеді.

**Габарит жарықтары**

Индикатор габарит жарықтарының қосылғанын көрсетеді.

**Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторы**

Сол/оң бұрылу шамдарының жұмыс индикаторы;
Бір жағынан жасыл түсті бұрылыс көрсеткіші индикаторы жыпылықтайды: тиісті бұрылыс сигналы қосылған;
Екі жағынан да жыпылықтайтын жасыл индикаторлар: апаттық сигнал беру жүйесі жарықтары жанып тұр.

**Май қысымының индикаторы**

Егер май қысымының бақылау шамы қозғалтқыш оталғаннан кейін жанып тұрса немесе автокөліктің жұмысы кезінде жанса, бұл май қысымының төмен екенін немесе майлау жүйесінің ақауын көрсетеді. Мұндай жағдай туындаса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қойыңыз, қозғалтқышты майдың деңгейін тексеру нұсқаулығына сәйкес, өшіріңіз және қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз.
Егер қозғалтқыштағы май деңгейі қалыпты болса және қозғалтқыштағы май қысымын тексеру шамы жануды/жыпылықтауды жалғастырса, CHANGAN сервистік орталығына хабарласыңыз.

**Аккумулятор батареясы зарядының индикаторы**

Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде аккумулятор батареясының заряды индикаторы қызыл түспен жануын жалғастырса, бұл аккумулятор батареясының жұмысында ақау бар екенін білдіреді. Артық энергия тұтынушы құралдарды өшіріңіз және диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Қауіпсіздік жастығының индикаторы**



Автокөліктің қуаты қосулы кезде («ON» күйі), қауіпсіздік жастығының индикаторы жанады және 3 секундтан кейін сөнеді. Бұл SRS жүйесінің өзін-өзі диагностикалауын және басқару шамының жұмысын тексеруді көрсетеді. Егер қауіпсіздік жастығының индикаторы автокөлік жұмыс істеп тұрған кезде жанса немесе өзін-өзі диагностикалау кезінде жанбаса, бұл SRS жүйесінің жұмысында ақау бар екенін көрсетеді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы**



Автокөлікті қуаттауды қосқан кезде («ON» күйі), егер жүргізуші және/немесе жолаушы алдыңғы жолаушылар орындығында қауіпсіздік белдіктерімен бекітілмеген болса, бекітілмеген қауіпсіздік белдігінің индикаторы дереу жанады. Индикатор жүргізуші мен алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеулерін таққаннан кейін сөнеді.

Егер алдыңғы жолаушылар орындығында қандай да бір заттар болса, және бекітілмеген қауіпсіздік белдіктерінің индикаторы жанса, оларды басқа қауіпсіз жерге алып қойыңыз.

**Қозғалтқыш ақауының индикаторы**



Автокөліктің электр қуаты қосылған кезде («ON» күйі) қозғалтқыш ақауының индикаторы жанады және қозғалтқыш оталғаннан кейін сөнеді: қозғалтқыштың өзін-өзі тексеруі аяқталды.

Егер қозғалтқыш оталғаннан кейін қозғалтқыштың ақаулығы туралы индикатор жанып тұрса, бұл қозғалтқышты басқару модулінің немесе пайдаланылған газдардың шығарылуын бақылау жүйесінің ақауын көрсетеді. Қозғалтқышты тоқтатып, диагностика жүргізу және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Төмен отын деңгейінің индикаторы**



Егер автокөлік қозғалысы кезінде отынның төмен деңгейінің индикаторы жанса немесе ұзақ жанып тұрса, автокөлікке дереу отын құйыңыз.

Индикатор жыпылықтайды: отын багындағы отын деңгейі төмен, 1/8 шамасында. Индикатор жанып тұр: отын багында отын жоқтық қасы. Автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құю керек.

**Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының индикаторы**



Салқындату сұйықтығының жоғары температурасы туралы хабарлайды.

Егер қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін немесе автокөлік қозғалысы кезінде индикатор жанса немесе үздіксіз (өшпейді) жанып тұрса, бұл қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жоғары екенін көрсетеді. Қозғалтқышты тоқтатып, диагностика жүргізу және жөндеу үшін дереу CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Круиз-контроль индикаторы (CC) ※**

Круиз-контроль функциясының қосулы екенін хабарлайтын индикатор. Крейсерлік жылдамдықты орнатуға мүмкіндік береді.

**Шина қысымының индикаторы**

● Индикатор үнемі сары түспен жанады: шинаның төмен қысымы туралы ескертеді. Шиналардағы қысым туралы ақпарат көпфункциялы дисплейде мәтіндік нұсқаумен бірге көрсетіледі.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қозғалысты жалғастырмас бұрын шиналардағы қысымды тексеріп, оның ұсынылған мәнге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Қажет болса және қауіпсіз қозғалу мүмкіндігі болса - шиналардағы қысымды тексеру және реттеу үшін жақын жердегі техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Ұсынылған шина қысымының мәнін тексеріп, орнатқаннан кейін қозғалысты жалғастырыңыз.

● Индикатор сары түспен жыпылықтайды: жүйенің ақаулығы. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Бейімделетін круиз-контроль индикаторы (ACC) ※**

**Ақ:** бейімделетін круиз-контроль функциясы күту режимінде қосылған;
**Жасыл:** бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосылған;
**Қызғылт сары:** бейімделетін круиз-контроль жүйесі істен шыққан.
**Сұр:** акселератор педалін басу кезінде қысқа мерзімді үдеу үшін (басып озу) жылдамдықты үдетудің жағдайы (басып озу). Педальді жіберген соң - ақылды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын қалпына келтіру.

Егер индикатор қызғылт сары боп жанып тұрса, диагностикалау және қажет болса, жөндеу үшін, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Ақылды бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы ※**

**Ақ:** бейімделетін круиз-контроль функциясы күту режимінде қосылған;
**Жасыл:** бейімделетін круиз-контроль жүйесі қосылған;
**Қызғылт сары:** бейімделетін круиз-контроль жүйесі істен шыққан.
**Қызғылт сары (3 рет жыпылықтайды):** бейімделетін круиз-контроль жүйесін іске қосудағы қателік
**Сұр:** акселератор педалін басу кезінде қысқа мерзімді үдеу үшін (басып озу) жылдамдықты үдетудің жағдайы (басып озу). Педальді жіберген соң - ақылды бейімделетін круиз-контрольдің жұмысын қалпына келтіру.

Егер индикатор қызғылт сары боп жанып тұрса, диагностикалау және қажет болса, жөндеу үшін, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Айдап әкетуге қарсы жүйенің индикаторы (иммобилайзер)** 

- Баяу жыпылықтайды: қорғау жағдайында. Айдап әкетуге қарсы жүйе (иммобилайзер) іске қосылғанын және автокөлік қауіпсіз екенін көрсетеді.
- Жылдам жыпылықтайды: жүйе дабыл (ескерту) жағдайына ауысты.
- Жанып тұр: алдына алу жағдайы (15 сек).
- Сөндірулі: ұрлап кетуге қарсы жүйе қосылмаған, автокөлік күзеттен шығарылған.

Иммобилайзер индикаторы жылдам жыпылықтаған кезде, ұрлап кетуге қарсы жүйені өшіру үшін, автокөліктің оталдыру жүйесін қосыңыз және автокөліктің ұрлап кетуге қарсы жүйесін қашықтан ашыңыз.

**«START–STOP» жүйесінің индикаторы (күту режимі)** 

- Қосу: «START–STOP» функциясы (қосу – қозғалтқыштың бос жүрісін тоқтату) қосылған, бірақ қозғалтқышты тоқтатудың ағымдағы шарттары сақталмаған.
- Жыпылықтауда: «START–STOP» жүйесінің қосылу қателігі;

Егер «START–STOP» индикаторы үздіксіз жыпылықтап тұрса — бұл жүйенің ақаулығын білдіреді. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**«START–STOP» жүйесінің индикаторы** 

**Жасыл:** «START-STOP» функциясы іске қосылған,

**Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) ақауының индикаторы** 

Егер индикатор үнемі жанып тұрса, бұл электрмеханикалық тұрақ тежегіші жүйесінің (EPB) ақаулы екенін білдіреді. Диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Трансмиссия ақауының индикаторы ※** 

Егер автокөлік қозғалысы кезінде трансмиссия ақауының индикаторы жанса немесе жануын/жыпылықтауын жалғастырса, бұл оның дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Қозғалтқышқа жүкті азайтып, қозғалтқыштың айналымын азайтыңыз. Қауіпсіз тоқтау ережелерін сақтай отырып, автокөлікті барынша қауіпсіз жерге тез тоқтатыңыз. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) индикаторы** 

- Жанып тұр: автокөліктің тұрақ тежегіші қосылып тұр.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Автокөлік жүріп келе жатқан кезде тұрақ тежегішін пайдалануға тыйым салынады. Пайдаланған жағдайда автокөліктің қозғалысы қиындайды және тұрақ тежегіші жүйесі зақымдалуы мүмкін.

**AUTO HOLD автоматты ұстап тұру жүйесінің индикаторы**



- Индикатор ақ түспен жанып тұр: функция іске қосылды;
- Индикатор жасыл түспен жанып тұр: функция жұмыс істейді.

**Тежеу жүйесі ақауының индикаторы**



Тежеу жүйесі ақауының индикаторы жанса, келесі тексерістерді жүргізіңіз:

- Автокөлікті байыппен жақын маңайдағы қауіпсіз жерге тоқтатыңыз;
- Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

Егер тежегіш жүйесінің ыдысында тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, тежегіш сұйықтығының деңгейін қалпына келтіру және деңгейдің төмендеу себептерін анықтау үшін жақын жердегі CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

- Тежеу күшін таратын электрондық жүйе (EBD) істен шыққан жағдайда диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

- Тежеу жүйесінің гидравликалық күшейткіші (HBB) істен шыққан жағдайда диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**АБС (ABS) жүйесінің индикаторы**



Егер жүйе индикаторы автокөлік жүріп келе жатқан кезде қосылса, бұл ESC жүйесінің ақауын көрсетеді. Бұл жағдайда тежеу жүйесі ABS жүйесінсіз жұмыс істейді. Диагностикалау және қызмет көрсету үшін мүмкіндігінше тездетіп CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің (ESC) индикаторы**



- Индикатор сары түспен жыпылықтайды: жүйе жұмыс істейді;
- Индикатор үнемі сары түспен жанады: ESC жүйесі ақаулы. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесін өшіру индикаторы (ESC_OFF)**




Егер индикатор жанып тұрса, ESC жүйесі өшірілген.

**Ашық есік индикаторы**



Индикатор кез келген жабылмаған есік (алдыңғы сол жақ/оң жақ; артқы сол жақ/оң жақ; жүксалғыш есігі) туралы хабарлайды.

**EPS руль электркүшейткішінің индикаторы**




Егер рульдің электркүшейткіш индикаторы (EPS) жанса, бұл руль жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін білдіреді. Тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Өрден түсуге көмектесетін жүйенің (HDC) индикаторы ※**



**Жасыл:** төмен қарай жүруге көмектесу жүйесі іске қосылған.
**Жыпылықтайды:** жүйе жұмыс істеп тұр.

**Шұғыл тежеу кезінде автоматты көмек көрсету жүйесінің ақаулық индикаторы (AEB) ※**



● Индикатор үнемі сарымен жанады - AEB функциясы істен шыққан. Диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Шұғыл тежеу кезінде автоматты көмек көрсету жүйесінің өшу индикаторы (AEB) ※**




● Индикатор үнемі сары түспен жанып тұрады - төтенше тежеу кезінде автоматты көмек функциясы өшірулі.

**Орналасқан қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесінің индикаторы (LDW) ※**



**Ақ:** алдағы қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесі күту режимінде қосылған;
**Жасыл:** алдағы қозғалыс жолағынан шығу туралы жүйесі іске қосылған;
**Қызғылт сары:** алдағы қозғалыс жолағынан шығу жүйесі істен шыққан. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Жолақты ауыстыру кезінде нысандарды анықтау жүйесінің индикаторы істен шыққан ※**



● Индикатор үнемі сары түспен жанады - жүйе істен шыққан. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Дыбыстық ескертулер мен еске салулар

**Жабылмаған есік**

Егер автокөлік есіктерінің бірі жабылмаса, екі рет 500 мс интервалында дыбыс сигналы шығады.

**Автокөліктегі кілт туралы ескерту**

Егер электр қуатын өшіргеннен кейін («OFF» күйі), жүргізуші есігін ашып, автокөліктен шыққаннан кейін кілт автокөліктің ішінде қалып қойса, 3 рет 500 мс интервалында ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

**Автокөлік қуатының өшірілмегені туралы еске салу**

Егер автокөліктің қуаты өшірілмесе, қашықтан басқару пультімен немесе есіктің сыртқы тұтқасындағы құлыпты ашу түймесін басу арқылы автокөлік есіктерін құлыптау мүмкін емес. Дыбыс сигналы 1 секундтың ішінде 5 рет естіледі.

**Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу**

Егер автокөліктің қуаты қосулы кезінде («ON» күйі), немесе автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізуші және/немесе алдыңғы жолаушы (автокөліктің жинақтамасына байланысты) қауіпсіздік белдігімен бекітілмесе, ал автокөліктің жылдамдығы белгіленген мәннен (7 км/сағ) асып кетсе, қауіпсіздік белдігі бекітілгенге дейін, 9 секундтық үзіліспен, 5 секунд бойы дыбыстық сигнал естіледі. Егер жүргізуші және/немесе жолаушы әлі де бекітілмеген болса, немесе қозғалтқышты өшірмесе, онда 20 циклден кейін дыбыстық сигнал тоқтайды.

**Сөндірілмеген жарық туралы ескерту**

Егер электр қуатын сөндіргеннен кейін («OFF» күйі) және жүргізушінің есігін ашқаннан кейін автокөліктің фаралары немесе габарит жарықтары өшірілмесе, бірнеше үздіксіз ескертуші дыбыс сигналы естіледі.

**Жабылмаған есік туралы ескерту**

Автокөліктің электр қуатын өшіргеннен кейін («OFF» күйі) есіктердің кез келгені, капот және/немесе жүксалғыш есігі жабылмаса, онда қашықтан басқарылатын кілтте құлыптау («Lock») түймесін басқан кезде 3 рет 500 мс интервалында дыбыс сигналы естіледі және есіктер құлыптанбайды.

**Қашықтан басқару кілтінің қуат элементі зарядының төмен деңгейі туралы ескерту**

Электр қуаты режимін «ACC» немесе өшірулі «OFF» күйіне ауыстырған кезде кілттегі құлыпты ашу түймесін («Unlock») басып, автокөліктің жүргізуші есігін ашыңыз. Қашықтан басқару функциясы бар кілттің қуат элементінің заряды төмен болған кезде дыбыс сигналы 500 мс интервалында 9 рет естіледі.

**Кілт табылмады**

Егер электрқуаты кез келген жағдайында автокөліктің кілті болмаса немесе табылмаса, 500 мс интервалында 3 рет ескерту дыбыстық сигналы естіледі.

**АБҚ селекторын «P» күйіне ауыстыру туралы ескерту ※**

Егер қозғалтқышты оталдыру кезінде берілістерді ауыстырып қосу селекторы «P» күйінде болмаса, дыбыс сигналы естіледі.

**Жабылмаған люк туралы ескерту**

Егер электр қуатын өшіргеннен кейін («OFF» күйі) шатырдың люгі жабылмаса, ұзақ дыбыс сигналы естіледі.

**Иммобилайзердің күйі туралы ескерту**

Қуат көзін «ACC/OFF» күйіне ауыстырған кезде, автокөлік іске қосылған иммобилайзер күйінен шыққан кезде 9 рет дыбыстық сигнал шығады.

**Төмен отын деңгейі туралы ескерту**

Төмен отын деңгейінде қысқа дыбыстық ескерту естіліп, төмен отын деңгейінің сары индикаторы жанады.

**Артқа жүрудің тұраққа қою датчиктерінің ақаулары туралы ескерту**

Егер автокөліктің электр қуатын қосқан кезде («ON» күйі) жүйе тұраққа қою датчиктерінің ақаулығын сәйкестендірсе, 3 рет ескерту сигналы естіледі.

**Радар көмегімен кедергілерді анықтау туралы ескерту**

Автокөліктің электр қуаты қосылып тұрған кезде («ON» күйі) және АБҚ селекторы «R» күйінде болғанда тұраққа қою датчиктері нысандарды және/немесе кедергілерді анықтаған кезде автокөлік пен кедергі арасындағы қашықтыққа байланысты ескерту сигналы әртүрлі жиіліктерде естіледі.

**Бұрылыстың сөндірілмеген жарығы туралы ескерту**

Егер бұрылу көрсеткіші (солға/оңға) өшірілмесе, ескерту сигналы естіледі.

**Аккумулятор батареясы зарядының төмен деңгейі туралы ескерту**

Автокөліктің аккумулятор батареясы зарядының төмен деңгейінде ескертуші дыбыстық сигнал естіледі.

**Дөңгелектердің тіке жолаққа қайтқандығын ескерту**

Егер автокөліктің электр қуатын қосқан кезде («ON» күйінен «OFF» - ке) дөңгелектердің бұрылу бұрышы түзу жолақтан40° - тан асса, бір рет дыбыстық сигнал естіледі. Дөңгелекті тіке жолақ күйіне диапазон көлемінде орнатыңыз

## Ақпараттық дисплей

**Анықтамалық ақпарат:**

Егер ақпараттық дисплейде келесі хабарламалар көрсетілсе, ақауларды жою үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Төмен температурада дисплей экранындағы ақпарат кідіріспен көрсетілуі мүмкін. Ақ экран әсері және басқа да өзгерістер сұйық кристалды дисплейдің қалыпты жұмысы болып табылады. Оң бөлме температурасына жеткенде ақпараттық дисплейдің жұмысы қалпына келтіріледі.
- Қоршаған ортаның жоғары температурасында (мысалы, күн сәулесінің әсерінен) ақпараттық дисплей экранының жарықтығы төмендеуі мүмкін, бұл сұйық кристалды дисплейдің қалыпты жұмысы болып саналады. Температура төмендеген кезде дисплейдің жарықтығы қалпына келеді.

**Кілт және кілтсіз кіру жүйесі**

| Хабарлама | Әрекет | Хабарлама | Әрекет |
|---|---|---|---|
| **Low Battery of Key -** Кілттің қуат элементінің зарядының төмен деңгейі. | Кілттің қуат элементін ауыстырыңыз. | **Key in Vehicle -** Кілт автокөлікте. | Есікті жаппай тұрып, кілтті автокөліктен алып шығыңыз. |

**Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі**


| Хабарлама | Әрекет | Хабарлама | Әрекет |
|---|---|---|---|
| **Tire pressure monitoring system fault –** Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақауы | Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | **Tire pressure warning –** Шинаның төмен қысымы туралы ескерту. | Шиналардағы қысымды тексеріп, ол нұсқаулыққа сай келетініне көз жеткізіңіз. Қажет болса - шиналардағы қысымды тексеру және реттеу үшін жақын жердегі техникалық қызмет көрсету станциясына хабарласыңыз. Ұсынылған шина қысымының мәнін тексеріп, орнатқаннан кейін қозғалысты жалғастырыңыз. |

**Ескерту**

| Хабарлама | Әрекет | Хабарлама | Әрекет |
|---|---|---|---|
| **Insufficient oil pressure** - Майдың қысымы төмен. | Автокөлікті жайымен қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз. Деңгейді бақылай отырып, май құйыңыз. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | **High coolant temperature** - Салқындату сұйықтығының температурасы жоғары. | Автокөлікті қауіпсіз жерде абайлап және жайлап тоқтатыңыз да, салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Қажет болса, салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі – қалыпты, ал салқындату сұйықтығының температурасы жоғары болса, хабарландыру жоғалмайды. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.<br>Назар аударыңыз: суымаған автокөлікте қозғалтқышты салқындату жүйесінің қақпақтарын ашпаңыз. Бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін. |
| **Lane departure system failure** - Алдағы жолақтан шығу туралы ескерту жүйесінің ақауы | Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | **Immobilizer authentication failed** - Иммобилайзердің түпнұсқалығын тексеру қатесі. | 1. Кілттің дұрыстығын тексеріңіз;<br>2. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. |
| **Lane Assist system failure** - Жолақ сызығын анықтау жүйесінің ақау | Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. | | |

## Сұйық кристалды ақпараттық дисплей

**Сапар туралы ақпарат**




Сапар сайын жүріп өткен қашықтық туралы ақпаратты көрсетеді. 0,0 км-ден 9999,9 км-ге дейінгі диапазонда бір сапарда жүріп өткен қашықтықты көрсетеді. Егер мән 9999,9 км-ден асып кетсе, одометрдің көрсеткіштері автоматты түрде нөлденеді. Көрсеткіштерді нұсқауларға сәйкес қалпына келтіріңіз.

**Жалпы жүрілген жол (ODO)**




0 – 999 999 км аралығында автокөліктің жалпы жүрген жолын көрсетеді. Егер автокөліктің жалпы жүрген жолы 999 999 км жетсе, одометрдің көрсеткіштері бекітіледі және одан әрі өзгермейді.

**Отын құюға дейінгі қашықтық**




Ақпараттық дисплей автокөліктің қалған отынмен жүре алатын қашықтығын көрсетеді. Егер көрсеткіш отынның төмен деңгейін көрсетсе және ескерту шамы жанса, автокөлікке мүмкіндігінше тезірек отын құю керек.


**Автокөліктің орташа қозғалыс жылдамдығы**




Деректерді соңғы нөлдеген сәттен басталған орташа сапар жылдамдығын көрсетеді.

**Сапар жайлы ақпарат (борттық компьютер)**

Қысқа мерзімді сапар мен жалпы жүрілген жол кезінде орташа отын шығынын, жүрілген жол мен көлік құралының ұзақ қозғалысын немесе отын құю туралы ақпаратты көрсетеді. Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде отын шығынының мәні — нақты уақытта, ал автокөлік қозғалған кездегі отын шығыны орташа мәнмен көрсетіледі.




**Орналасқан қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту**

Қозғалыс жолағының таңбалау сызықтарын анықтау туралы ақпаратты көрсетеді және автокөліктің жол белгілері сызығынан өткені туралы хабарлайды. Қосымша ақпарат алу үшін «Орналасқан жолақтан шығу туралы ескерту жүйесі» (LDW) бөлімін қараңыз





**Круиз-контроль жүйесінің жұмысы туралы ақпарат**


Келесі ақпаратты көрсетеді:

- Алда келе жатқан автокөлікке дейінгі қашықтық (уақыт аралығы);
- Круиз жылдамдығы;
- Круиз-контроль жүйесінің тиісті еске салулары мен апаттық ескертулері.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесін (ACC) ※пайдаланардан алдын жүйенің жұмысымен мұқият танысып алыңыз.




**Артқа жүру кезіндегі ескертулер**




Кедергі анықталған кезде автокөліктен кедергіге дейінгі қашықтық ескертуші дыбыс сигналы іске қосылған сәтке дейін көрсетіледі.


**Шиналардағы қысым туралы ақпарат**




Шинадағы қысым мәнін көрсетеді және шинаның төмен қысымы туралы ескертеді.

## ЖАРЫҚТЫ БАСҚАРУ

### Руль астындағы жарық ауыстырып-қосқышы




AUTO **АВТО режимі** ※: автоматты режимге (AUTO) ауысу кезінде - фаралар қоршаған ортаның жарықтандырылуына байланысты автоматты түрде жанады және сөнеді.

OFF **Өшірілген:** руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы өшірулі болғанда («OFF» күйі) және автокөліктің электр қуаты ажыратылған жағдайда («OFF/ ACC» күйі) - автокөліктің барлық жарығы сөндірілген. Автокөліктің электр қуатын қосқан кезде («ON / START» күйі), габариттік күндізгі жүріс жарықтарын қоспағанда, барлық жарық сөндірілген.

: габарит жарықтары, нөмірлік белгінің жарығы;

: фаралар, габарит жарықтары, нөмірлік белгіні жарықтандыру.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Қоршаған ортаның жарықтандырылу датчигі алдыңғы әйнек желдету дефлекторларының ортасында алдыңғы панельге орнатылған. Датчиктің жұмысына бөгет жасамау үшін бұл аймаққа ешқандай заттар орналастырмаңыз. |

## Фаралардың таяу жарығы деңгейін реттеу




Автокөліктің күйі өзгерген кезде жүктемеге, жеделдетуге, тежеуге және басқа жағдайларға байланысты жол қозғалысының басқа қатысушыларының көзін шағылыстырмау үшін деңгей реттегішінің көмегімен фаралардың таяу жарық деңгейін реттеуге болады. Реттегішті жоғары айналдырыңыз, сонда фаралардың таяу жарық деңгейі максималды деңгейге көтеріледі (-->0, жарықтандырудың максималды қашықтығы); төмен айналдырыңыз, сонда фаралардың жарықтандыру бұрышы төмендейді (-->5, жарықтандырудың минималды қашықтығы).

## Күндізгі уақытта шалғай/таяу жарық фараларын қосқыш


Егер қозғалтқышты іске қосу кезінде руль астындағы жарық ауыстырып қосқышы «OFF» (Сөнд.) немесе «AUTO» күйінде болса, бұл ретте фаралар сөніп тұрады, күндізгі жүріс жарықтары қосылады.

## Автокөлік фараларын өшіруді кейінге қалдыру функциясы (Follow Me Home) ※

Автокөліктің фараларын өшіруді кейінге қалдыру функциясы жолаушыларға үйге баратын жолды жарықтандыру арқылы автокөліктің фараларын біраз уақытқа өшірмейді.

Функцияны мультимедиа жүйесінің дисплейі арқылы қосуға немесе өшіруге болады [Автокөлік] → [Артқы жарық]. Автокөліктің фараларын өшіруді кейінге қалдыру уақытын таңдауға болады (10 с / 30 с / 60 с / 120 с).


## Бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы ауыстырып-қосқышы




Автокөліктің электр қуаты қосылып тұрған кезде («ON» күйі) бұрылыс көрсеткіштерінің руль астындағы қосқышын жоғары/төмен қарай ауыстырыңыз, сонда оң/сол жақ бұрылыс сигналы жыпылықтай бастайды. Егер бұрылыстардың руль астындағы қосқышын жоғары / төмен қарай ауыстырып, бірден бейтарап күйге қайтарса, бұрылыс көрсеткішінің тиісті сигналы 3 рет жыпылықтайды.

Егер бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде сигнал шамы бұрынғыдан екі есе жылдам жыпылықтаса, бұл бұрылыс сигналы шамында ақау барын көрсетеді.


## Шалғай/таяу жарық фараларын қосқыш




Жарықтандырудың руль астындағы қосқышын күйіне бұрыңыз, сонда фаралардың таяу жарығы қосылады. Фаралардың шалғай жарығын қосу үшін жарықтың руль астындағы ауыстырып-қосқышын «өзіңізден әрі» бағытта басыңыз.

Фаралардың шалғай жарығымен жыпылықтау үшін, мысалы, басып озу кезінде жарықтандыру қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз. Ауыстырғыш босатылғаннан кейін бастапқы күйіне оралады.

## Тұман шамдарының ауыстырып қосқышы




Жарықтандырудың қосқышын күйіне бұраңыз, тұман фараларының қосқышын оңға бұраңыз, артқы тұман фарасы қосылады. Тұман фараларының қосқышы бірден бастапқы күйіне оралады (Алдыңғы тұман фараларын қосу).

Егер руль астындағы жарық қосқышы «AUTO» күйінде болса, жақын жарық шамдары қосылғаннан кейін тұманға қарсы шамдарды оңға бұраңыз, сонда артқы тұман фарасы қосылады.

## Бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (FAB) ※

Бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (FAB) камераны орналасқан қозғалыс жолағынан шығу туралы ескерту жүйесімен бірге пайдаланады. Алда келе жатқан автокөліктің артқы шамдары, қарсы бағытта келе жатқан автокөліктердің фараларының жарығы немесе қоршаған жарықтандырудың ашық түсті жарығы анықталған кезде бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі фаралардың шалғай жарығының қосылуын автоматты түрде басады (шалғай жарық өшеді). Сыртқы жарықтандыру өшіріліп, алда автокөлік болмаған кезде басу алынып, алыс жарық автоматты түрде қосулы күйге оралады.

Бұл функцияны қосу/өшіру үшін интерфейс арқылы таңдаңыз мультимедиа дисплейі [Автокөлік] - [Жарықтандыру]. Бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесін қосқаннан кейін аспаптар тақтасында ақ белгіше пайда болады. Жарықтандырудың руль астындағы қосқышын «AUTO» күйіне бұраңыз, сонда жүйе күту режиміне ауысады.



Егер бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі күту режимінде болса, онда нашар жарықтандырылған жерде қозғалғанда және автокөліктің жылдамдығы сағатына 30 км-ден жоғары болған кезде функция автоматты түрде іске қосылады. Аспаптар тақтасының жоғарғы жағында белгішесі жасыл түске айналады.

**ЕСКЕРТУ**

Бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі (FAB) көмекші функция болып табылады және барлық жол жағдайында жұмысқа қабілеттілікке кепілдік бере алмайды. Жүргізуші автокөлікті басқаруға толықтай жауапты болады. Қауіпсіз жүргізу ережелерінің барлығын мұқият орындаңыз. FAB жүйесі фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде ауыстыруға көмектеседі, бірақ келесі қозғалыс жағдайларында немесе жол учаскелерінде функция шалғай жарықты автоматты түрде ауыстыра алмайды және қолмен ауыстыруды қажет етеді:

- Ауа райының қиын жағдайларында қозғалу (қатты жаңбыр, тұман, қар немесе балшық);
- Жолда немесе оның жанында жаяу жүргіншілер немесе велосипедтер бар;
- Күрт бұрылу кезінде.

Егер қарсы бағыттағы көлік құралдарының фаралары бүркелген болса (мысалы, үлдірмен жабылған болса), жүйе фаралардың шалғай жарығын өшіре алмайды.

Жарықтандырудың руль астындағы қосқышы «AUTO» күйінен басқа кез келген күйге орнатылса, онда бас жарықты автоматты түрде басқару жүйесі күту режиміне ауысады және фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде ауыстырмайды.


Бас жарықты автоматты түрде басқару функциясын қосқаннан кейін де, жүргізуші фаралардың шалғай және таяу жарықтарын өздігінен ауыстыра алады.

## Көмескі жарық деңгейін реттеу



Реттеу үшін мультимедиа дисплейі интерфейсінен таңдаңыз → [Жүйелік баптаулар] → [Дисплей], жарықты баптаңыз.

## Алдыңғы жарықтандыру плафоны ※




① Микрофон;
② Салонды жарықтандыру шамын ажыратқыш;
③ Люкті басқару пернесі ※: ашу/жабу/өрге көтеру қосқышы; немесе күннен қорғау пердесін ашу/жабу;
④ USB порты;
⑤ Пайдаланушы интерфейсі блогы (ПИБ) – жедел қызметтерді шұғыл шақыру жүйесін басқару блогы («Жедел қызметтерді төтенше жағдайда шақыру жүйесі» бөлімін қараңыз) ※


**Салонның артқы бөлігінің жарығы ※**



Салонның артқы жағындағы жеке жарықтарды қосу үшін тиісті қосқышты басыңыз. Қайтадан басу жеке жарықтарды сөндіреді.

## ӘЙНЕКТАЗАРТҚЫШ ЖӘНЕ ӘЙНЕКЖУҒЫШ

### Руль астындағы әйнектазартқыш ауыстырып-қосқышы




Руль астындағы ауыстырып-қосқыш алдыңғы және артқы әйнектазартқыштардың ауыстырып-қосқыштарынан және алдыңғы әйнектазартқыш жұмысының жылдамдығын реттегіштен тұрады.

**Алдыңғы әйнектазартқыштар**

**OFF:** Алдыңғы әйнектазартқыштар өшірілген;

**MIST (Тұман):** ауыстырып қосқышты сәл жоғары қарай басыңыз және оған еркін қайта оралуға мүмкіндік беріңіз. Әйнектазартқыш бір рет іске қосылады.

**INT / AUTO ※** Алдыңғы әйнектазартқыштар үзіліспен жұмыс істейді/автоматтық режим. Жауын-шашын мөлшерінің өзгеруіне байланысты оның жұмыс істеу жылдамдығы автоматты түрде өзгереді;

**LO:** Алдыңғы әйнектазартқыштар тұрақты төмен жылдамдықпен жұмыс істейді;

**HI:** Алдыңғы әйнектазартқыштар тұрақты жоғары жылдамдықпен жұмыс істейді.

**Әйнектазартқыштардың жұмыс аралығын реттеу※**

Руль астындағы ауыстырып қосқыштың реттегішін бұраған кезде әйнектазартқыштың жұмыс істеу интервалын баяу ырғақтан анағұрлым тез ырғаққа жайлап ауыстыруға болады.

**Жауын-шашын датчигі бар әйнектазартқыш ※**

Әйнектазартқыштың жұмыс жылдамдығы жауын-шашын мөлшеріне байланысты автоматты түрде өзгереді. Реттегішті кең диапазонға қарай бұру арқылы жауын-шашынды анықтау сезімталдығы төмендейді және әйнектазартқыштың жылдамдығы баяулайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

Жаңбыр датчигі алдыңғы әйнектің жоғарғы жағында орналасқан. Оны жаппаңыз.

Егер жарықтандыру датчигінің беті ластанса, бұл әйнектазартқыштың үздіксіз жалған іске қосылуына әкелуі мүмкін.

Егер датчик ұзақ уақыт бойы ластанған болса, жауын-шашын мен жарықтандырудың автоматты жүйесінің датчиктерінің сезімталдығы төмендейді. Тұз қалдықтары, жәндіктер және су дақтары датчикті ластауы мүмкін. Зақымдалғаннан кейін алдыңғы әйнекті ауыстырған кезде датчикті де ауыстыру қажет.

**Артқы әйнектазартқыш ※**

**OFF:** Әйнектазартқыш өшірілген;
**ON:** Әйнектазартқыш үзік режимде жұмыс істейді.

**Беріліс «R» (артқа жүру) қосылған кезде артқы әйнектазартқыштың автоматты түрде қосылу функциясы**

Автокөліктің электр қуаты («ON» күйі) қосулы және алдыңғы әйнектің әйнектазартқыштары үзіліспен немесе автоматты режимде қосылған кезде, АБҚ селекторын «R» күйіне (артқа жүру) ауыстырғаннан кейін 1 сек. ішінде жүксалғыштың әйнектазартқышы бір рет автоматты түрде іске қосылады.

## Әйнекжуғыштар



**Алдыңғы әйнектің әйнекжуғышы**

Алдыңғы әйнектің әйнекжуғышын қосу үшін руль астындағы әйнектазартқышты ауыстырып-қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз, сонда әйнекжуғыш жұмыс істей бастайды. Руль астындағы қосқышты бастапқы күйіне қайтарғаннан кейін, әйнекжуғыш жұмыс істемей қалады. Оның жұмысы аяқталғаннан кейін әйнектазартқыштар қозғалысты қысқа уақытқа жалғастырады.

**Артқы әйнекжуғыш ※**

Жүксалғыш есігінің әйнекжуғышын қосу үшін руль астындағы әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышын «өзіңізден әрі» қарай сәл басыңыз, сонда артқы әйнекжуғыш жұмыс істей бастайды.

Руль астындағы ауыстырып-қосқышты бастапқы қалпына келтіргеннен кейін, жүксалғыш есігінің әйнекжуғышы жұмысын тоқтатады, оның жұмысы аяқталғаннан кейін әйнектазартқыш қысқа уақыт ішінде қимылын жалғастырады.

Егер жуғыш жұмыс істемесе немесе жуғыш бүріккіші сұйықтықты шашыратпаса, жуу сұйықтығының деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда қосыңыз.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Жуу сұйықтығының деңгейі төмен болғанда әйнекжуғышты пайдаланбаңыз, себебі бұл әйнекжуғыш моторының зақымдалуына әкелуі мүмкін. |
| Әйнектазартқышты құрғақ немесе мұз ерімеген/ мұз қатқан әйнекте қоспаңыз, өйткені әйнек тырналып, әйнектазартқыш щеткалары зақымдалуы немесе әйнектазартқыштың моторы күйіп кетуі мүмкін. |
| Қоршаған ортаның теріс температурасында қатпайтын әйнекжуғыш сұйықтықты қолданыңыз. Әйнектазартқышты қоспас бұрын оның әйнекке қатып қалмағанына және толығымен ерігеніне көз жеткізіңіз. |
| Жуғышты қолданар алдында әйнектің дұрыс ерігеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, жуу сұйықтығы алдыңғы әйнектің бетінде қатып қалуы мүмкін, бұл көру мүмкіндігіне және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. |

# КЛИМАТ-КОНТРОЛЬ ЖҮЙЕСІ

## Жалпы сипаттамасы

### Ауаны сырттан алу

Кондиционер жүйесі қалыпты жұмыс істеуі үшін алдыңғы әйнектің алдындағы ауа өткізгіштердің және кондиционер жүйесі дефлекторларының қар және жапырақтар және т.б. сияқты бөгде заттардан таза екеніне көз жеткізіңіз.

### Салон ішіндегі ауа айналымы

Ұзаққа созылған салон ішіндегі ауа циркуляциясы терезелерге мұздың қатуына және булануына алып келуі мүмкін. Ауаны құрғату функциясы немесе әйнектердің булануына қарсы функция қосулы тұрғанда салон ішіндегі ауа циркуляциясы режимін қоспаңыз.

Салон ішіндегі ауа циркуляциясы режимі қосылғаннан кейін салон ішінде темекі шекпеңіз, себебі темекі түтіні мен шайыры буландырғышқа шөгеді де, иісі тұрақты сақталып қалады.

### Жылыту

Жылыту жүйесі қозғалтқыш жұмыстық температураға дейін қызғаннан кейін ғана салондағы температураны жоғарылата алады. Температураны 25°C немесе одан жоғары деңгейде орнатып, ұстап тұруға кеңес беріледі. Ауа ағындарын аяққа арналған кеңістікке және буланған кезде алдыңғы әйнекке бағыттау ұсынылады.

Климат-контроль жүйесінің ауа ағыны аяқтан желдету режимінде орнатылған болса, ауа ағынының бір бөлігі алдыңғы әйнекке беріледі. Алдыңғы әйнек буланып кетсе және булану режимін таңдаған болса, ауа ағынының бір бөлігі алдыңғы әйнекке беріледі (аяқтан желдету режимі орнатылған және мұздан еріту немесе буландырмау).

**Салқындату**

Кондиционер жүйесін пайдалану отын шығынының артуына әсер етеді.

Ауа буландырғыш арқылы өткен сайын салқындатылады. Терезелердің буланууына жол бермеу үшін ауадағы ылғал сіңіріледі. Бұның нәтижесінде түзілетін конденсат сыртқа ағады. Осының салдарынан автокөліктің астында азын-аулақ су іздерінің түзілуіне жол беріледі.

Алдымен ауа ағындарын бетіңізден сыртқа қарай бағыттауға, содан кейін ішкі ауа циркуляциясы режимін іске қосуға кеңес беріледі.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Ұзақ уақыт бойы салон ішіндегі ауа циркуляциясы автокөлік ішіндегі ауаның ластануына және оттегінің төмен мөлшеріне алып келуі мүмкін. Қажет болса, желдету үшін автокөліктің терезелерін ашыңыз. |

## Автоматты кондиционермен басқару жүйесі




**A. Ауа ағынының қарқындылығын азайту**

Ауа ағынының қарқындылығын азайту немесе оны өшіру түймесі. Түймені үздіксіз немесе дәйекті басу - ауа ағынының қарқындылығын ағымдағы мәннен желдеткішті өшіруге және ауаны салқындату жүйесін толығымен өшіруге дейін төмендетеді. Ауа ағынының ағымдағы мәні дисплейде көрсетіледі.

**B. Ауа ағынының қарқындылығын арттыру**

Ауа ағынының қарқындылығын арттыру түймесі. Түймені үздіксіз немесе дәйекті басу ауа ағынының қарқындылығын ағымдағы мәннен максималды деңгейге дейін арттырады (максималды деңгейі 8). Ауа ағынының ағымдағы мәні дисплейде көрсетіледі.

**C. Кондиционерді қосу түймесі** A/C

Ауаны салқындату жүйесі қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде және үрлеу желдеткіші қосылған кезде ғана жұмыс істейді. Кондиционерді қосу/өшіру үшін түймесін басыңыз.

**C. Автоматты түрде ауа баптау режимі** AUTO

Автоматты түрде ауа баптау режимі түймесін басыңыз. Бұрын белгіленген ауа температурасына жеткенде ауа ағынының қарқындылығы мен режимін таңдау автоматты түрде жүзеге асырылады.

Автоматты режим қосулы тұрғанда тізімделген түймелердің кез келгенін басыңыз: салқындату түймесі (кондиционерді қосу), ауа ағынының қарқындылығын реттеу түймесі, үрлеу және ауа айналымы режимін өзгерту

түймесі, сонда жүйе автоматты режимнен шығады.

**E. Ауаның қайта айналымы**



Ішкі және сыртқы ауа циркуляциясы арасында ауысу үшін сенсорлы түймені басыңыз. Ішкі айналымды таңдағанда түймедегі индикатор жанады, ал ауа салонның ішінде айналады.

| ЕСКЕРТПЕ |
|---|
| Автокөліктің ішінде әрдайым таза ауа бар екеніне сенімді болу үшін және терезелердің булануын барынша азайту үшін кондиционер сөніп тұрған кезде сыртқы ауа циркуляциясы режимін мүмкіндігінше көбірек қолданыңыз.<br>Сыртқы ауа циркуляциясы режимі қосылған кезде, егер температура ауыстырып қосқышы қызыл күйде орнатылса, қыздырылған ауа кіреді; егер ауыстырып қосқыш көк күйге орнатылса, кіретін ауа қоршаған орта температурасына сәйкес келеді. Егер өте суық болмаса, сыртқы циркуляция режимін қосу және аяқ аймағына жылы ауа беру ұсынылады. |

Сыртқы ауа циркуляциясы режимі қосулы тұрғанда сырттағы иістер кедергісіз автокөлік ішіне кіреді. Егер автокөлік ауа сапасы нашар және шаң мөлшері көп аймақта болса, салон ішіндегі ауа циркуляциясына ауысу ұсынылады.

**F. Ауаны желдету режимін таңдау**



Ауаны желдетудің 4 режимінің біреуін таңдау үшін түймені басыңыз:

. **Бетке:** Ауа орталық және бүйір ауа өткізгіштерінен шығады;

**b. Бет және аяқтар:** ауа ортаңғы, бүйірлік ауа өткізгіштерден және аяқтар аймағындағы ауа өткізгіштерден шығады;

**c. Аяқтар:** Ауа негізінен аяқ аймағындағы ауа өткізгіштерден шығады;

**d. Аяқтар мен алдыңғы әйнек:** ауа алдыңғы әйнекке үрлеу ауа өткізгіштерінен, бүйірлік ауа өткізгіштерден және аяқтар аймағындағы ауа өткізгіштерінен және мұз еріткіштерінен шығады.

**G. Алдыңғы әйнекті мұздан еріту және булануын болдырмау**



Түймені басыңыз, сол кезде алдыңғы әйнек жылытқышының индикаторы жанады. Алдыңғы әйнекті мұздан еріту және булануын болдырмау режимі іске қосылады. Әдепкі бойынша ауа ағыны 5 деңгейінде орнатылады. Сыртқы ауа циркуляциясы режимі іске қосылады. Ауа ағынының температурасы мен қарқындылығын арттыру арқылы алдыңғы әйнекті мұздан еріту тиімділігін арттыруға болады.

**H. Артқы әйнекті жылыту**

Түймені басыңыз, артқы әйнекті жылыту функциясының және сыртқы артқы көрініс айналарының қосылғанын растайтын индикатор жанады. Буланууды болдырмау және жылыту функциясы шамамен 14 минут жұмыс істейді, содан кейін ол автоматты түрде өшеді. Қолмен өшіру үшін түймені қайта басыңыз.

**I. Иондар генераторы ※**

Пернені басқаннан кейін индикатор жанады және иондық генератор жұмыс істей бастайды.

**J. Максималды салқындату ※**

Пернені басқан соң индикатор жанады және максималды салқындату режимі қосылады.

**K. Орнатылған температураның төмендеуі**

Түймені үздіксіз басып тұру орнатылған температураны төмендетеді. Орнатылған температураның мәні дисплейде көрсетіледі.

**L. Орнатылған температураның артуы**

Түймені үздіксіз басып тұру орнатылған температураны арттырады. Орнатылған температураның мәні дисплейде көрсетіледі.


## Ауа ағындарын реттеу

**Ауа өткізгіштердің орналасуы**





| | |
|---|---|
| A | Бүйірлік үрлеу және еріту дефлекторлары; |
| B | Орталық ауа өткізгіш; |
| C | Алдыңғы әйнекке үрлеу және мұздан ерітудің алдыңғы дефлекторлары; |
| D | Бүйірлік үрлеу дефлекторлары; |
| E | Аяққа арналған кеңістікті үрлеудің алдыңғы дефлекторлары |
| F | Аяққа арналған кеңістікті үрлеудің артқы дефлекторлары |
| G | Артқы жолаушылардың ауа өткізгіштері ※ |

**Ортаңғы ауа өткізгіштерді реттеу**



① ауа бағытын өзгерту үшін ауа өткізгіш жапқышын жоғары/төмен немесе солға/оңға қарай реттеңіз;
② ауа өткізгішті ашу/жабу үшін жапқышты солға/оңға жылжытыңыз.

**Бүйірлік ауа өткізгіштерді реттеу**



① ауа бағытын өзгерту үшін ауа өткізгіш жапқышын жоғары/төмен немесе солға/оңға қарай реттеңіз;

② ауа өткізгішті ашу/жабу үшін жапқышты солға/оңға жылжытыңыз.

**Екінші қатардағы жолаушылардың ауа өткізгіштерін реттеу**



① ауа бағытын өзгерту үшін ауа өткізгіш жапқышын жоғары/төмен немесе солға/оңға қарай реттеңіз;

② ауа өткізгішті ашу/жабу үшін жапқышты солға/оңға жылжытыңыз.

## Климат-контроль жүйесін пайдалану

Кондиционер жүйесі жұмыс істеген кезде туындайтын жаман иістерді азайту үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз;
2. Кондиционер жүйесін өшіру үшін салқындату түймесін басыңыз;
3. Желдеткішті ауа ағынының максималды деңгейіне қосыңыз;
4. Температураны максималды жоғары мәнге қойыңыз;
5. Сыртқы ауа циркуляциясы режимін қосыңыз;
6. 3~5 минут күтіңіз, содан кейін қозғалтқышты өшіріңіз.

## Салонды тез жылыту

| | Кондиционерді қолмен басқару | Кондиционерді автоматты басқару |
|---|---|---|
| 1 | Ауа ағынын MAX «8» деңгейіне орнатыңыз; | «AUTO» түймесін басыңыз; |
| 2 | Ауа температурасын ең ыстық күйге қойыңыз; | |
| 3 | Ауа ағынының бағытын аяқтарға ауыстырыңыз. | |

## Жылыту үшін ұсынылатын баптаулар

| | Кондиционерді қолмен басқару | Кондиционерді автоматты басқару |
|---|---|---|
| 1 | Ауа ағынын «5» деңгейіне орнатыңыз; | «AUTO» түймесін басыңыз; |
| 2 | Ауа температурасының қажетті мәнін орнатыңыз (қызыл аймақ); | |
| 3 | Ауа ағынының бағытын аяқтарға ауыстырыңыз. | |

## Салонды тез салқындату

| | Кондиционерді қолмен басқару | Кондиционерді автоматты басқару |
|---|---|---|
| 1 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз; | |
| 2 | Ауа ағынын MAX «8» деңгейіне орнатыңыз; | «AUTO» түймесін басыңыз; |
| 3 | Бет пен жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз; | |
| 4 | Салқындатуды қосыңыз; | |
| 5 | Ауа температурасын ең суық күйге қойыңыз (Lo). | |

**Салонды салқындату үшін ұсынылатын баптаулар**

| | Кондиционерді қолмен басқару | Кондиционерді автоматты басқару |
|---|---|---|
| 1 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанына көз жеткізіңіз; | |
| 2 | Ауа ағынын «5» деңгейіне орнатыңыз; | «AUTO» түймесін басыңыз; |
| 3 | Бет пен жан-жаққа үрлеу режимін орнатыңыз; | |
| 4 | Салқындатуды қосыңыз; | |
| 5 | Қажетті ауа температурасын орнатыңыз (көк аймақ); | |

**Алдыңғы әйнекті мұздан еріту және булануын болдырмау**

| | Кондиционерді қолмен басқару | Кондиционерді автоматты басқару |
|---|---|---|
| 1 | Алдыңғы әйнек жылытқышының түймесін басыңыз; | |
| 2 | «AUTO» түймесін басыңыз; | |
| 3 | Қажетті ауа температурасын орнатыңыз (қызыл аймақ); | |
| 4 | Ішкі ауа циркуляциясы режимінің өшірулі екеніне көз жеткізіңіз. | |

## МУЛЬТИМЕДИА ЖҮЙЕСІ

### Мультимедиа жүйесін (in Call) басқару ※

**Басты бет**

Мультимедиа жүйесін қосқаннан кейін экранда сәлемдесу және жүргізушінің жауапкершілігі туралы ескерту пайда болады. Жүйе жүктелген соң бастапқы бет ашылады.




Бас мультимедиа құрылғысының көмегімен опцияларды баптауға немесе келесі функцияларды іске қосуға болады: радио, мультимедиа, Bluetooth бойынша ойнату, навигация, телефон қоңырауларын басқару, файлдарды басқару, климат-контроль жүйесін басқару, жүйе баптаулары, бейнежазғышты басқару ※ автокөлік баптаулары және басқа да функциялар.

**ЕСКЕРТУ**

- Төмен температурада дисплей экранындағы ақпарат кідіріспен көрсетілуі мүмкін. Ақ экран әсері және басқа да өзгерістер сұйық кристалды дисплейдің қалыпты жұмысы болып табылады. Оң бөлме температурасына жеткенде ақпараттық дисплейдің жұмысы қалпына келтіріледі.
- Қоршаған ортаның жоғары температурасында (мысалы, күн сәулесінің әсерінен) ақпараттық дисплей экранының жарықтығы төмендеуі мүмкін, бұл сұйық кристалды дисплейдің қалыпты жұмысы болып саналады. Температура төмендеген кезде дисплейдің жарықтығы қалпына келеді.

## ЖҮЙЕ БАПТАУЛАРЫ



Көрсетілген қосымшалардың тізімі арқылы жүйелік баптауларды таңдап, растаңыз: дисплей, желі, тіл, дауыс, жүйе баптаулары немесе операциялары. Жүйенің жалпы баптауларына дыбыс қаттылығын, жарықты реттеу және Bluetooth қосылуын басқару кіреді.

### Автокөлік баптаулары



Бас мультимедия құрлығысының бастапқы интерфейсінің мәзіріне немесе «Car center» қосымшасының көмегімен әртүрлі функцияларды және автокөліктің баптауларын басқаруға болады: автокөлікті басқару,

жарықтандыру және көлік жүргізу және тұрақ кезінде ақылды көмекшілерді басқару, қауіпсіздік жүйелерін баптау, құрылғыларды көрсету және зауыттық баптауларды қалпына келтіру.

Назар аударыңыз, функцияларды басқару автокөліктің қуат көзі қосылған кезде қолжетімді («ON» күйі).«OFF» немесе «ACC» күйінде баптауларды басқару сұр түспен көрсетіледі және оларды таңдау немесе өзгерту мүмкін емес.

**Негізгі функциялар**

**Медианы ойнату**

Музыка ойнату интерфейсіне кіру үшін сол жақтағы белгішесін басыңыз.



Бұл мәзірде сақталған медиафайлдарды құрылғыдан немесе Bluetooth арқылы ойнатуды таңдауға болады.







**Радио**

Радио интерфейсіне кіру үшін басты беттегі [Радио] белгішесін нұқыңыз.









## Телефон

Ұялы телефонның интерфейсіне кіру үшін басты беттегі [Телефон] белгішесін нұқыңыз.





Егер Bluetooth қосылымы орнатылмаған болса, Bluetooth баптау интерфейсіне кіру үшін [Bluetooth баптау] түймесін басыңыз. Егер Bluetooth қосылған және байланыс орнатылған болса, қоңырау интерфейсі әдепкі бойынша ашылады. [Қоңырауды басқару], [Контактілер] және [Баптау] арасында ауысу үшін сол жақтағы мәзір жолағын түртіңіз.



Абоненттің телефон нөмірін көру үшін қоңырау контактісінің оң жағын басыңыз. Нөмір автоматты түрде пайда болады. Қосымша қоңырау жазбаларын көру үшін - жоғары және төмен сырғытыңыз.

Ортасында сандық пернетақтада теруді бастаңыз және жүйе автоматты түрде оң жақтағы контактілерді көрсетеді.

Мекенжай кітабының интерфейсіне кіру үшін [Контактілер] түймесін басып, қажетті контактінің атын табу үшін пернесін басыңыз.


Қажетті контактіні жылдам іздеу үшін контактілер интерфейсіндегі контактінің бірінші әрпін нұқыңыз. Қоңырау интерфейсіне кіру үшін байланыс тұлғасын түртіңіз, телефон нөмірін таңдаңыз және қайтадан түртіңіз. Қосымша контактілерді көру үшін саусағыңызды солға немесе оңға сырғытыңыз.

## Баптаулар



Жүйе баптауларының интерфейсіне кіру үшін басты беттегі [Баптаулар] белгішесін нұқыңыз. Жоғарғы тақтада әртүрлі негізгі функцияларды таңдауға және баптауға болады: дисплей, дыбыс, желі, дауыстық пәрмендер және жүйе баптаулары.





Жүйені баптау интерфейсінде сіз жүйенің тілін таңдай аласыз, күн, уақыт пішімін, дыбыс деңгейін, жарықтылықты, Bluetooth және т.б. баптай аласыз.



**Автокөлік баптаулары**

Автокөлік баптаулары интерфейсіне кіру үшін басты беттегі белгішесін нұқыңыз. Автокөліктердің жинақтамалары әртүрлі болғандықтан, функциялардың баптаулары автокөліктің нақты конфигурациясына байланысты өзгереді.

Автокөлік баптаулары интерфейсіне автокөліктің басты беті немесе [Автокөлік баптаулары] қосымшасы арқылы кіруге болады, оның көмегімен автокөліктің жылдам баптауларын, көлік жүргізу баптауларын, шанақ баптауларын, жарықтандыру баптауларын, көлік жүргізу кезінде көмектесу баптауларын, тұраққа қою кезінде көмектесу баптауларын, қауіпсіздік баптауларын, аспаптар баптауларын, руль баптауларын, сондай-ақ автокөлік баптауларын қалпына келтіру сияқты әрекеттерді орындауға болады.




Назар аударыңыз! Бұл функцияларды баптау автокөліктің электр қуаты қосылған кезде жүзеге асырылады («ON» күйі). Егер қуат көзі өшірулі «OFF» немесе «ACC» болса, ал қосқыш сұр түсті болып көрінсе, баптау мүмкін емес.



**Файлдарды басқару**

Файлдарды басқару мәзіріне кіру үшін басты беттегі [Файлдар диспетчері] белгішесін нұқыңыз.

Файлдарды басқару мәзірінде сақталған файлдарды жергілікті қатты дискіде көруге және қалаған әрекеттерді таңдауға болады. USB зарядтау порты арқылы файлдарды сыртқы USB құрылғысынан көруге және тиісті операцияларды орындауға болады.



Файлды басқару интерфейсінде файлды таңдағаннан кейін сіз онымен қажетті әрекеттерді жасай аласыз: жою, көшіру немесе қиып алу.

## Климат-контроль жүйесі

Климат-контроль жүйесінің интерфейсіне кіру үшін [Кондиционер] белгішесін басыңыз. Мәзірде көрсетілетін түймелер климат-контроль жүйесінің орталық басқару тақтасындағы түймелерге толық сәйкес келеді. Тиісті функцияны қосу немесе өшіру үшін түймені басыңыз.







## Бейнежазғыш ※



Бейнежазғыш интерфейсіне кіру үшін басты беттегі белгішесін нұқыңыз.







## Дауыстық көмекші

Дауыстық хабарлама интерфейсінде дауыс көзін локализациялауды таңдап, дауыстық теруді орнатуға болады.



## Жүйе

Жүйелік интерфейсте тілді, уақыт форматын және т.б. таңдауға болады.





### Жүйені жаңарту ※



Жүйенің бағдарламалық жасақтамасын жаңарту үшін қолданбалар тізіміндегі [Жаңарту] белгішесін нұқыңыз. Жүйе USB-жинақтағыш және WLAN ※ арқылы жаңартуды қолдайды (жаңарту қосылған және қолжетімді болған кезде). Жаңарту процедурасы кезінде жүйе қайта іске қосылуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ**

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту кезінде автокөліктің қуатын өшірмеңіз. Аккумулятор батареясының заряд деңгейінің төмен болуына байланысты ажыратуды болдырмау үшін бағдарламалық жасақтаманы бос жүрісте істеп тұрған қозғалтқышпен қалдырылған тоқтап тұрған автокөлікте жаңарту ұсынылады.

USB-жинақтағыш арқылы жаңартқан кезде жаңарту пакетінің файлын USB құрылғысының түбірлік каталогына салыңыз.

WLAN желісі арқылы бағдарламалық жасақтаманы жаңартпас бұрын WLAN желісінің қосылғанына және тұрақты жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, жаңарту файлын жүктеу қатемен аяқталуы мүмкін, бұл жаңарту процесінің ақаулығына әкеледі.

### Мобильді қосылым

Ұялы байланыс интерфейсіне кіру үшін басты беттегі белгішесін нұқыңыз.



Қосымшаны жүктеу үшін экранда көрсетілген QR кодын ұялы телефон арқылы сканерлеңіз (ұялы телефонның үйлесімді нұсқасы - Android жүйесі, IOS). Жүктегеннен кейін қосымшаның мобильді нұсқасын ашып, ұялы телефонда қосуға рұқсатты растаңыз. USB кабелін жалғап, тиісті қосылым баптауларын таңдаңыз.

## ТҰРАҚҚА ҚОЮ КӨМЕКШІ ЖҮЙЕСІ

### Тұрақ радарлары ※

**Артқы жүріспен жүрген кезде ескерту**

Артқы жүріспен жүрген кезде ескерту жүйесі - ультрадыбыстық датчиктермен жабдықталған автокөлікті тұраққа қою кезінде көмектесетін электронды жүйе. Датчиктердің көмегімен жүйе көлік құралының айналасындағы жағдайды бағалайды, визуалды және дыбыстық ескерту арқылы жүргізушіге көлік құралы мен анықталған нысан арасындағы қашықтық туралы хабарлайды.

Алдыңғы және/немесе артқы датчиктер кедергіні анықтаған кезде дыбыстық хабарландыру сигналы әртүрлі жиіліктерде шығарылады. Дыбыстарды тану кезінде абай болыңыз.





1. Артқы орталық датчиктердің анықтау аймағы;
2. Артқы бүйірлік датчиктердің анықтау аумағы;

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Тұраққа қою көмекші жүйесі көмекші функция болып табылады және жүргізушінің әрекетін толығымен алмастыра алмайды. Автокөліктің қауіпсіз қозғалуы/тұраққа қойылуы үшін жүргізуші мұқият және абай болуы және автокөліктің адамдарға, жануарларға немесе басқа да нысандарға тиіп кетпеуін қадағалауы тиіс.

**Датчиктердің анықтау аймағы**




| | |
|---|---|
| A | Шамамен 60 см |
| B | Шамамен 100 см |

Датчиктер кедергіні анықтағанға дейінгі ең көп қашықтық кедергі көлеміне байланысты ауытқиды. Бағаналар және жол белгісі сияқты кішігірім кедергілер үшін датчиктердің анықтауына дейінгі қашықтық 150 см-ден аз болуы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

Тұрақ радары келесі нысандарды анықтамауы мүмкін:

- Жіңішке заттар (электр сымы, арқан және т.б.);
- Дыбыс толқындарын жұтатын нысандар (мысалы, мақта, қар);
- Жиегі өткір заттар;
- Үстіңгі бөлігі шығыңқы биік нысандар
- Аласа және қысқа нысандар.

Кейбір нысандарды физикалық жұмыс принциптеріне байланысты тұрақ радарымен анықтау мүмкін емес, ал кейбіреулері жүйенің жалған іске қосылуын тудыруы мүмкін:

- Анықтау диапазонының төменгі шегі: балалар мен жануарлар.
- Анықтау диапазонының жоғарғы шегі-сырттан бекітілген жүк немесе жүк көліктерінің өлшемдерінен тыс жүк сияқты нысандар.

Артқа жүру кезінде тұрақ радарының ескерту датчиктері келесі жағдайларда қате жұмыс істеуі мүмкін:

- Бампер зақымдалған;
- Датчиктер немесе қосымша жабдық соқтығысудың нәтижесінде зақымдалған;
- Датчиктердің анықтау аймағында басқа аксессуарлар орналасқан;
- Датчиктің беті ластанған немесе басқа заттармен (қар, балшық, ылғал, қырау немесе су тамшылары) жабылған;
- Автокөлік еңкіш орналасқан;
- Өте ыстық немесе суық ауа райы;
- Автокөлік тегіс емес жолмен қозғалып келе жатыр;
- Автокөлік айналасында ультрадыбыстық толқын шығару көзі, мысалы, басқа автокөліктің жұмыс істеп тұрған пневмосигналы және/немесе жүк көлігінің пневматикалық тежегішінің дыбысы орналасқан;
- Автокөлік радиоантеннамен, қорғаныш доғаларымен және фаркоппен жабдықталған;
- Автокөлік жылдам түрде жолдың биік жиегіне немесе көлбеу дөңеске жақындап келеді;
- Кедергі датчикке өте жақын орналасқан.

Келесі жағдайлардың кез келгені туындайтын болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

- Автокөліктің электр қуаты қосылған кезде («ON» күйі) тұрақ радары 3 секунд бойы сигнал шығарады, экранда реверсивті радар қатесі көрсетіледі;
- Экранда тұрақ радарының ақауы көрсетіледі, ол датчиктерден бөтен заттар мен ласты алып тастағаннан кейін де жойылмайды;
- Жүйе автокөлік айналасында кедергілер болмаса да ескерту сигналын береді;
- Жүйе кедергі болған кезде ескерту сигналын көрсетпейді және бермейді.

Егер датчик зақымдалған болса, жүйе ақаулық туралы ескертеді және дабыл сигналын береді.

**Ескерту дисплейі**

Кедергі анықталған кезде тақтада тиісті ескертуші индикатор жанып, ескертуші сигнал естіледі. Автокөлік кедергіге жақындаған сайын сигналдар арасындағы аралық азаяды. Көлік құралы мен кедергі арасындағы қашықтық 40 см-ге жеткенде ескерту сигналы үздіксіз болады.

Кедергіге дейінгі қалған қашықтыққа байланысты дисплейде үш түсті индикаторлық сызықтар көрсетіледі.

| Сигнал деңгейі | Артқы орталық датчик (см) | Артқы бүйірлік датчик (см) |
|---|---|---|
| 3 (Жасыл) | -- | 60-150 |
| 2 (Қызғылт сары) | 40-60 | 40-100 |
| 1 (Қызыл) | ≤ 40 | ≤ 40 |

**Тұраққа қою көмекші жүйесінің артқы датчиктері**

Тұраққа қою көмекші жүйесінің артқы датчиктері берілісті ауыстырып қосу селекторын «R» күйіне (Артқы жүріс) ауыстырған кезде іске қосылады. Олар автокөліктің артқы бөлігінен белгілі бұрыштағы кедергіге дейінгі болжамды қашықтықты анықтайды.

## Артқы көрініс камерасы ※

Артқы көрініс камерасы – бұл тұраққа қоюға көмектесетін визуализацияланған құрал. Автокөліктің артқы бөлігіне орнатылған бейнекамера автокөлікті тұраққа қою кезінде басты құрылғының экранына қосалқы сызықтар салынатын сурет жібереді.

**ЕСКЕРТУ**

- Артқы көрініс камерасынан алынған кескінде экрандағы нысандардың контурлары бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Көлік құралы мен артқы жүріспен жүру кезінде экранда көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Артқы көрініс камерасының көзден таса аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі артқы көрініс камерасы ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды.
- Артқы көрініс камерасынан алынған кескін дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камерадан алынған кескіннің көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жүргізу жылдамдығы мен мәнерін әрдайым көру мүмкіндіктеріне, ауа райы жағдайларына және қозғалыс тығыздығына қарай таңдаңыз.
- Тұраққа қою кезінде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз. Артқы жүріспен жүру кезінде автокөліктің алдыңғы бөлігінің артқы бөлікпен салыстырғанда үлкенірек радиуспен бұрылатынын ескеріңіз.
- Артқы көрініс камерасының кескінін тек жүк бөлігінің есігі толық жабылған кезде ғана басшылыққа алуға болады.
- Артқы көрініс камерасы автокөліктің сыртына орнатылған және жеңіл ластанады. Егер камерадан алынған кескін анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүртуге кеңес беріледі.

**Пайдалану бойынша кеңестер**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін артқы көрініс камерасын қолданар алдында келесі тексерулерді орындаңыз:

1. Жүксалғыш есігі жабық екендігіне көз жеткізіңіз;
2. Автокөлік зақымдалмаған, камераның орнатылған күйі және оның орнатылу бұрышы өзгермеген;
3. Камера объективінің беті таза, мұз баспаған немесе шаң жоқ;
4. Камераның кедергісі жоқ, ешқандай бөгде нысандар камераның шолу бұрышын жаппаған.
5. Артқы көрініс камерасының кескінін тұраққа қою көмекшісі ретінде ғана жақсы көру мүмкіндіктері бар және ашық ауа райы жағдайларында пайдалануға кеңес беріледі.

**Артқы көрініс камерасының көрінісін қосу/ өшіру**

Артқы көрініс кескінін қосу:

- АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырыңыз

Арты көрініс кескінін өшіру:

- АБҚ селекторын «R» күйінен ауыстырыңыз.

**Тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтар**

Артқы жүріспен тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтарды қосу/ өшіру үшін [Көмекші жолақтар] түймесін басыңыз.




Тұраққа қою кезінде экранда көрсетілетін екі түрлі көмекші сызық: статикалық және динамикалық. Олар ені сыртқы артқы көрініс айналарымен бірге автокөліктің еніне тең келетін, артқы бамперден артқа қарай 3м қашықтықтағы автокөліктің болжалды траекториясын көрсетеді. Автокөліктің енінің сызығы: Ол қызыл, сары және жасыл сегменттерден тұрады.

① Қызыл жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 1 м қашықтықты көрсетеді;
② Сары жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 2 м қашықтықты көрсетеді;
③ Жасыл жолақ: автокөліктің артқы бамперінен шамамен 3 м қашықтықты көрсетеді;
④ Динамикалық көмекші жолақ: руль айналған кезде рульдің бұрылу бұрышына байланысты өзгереді. Ол автокөлік қозғалысының есептік траекториясы болып табылады. Руль нөлдік күйде болғанда динамикалық көмекші сызық жасырылған.


### Артпен тұраққа қою

1. Тұраққа арналған орынды таңдаңыз және автокөлікті төмендегі суретте көрсетілгендей қалыпта тоқтатыңыз. АБҚ селекторын «R» күйіне ауыстырсаңыз, дисплейде қосымша тұраққа қою сызықтары пайда болады.




2. Динамикалық сызықты бақылап, рульді бұрыңыз. Рульдің бұрылу бұрышы таңдалған траекторияға сәйкес келген кезде жайымен қозғалысты бастаңыз. Артқы жүріспен жүрген кезде автокөліктің орналасуына байланысты рульмен траекторияны түзетіңіз.

3. Автокөлік таңдалған тұрақ орнына параллель тұрған кезде автокөлікті түзеу үшін рульді нөлдік күйге қайтарыңыз және тұраққа қоюды аяқтаңыз.




**ЕСКЕРТПЕ**

- Бұл артқы жүріспен жүру кезіндегі көмекші жүйе болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шешімдерді нақты жағдайға байланысты қабылдаңыз.
- Тұрақ орнының өлшемдері көмекші жолақтардың енінен үлкенірек немесе оған тең болуы тиіс.

## Оң жақтағы көзден таса аймақтың көрсетілуі ※

Тұраққа қою көмекші функциясы автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақтың бейнесін береді. Сурет алынып, алдыңғы артқы көрініс айнасында орналасқан камерамен дисплейге шығарылады. Дисплейдегі сурет автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақты айтарлықтай азайтуға және тар жолдар мен тұйық көшелерден өтуге көмектеседі.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жүргізу жылдамдығы мен мәнерін әрдайым көру мүмкіндіктеріне, ауа райы жағдайларына және қозғалыс тығыздығына қарай таңдаңыз;
- Маневрлер жасаған кезде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз. Артқы жүріспен жүру кезінде автокөліктің алдыңғы бөлігінің артқы бөлікпен салыстырғанда үлкенірек радиуспен бұрылатынын ескеріңіз;
- Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін жүксалғыштың есігі толық жабық тұрған кезде ғана қолдануға болады;
- Оң жақтағы көзден таса аймақты шолу камерасы автокөліктің сыртына орнатылған және жеңіл ластанады. Егер бейне анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүртуге кеңес беріледі.

**ЕСКЕРТУ**

- Автокөліктің оң жағындағы көзден таса аймақтың кескінінде экрандағы нысандардың контурлары бұрмаланып көрсетілуі мүмкін. Автокөлік пен артқы жүріспен жүру кезінде экранда көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет;
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Камераның көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі артқы көрініс камерасы ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды;
- Көзден таса аймақтың кескіні дисплейде тек 2D-форматта көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камераның көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

**Пайдалану бойынша кеңестер**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оң жақтағы көзден таса аймақты шолу камерасының кескінін қолданар алдында келесі тексерулерді орындаңыз:

1. Сыртқы оң жақ артқы айна толық ашылғанына көз жеткізіңіз;
2. Автокөлік зақымдалмаған, камераның орнатылған күйі және оның орнатылу бұрышы өзгермеген;
3. Камера объективінің беті таза, мұз баспаған немесе шаң жоқ;


4. Камераның кедергісі жоқ, ешқандай бөгде нысандар камераның шолу бұрышын жаппаған.

**Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін қосу/өшіру**

**Оң жақтағы көзден таса аймақты шолу камерасынан алынған кескінді көрсету:**

- Оң жақты шолу түймесін басыңыз;






- Руль астындағы бұрылыс ауыстырып-қосқышымен оң жақтағы көзден таса аймақтың кескіні көрсетілсе, руль астындағы ауыстырып-қосқышты оң жақ бұрылыс көрсеткішінің күйіне аударыңыз,

**Оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін өшіру:**

- Оң жақты шолу түймесін басыңыз;



- Көпфункциялы мультимедиа дисплейінде «Жабу» [Close] түймесін басыңыз.



- Оң жақ бұрылыс сигналын өшіргеннен кейін немесе кедергі болмаса, оң жақ соқыр аймақтың кестесі 5 секундтан кейін автоматты түрде жоғалады.

**Баптаулар**

Бұрылыс көрсеткішінің көмегімен оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін шығару баптауларын өзгерту үшін экранның сол жағындағы «Баптаулар» түймесін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ**

- Руль астындағы бұрылыс ауыстырып-қосқышының көмегімен оң жақтағы көзден таса аймақтың кескінін қосу функциясын алдын ала баптау қажет.
- Маневр кезінде қозғалыс бағытын және айналадағы мән-жайды мұқият қадағалаңыз.

## Панорамалық кескін (HD) ※

Панорамалық кескін жүйесі – бұл 4 камераның (алдыңғы/артқы/оң жақ/сол жақ) көмегімен автокөліктің айналасындағы көріністі тіркейтін, алынған көріністі жоғарыдан қарағандағы 360° шолуға біріктіретін және орталық дисплейге шығаратын тұраққа қою көмекші жүйесі. Жүйе автокөлік айналасындағы көзден таса аймақты айтарлықтай азайтуға, автокөлікті тұраққа дұрыс қоюға және тар көшелер мен тұйық көшелерде маневр жасауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

**ЕСКЕРТУ**

- Панорамалық кескін экрандағы нысандардың контурларын бұрмалауы мүмкін. Көлік құралы мен дисплейде көрсетілетін кедергі (автокөлік, жаяу жүргінші және т.с.с.) арасындағы қашықтық дәл болмауы мүмкін екенін және бұл апатқа алып келуі мүмкін екенін ескеру қажет.
- Камерадан алынған кескін ажыратымдылығының шектелуіне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жіңішке қоршаулар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- Панорамалық кескін камераларының көзден тас аймақтары бар. Мұқият болыңыз, себебі камералар ешбір жағдайда адамдарды және кейбір шағын нысандарды, мысалы, кішкентай балаларды және кішкентай жануарларды анықтай алмайды;
- Панорамалық кескін дисплейде тек 2D-форматта (екі өлшемді кескін) көрсетіледі. Кеңістіктің тереңдігі болмағандықтан, камерадан алынған кескіннің көмегімен жол төсеміндегі дөңестерді немесе ойықтарды анықтау қиын немесе мүмкін емес.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлік жүргізу және маневр жасау кезінде қоршаған орта мен қозғалыс бағытын мұқият қадағалаңыз;
- Тұрақ орнының ені көмекші жолақтардан үлкенірек немесе олардың еніне тең екеніне көз жеткізіңіз;
- Панорамалық кескін жүйесін тек толық жабық бүйірлік есіктермен және жүксалғыш есігімен, дұрыс орналастырылған артқы көрініс айналарымен пайдаланыңыз;
- Панорамалық кескін камералары автокөліктің сыртына орнатылған және жеңіл ластанады. Егер кескін анық болмаса, объективтің бетін жұмсақ шүберекпен сүрту керек.

360° панорамалық кескін жүйесі жұмыс істемеуі мүмкін немесе келесі жағдайларда шектеулі функционалдылыққа ие:


- Автокөліктің есіктері, сонымен қатар жүксалғыш есігі - жабық емес;
- Сыртқы артқы көрініс айналары жиылған;
- Ауа райының қиын жағдайлары (қатты жаңбыр, қар немесе тұман);
- Тәуліктің қараңғы уақытында (түнде) немесе жарық аз болғанда жағдайда;
- Камералар ашық түсті жарықтардың әсеріне бейім;
- Бұл аймақ люминесцентті/флуоресцентті шамдармен немесе жарықдиодты шамдармен жарықтандырылған (дисплейде жыпылықтауы мүмкін);

• Температураның күрт өзгеруі кезінде (мысалы, суық мезгілде автокөлік жылытылатын үй-жайға кіреді).

Егер камера орнатылған автокөлік бөлшектері зақымдалған болса, камералардың орналасуы мен калибрлеуін тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Панорамалық кескін режимін қосу**

• Панорамалық кескінді қосу түймесін басыңыз, сонда мультимедиа жүйесінің дисплейі автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады; 


• АБҚ селекторын «R» (Артқы жүріс) күйіне ауыстыру кезінде мультимедиа жүйесінің дисплейі автоматты түрде панорамалық кескін режиміне ауысады.

• Егер панорамалық кескінді қосу функциясы руль астындағы бұрылыс сигналдарын ауыстырып-қосқыш көмегімен іске қосылса (баптауларда қосу/ өшіру нұсқасын таңдаңыз), бұрылыс сигналын қосыңыз, сонда мультимедиа жүйесінің дисплейі панорамалық кескін режиміне ауысады.

**Панорамалық кескін режимін өшіру**

• Түйменің көмегімен панорамалық кескін режимін қосқан кезде автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ мәніне жеткенде мультимедиа жүйесінің дисплейі автоматты түрде өшеді;

• Панорамалық кескіннен шығу және мультимедия дисплейінің алдыңғы мәзіріне оралу үшін АБҚ селекторының «R» күйінен өзге кез келген күйінде [Жабу] түймесін басыңыз.

• Бұрылу сигналын руль астындағы ауыстырып-қосқыштың көмегімен панорамалық кескін режимін қосқан кезде немесе жүйемен кедергінің анықталуына байланысты панорамалық кескін режимі бұрылу сигналын өшіргеннен немесекедергі болмағаннан кейін 5 секундтан кейін автоматты түрде өшеді.

**Панорамалық кескін режимдерін ауыстыру**

**Панорамалық кескін + алдыңғы жақтан/ артқы жақтан/сол жақтан/оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу**

Панорамалық кескін режимі қосулы кезде алдыңғы (A)/артқы (C)/сол жақ (D) немесе оң жақ (B) кескінді таңдаңыз. Интерфейс біріктірілген панорамалық кескінге ауысады және сонымен бірге панорама алдыңғы/артқы/сол немесе оң жақта көрсетіледі:




АБҚ селекторын «R» күйінен кез келген басқа күйге ауыстырған кезде кескін автоматты түрде панорамалық кескінге + алдыңғы көрініске ауысады.

**Панорамалық кескін + сол жақтан/оң жақтан қарағандағы көрініс режимдерін ауыстырып қосу**

Панорамалық кескін + көріністердің бірі режимінде панорамалық кескін + сол жақтан/ оң жақтан қарағандағы көрініске ауыстырып қосу үшін автокөліктің суретін (E) басыңыз.

**Алдыңғы/артқы үлкейтілген кескін режимі**

Панорамалық кескін + алдыңғы / артқы көріністердің біреуі режимінде көріністердің біреуінің тиісті үлкейтілген кескіні режиміне ауысу үшін көріністердің біреуін нұқыңыз. Жоғарыдан жалғыз үлкейтілген кескіннің көру бұрышы кеңірек. Панорамалық кескінге + түрлердің біріне оралу үшін бір үлкен кескіні бар секторды тағы бір рет басыңыз.

**Тұраққа қою кезіндегі көмекші жолақтар**

Панорамалық кескін + алдыңғы/артқы көрініс режимінде таңбалаудың көмекші жолақтары панорамалық режимде және дара көрініс режимінде көрінеді.




① **Ескерту сызығы:** автокөлік дөңгелектерінен бүйірлік қашықтық шамамен 20 см.

② **Дөңгелектердің тербеліс траекториясы:** автокөлік дөңгелектерінің қозғалыс траекториясы.

③ **Қауіпсіздік жолағы:** автокөлік шанағынан шамамен 50 см.

Динамикалық көмекші жолақ: рульді бұраған кезде рульдің бұрылу бұрышына қарай өзгереді. Ол автокөлік қозғалысының есептік траекториясы болып табылады. Руль нөлдік күйде болғанда динамикалық көмекші сызық жасырылған.

### 3D шолу режимі

3D режиміне ауысу үшін [3D Шолу] түймесін басыңыз. Автокөліктің айналасындағы 3D кескінін басқару секторларын пайдаланып, 3D көрінісіне сәйкес таңдаңыз.

### Баптау

Панорамалық кескін немесе көріністердің бірі режимінде көмекші жолақтарды қосу, бұрылу көрсеткішінің көмегімен панорамалық кескінді қосуды баптау және тұрақ датчиктері жұмыс істеген кезде кескіндерді қосу функциясы үшін мультимедиа жүйесінің дисплейінде сол жақтағы [Баптаулар] түймесін басыңыз.



### Кескіндерді интеллектуалды ауыстыру

Бұрылыс көрсеткіші панорамалық кескін режимінде 15 км/сағ мәнінен аспайтын жылдамдықпен қосылған кезде панорамалық кескін қосылған бұрылыс көрсеткішіне сәйкес автоматты түрде сол/оң жақтағы жағдайды бейнелеуге ауысады.

Егер кедергі автокөліктің алдыңғы немесе артқы жағына жақын болса (60 см шегінде), панорамалық кескін режимі автоматты түрде жоғарыдағы көрініске ауысады.

### Автокөліктің «селдір» шанағы

"Селдір" шанақ функциясы автокөлік жүріп өткен жер туралы бейнеақпаратты сақтау арқылы іске асырылады. Автокөлік қозғалысы кезінде функция автокөлік астындағы жолдың бейнесін көрсетеді. Автокөлік жылдамдатылған кезде кескін көлік құралының жылдамдығына сәйкес динамикалық түрде жаңартылады. Автокөліктің баяулауы және одан әрі тоқтауы кезінде сақталған бейне панорамалық кескін жүйесінде жазылады.

### Қозғалыс кезінде айнала шолуды тіркеу жүйесі ※

Қозғалыс кезінде айнала шолуды тіркеу жүйесі автокөлікте орнатылған 4 камераның көмегімен (алдыңғы, артқы, сол және оң) автокөліктің айналасындағы кескінді түсіреді және оны TF картасына сақтайды. Жазылған бейнені мультимедиа жүйесінің дисплейінде ойнатуға немесе компьютер экранында көруге болады.

**ЕСКЕРТУ**

- Айнала шолуды тіркеу жүйесінің камераларынан алынған кескін, камераның линзасының технологиялық ерекшеліктеріне байланысты, нақты қашықтықты визуалды түрде өзгертетін бұрмалануымен сақталады;
- Камераның ажыратымдылығының шектеулеріне байланысты кейбір нысандар, мысалы, жұқа қоршаулар, бағандар, торлар және ағаштар көрсетілмеуі немесе анық көрсетілмеуі мүмкін;
- [Циклді жазу] қосқышы қосылған кезде көру және жылжыту жазу жүйесі

қозғалыс кезінде фондық режимде болады;

- Осы тәсілмен жазылған бейне дәлелдемелерді, мысалы, ЖКО кезінде сот сараптамасын жинау үшін пайдаланылуы мүмкін және басқа да заңсыз мақсаттарда пайдаланыла алмайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Танымал өндірушілердің TF жад карталарын пайдаланыңыз. Оқу және жазу жылдамдығы CLASS 10-нан төмен болмауы тиіс (беру жылдамдығы кемінде 10 МБ). U1 және одан жоғары таңбаламасы бар TF карталарын (ең аз жазу жылдамдығы 10 Мб/с) пайдалану ұсынылады. Ұсынылатын брендтер: Samsung, SanDisk, Panasonic, Sony және Kingston. Контрафактілік және жалған карталарды пайдаланудан аулақ болыңыз.
- Үлкен сыйымдылығы бар 4 камерадан бейне жазу файлы, шамамен 4 Гб/сағ. Сыйымдылығы кемінде 8-64 Гб құрайтын жад карталарын пайдалану ұсынылады.
- TF жад картасын бастапқыда орнату кезінде жүйе жадқа сақтау құрылғысының сыйымдылығын автоматты түрде төрт сақтау аймағына бөледі: үздіксіз бейне, апаттық бейне аймағы, көлік жүргізу кезіндегі көмек бейнесі және фотосуреттер секторы.
- Үздіксіз бейне [loop video] қалтасын толығымен толтырғаннан кейін жүйе жазуды жалғастыру үшін ең ескі бейнежазбаларды автоматты түрде жояды.
- Апаттық бейнежазбалар немесе фотосуреттер автоматты түрде жойылмайды. Егер бөлінген көлем 100% толтыруға жақын болса, орынды қолмен босату керек. Әйтпесе, апаттық жазбалар, фотосуреттер немесе экран суреттерін жасау мүмкін емес.
- TF картасы осал болып табылады және үздіксіз бейне және/немесе апаттық жазба жазу кезінде алып шығару барысында зақымдалуы мүмкін. Ағымдағы бейнежазба бүлінуі мүмкін және ойнатылмауы мүмкін. Жазу немесе апаттық жазу циклі аяқталғаннан кейін және кескіннің жоғарғы сол жақ бұрышында [Сақтау] сөзі жоғалғаннан кейін TF картасын алып шығару ұсынылады.
- Ойнату шектеулеріне байланысты компьютерде тек біріктірілген кескінді ойнатуға болады. Таңдалған бір көріністі ойнату мүмкін емес.
- Жад картасы болмаған кезде немесе ол дұрыс жұмыс істемеген жағдайда бейнені тек нақты уақытта көруге болады, ал жазу немесе түсіру сияқты қосымша функцияларды орындау мүмкін емес.

**Пайдалану**

1. Бейнелерді сақтау үшін TF жад картасын сатып алып, оны USB ② интерфейсінің жанында орналасқан ① карта ұясына орнату керек.



2. Автокөліктің электр қуатын қосыңыз («ON» күйі). Мультимедиа жүйесінің дисплейінде сақталған бейнежазбаларды көру немесе тиісті баптауларды өзгерту үшін [Айнала шолу бейнежазғышы] түймесін басыңыз.



3. [Айнала шолу бейнежазғышы] интерфейсінде "Камера", "Фотоальбом" және "Баптаулар" атты үш режимнің біреуін таңдай аласыз. Әр функцияның толық сипаттамасы төменде келтірілген.



4. Айнала шолуды тіркеу интерфейсінен шығу үшін «үйге» түймесін басыңыз.

**Камера**

Камера режимінде нақты уақыттағы қоршаған орта бейнелерін көре аласыз, жазба қосқышын басқара аласыз және суретке түсіре аласыз.

**Альбом**

Альбом режимінде TF картасында сақталған бейнелерді немесе фотосуреттерді көруге және ойнату/жою/файлдарды жіберу сияқты әрекеттерді орындауға болады.

**Баптаулар**

- **Жазба уақыты:** Бір бейнежазбаның ұзақтығын циклдік жазу режимінде орнату (1 мин, 3 мин және 5 мин).
- **Жад картасын тазалау:** тазалау кезінде жад картасында барлық деректер өшіп кетеді. Бұл функцияны таңдағанда абай болыңыз.


**Апаттық жағдайларды бейнеге жазу**

Апаттық жағдайлардың бейнежазбаларын кепілді сақтау үшін апаттық жағдайларды айналма шолуды бейнежазу функциясы мынадай жағдайларда іске қосылуы мүмкін: төтенше жағдай туындағанға 15с дейін және одан кейін (жалпы уақыты шамамен 30 с), сосын жазбаны осы үшін арнайы бөлінген қалтада сақтайды. Оны жүйе автоматты түрде өшіре алмайды.

Автоматты түрде қосу:

- Автокөлік қатты соғылған немесе соқтығысқан жағдайда;
- Күрт тежелу жағдайында (абсолютті баяулау ≥6 м/с²);

Қажетті бейнежазбаны апаттық бейне ретінде сақтау үшін апаттық сақтау түймесін басуға болады.



## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕЛЕРІ

### Шұғыл тежеу кезіндегі автоматты көмекші жүйе (AEB) ※

Автокөлікті шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе алдынан соқтығысу туралы ескерту жүйесін және жедел апаттық тежеудің автоматты жүйесін қамтиды.

Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесі алдағы көлік құралына соқтығысу қаупі туындаса, жүргізушіге тежеу қажеттілігі туралы уақтылы хабарлайды.

Егер жүргізуші тарапынан тежеу күші жеткіліксіз болса, шұғыл тежеу кезінде көмектесетін автоматты жүйе жүргізушіге көлікті тоқтатуға көмектеседі. Егер жүргізуші жүйе ескертулерін елемесе немесе кешігіп әрекет етсе, онда төтенше тежеу жүйесі соқтығысуға жол бермеу үшін соқтығысудың алдында бәсеңдеу немесе соқтығысудан келетін зақым мен жарақатты азайту үшін қажетті тежеу күшін қолданады. Бұл бөлімнің мазмұнын мұқият оқып шығыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Шұғыл тежеу кезінде автоматты көмек жүйесі (EBA) жүргізушіге белгілі бір жағдайларда ғана көмектесе алады. Автокөлікті басқару кезінде мұқият болу және жағдайды толық бақылауда ұстау қажет. Жүргізуші көлік жүргізу кезінде қауіпсіздік жауапкершілігін толықтай өз мойнына алады. Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі белсенді жүргізу кезінде немесе жүргізуші соқтығысу қаупінен өздігінен қашқан жағдайда және жүйенің жұмысына кедергі келтіргенде жұмыс істемейді. Бұл жағдайда жүйе жүргізушінің әрекеттеріне кедергі жасамайды.

AEB жүйесі алда орналасқан көлік құралдарына, сол қозғалыс жолағында бір бағытта қозғалатын немесе тұрақты немесе баяу қозғалатын көлік құралдарын танып, жұмыс істей алады. Ол қарсы келе жатқан көлік құралдарына немесе жанынан өтіп бара жатқан, жолақты жанынан кесіп өтетін көлік құралдарына, жануарлар мен басқа да жол нысандарына, оның ішінде жаяу жүргіншілерге ("Ақылды

бейімделетін круиз-контроль жүйесімен" жабдықталған автокөліктерден басқа) ешқандай әсер етпейді.

Жүйе шағын радиолокациялық көрінісі бар нысандарға - сол қозғалыс жолағының алдында орналасқан екі дөңгелекті көлік құралдарына (мотоциклдер мен велосипедтер) жұмыс істемеуі мүмкін.

Жүйенің жұмысына толықтай сеніп, оны әдейі сынамағаныңыз жөн. Жүйе іске қосылғанын күтпеңіз.

Жүйеге тән шектеулерге байланысты оның жалған іске қосылуын толығымен болдырмау мүмкін емес.

Автокөліктің шұғыл тежеу кезіндегі автоматты көмек жүйесі (AEB) және бейімделетін круиз-контроль жүйесі (ACC) алдағы көлік құралын анықтау үшін миллиметрлік толқындар диапазонының бір алдыңғы радарын пайдаланады. Орнатылған бейімделетін круиз-контроль функциясымен (ACC) жабдықталған модельдерде шұғыл тежеуге автоматты көмек көрсету жүйесі миллиметрлік толқындар диапазонының алдыңғы радарын және алдыңғы камераны қолданады. Радар жұмысының шектеулері жүйенің жұмысына, оның ішінде алда тұрған нысандарды анықтаған кезде де әсер етуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ**

Автокөлік күрделі ауа райы және климаттық жағдайларда, тығыз қозғалыс жағдайларында және сыртқы факторлардың әсеріне ұшырап пайдаланылса, радиолокатор алда орналасқан көлік құралдарын анықтауды кепілдендіре алмайды. Егер радиолокатор көлік құралдарын анықтай алмаса, жүйе дұрыс жұмыс істемейді.

- Күрделі ауа райы жағдайлары (нөсер жауын, қар, бұршақ және т. б.) және сырғанақ жол төсемі (мұз, қар, ылғал немесе лайлы жолдар) жүйе жұмысының өнімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.
- Жүйенің өнімділігі айтарлықтай төмендейді және жүйе жаңа нысандарды анықтаған кезде қозғалыс жолағын ауыстыру, өзгерту және/немесе қатты бұрылыстар мен қысқа қашықтықтағы апаттық тежеу кезінде анықтау диапазонынан ауытқып кететін нысандарды анықтауда үлкен шектеулерге ұшырайды.
- Қоршаған орта факторлары (электр өрісінің әсері, жерасты автотұрағы, тоннельдер, металл көпірлер мен теміржол өткелдері, құрылыстар, шектен тыс биік қақпалар және т. б.) радиолокатор жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Олар анықталған жағдайда жүйенің өнімділігі төмендейді және/немесе триггердің жалған іске қосылуларының саны артады.
- Күшті немесе мардымсыз соққы немесе діріл радиолокатордың калибрленуіне әсер етуі мүмкін. Жүйе жұмысының өнімділігі төмендеуі мүмкін және/немесе жалған іске қосылулар саны артады. Радиолокатордың күйін тексеріңіз және қажет болғанда оны калибрлеңіз.
- Автокөлікті күрделі ауа райы және климаттық жағдайларда, төмен теріс температураларда пайдалану кезінде камера дұрыс жұмыс істемейді. Жаңбыр, тұман, қар немесе кір және нашар жарық камераның заттарды

тануына әсер етуі мүмкін және шұғыл тежеу кезінде автоматты көмек жүйесінің өнімділігін төмендетеді, сондай-ақ жаяу жүргіншілерге уақтылы ескерту жасай алады.

- Камера кірмен, құстардың тезектерімен, мұзбен, жәндіктермен және т. б. ластанған кезде жүйе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Алдыңғы әйнекті, оның ішінде датчиктің/камераның жанында (артқы көріністің салонішілік айнасының жанында орналасқан) жөндеуге қатаң тыйым салынады. Алдыңғы әйнек зақымданған жағдайда оны алмастыру керек.
- Автокөліктің құрылымын өзгерту немесе оны жетілдіру (мысалы, жол жарықтандыруын төмендету, автокөліктің алдыңғы тақтасын / бамперін өзгерту және т. б.) жүйенің жұмысының төмендеуіне және/немесе триггердің жалған қосылуының көбеюіне әкелуі мүмкін, сәйкесінше, бұл жүйені пайдалану мүмкін емес болады.

**Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйенің жұмысы (AEB)**

Жүйені мультимедиа жүйесінің дисплейі арқылы қосуға/өшіруге болады. [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу] [Қауіпсіздік жүйелері] интерфейсі → қосу/өшіру бөлімін басыңыз. 2 қосалқы функция [Алдыңғы жақтан соқтығысу туралы ескерту] және [Автоматты шұғыл апаттық тежеу жүйесі].



**ЕСКЕРТУ**

Шұғыл автоматты тежеу жүйесі фондық режимде жұмыс істейді және жүргізушіге байқалмайды. Егер жүйе алдында тұрған көлік құралын анықтаса, белгіленген қауіптілік деңгейіне жеткенге дейін ескерту немесе автоматты тежеу болмайды.

Тежеу кезіндегі әсер уақытын азайту үшін соқтығысу қаупі анықталған жағдайда жүйе қауіптілік деңгейіне сәйкес жүйеде тежегіш сұйықтығының қысымын алдын ала арттырады. Бұл процесс кезінде электрмагниттік клапан мен ESC қозғалтқышы жұмыс істейді, оның шығаратын дыбысы болады және автоматты тәтенше тежеу жүйесі жұмыс істеген кезде қалыпты жағдай болып табылады.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Келесі жағдайларда жүйені іске қосуға тыйым салынады:<br>● Автокөлікті сүйрету;<br>● Автокөлік сынақ стендінде орналасқан;<br>● Радарға сыртқы күштердің әсер етуі. |

## Соқтығысу туралы ескерту жүйесі




Алдыңғы жақтан соқтығысу туралы ескерту жүйесі алдағы нысанмен алдыңғы жақтан соқтығысу қаупі болған кезде тежеу қажеттілігі туралы ескертеді.


Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы 60 км/сағ - 150 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан көлік құралына дейін жақын қашықтықта қозғалса, жүйе «Қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз» хабарламасымен қауіпсіз қашықтықты сақтау қажеттілігін еске салады және ескерту сигналы естіледі.

Автокөлік орта және жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде, алда орналасқан көлік құралымен соқтығысу қаупі туындаған кезде жүйе соқтығысу қаупі туралы «Алдынан соқтығысу қаупі» туралы хабарлайды және үздіксіз ескертетін дыбыстық сигналы естіледі.

Камера және/немесе радар жұмысының шектеулері соқтығысуды ескерту жүйесінің жұмысына, оның ішінде алда тұрған нысандарды анықтаған кезде де әсер етуі мүмкін.

Соқтығысу қаупі туралы дыбыстық ескерту жұмыс істейтін жылдамдық диапазоны:

- тоқтап тұрған көлік құралдары үшін: 15-150 км/сағ;
- қозғалыстағы көлік құралдары үшін: 15-150 км/сағ;
- жаяу жүргіншілер үшін: 15-85 км/сағ.




Егер соқтығысу қаупі артса, онда шұғыл төтенше тежеу жүйесі күрт тежеп қалады.

**Келесі жағдайларда алдыңғы жақтан соқтығысу туралы ескерту жүйесі жұмыс істемейді:**

- Жүйе қосылмаған;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жоқ;
- Автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдықтарының жұмыстық диапазонынан шығып кеткен;
- Жүргізуші тежегіш педалін басты;
- Жүргізуші автокөлікті белсенді басқарады (педальдарға және рульге әсер ету);
- Жүргізуші акселератор педалін шұғыл басты;
- Қозғалтқыш өшірілген;

- Жүйенің деректері бойынша соқтығысу қаупі жойылды;
- Автокөлік тұрақсызданған;
- Жүйені қайта баптау орындалуда;
- ESC жүйесінің ақауы;
- Жүйенің ақауы;
- Аспаптар тақтасының ақаулығы;
- Автоматты шұғыл апаттық тежеу жүйесінде ақау бар;
- Радар жабылған;
- Камера жабылған (жаяу жүргіншілер /жылжымайтын нысандар/велосипедшілер үшін).

Жүргізуші бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту жүйесінің сезу мүмкіндігінің үш деңгейінің бірін таңдай алады: алдыңғы, стандартты және кейінгі. Сезімталдылықты өзіңіздің айдау мәнеріңізге сай етіп таңдауға болады. Жүйенің сезімталдығы неғұрлым жоғары болса, ол соқтығысу қаупі туралы соғұрлым ертерек хабарлайды, ал ескертулер анағұрлым жиілей түседі.

**Автоматты түрде төтенше тежеу жүйесі**

Егер жүйенің алдыңғы жақтан соқтығысу туралы ескертуінен кейін жүргізуші тежегіш педалін басса, бірақ қолданылатын тежеу күші жеткіліксіз болса, соқтығысуға жол бермеу үшін автоматты түрде апаттық тежеу жүйесі автокөлікті толық тоқтатуға дейін баяулатуға көмектеседі және дисплейде шұғыл тежеу туралы «Назар аударыңыз! Шұғыл тежеу». Бұл функция келесі жылдамдық диапазонында жұмыс істеуге бапталған:

- тоқтап тұрған көлік құралдары үшін: 4-150 км/сағ;
- қозғалыстағы көлік құралдары үшін: 4-150 км/сағ;
- жаяу жүргіншілер үшін: 4-80 км/сағ;
- екі дөңгелекті көлік құралдары үшін (мотоциклдар мен велосипедтер), 10-30 км/сағ жылдамдықпен қозғалады: 4-80 км/сағ.




**Апаттық тежеу жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:**

- Автоматты шұғыл апаттық тежеу жүйесі іске қосылмаған;
- АБҚ селекторы «D» күйінде тұрған жоқ;
- Автокөліктің жылдамдығы жүйе жылдамдықтарының жұмыстық диапазонынан шығып кеткен;
- Жүргізуші автокөлікті белсенді басқарады (педальдарға және рульге әсер ету);
- Жүргізуші акселератор педалін шұғыл басты;
- Қозғалтқыш өшірілген;
- Жүйенің деректері бойынша соқтығысу қаупі жойылды;
- Автокөлік тұрақсызданған;
- Жүйені қайта баптау орындалуда;
- ESC жүйесінің ақауы;
- Жүйенің ақауы;
- Аспаптар тақтасының ақаулығы;
- Автоматты шұғыл апаттық тежеу жүйесінде ақау бар;
- Радар жабылған;
- Камера жабылған (жаяу жүргіншілер/жылжымайтын көлік құралдары/велосипедшілер үшін)

**ЕСКЕРТПЕ**

Автоматты шұғыл тежеу жүйесі 2 сек. ішінде автокөліктің қауіпсіз тоқтауына дейін белсенді тежеуді қолданады, бұдан әрі жүйе тежегішке күшті әлсіретеді, ал жүргізуші автокөлікті басқаруды өз қолына уақытылы алуы қажет (мысалы, тежегіш басқышын басу арқылы).

## Жолақ сызығын қиып өтуді ескерту жүйесі (LDW) ※

Жолақ сызығын қиып өтуді ескерту жүйесі (LDW) автокөліктің жоғары жылдамдықта қозғалыс кезінде жүргізушіні жолақ сызығын қиып өткені туралы хабарлайтын қосалқы жүйе болып табылады. Жүйе автокөліктің алдындағы жол белгілерін алдыңғы әйнектің артына орнатылған датчикпен таниды. Жолақ сызығын кесіп өткен кезде ескерту хабары пайда болады және дыбыстық хабарлама шығады немесе рульде діріл пайда болады да, жүргізушіге осы жағдай туралы хабарлайды.

**ЕСКЕРТУ**

Жолақ сызығын қиып өтуді ескерту жүйесі (LDW) — бұл кез келген ауа райы мен жол жағдайлары шартына арналмаған қосалқы функция. Жүргізуші автокөлік қозғалысының, жолаушылардың және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, автокөлікті абайлап және мұқият басқаруға әрқашан жауапты болады. Жүргізуші барлық жол белгісінің, жолақтардың талаптарын сақтап, LDW жүйесі оларды таппаған немесе танымаған жағдайларда жол жағдайына сүйенуге міндетті. Мұқият болыңыз және автокөлікті басқаруға бірден араласуға дайын болыңыз.

LDW жүйесі суық және нашар ауа райында (жаңбыр, қар, тұман) немесе жарық аз және/немесе күрт төмендеген кезде (мысалы, туннельге кіргенде және одан шыққан кезде) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, өйткені бұл жағдайлар датчиктің жұмысына әсер етуі мүмкін.

LDW жүйесі келесі жағдайларда және жол шарттарында жұмыс істемеуі немесе жалған ескерту беруі мүмкін:

- Жол төсеміне уақытша жол-құрылыс белгісі және т. б. қондырылған;
- Жол төсемі зақымданған немесе сумен шайылған;
- Жол белгілерінің сызықтары балшықпен/ қармен жабылған;
- Датчик/камера жылжыған немесе жабылған;

- Датчик жерүсті қозғалыс жолағындағы белгіні тани алмайды
- Автокөлік тар жолмен немесе қатты бұрылыстармен жүріп келеді.

Сызаттар, жарықшақтар және басқа да әйнек ақаулары жүйенің өнімділігіне және жұмысына, сондай-ақ камераның сапасына әсер етуі мүмкін. Алдыңғы әйнекті, оның ішінде датчиктің/камераның жанында (артқы көріністің салонішілік айнасының жанында орналасқан) жөндеуге қатаң тыйым салынады. Алдыңғы әйнек зақымданған жағдайда оны алмастыру керек. Датчиктің жанындағы алдыңғы әйнекті бөгеуге қатаң тыйым салынады.

**LDW жүйесін пайдалану**

Жолақ сызығын кесіп өтуді ескерту жүйесін (LDW) мультимедиа жүйесінің дисплейінде қосуға/өшіруге болады. Автокөліктің электр қуаты қосулы болғанда («ON» күйі), [Автокөлік] → [Жүргізу кезіндегі көмекшілер] → [Жолақ сызығының қиылысы туралы ескерту жүйесі], жолақ сызығынан (LDW) өту туралы ескерту жүйелерін қосу/өшіру түймесін басыңыз.

Автокөлік 60 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен және нақты оқылатын жолақ сызығымен қозғалған кезде жүйе күту режимінде болады, ал LDW жүйесінің индикаторы аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде ақ түспен жанады.

Автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ және одан жоғары болған кезде жүйе автоматты түрде іске қосылады, ал аспаптар тақтасында қозғалыс жолағынан шығып кетуді ескерту жүйесінің күйінің индикаторы жасыл түспен жанады.

Егер датчик екі жағынан жолақ сызықтарын анықтаса, аспаптар тақтасындағы қозғалыс жолақтарының сызығы ақ түспен көрсетіледі. Егер жолақ сызықтары тек бір жағынан танылса, аспаптар тақтасындағы осы жағы ақ түспен жанады, ал екінші жағында жолақ жүйе танығанша, сұр болып қалады. Егер екі жақ та танылмаса, олар аспаптар тақтасында сұр түспен жанатын болады.




**ЕСКЕРТУ**

Жүргізуші қозғалыстың, жолаушылардың және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, автокөлікті мұқият басқаруға толық жауапты болады. Жүргізуші барлық басқа жол белгілерінің, таңбалардың талаптарын сақтауға және LDW жүйесі оларды таппаған немесе танымаған жағдайларда жол жағдайына қарай бейімделуге міндетті. Мұқият болыңыз және автокөлікті басқаруға бірден араласуға дайын болыңыз.

- Жүйе ауытқуды немесе қозғалыс бағытын дұрыстауды үнемі ескертіп отырмайды. Автокөліктің қозғалыс бағытының ауытқуы немесе бірқалыпты дұрысталуы туралы ескертуден кейін жүргізуші дереу автокөлікті басқаруды өзіне алуы және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның қозғалыс бағытын түзетуі қажет.
- Жүйенің дұрыс жұмыс істеуіне күрделі ауа райы жағдайлары әсер етуі мүмкін: қатты жауын, қар немесе тұман, құмды шағыл, нашар көру жағдайы және/немесе жоғары контрастты/ жарық шағылысулар (мысалы, туннельге кіру және шығу кезінде). Ауытқу туралы ескерту немесе қозғалыс бағытын бірқалыпты дұрыстау болмауы немесе кеш болуы мүмкін. Жүйені келесі шектеулі шарттарда пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің қозғалыс бағытын қосалқы түзету жүйесі тайғақ жолда, қатты бұрылыстарда, жоғары жылдамдықта және т. б. қозғалыс жолағынан автокөліктің ауытқуына жол бермейді.

**Жолақ сызықтарын кесіп өтуді ескерту әдістері**

Жолақ сызығының қиылысуы туралы ескерту әдісін көпфункциялы мультимеди дисплейінің басты бетінде таңдауға болады [Автокөлік] → [Көлік жүргізу көмекшілері]:

1. Дыбыстық ескерту;
2. Рульдің дірілдеуі;
3. Дыбыстық ескерту + рульдің дірілдеуі.

Аспаптар тақтасында жолақ сызығын кесіп өту туралы ескерту:

- жолақтан шығып кетуді ескерту іске қосылған кезде: кесіп өтетін жолақ сызығы қызыл болып жанады;
- шығып кетуді түзету функциясы іске қосылған кезде: жолақ сызығы қызғылт сары болып жанады.

Жолақ сызығын кесіп өтуді ескерту іске қосылған кезде автокөліктің қозғалыс бағытын дереу түзетіңіз.

**Ескерту әдісін таңдау ※**

Жолақ сызығының қиылысуы туралы ескерту функциясымен жабдықталған автокөліктерде көпфункциялы мультимедиа дисплейінің басты бетінде жүйенің жұмыс режимін таңдауға болады: [Автокөлік] → [Жүргізу кезінде көмек].



Тек ескерту: егер автокөлік қозғалыс жолағынан ауытқып кетсе, жүйе оны хабарлайды;

Тек бағытты түзету: егер автокөлік қозғалыс жолағынан ауытқып кетсе, жүйе автокөліктің қозғалыс бағытын түзетуді рульдің көмегімен іске асырады;

Қажет болмаса, бұл функцияны өшіріп тастауға болады.

**Ақауларды тексеру және жою**

Егер жолақ сызығын кездейсоқ кесіп өту туралы ескерту жүйесі (LDW) камераның жабылғанын немесе жылжып кеткенін, жүйенің дұрыс жұмыс істемейтінін, калибрлеудің орындалмағанын немесе ілеспе жүйенің істен шыққанын анықтаса, аспаптар тақтасындағы LDW индикаторы қызғылт сары болып, ақау себебін көрсетеді:

1. Камера жабылған;
2. Жолақ сызығын бақылау жүйесі (LAS) калибрленбеген/байланыс қателігі;
3. Жолақ сызығын кесіп өтуді ескерту жүйесінің істен шығуы.

Егер ұзақ уақыт бойы жүйенің қате туралы хабары автоматты түрде өшпесе, сондай-ақ автокөлік қайта іске қосылғаннан кейін жоғалып кетпесе, тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі ※

Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесінің құрамына мыналар кіреді: жолақты ауыстыруға көмек көрсету жүйелері (көзден таса аймақты бақылау, қозғалыс жолағын ауыстыру көмекшісі (LCDA)), бүйірден соқтығысуды ескерту жүйесі, артқы жақтан соқтығысуды ескерту жүйесі және ашық есік туралы ескерту функциялары.



Жүйе артқы бампер ішінде екі жағынан орнатылған миллиметрлік толқындардың диапазонындағы радиолокациялық радармен зондталады.

**ЕСКЕРТУ**

- Артқа жүруге көмектесетін жүйе - бұл жүргізуші үшін қосымша функция, ол соқтығысу қаупін болдыртпауға немесе азайтуға көмектесе алмайды. Жүргізуші автокөлік қозғалысының, жолаушылардың және жол қозғалысының басқа да қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, автокөлікті абайлап және мұқият басқаруға әрқашан жауапты болады;
- Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесі автокөлік артқа жүргенде пайдаланылады және қалыпты жағдайдаларда ол жаяу жүргіншілер, велосипедтер және балалар арбасы сияқты кішігірім нысандарды анықтай алады.
- Датчиктер мен оларды орнату орындарын таза ұстаңыз. Автокөлікті жолдың ластанған учаскелерінде және жолдан тыс жерлерде ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін, қажет болған жағдайда, артқы бамперді шешіп алып, мұқият тазалаңыз.
- Аксессуарларды орнатпаңыз және қоспаңыз, датчиктерге және оларды орнату орнына затбелгі жабыстырмаңыз;
- Датчикті өз бетіңізше шешіп, ауыстырмаңыз;
- Датчиктің кез келген болмашы ығысуы жүйенің істен шығуына алып келеді. Егер датчик немесе оны орнату орны зақымданса, қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Жүргізуші автокөлікті басқаруға толықтай жауапты болады. Айналаны мұқият бақылап отырып, көлікті абайлап жүргізіңіз.

Датчиктердің жұмысымен байланысты шектеулер кезінде жүйе келесідей жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін (бірақ олармен шектелмейді).

1. Жүйе қарама-қарсы бағытта қозғалып бара жатқан нысанға, қозғалмай тұрған көлік құралдарына немесе басқа да нысандарға елең етпейді.
2. Лайлы/құмды/қарлы жолдармен жүру кезінде;
3. Автокөлікті күрделі ауа райы мен климаттық жағдайларда (қатты жауын, тұман, қар немесе батпақ) пайдалану кезінде;
4. Тік беткейлерде және/немесе бұрылыстары бар иілімді жолда жүру кезінде;
5. Сүйреу кезінде.

Датчик бүркелген кезде немесе кедергі болған немесе автокөліктің айналасында лайлану болған кезде жүйе ақау бар деп сигнал беруі мүмкін. Кедергіні уақытылы жойыңыз немесе қажет болғанда функцияны өшіріп тастаңыз.

1. Артқы бампер лаймен/қармен қапталған/өзгертілген немесе сәндік және/немесе аэродинамикалық жүктеме орнатылған/сәндік молдингтер жабыстырылған болса және т. б.
2. Автокөліктің айналасында темір заттар көп болса (мысалы, зауыт/контейнерлік терминал/құрылыс алаңы және т. б.).

Радиолокациялық радардың кез келген болмашы ығысуы жүйенің істен шығуына алып келеді. Егер датчик немесе оны орнату орны зақымданса, қызмет көрсету және тексеру үшін

CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Жүйенің жұмысы**


Автокөліктің артындағы нысандар туралы ескерту жүйесін мультимедиа дисплейі жүйесінде қосуға/ өшіруге болады. Жүйенің осы функцияларын қосу үшін [Автокөлік] →[Жүргізу кезінде көмек] → [Қауіпсіздік] түймесін басыңыз. Функция әдепкі бойынша іске қосылған. Жүйе қозғалтқышты сөндіргенге дейінгі пайдаланушы бекіткен баптауларды сақтап қалады.




**Жолақ ауыстыруға көмектесетін жүйе※**

Жолақты ауыстыруға көмектесетін жүйе өлі аймақтарды анықтау жүйесі мен жолақты ауыстыру көмекшісінен тұрады.

Егер қозғалыс кезінде, әсіресе бұрылыс немесе қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде жүйенің анықтау аймағында айтарлықтай қауіпті көлік құралы болса, сыртқы айналардағы индикаторлар жүргізушіге көру мүмкін емес аймақта қырағылықты арттыру қажеттілігі туралы ескертеді.



**Көрші қозғалыс жолағын бақылау ауданы**




1. Көзден таса аймақты бақылау аумағы;
2. Жолақты ауыстыруға көмектесу аумағы;

A Автокөлік;

B Басқа көлік құралы.

**Жүйенің жұмыс істеу шарттары**

Егер қозғалыс жолағын бақылау жүйесі қосылған кезде және автокөлік жылдамдығы 15км/сағ-тан жоғары емес кезінде көзден таса аймақта басқа көлік құралы қозғалып келе жатса немесе қозғалыс жолағын ауыстыру қосымша аймағында көлік құралы жылдам жақындап келе жатса, сол нысанның жағынан ескертуші индикатор жанады.

Егер бұрылу сигналы сәйкес жаққа қосулы болса, ескерту индикаторы жыпылықтап, дыбыстық ескерту естіледі.

15 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен қозғалған кезде рульдің кішкентай бұрышпен бұрылу сәтінде немесе бұрылу сигналының жүйе анықтаған жақындап келе жатқан көлік құралына қарай жануы кезінде көрші қозғалыс жолағын анықтау жүйесі алдына ала қалыпты режимде ескертеді.


**Артқа жүру кезінде бүйірден жақындап келе жатқан нысандар туралы ескерту**

Артқа жүру кезінде бүйірден жақындап келе жатқан нысандар туралы ескерту функциясы жүргізушіні тұрақ орнынан шығып кеткенде және басқа да көру жағдайы нашар күрделі жағдайларда (мысалы, қиын және тар жолдарда, тәуліктің қараңғы уақытында, тұман жағдайларында және т. б.) уақытылы хабардар етеді.

Бүйірден жақындаған нысандар туралы ескерту жүйесі іске қосылған кезде АБҚ селекторын «R» (артқа жүру) жағдайына ауыстыру және қозғалыстың басталуы кезінде, егер автокөлікке нысан жағынан тез жақындап, ал оның қозғалыс бағыты автокөлік қозғалысының бағытымен қиылысатын болса және соқтығысу қаупі бар болса, ескерту іске қосылады.




**Артқа жүру кезінде бүйірден жақындап келе жатқан нысандар туралы анықтау аймағы**





Бүйірден келе жатқан нысандарды анықтау жүйесі барлық тұрақ алаңында белсенді жұмыс істемеуі мүмкін. Төменде сипатталған жағдайларда радар автокөліктің айналасында орналасқан заттармен бүркеледі және оның анықтау аймағы айтарлықтай қысқарады. Нәтижесінде, жүйе басқа көлік құралы автокөлікке өте жақын орналасқан кезде ғана іске қосылады.

- Анықтау аймағы басқа көрші көлік құралдарымен шектелген.




- Анықтау аймағы қабырғамен, гүлзарлармен және басқа да нысандармен шектелген.




**Арттан соқтығысу туралы ескерту функциясы**

Арттан соқтығысу туралы ескерту функциясын іске қосқаннан кейін және АБҚ селекторының «D» жағдайында, егер жүйе көлік құралының артқы жағынан жылдам жақындауын және соқтығысу қаупі барын анықтаса, аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейінде арттан қауіп туралы хабарлама пайда болады және жүргізушіні хабардар ете отырып, дыбыстық ескерту жасалады. Ескерту индикаторы (қосарланған жарқыл) жылдам жыпылықтап, арттағы қауіпті және соқтығысу ықтималдылығын ескертеді.




**Арттан соқтығысуды ескерту жүйесінің бақылау аймағы**




**Арттан соқтығысуды ескерту функциясының жұмыс шарттары**


Арттан соқтығысуды ескерту функциясы келесі шарттарда жұмыс істейді: автокөліктің қозғалтқышы оталып тұр, беріліс селекторы АБҚ автокөлігінің «D» күйі.

### Есікті ашу туралы ескерту

Автокөлік тоқтағаннан кейін есіктерді ашқанда немесе артында немесе бүйірінде қозғалатын нысанмен соқтығысу қаупі болған кезде артқы көріністің сыртқы айналарында және аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейінде қауіп туралы ескертетін индикатор жанады және жүргізуші мен жолаушыларды есіктерді ашу немесе автокөліктен шығу қаупі туралы хабардар ете отырып, дыбыстық ескерту жасалады.




### Есікті ашу кезінде ескерту жүйесінің анықтау аймағы




### Есіктің ашылуы туралы ескерту жүйесінің жұмыс істеу шарттары

Автокөлік тоқтаған соң функция келесі шарттарды сақтай отырып, жұмысын жалғастырады:

- Автокөліктің электркуаты қосылған («ON» күйі).
- Электр қуатын «ON» күйінен «OFF» күйіне ауыстырған соң және автокөліктің есіктерінің құлпы ашылған соң 5 минут ішінде.

### Ақауларды түзету

Төменде сипатталған жағдайларда аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейі [Артқа жүруге көмек жүйесінің ақаулығы] пайда болады және сыртқы артқы айнадағы ескерту индикаторы үнемі жанып тұрады.

- Датчик істен шыққан;
- Осымен байланысты контроллердің басқа ақауы;
- Датчиктің күйі соққыға байланысты өзгереді немесе сыртқы механикалық әсерге ұшырайды, ал орнату орны радардың қалыпты жұмыс диапазонынан тыс болады.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Автокөліктің электр қуатын қосу кезінде («ON» күйі) сыртқы артқы көрініс айнасында қауіп туралы ескертетін индикатор жанады. 3 секундтан соң өшіп қалса, жүйе өзін-өзі тексеріп, бәрі дұрыс істеп тұр деген сөз. |

## Бейнежазба (DVR)※

### Жүйені сипаттау

Бейнежазғыш жүйесі (DVR) көлік құралының алдында бейне жазады және ЖКО кезінде дәлелдерді ұсыну мүмкіндігі үшін қозғалыс кезінде автокөліктің жай-күйін тіркейді. Кіріктірілген көпфункциялы ойын-сауық кешенінің экранын қолдана отырып, жүйе нақты уақыт режимінде бейнені көруге мүмкіндік береді (функция баптауларда қол жетімді).

Автокөліктің қуат көзі қосылған кезде («ACC» күйі), бейнежазба әдепкі бойынша қосылады. Көпфункциялы ойын-сауық кешенінің сенсорлық қосқышы арқылы бейнежазба қосуға/өшіруге болады, ал түсірілген суретті автокөліктің көпфункциялы дисплейінде нақты уақыт режимінде көруге болады. Пайдаланушы мыналарды таңдай алады: фото, арнайы мәзір арқылы ойнату.

### Ақпараттық статустарды сипаттау

 : Апаттық жазба;



: Акселератор педалінің басылу пайызы;

 : Жылдамдық;

 : Бұрылу сигналдары;

 : Тежегіш педалінің басылуы;

 : Қауіпсіздік белгілерінің жағдайы (бекітілмеген);



: Орналасқан жері (ендік пен бойлық).

Циклдік жазу функциясын іске қосу үшін мультимедиа дисплейі экранынан "Бейнежазба" қосымшасын таңдаңыз. Қолжетімді шаралар: қосу/өшіру, фотоға түсіру, баптау және файлдарды қарау.



### Апаттық жағдайларды бейнеге жазу

Төтенше жағдайды бейнежазу функциясы іске қосылған кезде оқиға сәтіне дейін және одан кейін 15 секунд жазады және қайта жазылмайтын немесе жойылмайтын жеке бейне ретінде сақталады.

Автокөліктің электрқуаты қосылған сәттен бастап, жазбаны бастау уақыты 8 секунд. Сол аралықта автокөлікті барынша мұқият басқаруға кеңес беріледі.

Апаттық оқиғаларды бейнежазу келесі жағдайлардың кез келгенінде іске қосылады:

- Апаттық жағдайларды бейнеге жазу түймесін басқан кезде.
- Тежегіш педальді шұғыл түрде, кенеттен тежеу жағдайында (толығымен баялау ≥6 м/с²);
- Қатты соққы кезінде немесе автокөліктің соқтығысуы жағдайында (қауіпсіздік жастығының ашылуы туралы сигнал);
- Өшіп тұрған автокөліктің ұрлап кетуге қарсы дабылы қосылған жағдайда. Бұл бейне шұғыл апаттық жағдайлар қалтасында сақталады да, циклдік жазбаның ұзақтығына тең болады.

## КРУИЗ-КОНТРОЛЬ

### Тұрақты жылдамдығы бар круиз-контроль жүйесі (CC) ※

**Сақтық шаралары**

Тұрақты жылдамдығы бар круиз-контроль жүйесі (CC) автокөлікке берілген тұрақты жылдамдықпен (40 км/сағ ~ 180 км/сағ) аралығында жүруге мүмкіндік береді. Басқару органдарының қосымша араласуынсыз берілген крейсерлік жылдамдықты автокөлік өздігінен қолдайды.

АБҚ-мен жабдықталған автокөліктерде, егер АБҚ селекторы «P», «N», «R» немесе 1-ші берілісте болса, круиз-контроль жүйесі іске қосылмайды.

Круиз-контроль функциясы іске қосылған кезде өрден төмен қарай қозғалу жағдайында автокөлік белгіленген крейсерлік жылдамдықтан асып кетуі мүмкін. Бұл жағдайда жылдамдықты реттеу, қауіпті болдырмау және жылдамдық режимін бұзу үшін тежегіш педальды қолданыңыз.

Орамалы жолдармен немесе қозғалысы қарқынды жолдармен жүру кезінде, тұрақты жылдамдықпен жүру мүмкін болмаған жағдайда, сондай - ақ қауіпсіздік ережелерін сақтау мақсатында круиз-контроль функциясын өшіріңіз.

**Жүкті сақтау және тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары**

- Жүк көлемі жүксалғыш есігінің дұрыс жабылуын қамтамасыз ету үшін жүксалғыш есігінің ойығының көлемінен аспауы тиіс. Қозғалысты бастамай тұрып, жүксалғыш есігі жабылғанына көз жеткізіңіз;
- Жүксалғышты қаптау элементтеріне зақым келтірмеу үшін жүктің салмағы 40 кг–нан, ал сөредегі жүк - 5 кг-нан аспауы тиіс;
- Дөңгелек және/немесе цилиндрлік заттар қозғалыс кезінде жүксалғыштың қаптамасымен және/немесе есігімен соқтығыспауы үшін мықтап бекітілуі керек.

**ЕСКЕРТУ**

Жанғыш, тез тұтанатын, жарылыс қаупі бар, улы, уытты, күйдіргіш және басқа да қауіпті жүктерді сақтауға және тасымалдауға тыйым салынады.
Жүксалғыш есігі ашық кезде жүктерді тасымалдауға тыйым салынады.

## Күнқағар




① Күнқағардағы косметикалық айна;
② Күнқағар бекітпесінің кронштейні.

Күнқағар жүргізушіні және жолаушыларды шағылысулардан және тікелей түсетін күннің жарығынан қорғайды.

Күнқағарды төмен түсіріңіз және оның ішкі жағын оны ұстап тұрған кронштейннен мұқият шығарып алыңыз②. Бүйірден түсетін сәуленің шағылысуынан қорғану үшін күнқағарды шетке қайырып қойыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Күнқағарды бастапқы орнына қайтармас бұрын косметикалық айнаның қақпағын өшіріңіз де, жабыңыз.

## Төбедегі бойлық рейлингтер ※



Жүкті бекіту үшін жүкті жақсылап бекітуге төбедегі рейлингтерді қолданған жағдайда оларға кемінде екі CHANGAN түпнұсқа көлденең бағыттауышын немесе төбеге орнатылған рейлингтердің өлшемдеріне сәйкес келетін балама бағыттауыштарды орнату және бекіту қажет болса.

**ЕСКЕРТУ**

Төбе жүксалғышын пайдаланған және оған жүк тиеген кезде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:

- Жүктің салмағы 30 кг-нан аспауы тиіс;
- Жүкті алдыңғы және артқы осьтердің арасына біркелкі етіп бөліп орналастыру қажет;
- Жүктің габариттері автокөліктің өлшемдерінен аспауы тиіс;
- Қозғалысты бастамас бұрын жүктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз;
- Қозғалыс кезінде мүмкіндігінше кілт орыннан қозғалу әрекеттерінен, шұғыл бұрылыстардан немесе шұғыл тежеуден сақтаныңыз.

## Сымсыз зарядтау жүйесі.

Сымсыз зарядтау құрылғысымен жабдықталған автокөлік сымсыз зарядтау функциясы бар ұялы телефонды немесе сымсыз зарядтау мүмкіндігі бар құрылғыға қосылған ұялы телефонды қуаттай алады. Ұялы телефонның зарядтау қуаты шығыс қуатына сәйкес келуі керек. Сымсыз зарядтау құрылғысының максималды шығыс қуаты - 15 Вт. Ұялы телефонды зарядтау жылдамдығы ұялы телефонды зарядтау тәсіліне, зарядтау тақтасына дейінгі қашықтыққа және басқа факторларға байланысты.

**ЕСКЕРТПЕ**


Сымсыз зарядтау құрылғысының жанына металл заттарды, магниттік карталарды және қашықтан басқару құралдарын қоймаңыз.

Сымсыз зарядтау құрылғысы имплантацияланатын жүрек ширатқыштың жұмысына әсер етуі мүмкін. Оны қолданар алдында электрмагниттік сәулеленудің әсері туралы сенімді ақпарат алу үшін дәрігермен және құрылғыны өндірушімен кеңесу ұсынылады.

Автокөлік дисплейінде «Температура тым жоғары, сымсыз зарядтау құрылғысы ажыратылған» хабары пайда болған жағдайда құрылғыны автоматты түрде қорғау функциясы қосылған.

### Сымсыз зарядтау құрылғысын пайдалану

1. Сымсыз зарядтау құрылғысын пайдаланбас бұрын зарядтау тақтасының бетінен бөгде заттарды алып тастаңыз. Қуаттау кезінде ұялы телефон тыс-қаптарын пайдаланбаңыз.



2. Ұялы телефонды қуаттағыштың ортасына қойып, сымсыз қуаттағышты автокөліктің көпфункциялы мультимедиа дисплейінің интерфейсі арқылы іске қосыңыз. Қуаттау индикаторы жанған кезде қуаттау басталады.



3. Ұялы телефон толық қуатталған соң, қуаттау автоматты түрде тоқтайды.

## Ток көзі мен USB қуаттағыш құрылғысы

### Қуат көзі



Қуат көзінің кернеуі 12 В және максималды қуаты ≤ 120 Вт тұрақты тоқтың электр құрылғыларын ғана қосуға рұқсат етіледі.

### USB порты



① TF картасының слоты;
② Деректерді жіберетін USB интерфейсі.



Екінші қатардағы жолаушылар орындығына арналған екі USB-порты тек ұялы құрылғыларды зарядтауға арналған.

# IV. АВТОКӨЛІКТІ БАСҚАРУ

## АВТОКӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

### Көпмақсатты автокөлікті пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

CHANGAN CS55PLUS автокөлігі — ойлы-қырлы жерде пайдалануға болатын, ауырлық ортасы биік және клиренсі ұлғайтылған көпфункциялы автокөлік.

- Автокөліктердің басқа түрлерімен салыстырғанда, ауырлық ортасы жоғары автокөлік аударылуға аса орнықты емес;
- Биік клиренсі жақсы көріністі қамтамасыз етеді;
- Жолсыз жерлерді жақсы еңсеру үшін SUV типті автокөліктердің баптаулары мен сипаттамалары аспасы төмен шағын жолаушы автокөліктеріне немесе спорттық купелерге тең қозғалыс жылдамдықтарында сай келмейді. Жоғары жылдамдықпен күрт бұрылу салдарынан автокөлік аударылып кетуі мүмкін;
- Қапталдан екпінді жел соққанда жылдамдықты шектен асырмаңыз. Пішіні мен жоғары ауырлық ортасының арқасында автокөлік, әдеттегі жолаушы автокөлігіне қарағанда, қапталдан соққан жел екпініне анағұрлым сезімтал болып келеді. Жылдамдықты төмендету автокөлік басқаруды жеңілдетеді әрі жақсартады;
- Тік өрге шыққанда оның өту қабілетін анықтайтын автокөліктің өлшемдерін ескере отырып, өрдің бойымен тік (тікелей жоғары немесе төмен) қозғалуға тырысыңыз. Автокөлік өрге перпендикуляр бағытпен қозғалғаннан гөрі өрге қиялай шығу не түсу кезінде аударылып кету ықтималдығы жоғары болады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Автокөлік қозғалысы кезінде барлық жолаушы қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы керек. Аударылған жағдайда қауіпсіздік белбеулерін тақпаған жолаушылардың жарақат алу немесе тіпті өлімге ұшырау қаупі жоғары болады.
- Күрт бұрылыстар мен маневрлерден, бір орыннан ытқып қозғалудан, жоғары жылдамдықпен жүруден және күрт тежеуден аулақ болыңыз. Автокөлікті күрт үдетіп жүргізу мәнері және дұрыс пайдаланбау көлікті басқара алмай қалуға немесе автокөліктің аударылуына әкелуі мүмкін.
- Жолсыз жермен немесе ойлы-қырлы жермен жүрген кезде қатты жылдамдықпен жүрмеңіз. Шұғыл бұрылу, шұңқырлар мен тастардың үстінен жоғары жылдамдықпен өте шығу, бөгде заттардың соғылуы және т.б. автокөліктің аспа элементтері мен шассиіне күрделі зақым келтіруі мүмкін, ал бұл автокөлікті басқара алмай қалуға немесе аударылуға алып келеді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Автокөлік нөлден төмен температурада қозғалғанда немесе ұзақ тұрған кезде люкті толығымен ерігеннен кейін ғана ашыңыз. Ешқашан люкті күш салып ашпаңыз.
- Автокөлік тегіс емес жолдарда немесе таулы жерде пайдаланылатын болса, люкті ұзақ уақыт бойы толық ашық күйінде ұстамаңыз.
- Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 120 км/сағ шамасынан асатын болса, люкті ашпаңыз.

## Жолсыз жерлермен жүру кезіндегі сақтық шаралары

- Жолсыз жерге шықпас бұрын қозғалтқыштағы мотор майының деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда үстемелеп құйыңыз. Дөңгелектегі қысымды, шиналардың күйін тексеріңіз. Автокөлікке жиналмалы күректі, баллон кілтін, сүйрейтін арқанды және т.б. салыңыз;
- Жолсыз жермен жүру автокөліктің зақымдану ықтималдығын арттырады. Жүргізу стилі мен мәнері бағдар мен төңірек жағдайларына сәйкес мұқият түзетілуі және қауіпсіз болуы керек;
- Жолсыз жермен жүргенде АБҚ селекторын N қалпына ауыстырмаңыз;
- Жолсыз жермен жүріп өткен соң автокөлікті мұқият жуыңыз және қарап тексеріп шығыңыз;
- Жолсыз жерлермен жүрген кезде құм, су немесе май-су қоспасы тежегіш жүйесіне кіріп кетуі мүмкін, ал ол тежегіш механизмдерінің тозуын арттырады, тежеу тиімділігін төмендетеді және тежеу жүйесінің істен шығуына әкеледі. Жолсыз жерден жүріп өткеннен кейін тежегіш жүйесін тазалаңыз.
- Бөгде шу, үйкеліс пайда болғанда немесе тежеу тиімділігінің төмендеуі байқалғанда тежеу жүйесін тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

## Қозғалысты бастау алдындағы сақтық шаралары

**ЕСКЕРТУ**

Автокөлікті пайдалану кезінде тиісті аяқ киім таңдаңыз. Сай келмейтін аяқ киім (биік өкше, шаңғы бәтеңкелері, сандалдар, шәркейлер және т.б.) педальдарды басқаруға едәуір кедергі келтіруі мүмкін.

Автокөлікті оталдыру кезінде акселератор педалін баспаңыз. Автокөлік орнынан бақылаусыз жылжып кетіп, жазатайым оқиғаға немесе апатқа әкелуі мүмкін.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қозғалтқыштың айналымдары тұрақтанбайынша және бос жүріс қалыпты жұмыс режиміне өтпейінше, күте тұрыңыз. Қозғалтқыштың жоғары айналымдарында тежегіш педалін жіберсеңіз, автокөлік орыннан кенет және күрт қозғалуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ**

- Қозғалтқыш шығаратын газдардың құрамында көміртек тотығы (CO), канцерогендер және басқа да уытты компоненттер (бензол туындылары) бар. Ұзақ уақыт бойы пайдаланылған газдармен шамадан тыс тыныстау денсаулығыңызға зиян келтіріп, естен тандыруы немесе тіпті өлімге жетелеуі мүмкін.
- Егер автокөлік салонында пайдаланылған газдың иісін сезсеңіз, автокөлікті дереу желдетіп алыңыз. Егер пайдаланылған газдардың автокөлікке қозғалыс кезінде сырттан кіргеніне сенімді болмасаңыз, барлық терезені ашыңыз да, автокөлікті желдетіңіз. Қозғалтқыш шығаратын пайдаланылған газдарды жұтуға болмайды.
- Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің бүтіндігін тексеріңіз.

Қызмет көрсету, май ауыстыру немесе автокөлікпен басқа жұмыс жасау кезінде автокөліктің пайдаланылған газдарды шығару жүйесін үнемі тексеріп отырыңыз. Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің дыбысы өзгерсе немесе автокөліктің асты жолдағы бөгде заттарға соғылғаннан немесе тиіп кеткеннен кейін пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

- Егер автокөлікті үй-жай ішінде жылжыту немесе сыртқа шығару қажет болмаса, қозғалтқышты жабық немесе желдетілмейтін үй-жайда (мысалы, көлікжайда, тіпті есігі ашық болса да) оталдырушы болмаңыз. Қозғалтқышты оталдыруға және автокөлікті көлікжайдан шығаруға қажет болатын уақытқа ғана қозғалтқышты оталдырыңыз.
- Автокөлікте адамдар болғанда қозғалтқышты істетіп қойып ұзақ аялдаудан және тұрақта ұзақ уақыт тұрудан сақ болыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен ашық жерде қалдыру керек болса, желдету жүйесін сырттан ауа келетіндей етіп баптаңыз (сырттан ауа кіргізетін желдету жүйесі) және желдеткіштің максималды жұмыс режимін қосыңыз. Мұндай

жағдайларда автокөлік ішінде ұзақ уақыт бойы отырмаңыз.

- Ауа қармауыштарын уақтылы тазалаңыз.

Желдету және кондиционер жүйесі қалыпты жұмыс істеуі үшін алдыңғы әйнек алдындағы ауа өткізгіштер мен кондиционер жүйесінің дефлекторлары қар, мұз және жапырақтар сияқты және т.б. бөгде заттардан таза екеніне көз жеткізіңіз.

- Жүксалғыш есігі ашық кезде жүру.

Ашық тұрған жүксалғыш есігімен қозғалу керек болса, барлық терезені жабыңыз. Аспаптар тақтасындағы желдеткіш дефлекторларын ашыңыз; желдету жүйесін сырттан ауа келетіндей етіп баптаңыз (сырттан ауа кіргізетін желдету жүйесі), ауа желдету режимін «Бет» және/немесе «Аяқ» күйіне орнатыңыз да, желдеткіштің максималды жұмыс режимін қосыңыз.

**Автокөліктің сыртын тексеру**

- Барлық терезе, айналар және жарықтандыру аспаптары таза екеніне көз жеткізіңіз;
- Шиналарда зақымдардың бар-жоғын немесе бөгде заттардың жиналып қалмағанын қарап тексеріңіз. Шиналардағы қысымды тексеріңіз;
- Автокөліктің астында май аққан жерлердің бар не жоғын тексеріңіз;
- Қозғалтқыштағы май деңгейі және басқа сұйықтықтар қалыпты екеніне көз жеткізіңіз.

**Қозғалтқышты іске қоспас бұрын**

- Барлық есікті жабыңыз және бекітіңіз;
- Дұрыс отыру үшін орындықтың, арқалықтың және бассүйегіштің қалпын тексеріп, реттеңіз;
- Артқы көрініс айналарын реттеңіз;
- Салондағы барлық жолаушының қауіпсіздік белбеуін тағқанына көз жеткізіп алыңыз;
- Автокөліктің электр қуатын қосқан кезде бақылау шамдарының жұмысын және күйін тексеріңіз;
- Автокөліктің электр қуаты қосылып тұрған кезде («ON» күйі) габарит шамдарының (КЖЖ) жұмысын тексеріңіз;
- Тұрақ тежегішін (EPB) босатып, бақылау шамының сөнгеніне көз жеткізіңіз. (P)

**Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін**

- Қозғалтқышты суықтай оталдырғаннан кейін бос жүріс айналымдары жылытылған автокөлікке қарағанда жоғары болады. Бұл қозғалтқышты тез жылыту үшін қажет және ақау емес.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде тежегіш педалін басқанда бөгде дыбыстар естілсе (қатты шуыл немесе үйкеліс шуылы, шықырлау, металдың «сыртылдауы»), тежегіш қыспақтарын жақын маңдағы CHANGAN өкілетті сервис орталығында дереу тексеру және ауыстыру қажет.
- Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін тыңдап, онда кез келген дыбыстар мен басқа да бөгде дыбыстардың бар-жоғын тексеріңіз. Егер қандай да бір ағып кетуді немесе бөгде дыбыстарды байқасаңыз, CHANGAN өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

## ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ ЖӘНЕ ӨШІРУ

### Кілтсіз оталдыру ※

**Қозғалтқышты іске қоспас бұрын**

1. Автокөліктегі артық энергия тұтынатын аспаптар мен жарықтандыру жүйесін сөндіріңіз.
2. SMART-кілт автокөлік ішінде іске қосу аймағында тұрғанына көз жеткізіңіз.

**АБҚ бар автокөліктер үшін**

1. АБҚ селекторының «P» (Тұраққа қою) немесе «N» (Бейтарап) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Тежегіш педалін басыңыз;
3. «START ENGINE STOP» түймесінің көмескі жарығы жасыл түспен жанғаннан кейін қозғалтқышты оталдыру түймесін басыңыз.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Автокөлік қозғалысы кезінде «START ENGINE STOP» түймесін басушы болмаңыз. |
| Қозғалтқышты іске қоспас бұрын тежегіш басқышын басыңыз және қозғалтқыш оталғанша оны жібермеңіз (АБҚ). |
| Егер «START ENGINE STOP» түймесінің көмескі жарығы жасыл түспен жанбаса, қозғалтқыш оталмайды. |
| Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жұмыс аумағына жеткенше қозғалысты төменгі жылдамдықпен бастаңыз. Бұл қозғалтқышты жұмыс температурасына дейін тез қыздыру үшін қажет. |

**Қозғалтқышты сәтсіз оталдыру**

Егер «START ENGINE STOP» оталдыру түймесін басқаннан кейін қозғалтқыш іске қосылмаса, келесі ықтимал себептерді тексеріңіз:

1. SMART-кілт пен автокөлік арасында байланыс жоқ. Кілт анықталмады немесе кілттің қуат элементінің заряды таусылған. Қозғалтқышты «Қозғалтқышты төтенше оталдыру» бөлімінде көрсетілген тәсілмен іске қосыңыз.
2. Руль құлыпталған. Аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде «Руль құлыптанған» ақпараттық хабарламасы көрсетіледі. «START ENGINE STOP» іске қосу түймесін баса отырып, рульді ақырын бұраңыз.
3. Қоршаған орта жағдайлары, аккумулятор батареясы зарядының деңгейі, отынның төмен деңгейі және т.б. факторлар қозғалтқыштың дұрыс оталмауына себеп болуы мүмкін. Егер қозғалтқыш оталмаса, диагностика жүргізу және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

### Қозғалтқышты өшіру

**АБҚ орнатылған автокөліктердің қозғалтқышын сөндіру**

1. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» (Тұраққа қою) күйіне ауыстырыңыз;
2. Түймені басыңыз «START ENGINE STOP» сосын қозғалтқышты өшіріңіз.

Төтенше жағдайда, егер автокөлік қозғалысы кезінде қозғалтқышты өшіру қажет болса, жылдамдықты 40 км/сағ дейін төмендетіңіз, «START ENGINE STOP» іске қосу түймесін 5 секундтан артық басып тұрыңыз.

## «START-STOP» функциясы

### «START-STOP» функциясын іске қосу

«START-STOP» функциясы автокөлік қысқа уақытқа тоқтаған кезде қозғалтқыштың жұмысын автоматты түрде тоқтатады. Бұл бағдаршамның қызыл сигналының алдында немесе тығыз қозғалыс жағдайында тоқтаған кезде өте ыңғайлы, сондай-ақ отын шығынын едәуір төмендетеді, зиянды шығарындылар мен оталып тұрған қозғалтқыштың шуын азайтады.

Пернені бассаңыз, көк индикатор жанады, «START–STOP» функциясы іске қосылады (қозғалтқышты бос жүрісте оталдыру - өшіру). Пернені қайта басқан кезде - көк индикатор сөніп, «START–STOP» функциясы өшеді.



### «START-STOP» функциясы күйінің индикациясы

Индикатор аспаптар тақтасында «START-STOP» функциясының 4 күйін көрсетеді:

1. **Сары:** «START-STOP» функциясы қосылған, бірақ жүйенің бұл жұмыс жағдайында қозғалтқыштың оталдыру-өшіруге тыйым салынған;
2. **OFF (Өшіру)**: «START-STOP» функциясы өшірілген және қазіргі уақытта қозғалтқышты оталдыру/тоқтату шарты орындалды;
3. **Жасыл:**«START-STOP» функциясы жақсы жұмыс істейді, қозғалтқыш автоматты түрде тоқтайды.
4. Жыпылықтаған соң сары индикатор жанады → «START-STOP» жүйесінің ақауы. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

### «START-STOP» жүйесінің жұмысы

«START-STOP» функциясы қосулы кезінде, автокөлік қозғалыс басталған кезде оталады. «START-STOP» функциясының жұмысы үшін барлық шарттар орындалған кезде («START-STOP» функциясын автоматты түрде ажырату шарттарын қараңыз) жүйенің жұмысы келесі әрекеттерді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- Қозғалтқыштың автоматты түрде тоқтауы: берілістерді ауыстырып қосу селекторы «D» немесе «N» күйінде болған кезде акселератор педалін жіберіңіз де, тежегіш педалін басыңыз. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін қозғалтқыш автоматты түрде өшеді және «START-STOP» жүйесінің жасыл индикаторы жанады.
- Қозғалтқыштың автоматты түрде оталуы: қозғалыс басталар алдында берілістерді ауыстырып қосу АБҚ селекторы «D» күйінде болса, тежегіш

педалін жіберіңіз. Қозғалтқыш автоматты түрде оталады және «START-STOP» функциясының жасыл индикаторы сөнеді.

**Қозғалтқыштың автоматты түрде өшуінің шарттары**

- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы 55°C-тан жоғары
- Автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан аспайды;
- Автокөліктің аккумулятор батареясының заряды қалыпты;
- Автоматты түрде оталу жүйесінің үздіксіз қосылу жиілігінің болмауы;
- Жүргізушінің есігі жабық, қорғаныс белдігі тағылған;
- Автокөліктің АБҚ селекторы «R», «M» және «S» күйінде емес;
- Ауаны желдету жүйесі өшірілген;
- Рульге әсер ету жоқ, автокөліктің алдыңғы дөңгелектері тура қарап тұр;
- Автокөлік тегіс жерде тоқтап тұр, еңісте емес;
- Автоматты түрде тұраққа қою функциясы өшірілген;
- Жағдайлардың болмауы: 10 км/сағ кем жылдамдықпен алға жылжу кезінде артқа жүру берілісін қосу

**Қозғалтқыштың автоматты түрде оталуының шарттары**

- Акселератор педалін басу арқылы қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру:

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін, күту режимінде акселератор педалін басыңыз және қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- «START-STOP»түймесін басу арқылы қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру:

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін, күту режимінде «START-STOP» түймесін басыңыз және қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- Қозғалыс немесе жылжу кезінде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру:

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін, егер автокөліктің күту жылдамдығы 5 км/сағ-тан асса, қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- Аккумулятор батареясының заряды төмен болған кезде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру:

Егер қозғалтқыш автоматты түрде сөнгеннен кейін аккумулятор батареясының қуаты рұқсат етілген шектен төмен түссе, қозғалтқыш автоматты түрде іске қосылады, осылайша қозғалтқышты әрі қарай оталдыру мүмкін болмай қалатындай батареяның одан әрі істен шығуына жол берілмейді.

- Тежеу жүйесіндегі қуаттың таусылу деңгейі жеткіліксіз болған кезде қозғалтқыштың автоматты түрде оталуы.

Таулы аудандарда, жоғары биіктікте немесе үздіксіз тежеу кезінде тежеу жүйесіндегі қуаттың таусылу деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қозғалтқышты өшіргеннен кейін автоматты түрде оталдыру/тоқтату жүйесі қол жетімді болмайды.

- Рульді бұру кезінде қозғалтқыштың автоматты түрде оталуы.

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін, күту режимінде

рульді үлкен бұрышқа бұраңыз және қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

- AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде қозғалтқышты автоматты түрде оталдыру.

Қозғалтқышты автоматты түрде тоқтатқаннан кейін, акселератор педалін басыңыз және қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

**ЕСКЕРТУ**

Егер қозғалтқыш автоматты түрде тоқтағаннан кейін жүргізуші есігі ашық болса немесе қауіпсіздік белдігі ашылмаса, «START-STOP» функциясы өшіп, қозғалтқышты тек қолмен оталдыруға болады.

## ТРАНСМИССИЯ

## Механикалық берілісі селекторы бар АБҚ

Автоматты беріліс қорабы (АБҚ) ауыстырып қосудың 2 режимімен жабдықталған — автоматты ауыстырып қосу режимі және қолмен ауыстырып қосу режимі. Ауыстырып қосу режимін берілістерді ауыстырып қосу селекторының көмегімен таңдауға болады.

### Режимді таңдау

Спорттық режимге өту үшін АБҚ селекторын «D» күйінен оңға қарай жылжытыңыз. АБҚ селекторын одан әрі алға немесе артқа қарай жылжыту автокөлікті «SPORT» режимінен АБҚ берілістерін ауыстырып қосудың қол режиміне ауыстырады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Автокөліктен шықпас бұрын, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз және беріліс селекторының «P» (Тұраққа қою) күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Оталдыру жүйесін «LOCK / OFF» күйіне ауыстырыңыз.
- Тұрақ тежегішіне балама ретінде селектордың «P» (Тұраққа қою) күйін пайдаланбаңыз.

### Берілістерді ауыстырып қосу



**«P» (Parking)- Тұраққа қою.** АБҚ селекторы «P» (Тұраққа қою) күйінде болған кезде ғана қозғалтқышты оталдыруға болады:

- Автокөлік толығымен қозғалыссыз, тұрақ тежегіші іске қосылған кезде (EPB пернесі жоғары көтерілген), АБҚ берілістерін ауыстырып қосу селекторын «P»

(Тұраққа қою) күйіне ауыстыруға болады.

● Берілістерді ауыстыру үшін - акселератор басқышын жіберіңіз, тежегіш басқышын және АБҚ селекторының тұтқасындағы құлпын ашу түймесін толығымен басыңыз. Берілісті ауыстырыңыз.

**АБҚ селекторын «P» (Parking) - Тұраққа қою күйіне орнату:**

1. Тежегіш педалін басып, автокөлікті толығымен тоқтатыңыз;
2. Автокөліктің толық тоқтағанына көз жеткізіңіз; тұрақ тежегішінің пернесін жоғары қарай тартыңыз (EPB);
3. АБҚ селекторын «N» күйіне ауыстырыңыз да, 3 секундтай ұстап тұрыңыз. Тежегіш педалін жіберіңіз;
4. АБҚ селекторын «P» (Тұраққа қою) күйіне ауыстырып, қозғалтқышты өшіріңіз.

Тежегіш педалін басыңыз. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін АБҚ селекторын «P» (Тұраққа қою) күйінен кез келген қажетті күйге оңай ауыстыруға болады. Берілістерді ауыстыру үшін берілістерді ауыстыру селекторындағы құлыпты ашу түймесін басыңыз: «P→R», «R→P», «N→R».



**АБҚ селекторын «P» күйіне бекіту**

Егер АБҚ селекторы «P» (Тұраққа қою) күйіне дұрыс орнатылмаған болса, ол осы күйде құлыпталуы мүмкін және селекторды«P» күйінен ауыстыру қиын болады. Ауыстыру әрекеті белгілі бір амалдарды қажет етеді. Ол шулы болып, соққылармен сүйемелденуі мүмкін. Мұндай жағдай пандуста тұраққа қоюда немесе еңіске қоюда мүмкін. Селектордың құлыптануы – қалыпты жағдай. АБҚ бекіткішіне автокөліктің толық салмағы әсер етеді. АБҚ бекіткіші мен берілістер қорабының тістегеріштері АБҚ селекторын «P» (Тұраққа қою) күйінен ауыстырып қосу үшін АБҚ селекторына көп күш жұмсауды талап ете отырып, үлкен үйкеліс жасайды.

Егер АБҚ селекторын «P» күйінен өз бетінше ауыстыру мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**«R» (Reverse) – Артқа жүру:**

● АБҚ берілістерін ауыстырып қосу селекторын автокөлік толық тоқтаған жағдайда ғана «R» (артқа жүру) берілісіне ауыстырып қосуға болады.

**«N» (Neutral) – Бейтарап күй**

● Қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанына/тұрмағанына қарамастан, бұл берілісті автокөлік қозғалысы кезінде қолданушы болмаңыз.

● Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен біршама уақытқа тоқтату қажет болса, мысалы, кептеліс кезінде автокөліктің тежегішін алдын ала қосып, осы берілісті қолданыңыз;

● Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «N» (Бейтарап күй) күйінде болса, қозғалтқышты оталдыруға болады;

● Автокөлікті тіркеп сүйреу кезінде осы берілісті қолданыңыз.

**«D» (Drive) – Алға жүру**

● Бұл режимде беріліс қорабы 1 мен 7-ші берілістер арасында автоматты түрде ауыстырып отырады, бұл кезде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы, отын шығыны және қозғалтқыштың жұмысының шуылы оңтайлы күйде болады.

**+ / -: - қол режимінде жоғары және төмен беріліске ауысу:**

**Арттыру:** селекторды алға жылжытыңыз;

**Төмендету:** селекторды артқа тартыңыз.

**АБҚ күйі мен жұмыс режимдерін көрсету**


Таңдалған режим туралы ақпарат (**«P», «R», «N», «D»** таңбасы) аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде көрсетіледі. АБҚ қол режимінде жұмыс істегенде дисплейде нақты беріліс туралы ақпарат көрсетіледі (мысалы, **1, 2**... және т.б.).




**АБҚ селекторын бекіту жүйесі**

«P» күйінде АБҚ селекторының құлыптау функциясы бар. Автокөліктің электр қуаты («ON» күйі) қосулы болса немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, тежегіш педалін басыңыз. Берілістерді ауыстырып қосу селекторын «P» (Тұраққа қою) күйінен ауыстыру үшін АБҚ құлыптан шығару түймесін басыңыз.

Егер жоғарыда аталған бекітпеден шығару тәсілі сәтсіз болса, қолмен бекітуден шығару тәсілін қолданыңыз: берілісті ауыстырып қосу қақпағын шешіп, құралдың көмегімен механикалық түрде құлыптан шығару түймесін басыңыз.




**ЕСКЕРТУ**

● Қозғалыс және тасымалдау кезінде АБҚ селекторын «P» (Тұраққа қою) күйіне ауыстырмаңыз. Әйтпесе, АБҚ-ны құлыптау бекіткіші зақымданып, АБҚ сынып кетуі мүмкін.

## Электромеханикалық берілісі селекторы бар АБҚ

Автоматты беріліс қорабы (АБҚ) ауыстырып қосудың 2 режимімен жабдықталған — автоматты ауыстырып қосу режимі және қолмен ауыстырып қосу режимі. Ауыстырып қосу режимін берілістерді ауыстырып қосу селекторының көмегімен таңдауға болады.

АБҚ берілісін қолмен ауыстырып қосу режиміне ауыстыру үшін АБҚ селекторын «D» күйінен солға қарай жылжытыңыз.



**ЕСКЕРТУ**

Берілістерді ауыстырып қосу селекторының екі тұрақты - сол және оң күйі бар, АБҚ селекторын қолмен ауыстыруға болады. Автоматты берілістің қолмен ауыстыру режиміне өзгерту үшін беріліс селекторын сол жақтағы тұрақты күйге ауыстырыңыз.

**Берілістерді ауыстырып қосу**



**«P» (Parking) - Тұраққа қою.** Қозғалтқышты «P» түймесі басылғанда және автокөлік «P» күйінде болғанда оталдыруға болады (Тұраққа қою):

- Автокөлік толығымен қозғалыссыз, тұрақ тежегіші іске қосылған кезде (EPB пернесі жоғары көтерілген), автокөлікті «P» (Тұраққа қою) күйіне ауыстыруға болады.
- Берілістерді ауыстыру үшін - акселератор басқышын жіберіңіз, тежегіш басқышын және АБҚ селекторының тұтқасындағы құлпын ашу түймесін толығымен басыңыз. Берілісті ауыстырыңыз.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Автокөліктен шықпас бұрын, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнатыңыз және беріліс селекторының «P» (Тұраққа қою) күйіне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Оталдыру жүйесін «LOCK / OFF» күйіне ауыстырыңыз.
- Тұрақ тежегішіне балама ретінде селектордың «P» (Тұраққа қою) күйін пайдаланбаңыз.

**АБҚ селекторын «P» (Parking) - Тұраққа қою күйіне орнату:**

1. Тежегіш педалін басып, автокөлікті толығымен тоқтатыңыз;
2. Автокөліктің толық тоқтағанына көз жеткізіңіз; тұрақ тежегішінің пернесін жоғары қарай тартыңыз (EPB);

3. АБҚ селекторын «N» күйіне ауыстырыңыз да, 3 секундтай ұстап тұрыңыз. Тежегіш педалін жіберіңіз;
4. АБҚ селекторының жанындағы «P» (Тұраққа қою) түймесін басып, қозғалтқышты тоқтатыңыз.



**АБҚ селекторын «P» күйіне бекіту**

Егер АБҚ селекторы «P» (Тұраққа қою) күйіне дұрыс орнатылмаған болса, ол осы күйде құлыпталуы мүмкін және селекторды«P» күйінен ауыстыру қиын болады. Ауыстыру әрекеті белгілі бір амалдарды қажет етеді. Ол шулы болып, соққылармен сүйемелденуі мүмкін. Мұндай жағдай пандуста тұраққа қоюда немесе еңіске қоюда мүмкін. Селектордың құлыптануы – қалыпты жағдай. АБҚ бекіткішіне автокөліктің толық салмағы әсер етеді. АБҚ бекіткіші мен берілістер қорабының тістегеріштері АБҚ селекторын «P» (Тұраққа қою) күйінен ауыстырып қосу үшін АБҚ селекторына көп күш жұмсауды талап ете отырып, үлкен үйкеліс жасайды.
Егер АБҚ селекторын «P» күйінен өз бетінше ауыстыру мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**«R» (Reverse) – Артқа жүру:**

- АБҚ берілістерін ауыстырып қосу селекторын автокөлік толық тоқтаған жағдайда ғана «R» (артқа жүру) берілісіне ауыстырып қосуға болады.


**«N» (Neutral) – Бейтарап күй**

- Қозғалтқыштың жұмыс істеп тұрғанына/тұрмағанына қарамастан, бұл берілісті автокөлік қозғалысы кезінде қолдануышы болмаңыз.
- Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен біршама уақытқа тоқтату қажет болса, мысалы, кептеліс кезінде автокөліктің тежегішін алдын ала қосып, осы берілісті қолданыңыз;
- Берілістерді ауыстырып қосу селекторы «N» (Бейтарап күй) күйінде болса, қозғалтқышты оталдыруға болады;
- Автокөлікті тіркеп сүйреу кезінде осы берілісті қолданыңыз.

**«D» (Drive) – Алға жүру**

- Бұл режимде беріліс қорабы 1 мен 7-ші берілістер арасында автоматты түрде ауыстырып отырады, бұл кезде қозғалтқыштың айналу жылдамдығы, отын шығыны және қозғалтқыштың жұмысының шуылы оңтайлы күйде болады.

**АБҚ селекторын «R», «N» және «D» күйіне ауыстыру:**



Берілістерді ауыстырып қосу селекторын қажетті бағытқа ауыстырып, оны жіберіңіз. Берілістерді ауыстырып қосу селекторы бастапқы ортаңғы күйге оралады.

Келесі берілістерге ауыстырып қосу үшін құлыптан шығару түймесін басыңыз:

- «P» күйінен ауыстыру үшін;
- «R» күйіне ауыстыру үшін.

**+ / -: - қол режимінде жоғары және төмен беріліске ауысу:**

**Арттыру:** селекторды алға жылжытыңыз;

**Төмендету:** селекторды артқа тартыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Автоматты беріліс қорабының қызмет ету мерзімін ұзарту және оның төмен температурада (-20°C-тан бастап) жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін қозғалтқышты суықтай оталдырғаннан кейін 30 секунд өтпестен автокөлік қозғалысын бастамаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер автокөлік қозғалысы кезінде аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде трансмиссия ақауы туралы ақпарат көрсетілсе немесе келесі жағдайларда трансмиссия ақауы индикаторы жанса, тиісті шараларды қолданыңыз:

- Егер берілістерді ауыстырып қосу кезінде айқын ауытқулар немесе соққылар болмаса, диагностикалау жүргізу және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.
- Егер берілістердің ауысуы айқын соққылармен, серпілістермен және бөгде шуылмен бірге жүрсе, қозғалысты тоқтатып, диагностикалау жүргізу және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына автокөлікті сүйреп апару үшін эвакуаторды шақырыңыз.
- Автокөліктің қуаты жоғалған жағдайда қозғалысты тоқтатып, диагностикалау жүргізу және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына автокөлікті сүйреп апару үшін эвакуаторды шақырыңыз.

**АБҚ күйі мен жұмыс режимдерін көрсету**

Таңдалған режим туралы ақпарат (**«P», «R», «N», «D»** таңбасы) аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде көрсетіледі. АБҚ қол режимінде жұмыс істегенде дисплейде нақты беріліс туралы ақпарат көрсетіледі (мысалы, **1, 2**... және т.б.).




Қате әрекеттер кезінде көпфункциялы дисплейде мәтіндік және графикалық кеңестер пайда болады. Берілістерді дұрыс ауыстыру үшін ұсыныстарды орындаңыз.

## Алдыңғы және артқы дискілі тежегіштер

Автокөлік гидравликалық дискілі тежегіштермен жабдықталған. Жұмыс тежегішін қосу немесе өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз немесе жіберіңіз.

Егер тежегіш педалі қозғалтқышты оталдыру алдында басылса, оталғаннан кейін тежегіш педаліне түсетін күш жеңілдейді және педаль төмен түседі, бұл вакуумдық күшейткіші бар тежеу жүйесінің қалыпты жұмысы болып есептеледі.

**ЕСКЕРТУ**

- Автокөлік қозғалысын бастамас бұрын барлық бақылау шамдары мен тежеу жүйесінің индикаторы қалыпты жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- Тежегіш қыспақтары тозу датчиктерімен жабдықталған. Егер тежеу кезінде металл дыбысы естілсе (тежегіш дискісіне металл серіппелі датчиктің тиіп шықырлауы), тежегіш қыспақтарын ауыстыру және тексеру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.
- Тежегіш қыспақтары тозып кеткен автокөліктерді пайдаланбаңыз. Өзіңізді және жол қозғалысының басқа қатысушыларын апат қаупіне ұшыратпаңыз.

## Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB)

Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) функциялары: тұраққа қою кезінде автокөлікті бір орында ұстау, өрге көтерілгенде автокөліктің сырғып кетуіне жол бермеу, жоғары температурада тежеу күшін реттеу, динамикалық тежеу функциясы.

### Автокөлікті бір орында ұстау функциясы

Автокөлік толық тоқтағаннан кейін EPB пернесін жоғары тартыңыз. Тұрақ тежегіші іске қосылады, аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейіндегі EPB индикаторы – қызыл түспен, ал тұрақ тежегіші пернесінің индикаторы қызғылт сары түспен жанады.

Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығару үшін алдымен тежегіш педалін, содан кейін EPB пернесін басыңыз. Тұрақ тежегіші құлыптан босатылып, аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейіндегі және тұрақ тежегішінің пернесіндегі сәйкес индикаторлар сөнеді.



Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою немесе алып тастау кезінде тежегіш механизмдерінің жұмысының шуылы естіледі.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер электрмеханикалық тұрақ тежегішінің ақау индикаторы жанса, автокөлікті бір орында қайта іске қосыңыз, электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) пернесін басып, жоғары қарай тартыңыз. Егер ақау индикаторы жануын жалғастырса, диагностика жүргізу және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

- Автокөлік қозғалысы кезінде электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) пернесіне тимеңіз;
- EPB пернесінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.

## Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA)

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA) – EPB-нің көмекші функциясы. DAA жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізушіге EPB пернесін басудың қажеті жоқ. Жүйе қозғалысты бастау ниетін анықтаған кезде EPB автокөлік қозғалысын бастау үшін акселератор педалін басқан кезде тұрақ тежегішін автоматты түрде босатады. Бұл функция автокөліктің қозғалысын бастау кезінде ыңғайлылықты едәуір арттырады.

Қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (DAA) келесі шарттар орындалған кезде жұмыс істейді: жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған, жүргізушінің есігі дұрыс жабылған.

**ЕСКЕРТУ**

DAA жүйесін артқа жүру үшін қолдануға болады. Мұқият болыңыз және абайлаңыз.

**ЕСКЕРТУ**

МБҚ-мен жабдықталған автокөліктерде қозғалысты бастауда көмек (DAA) жүйесін пайдалану кезінде МБҚ ауыстыру селекторының күйіне назар аударыңыз. Бейтарап берілісте ілінісу педалін жіберу және акселератор педалін бір уақытта басу автокөліктің сырғуына алып келуі мүмкін.

## Қызып кету кезінде тежеу күшін реттеу (HTR)

HTR жүйесі – EPB-нің көмекші функциясы. Жиі тежеу тежегіш механизмдердің қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Қауіпсіз тұраққа қоюды қамтамасыз ету үшін HTR жүйесі автокөлік тоқтағаннан кейін автоматты түрде іске қосылады. HTR жүйесі автокөліктің қозғалмауын қамтамасыз ету үшін тұрақты уақыт аралығында қайта автоматты түрде қосады. Жүйе жұмыс істеп тұрған кезде тежегіш механизмдері жұмысының шуылы естілуі мүмкін.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Бірнеше үздіксіз тежегеннен кейін қауіпсіз тұраққа қоюды қамтамасыз ету үшін автокөлікті тегіс бетке тұраққа қоюға тырысыңыз. |

## Динамикалық аялдау жүйесі (CDP)

Динамикалық аялдау жүйесі CDP – бұл электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) қосалқы функциясы және шұғыл тежеу үшін электрмеханикалық тұрақ тежегішін (EPB) үздіксіз іске қосады.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| CDP жүйесін қолдана отырып тежеу тек апаттық жағдайларда мүмкін болады. |

## АБҚ селекторын «P» (SIPA) күйіне ауыстырған кезде тұрақ тежегіші іске қосылады

АБҚ селекторын «P» күйіне ауыстыру кезінде автокөліктің тұрақ тежегішіне автоматты орнату жүйесі электромеханикалық тұрақ тежегішінің қосымша функциясы болып табылады. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін, тежегіш педалін басқан кезде және АБҚ селекторын «P» күйіне ауыстырған кезде электромеханикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады, ал аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейіндегі және тұрақ тежегішінің (EPB) пернесіндегі индикаторлар жанады. (P)

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| «P» жағдайынан АБҚ селекторын ауыстырып қосқаннан кейін, электромеханикалық тұрақ тежегіші автоматты түрде ашылмайды. Тұрақ тежегішін құлыптан шығару үшін тежегіш педалін басып, EPB пернесін басыңыз. |

| Автокөлікті тұрақ тежегішіне автоматты түрде орнату функциясы шығарушы зауытпен әдепкі бойынша өшірілген. Бұл функцияны іске қосу қажет болса, өкілетті CHANGAN сервис орталығына хабарласыңыз. |
| --- |

## Тежегішті бекіту жүйесі (ABS)

Автокөлік ылғалды және/немесе тайғақ жолмен қозғалғанда немесе төтенше жағдай туындаған кезде күрт тежеу кезінде ABS жүйесі көлік құралының траекториясын, сондай-ақ басқару мен тұрақтылықты сақтау үшін доңғалақтардың бітелуіне жол бермейді.

ABS жүйесі іске қосылған кезде тежегіш педалінде аяққа сезілетін діріл білінеді, ал мотор бөлімінде ABS жүйесінің жетегі тиісті дыбыспен іске қосылады.

Автокөлікті іске қосқан сайын және бастапқыда 10 км/сағ жылдамдығына жеткенде ABS жүйесі автоматты түрде өзін-өзі диагностикалайды және оның тиісті дыбысы естіледі.

## Бос айналудан сақтау жүйесі (TCS)


TCS жүйесі автокөлік тегіс жол төсемімен немесе таулы аймақтағы жолмен жүргенде автокөліктің жетекші дөңгелектерінің тайып кетуіне жол бермейді. Жетекші дөңгелек тайған кезде TSC жүйесі тарту күшін сақтау үшін дөңгелектер мен қозғалтқыштың айналдыру моментін бақылауда ұстап, аздап тежейді, осылайша автокөліктің жүріс тұрақтылығын, үдеуін, орнықтылығын және басқарылу мүмкіндігін жақсарту үшін жетекші дөңгелектердің тайып кетуін болдырмайды немесе азайтады.

TCS бос айналудан сақтау жүйесі автоматты түрде іске қосылады. Жүйені қосу және өшіру ESC функциясының жұмысына тәуелді. («Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC)» бөлімін қараңыз).

Егер автокөлік қарға, батпаққа немесе құмға батып қалса, қозғалтқыштың номиналды айналдыру моментін қалпына келтіру үшін және кедергіні еңсеру мақсатында қуатты арттыру үшін тартқышты бақылайтын бос айналудан сақтау жүйесін (TCS) өшіру ұсынылады.

## Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ESC)

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC) автокөліктің күйін бақылау үшін датчиктерді қолданады және автокөліктің тұрақтылығы мен жүрісін жақсартады. Егер автокөлік төтенше тұрақтылық күйінде болса (мысалы, шұғыл бұрылыстар немесе қозғалыс жолақтарының кенеттен ауысуы), жүйе тежеу күшін және қозғалтқыштан дөңгелектерге берілетін моментті реттейді. Бұл автокөліктің қозғалыс тұрақтылығын жоғарылатып, апаттардың ықтималдығын тиімді түрде төмендетеді және көлік жүргізу қауіпсіздігін арттырады.




**Қосу (ON)/ Өшіру (OFF)**

Бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйе (ESC) қозғалтқыш іске қосылған кезде әдепкі бойынша қосылады. ESC жүйесін қосу/өшіру үшін мультимедиа дисплейінің интерфейсінен [Автокөлік] - [Басқару] - [Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ESC)] тармағын таңдаңыз. Жүйені өшіргеннен кейін аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде«ESC_OFF» индикаторы жанады және «TCS» жүйесі өшеді. ESC жүйесі қосылған кезде ESC жүйесінің индикаторы өшіп, «ESC» және «TCS» жүйелері белсенді болады.



**ЕСКЕРТПЕ**

Көлік жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларды қоспағанда, бағыт тұрақтылығын сақтайтын электрондық жүйені (ESC) ажыратпау керек:

- Автокөлік сырғанауға қарсы шынжырлармен жабдықталған;
- Қалың қарда немесе жұмсақ жол төсемінде жүрген кезде;
- Автокөлік тұрып қалғанда және шығып кетуге тырысқанда.

**ЕСКЕРТПЕ**

Жүйе іске қосылған кезде аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейіндегі ESC индикаторы жыпылықтайды, тежегіш педалі аздап дірілдейді, ал мотор бөлімінде ESC жүйесінің жетегі іске қосылады.

Автокөлікті іске қосқан сайын және бастапқыда 10 км/сағ жылдамдығына жеткенде ESC жүйесі автоматты түрде өзін-өзі диагностикалайды және оның тиісті дыбысы естіледі.

**ЕСКЕРТУ**

ESC және TCS жүйелері қозғалыс қауіпсіздігін арттырғанына қарамастан, көлік басқару кезінде мұқият және абай болыңыз. Қозғалыс кезінде автокөліктің тежеу жолын ескере отырып, қажетті қашықтықты сақтаңыз. Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ESC) тежеу жүйесімен, аспамен, дөңгелектермен, рульмен, электр жүйелерімен және т.б. тығыз байланысты. Автокөлікті жеке тәртіппен қайта жабдықтау ESC жүйесінің жұмыс сипаттамаларын нашарлатуы немесе істен шығаруы мүмкін.

## Тік еңісте жүруге көмектесетін жүйе (HDC) ※

Тік еңісте жүруге көмектесетін жүйе (HDC) - бұл бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің қосымша функциясы (ESC). Тік өрге немесе ұзаққа еңіске жетіп қалғанда «HDC» түймесін басу арқылы еңісте жүруге көмектесетін жүйені қосуға болады. ESC жүйесі белгіленген диапазондағы қозғалыс жылдамдығын бақылай отырып, автокөлікті жүргізуге баса назар аударуға және өрді жылдам әрі қауіпсіз еңсеруге мүмкіндік береді:

HDC жүйесін іске қосқаннан кейін тежегіш педальді немесе үдеткіш педальді басу арқылы автокөліктің жылдамдығын 8~35 км/сағ аралығында реттеңіз. Педальдарды жіберіңіз, сонда автокөлік белгіленген жылдамдыққа сәйкес өрде жүруді жалғастырады.

**Қосу (ON)/ Өшіру (OFF)**

HDC жүйесі әдепкі бойынша өшірулі. Автокөлік жылдамдығы сағатына 35 км–ден аз болған кезде, HDC жүйесін қосу/өшіру үшін мультимедиялық дисплей интерфейсінен [Автокөлік] - [Басқару] - [Тік еңісте жүруге көмектесетін жүйе (HDC)] таңдаңыз, ал аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде HDC жүйесін қосу/өшіру индикаторы жанады.

Жүйе іске қосылған кезде, HDC жүйесінің жұмыс көрсеткіші HDC функциясы белсенді екенін көрсететін индикатор аспаптар тақтасында жанады. Қосқышты тағы бір рет басыңыз, сонда HDC жүйесінің индикаторы өшіп, бұл функцияның өшірулі екенін білдіреді.





Егер автокөлік 35 км/сағ - 60 км/сағ жылдамдықпен қозғалса, HDC жүйесінің жұмысы тоқтатылады. Автокөлік жылдамдығын 8~35 км/сағ дейін төмендеткеннен кейін HDC жүйесінің жұмысы қалпына келтіріледі. Егер автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ шамасынан асса, жүйе өшеді, ал HDC индикаторы сөніп қалады.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Жұмыс істеп тұрған кезде HDC жүйесінің индикаторы жыпылықтайды және мотор бөлімінде ESC жүйесінің жетегі іске қосылып, жұмыс істеп тұрған ESC қозғалтқышының дыбысы естілуі мүмкін. |

## Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD)

Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD) тежеу жүйесіндегі қысымды ESC жүйесі арқылы ұстап тұрады және жүргізушіге автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұруға көмектеседі. Тежегіш педалін жіберген кезде автокөлік қозғалыссыз күйде қалады. Акселератор педалін басқанда қозғалысты бастауға жағдай жасалады, тұрақ тежегіші автоматты түрде жіберіліп, автокөлік біртіндеп қозғала бастайды.

Автоматты түрде ұстап тұру функциясы (AUTO HOLD) жүргізушіге келесі жағдайларда көмектеседі:

- Қозғалыс басталған кезде, әсіресе тік өрде автокөлікті ұстап тұрады;
- Автокөліктің, әсіресе тік өрде кездейсоқ және өздігінен қозғалуына жол бермейді;
- Кептелісте қозғалған кезде немесе бағдаршам алдында уақытша тоқтаған жағдайда тұрақ тежегіші функциясын орындайды.

**Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің (AUTO HOLD) іске қосылу шарттары:**

- Автокөлік толығымен қозғалыссыз;
- Қозғалтқыш оталып тұр;
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған;
- Есіктер (соның ішінде жүргізуші есігі) жабық;
- Электромеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) ақаулық индикаторы өшірулі;

- ESC жүйесі іске қосылған.

Егер автокөлік сырғып кетуге бейім болса, AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі автокөлікті қозғалтпау үшін тежеу жүйесінің қысымын автоматты түрде арттырады. Сонымен қатар ESC жүйесі жұмысының дыбысы естіледі және аяққа шамалы діріл сезіледі. Автокөлік қайтадан сырғыған жағдайда AUTO HOLD жүйесі автокөлікті автоматты түрде тұрақ тежегішіне орнатады, бұл жүйенің қалыпты алгоритмі.

Егер автокөлік қозғала бастаған кезде AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі жұмыс істесе, автокөлікті ұстап тұру режимінен шығару үшін үдеткіш педалін басыңыз.

Егер автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесі (AUTO HOLD) көлік жүргізу кезінде қолайсыздық тудырса, мысалы, артқа жүру кезінде, кептелісте тұрғанда және т.б. жағдайларда оны уақытша өшіріп қоюға болады.

**Қосу (ON)/ Өшіру (OFF):**

AUTO HOLD функциясы әдепкі бойынша өшірілген. Оны көпфункциялы мультимедиялық дисплейдің мәзірінен іске қосуға болады: [Автокөлік] → [Басқару] → [AUTO HOLD] бұл функцияны қосу/өшіру үшін.

AUTO HOLD ауыстырып-қосқышын басыңыз, AUTO HOLD индикаторы аспаптар тақтасында ақ түспен жанады, бұл функцияның іске қосылғанын білдіреді. Қосқышты тағы бір рет басыңыз, индикатор сөніп, функция өшеді. 

**Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру жүйесінің (AUTO HOLD) іске қосылуының қажетті шарттары:**

- Қозғалтқыш оталдыру жүйесінің режимінде;
- Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған;
- Есіктер (соның ішінде жүргізуші есігі) жабық;



**ЕСКЕРТПЕ**

- [AUTO HOLD] пернесінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз;
- [AUTO HOLD] пернесін ұзақ уақыт басып тұрмаңыз. Жүйе мұны қате деп анықтап, қате туралы хабарлайды.
- Автокөлікті ұстап тұру режимінен шығару үшін қозғалыс басталған кезде акселератор педалін басыңыз. Әйтпесе, автокөлік қозғалысты бастай алмайды. МБҚ-мен жабдықталған автокөліктерде қозғалтқыш тоқтауы мүмкін.
- AUTO HOLD жүйесі автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстай бастаған сәттен бастап шамамен 3 минуттан кейін AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі электрмеханикалық тұрақ тежегішіне өздігінен ауысады;
- AUTO HOLD функциясы іске қосылған кезде тежегіш педалі қатайып кетуі мүмкін.
- AUTO HOLD автоматты түрде ұстап тұру жүйесі тұрақ тежегішін алмастырмайды. Автокөлікті қауіпсіз көлденең бетке тұраққа қойыңыз. Автокөліктің сырғып және тайып бара жатпағанына көз жеткізіңіз.

- AUTO HOLD функциясы жұмыс істеп тұрған кезде AUTO HOLD индикаторы қосулы болып, жасыл түспен жанады.
- AUTO HOLD жад жүйесі функциясы өндіруші зауытпен әдепкі бойынша өшірілген. Бұл функцияны іске қосу қажет болса, өкілетті CHANGAN сервис орталығына хабарласыңыз.
- Егер AUTO HOLD жүйесінің іске қосылуының барлық шарттары сақталса, аспаптар тақтасындағы жүйе индикаторы қосылмаса, диагностика және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Өрге қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (HHC)

Қозғалыс басталған кездегі көмек жүйесі (HHC) - бұл бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің (ESC) қосымша функциясы. Өрге қозғалысты бастауға көмектесетін жүйе (HHC) қозғалыс басталған кезде автокөліктің артқа қозғалуына (сырғып кетуіне) жол бермейді. Тежегіш педалін жіберген кезде жүйе қысқа уақыт ішінде (2 секунд шамасында) автокөлікті қозғалыссыз ұстайды және сырғып кетуден сақтау үшін акселератор педалін басуға уақыт береді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- HHC жүйесі зауыттық баптауларда әдепкі бойынша іске қосылған. Оны өшіру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Жүйе қалыпты жұмыс істегенде соленоидтардың электрмагнитті клапандары «сырт» еткен дыбыс шығарады, бұл ақау емес.
- HHC жүйесі тежеу жүйесіндегі күшті арттырмайды. Егер тежегіш педалі аз күшпен басылса, HHC автокөлікті ұстай алмай қалуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ**

- Егер бөлінген қысқа уақыт өткеннен кейін автокөлік қозғала бастамаса немесе жүргізуші акселератор педалін аз күшпен басса, ННС жүйесі автокөлікті статикалық күйде ұстауды тоқтатады ал бұл автокөліктің артқа сырғып кету қаупін туындатады, мұның салдары апаттарға, жазатайым оқиғаларға және жарақаттарға әкелуі ықтимал.
- Егер ННС жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жүргізуші есігі ашылса, жүйе дереу өшіп, автокөлік төмен сырғи бастайды.
- Берілістерді ауыстырып қосу селекторының «D» (Алға жүру) немесе «R» (Артқа жүру) күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

## Тұрақ тежегішіне автоматты түрде қою

Қозғалтқышты тоқтатып, автокөліктің электр қуатын өшіргеннен кейін, автокөлікті тұрақ тежегішіне орнату үшін EPB пернесін көтерудің қажеті жоқ. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің (EPB) функциясы автокөлікті тұрақ тежегішіне автоматты түрде орнатады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер қозғалтқышты өшіргеннен кейін автокөлікті тұрақ тежегішіне қоюдың қажеті болмаса, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде EPB пернесін 3 секундтан артық басып тұрып, қозғалтқышты өшіріңіз. Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) өшеді. Қозғалтқышты ары қарай іске қосқан кезде, оталдыру жүйесі өшірілгеннен кейін автокөлікті тұрақ тежегішіне автоматты түрде қою функциясы қалпына келтіріледі.

- EPB пернесінің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз;

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктен шықпас бұрын автоматты тұрақ тежегішінің іске қосылғанына көз жеткізіңіз. Тұрақ тежегішіне қойылғаннан кейін автокөлік келесідей әрекет етеді:

- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін, тұрақ тежегішінің индикаторы 10 секунд бойы қосулы болады.
- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін аспаптар тақтасында 10 секунд ішінде «P» тұрақ тежегішінің қызыл индикаторы жанады.
- Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою/алып тастау кезінде жұмыс істеп тұрған электрқозғалтқыш және артқы тежегіш механизмдері 2 секунд бойы шуыл шығарады.

## Рульдің электркүшейткіші (EPS)

Рульдің электркүшейткіші (EPS) жүргізушінің рульге түсіретін күшін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Рульдің төмен жылдамдықпен айналу күшін азайтады және жоғары жылдамдықта рульге түсетін күшті тұрақтандырады. Бұл автокөліктің жайлылығы мен басқарылу мүмкіндігін арттыруға және отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Егер руль жүйесі дұрыс жұмыс істемесе және электр қуатының тиімділігі төмендесе, автокөлік рульдегі әрекетке жауап беруді жалғастырады, бірақ көп күш жұмсалады. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Рульді бұрған кезде рульдің электркүшейткішінің рұқсат етілген жұмыс дыбысын (шуын) естуге болады. Бұл ақау емес. |

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Рульді шеткі күйлерде ұзақ уақыт бойы (10 секундтан астам) ұстамаңыз, бұл электркүшейткіштің моторына зақым келтіруі мүмкін.<br>Егер руль ақырына дейін бұралған болса және ұзақ уақыт осы күйде қалса, рульдегі күш артады. Жүйе салқындағаннан кейін рульдегі күш қалпына келеді.<br>Рульді ұзақ уақыт бойы жиі бұру рульдің электркүшейткішін зақымдауы мүмкін. |

## Руль электркүшейткішінің көпфункциялы режимі ※


Руль электркүшейткішінің көп функциялы режимі рульдегі күшті жеке қалауыңызға немесе жолдағы жағдайға сәйкес таңдауға мүмкіндік береді.

Рульдегі күшті көп функциялы мультимедиялық дисплей мәзірі арқылы таңдауға болады. Рульдің электркүшейткіш режимін таңдау үшін келесі түймені басыңыз: [Автокөлік] - [Басқару] – [Рульдің электркүшейткіші] және дисплейде ағымдағы қуат режимі баптауларға сәйкес көрсетіледі.



- Ыңғайлылық режимі рульге ең аз күш береді.
- Қалыпты режим (NOR), рульге түсетін күштің орташа деңгейі;
- Спорт режимі (SPT) рульге түсетін ең үлкен күш.

Рульдің электркүшейткіш режимі таңдалған қозғалыс режимімен байланысты болуы мүмкін. Осы функцияға сәйкес, басқару режимін таңдау селекторын орталық басқару консоліне ауыстырған кезде, рульдің электркүшейткіш режимі таңдалған жүргізу режимімен бірге өзгереді. Мультимедиялық дисплейдің басты бетінде [Автокөлік] → [Жүргізу режимі мен руль] функцияны қосу/өшіру.




- ECO - ыңғайлы қозғалыс режимі;
- NOR - стандартты қозғалыс режимі;
- SPT спорттық қозғалыс режимі.

Қозғалтқышты тоқтатқаннан кейін және ары қарай оталдырғаннан кейін рульдің электркүшейткіш режимінің баптаулары бұрын белгіленген режимде қалады. Алайда, батареяны өшіріп, оны қайта қосқаннан кейін баптаулар стандартты әдепкі режимге оралады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Қозғалыс кезінде руль режимдерін өзгерту кезінде абай болыңыз.
- Руль электркүшейткіші жүйесі істен шыққан кезде руль режимдерін таңдау функциясы қолжетімді болмайды.
- Рульді бұрғанда руль күшейткіші режимі өзгерген кезде дисплейде таңдалған режим көрсетіледі, ал қауіпсіздік үшін рульге түсетін күш рульді ортаңғы күйге келтіргеннен кейін автоматты түрде таңдалған режимге ауысады.

## КӨЛІК ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

### Сынап жүргізу

Автокөліктің бұл моделі арнайы сынап жүргізу жағдайларын қажет етпейді, бірақ автокөліктің сипаттамаларын жақсарту, отын үнемдеу және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін алғашқы 1600 км (сынап жүргізу кезеңі) ішінде келесі сақтық шараларын сақтаған жөн:

- Қозғалысты бастамас бұрын қозғалтқышты баяу әрі мұқият қыздырып алыңыз. Қозғалтқыш айналымының іркілісін болдырмау үшін, газ педалін соңына дейін тақамаңыз. Күрт үдетуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Ұзақ уақыт бойы бірдей тұрақты жылдамдықты (жоғары немесе төмен) ұстамаңыз. Автокөлікті сынап жүргізу кезінде қозғалтқышты толыққанды пайдалануға енгізу үшін қозғалтқышты әртүрлі айналымда жұмыс істеткен жөн.

- Жоғары жылдамдықпен жүру үшін төмен берілістерді немесе төмен жылдамдықпен жүру үшін жоғары берілістерді таңдамаңыз, берілістерді қозғалыс жағдайларына сәйкес уақтылы ауыстырыңыз.
- Қажет болмаған жағдайда, шұғыл тежеуден аулақ болыңыз.
- Алғашы 2000 км жүру кезінде тіркемені сүйреуден аулақ болыңыз.
- Өндіріс технологиясына сәйкес жаңа шиналардың адгезиялық қасиеттері жақсы жағдайда емес. Алғашқы 300 км бойы жаңа шиналармен абайлап жүріңіз.
- Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтары алғашқы 500 км жүріс кезінде тозады. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, әсіресе алғашқы 300 км шегінде, шұғыл тежемеуге тырысыңыз.

Сынап жүргізу кезеңінде МБҚ бар автокөліктер үшін әрбір берілісте ұсынылатын ең жоғары жылдамдық:

| Беріліс | Жылдамдық (км/сағ) |
|---|---|
| 1 | 20 |
| 2 | 30 |
| 3 | 50 |
| 4 | 70 |
| 5 | 90 |
| 6 | 110 |
| 7 | 120 |

АБҚ/МБҚ бар автокөліктерді жүргізген кездегі сақтық шаралары:

- АБҚ бар автокөліктерде «D» (Алға жүру) режимін қолданыңыз;
- Сынап жүргізу кезінде автокөліктің жылдамдығын 100 км/сағ асырмаған жөн.
- АБҚ-ны қолмен басқару режимінде автокөлікті пайдалану кезінде ұсынылған шараларды сақтаңыз (МБҚ бар автокөліктерге арналған ұсынымдарды қараңыз).

## Автокөліктің тұрақта ұзақ уақыт тұруы

- Автокөлік төрт аптадан астам уақытқа тұраққа қойылған жағдайда аккумулятор батареясының заряды таусылып, зарядтың шамадан тыс таусылуына байланысты ол жөндеуге жарамсыз болып қалуы мүмкін.
- Автокөлікті тұраққа ұзақ уақыт қойған кезде шиналарды қозғалтқыштан, аккумулятор батареясынан және ЖЖМ-нан (жанар-жағармай материалдарынан) алыс ұстау ұсынылады. Автокөлікті күн сәулесі мен жаңбырдың тікелей әсерінен, жоғары температура мен ылғалдың әсерінен қорғаңыз. Резеңке тығыздағыштарды тазалаңыз да, майлаңыз, барлық есікті жауып, автокөлікті құлыптаңыз. Егер автокөлік үй-жайда тұраққа қойылса, есік терезелерін сәл ашық қалдырыңыз.
- Ұзақ уақыт бойы сақтайтын болсаңыз, автокөлікті жақсылап жуып, құрғатып сүртіңіз де, балауызбен өңдеңіз. Автокөлікті құрғақ, жақсы желдетілетін жерге тұраққа қойыңыз және автокөліктің астындағы балауыздың қорғаныс қабатын

тексеріңіз. Шиналардағы қысымды зауыттық тақтайшада көрсетілген максималды рұқсат етілген мәнге дейін арттырыңыз. Шиналардың деформациялануына жол бермеу үшін шиналардың күйін өзгерту мақсатында автокөлікті аптасына бір рет жылжытып отырыңыз. Ай сайын шиналардағы қысым көрсеткіштерін тексеріңіз.

## Жоғары жылдамдықпен қозғалу

- Шиналардағы қысымды тексеріп, қажет болған жағдайда ұсынылған мәнге дейін реттеңіз.
- Автокөліктің жылдамдығы жоғарылаған сайын тежеу ізі артады. Көлік құралының жылдамдығына қарай оны тежегіш педалімен бақылаңыз.
- Алдағы көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Тау асуынан өту, ұзын көлік құралынан айналып өту немесе туннельге кіру кезінде жылдамдықты азайтыңыз, өйткені автокөлікке бүйірден соғатын жел әсер етуі мүмкін.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Тәуліктің қараңғы уақытында, нашар көрініс жағдайында, жаңбырлы ауа райында, қарлы, батпақты және тайғақ жолдарда жоғары жылдамдықпен жүрмеген жөн.

## Тәуліктің қараңғы уақытында жүру

- Жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз және алдағы көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын көзді қарықтыру әсерін азайту мақсатында артқы көрініс айналарын реттеңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарық жақсы түсуі және алысты көру мүмкіндігі үшін фаралардың тазалығын тексеріңіз.
- Қозғалысты бастамас бұрын жарықтандыру элементтері мен бұрылыс сигналдары, жүріс жарықтары және габарит жарықтары, дыбыс сигналы және басқа да жабдықтар жұмысқа жарамды күйде екеніне көз жеткізіңіз.

## Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру

- Төмен жылдамдықпен қозғалыңыз: қатты жаңбыр көруге кері әсер етеді және тежеу ізін арттырады.
- Қозғалысты бастамас бұрын әйнектазартқыштың жұмысын тексеріңіз;
- Қозғалысты бастамас бұрын шиналардың қысымы мен күйін тексеріңіз. Шиналардың нашар күйі автокөліктің сырғып кетуіне, аквақалқуға және жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін;
- Қозғалыс кезінде тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз, тежегіш дискінің беттерін және қыспақтардың беттеріндегі ылғалды тежеу әсері қалпына келгенше құрғатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Жаңбырлы және ылғалды ауа райында жүру кезінде жол қозғалысының басқа қатысушыларына хабар беру үшін фаралардың таяу жарығын қосыңыз.

## Су кедергісін еңсеру

- Қозғалтқышқа су кіріп кетпеуі үшін қозғалыс кезінде терең шұңқырлардан, су басқан жерлерден аулақ жүруге тырысыңыз.
- Су кедергісінен өткен кезде: жылдамдықты барынша төмендетіңіз; дөңгелектердің су кедергісінен бір уақытта өтуін қамтамасыз етуге тырысыңыз; дөңгелектердің сырғып кетуіне және автокөліктің бүйірмен сырғуына жол бермеу үшін тежегіш педалін баспаңыз.
- Еңсерілетін су өткелінің тереңдігінен және 5 км/сағ жоғары қозғалыс жылдамдығынан аспаңыз, себебі автокөліктің қозғалтқышына, трансмиссиясына және электр жабдықтарына зақым келуі мүмкін.
- Су кедергісін еңсергеннен кейін тежегіш дискінің беттерін және қыспақтарды қалыпты тежеу әсерін қалпына келтіргенше кептіру үшін тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

## Лас және тайғақ жолмен қозғалу

- Жоғары жылдамдықпен жүргізуден аулақ болыңыз.
- Мүмкіндігінше, тозған шиналарды пайдаланбаңыз. Шиналарды уақтылы ауыстырыңыз.
- Лас және тайғақ жолмен ұзақ қашықтыққа ұзақ уақыт бойы жүргеннен кейін автокөлікке қызмет көрсету қажет.

## Өрде және таулы жерде жүру

- Өрге көтерілу кезінде айналу моментін арттыру және қозғалтқыштың қызып кету мүмкіндігінен туындаған зақымдарды болдырмау үшін қозғалтқыштың айналу жиілігі мен еңіс бұрышына сәйкес төмендетілген беріліске уақытылы ауысу қажет.
- Төбешікке қозғалысты бастаған кезде, іліністі қозғалтқыштың жоғары айналымында соңына дейін ұзақ басып тұрудан аулақ болып, дөңгелектерінің бос айналуынан, түбінде, істен шығуынан сақ болыңыз.
- Таудан/өрден ұзақ уақыт бойы түсу кезінде төменгі беріліске ауысып, тежеу үшін қозғалтқышты пайдалану қажет.
- Қозғалтқыш жұмысын жоғары айналымда ұстап тұруға кеңес берілмейді.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Тік немесе созылған еңісте жүргенде тежеу механизмдерінің қызып кетуіне және тежеу әсерінің жоғалуына жол бермеу үшін тежегіш педалін жиі немесе ұзақ баспаңыз.

Еңістен бейтарап беріліспен/еркін қозғалыспен (АБҚ селекторының «N» күйі) түсуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

## Қыс мезгілінде жүру

Қыс мезгілі басталғанға дейін автокөлікке техникалық қызмет көрсетіп, қыста пайдалануға дайындаңыз. Қыс кезінде автокөлік жүргізгенде жол төсемінің күйін және қысқы уақыттағы ауа райы жағдайларын ескеріңіз:

- Қоршаған орта температурасына сәйкес келетін ЖЖМ мен техникалық сұйықтықтарды қолданыңыз (мысалы, май, қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы, әйнекжуғыш сұйықтығы және т.б.);
- Аккумулятор батареясының күйі мен заряд деңгейін тексеріңіз;
- Автокөліктің мақсаты мен қолданысына байланысты оны қажетті керек-жарақтармен жабдықтау керек (мысалы: шиналарға арналған сырғытпайтын шынжырлар, әйнек қырғыштар, құм немесе тұз салынған қаптар, сигнал алаулары/ ракеткалар, күрек және т.б.);
- Қысқы шиналарды орнату керек, қатты тозған шиналарды пайдаланбаған жөн;
- Автокөлікті тексеріп, үстіндегі қарды алып тастаңыз;
- Қыс мезгілінде қозғалу кезінде тежегіштерді алдын ала қолданыңыз және тежегіш педалін жиі баспау үшін баяулауды қадағалаңыз.
- Тұрақта тұрған кезде тұрақ тежегішін пайдаланбаңыз. Тұрақ тежегіші қатып қалуы мүмкін, соның салдарынан оны түсіруге кедергі туындатуы мүмкін. Беріліс қорабының селекторын «P» күйіне ауыстырыңыз;
- Автокөлікті өрде тұраққа қоюға болмайды. Егер бұл мүмкін болмаса, кездейсоқ сырғып кетудің алдын алу үшін дөңгелек астына сырғытпайтын тіреуді қойыңыз.
- Сырғытпайтын шынжырларды дұрыс қолданыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Қарлы күндері және тайғақ жолдарда жоғары жылдамдықпен жүруге тыйым салынады.

Қар басқан және тайғақ жолдарда күрт маневр жасауға, бастауға, жылдамдық үдетуге, күрт бұрылуға және тежеуге тыйым салынады.

Мүмкіндігінше, автокөлікті тегіс жерге тұраққа қойыңыз.

Төмен беріліске ауысу арқылы қозғалтқышпен тежеу тәсілін қолданбаған жөн. Тайғақ беттерде жетекші дөңгелектер жолмен іліністі жоғалтуы мүмкін, сондықтан тайып кету және апат қаупі артады.

## Үнемді жүргізу

Отын шығынын және зиянды шығарындыларды азайту үшін келесі ережелерді орындаңыз:

- Автокөлікті пайдалану кезінде үнемді режимге (ECO) ауысыңыз.
- Ұзақ уақытқа тоқтаған кезде қозғалтқышты өшіріңіз;
- Күрт үдетуден аулақ болыңыз: күрт үдету отын шығынын арттырады және қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін қысқартады.
- Автокөлік қозғалысын болжаңыз: жанармай шығынын азайту үшін күрт үдетуден, тежеуден және тоқтаудан аулақ болыңыз;
- Тас жолда жоғары жылдамдықпен жүргізуден аулақ болыңыз: күрт тежемей және үдетпей тұрақты жылдамдықпен жүру жолаушылардың жайлылығын арттырады, отын шығынын және зиянды заттардың шығарылуын азайтады, сондай-ақ қозғалтқыш пен трансмиссияның тозуын барынша азайтады.
- Автокөліктің салмағын барынша азайтыңыз: қосымша салмақ отын шығынын арттырады.
- Шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұрыңыз: шиналардағы төмен қысым қозғалысқа кедергіні, отын шығынын арттырады және шиналардың тозуын тездетеді.
- Люкті және/немесе терезелерді жабыңыз: шатырдағы ашық люк немесе терезелер жел кедергісін және отын шығынын арттырады.
- Еркін (инерциямен) қозғалуды қолданыңыз: бағдаршамның тыйым салатын сигналына жақындағанда немесе таудың тік өрінен түсіп бара жатқанда акселератор педалін алдын ала жіберіңіз, осылайша автокөлікке инерциямен қозғалуға мүмкіндік беріледі. Осы кезде қозғалтқышқа отын аз мөлшерде беріледі.
- Жоғары жылдамдықпен жүргізуден аулақ болыңыз: қозғалтқыштың иінді білігінің ұсынылатын айналу жылдамдығы 1800 айн/мин ~ 2300 айн/мин диапазонында, бұл қозғалтқыштың үнемді жұмыс диапазоны болып саналады.
- Уақтылы техникалық қызмет көрсету: тұрақты техникалық қызмет көрсету ұзақ қызмет ету мерзімі мен оңтайлы үнемдеуге кепілдік береді.

## ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІ

### Режимдер сипаттамасы


Үш қозғалыс режимдерінің біреуін таңдауға болады:

1. **[ECO] - Экономды режим**: отын шығынын азайту үшін таңдалған беріліске байланысты қозғалтқыштың оңтайлы жылдамдығын реттеуге мүмкіндік беретін ең үнемді қозғалыс режимі.
2. **[NOR] – Стандартты режим**: ортаңғы, экономды және спорт режимдерінің арасы. Қозғалтқыш қуаты мен отын шығыны барынша оңтайланған.
3. **[SPT] - Спорттық режим**: қозғалтқыштың жоғары айналымда жұмыс істеуі және автокөліктің ең жоғары қуатына жету үшін төмен берілістерге жылдам ауысу.

## Режимдерді ауыстыру


Конфигурацияға байланысты автокөліктер қозғалыс режимін таңдаудың әртүрлі органдарымен жабдықталған. Автокөліктің нақты құрылымдарына назар аударыңыз.

### Перненің көмегімен таңдау




Орталық туннельдегі тізбекті басу қозғалыс режимдерін циклді түрде ауыстырады: [ECO] → [NORMAL] → [SPORT] → [ECO].

### Джойстиктің көмегімен таңдау




Қозғалыс режимдерін ауыстыру орталық туннельде режимдерді ауыстыру джойстигін айналдыру арқылы жүзеге асырылады.

### Режимдерді таңдау интерфейсі




Таңдалған режим туралы ақпарат аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде көрсетіледі.

### Таңдалған баптауларды сақтау

Таңдалған баптауларды сақтау функциясын көпфункциялы мультимедиалық дисплейінде қосу/өшіру үшін таңдаңыз: [Автокөлік] → [Жүргізу] → [Баптауларды сақтау]. Егер қосқыш Өшірулі күйінде болса, қозғалтқышты өшіргеннен кейін, жүйені қайта іске қосып, автокөлік әдепкі бойынша үнемді [ECO] режиміне оралады. Егер қосқыш Қосулы болса, қозғалтқышты өшіргеннен кейін, жүйені қайта іске қосып, автокөлік қуат өшірілгенге дейін таңдалған қозғалыс режимін орнатады.



# V. АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

## АВТОКӨЛІК АҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР ЖӘНЕ БОРТТЫҚ ҚҰРАЛДАР

Келесі белгілердің кез келгені анықталатын болса, автокөлік техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді қажет етеді. CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Құралдар мен осы бөлімде берілген ескерту әдістері анықтама ретінде келтірілген. Айырмашылық табылған жағдайда автокөліктің нақты конфигурациясына мән беріңіз. |

### Көрінетін белгілер

- Автокөлік астында сұйықтықтың ағуы. (Кондиционерді пайдаланғаннан кейін бөлінетін судың тамшыларын, пайдаланылған газ шығару жүйесіндегі дренаж саңылауларынан сұйықтың ағуын қоспағанда. Бұл ақау емес);
- Шинада қысымның азаюы, шиналардың әркелкі тозуы немесе қампаю;
- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші қалыптан жоғары температураны көрсетті.

### Дыбыс белгілері


- Пайдаланылған газ шығару жүйесінің дауысының өзгеруі;
- Бұрылыстардан өткен кезде шина дауысының қатты естілуі;
- Аспа жұмысында бөгде дыбыс пайда болды;
- Қозғалтқыштың жұмысына байланысты сыртқы шуыл.

### Пайдалану белгілері

- Қозғалтқыш тұрақсыз, іркіліспен немесе дірілдеп жұмыс істейді;
- Автокөліктің қуаты едәуір төмендеді;
- Тежеу кезінде автокөлік траекториядан қатты ауытқиды;
- Автокөлік тегіс жолмен қозғалған немесе тежеген кезде траекториясын ұстап тұрмайды;
- Автокөлік түзу жолмен жүру кезінде сөніп қалады;
- Тежеу жүйесі істен шыққан, тежегіш педалі жұмсақ, педаль еденге сәл тимей тұр.

### Автокөліктегі құралдар жинағы ※

Борттық құрал қосалқы дөңгелектің қуысында орналасқан. Автокөліктің борттық жол құралына кіру үшін жүк бөлімшесінің еден жабынын көтеріңіз.




① Апаттық аялдау белгісі;
② Домкрат;
③ Баллон кілті;
④ Домкрат тұтқасы;
⑤ Сүйреу құлақшасы.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Автокөлікті жолдың үстіне тоқтап жөндемеңіз. Дөңгелектерді ауыстырмас бұрын жолдың шетіне шығып, автокөлікті тұраққа қойыңыз және оны тіреулермен бекітіңіз де, жарық шағылыстыратын кеудеше киіңіз. Домкратты тегіс қатты бетке орнатыңыз.

Домкрат автокөліктің алдыңғы және артқы бүйір жағындағы арнайы бөлінген орындарға дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Домкратты автокөліктің бамперінің немесе басқа бөліктерінің астына орнатпаңыз.

Домкратты қолдану кезінде дене мүшелерін домкратта тұрған автокөліктің астына кіргізуге тыйым салынады. Егер автокөлік астына кіру қажет болса, оны тіреу үшін тірекке орнатыңыз. Қауіпсіздік шараларын ұстанбаған жағдайда автокөлік домкраттан тайып кетуі мүмкін. Бұның салдары ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге ұшыратуы мүмкін.

Автокөлікті көтерген кезде қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз.

Автокөлікті көтерер алдында салонда ешкім қалмағанына, баланың (бар болса) жолдан және домкратпен көтерілетін автокөліктен қашық жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.

## Апаттық жарық сигналын беру жүйесі ※

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу түймесі орталық консольде орналасқан.

Апаттық сигнал беру жүйесін қосу үшін түймені басыңыз, сол және оң жақ бұрылыс көрсеткіштері бір уақытта жыпылықтай бастайды. Өшіру үшін - түймені қайта басыңыз.

100/сағ жылдамдықпен келе жатқан автокөлікті шұғыл тежеген кезде апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылады да, қауіптің барын ескертеді және жол қозғалысының басқа қатысушыларына жылдамдықтың төмендегені туралы хабар береді. Егер шұғыл тежегеннен кейін автокөлік қайтадан үдейтін болса немесе өшіру түймесі басылса, сигнал беру жүйесі өшеді.

Апаттық сигнал беру жүйесі автокөліктің оталдыру жүйесі ажыратылған кезде де жұмыс істейді.

**ЕСКЕРТПЕ**

- 100 км/сағ төмен жылдамдықпен келе жатқан автокөлікті шұғыл тежеу немесе бірқалыпты тежеу кезінде апаттық жарық сигналын беру жүйесі автоматты түрде қосылмайды.
- Тежеу кезінде апаттық сигнал беру жүйесінің автоматты түрде қосылу мүмкіндігін өшіруге немесе баяулаған кезде қосылу параметрлерін реттеуге болады. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Апаттық аялдау белгісі ※



Апаттық аялдау белгісі жүксалғышта, қосалқы дөңгелектің қуысында, жүксалғыш кілемшесінің астындағы борттық жол құралымен бірге орналасқан.

Апаттық аялдау кезінде апаттық аялдауды ескерту белгісін шығарып, жоғарыда көрсетілгендей, жол жүру ережелеріне сәйкес орнату қажет.

**ЕСКЕРТПЕ**

Апаттық аялдау кезінде апаттық аялдау белгісін шығарып, орнатып қою керек.

Апаттық аялдау белгісі жол жағдайларына қарай басқа жүргізушілерге қауіп туралы уақытылы ескертуді қамтамасыз ететін қашықтыққа орнатылады. Бұл қашықтық елді мекендерде автокөліктен – кемінде 15 м, ал елді мекеннен тыс жерде 30 м болуы керек.

Сонымен қатар апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу керек.

Сүйретілетін механикалық көлік құралының апаттық жарық сигналы жоқ болған немесе істен шыққан кезде оның артқы жағына апаттық аялдау белгісін бекітіп қою керек.

## Жарық шағылысатын қауіпсіздік кеудешесі ※



Жарық шағылысатын кеудеше салынған сөмке алдыңғы жолаушы орындығының қарсысындағы ұсақ-түйек тартпасында орналасқан.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Апаттық аялдау жағдайында жарық шағылысатын кеудешені киіңіз, апаттық аялдау белгісін жол қозғалысы қағидаларына және жол жағдайларына сүйене отырып орнатыңыз. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз. Мүмкіндігінше, жол үстінен шеткері тұрыңыз.

## ДӨҢГЕЛЕКТЕРДІ АУЫСТЫРУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Дөңгелектерді ауыстырмас бұрын автокөлікті жолдан шығарып, оны тегіс қатты жерге қойыңыз және ауыстырылатын дөңгелектен диагональ бойынша дөңгелектерді екі жағынан тіреумен бекітіңіз.

Домкратты тегіс қатты бетте қолданыңыз.

Егер дөңгелекті бұл жағдайда ауыстыру мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Жұмысқа дайындау**

- Автокөлікті қатты, тегіс жерге қойыңыз;
- Тұрақ тежегішін іске қосыңыз;
- Алдыңғы дөңгелектерді бұрып түзеңіз;
- АБҚ автокөліктері үшін – беріліс қорабын ауыстыратын селекторды «P» (Тұрақ) күйіне келтіріңіз;
- Қозғалтқышты өшіріңіз;
- Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз;
- Қосалқы дөңгелек қуысынан қосалқы дөңгелек пен құралдар жинағын алып шығыңыз;
- Автокөлік сырғып кетпеу үшін ауыстырылатын артқы дөңгелектен диагонал бойынша дөңгелектердің алдынан және артынан тіреу қойыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Дөңгелекті ауыстырып жатқанда автокөлік сырғып кетпеуі үшін оны көтермес бұрын тұрақ тежегішін іске қосып, дөңгелектердің астына тіреу қойыңыз.

**Қосалқы дөңгелекті алу**



Қосалқы дөңгелекті шығарып алу үшін қосалқы дөңгелек бекітпесінің қысатын пластинасының болтын теріс бағытқа бұраңыз.


Қосалқы дөңгелекті ауыстырған соң, оны бекіту үшін қосалқы дөңгелектің қысатын пластинасының бекіту болтын оң бағытқа бұраңыз.

**Дөңгелектерді ауыстыру**

1. Дөңгелек сомындарын теріс бағытқа бұрай отырып, толық бір айналым жасап, сомындарды толығымен шешпей кезекпен босатыңыз.



2. Домкратты автокөліктің алдыңғы/артқы бөлігінде автокөліктің көтерілетін тиісті жеріне, ауыстырылатын дөңгелектің қасына орнатыңыз. Домкраттың тірегі орнатылатын орындар автокөлік шанағының бүйір панельдерінің / табалдырықтарының астыңғы жағында орналасқан, сондай-ақ төмендегі суретте бейнеленген. Автокөлікті домкратпен көтеру кезінде домкратты есіктердің тығыздағышының астындағы табалдырықта нақты белгіленген 2 ойықтың арасында орналасқан көтеру нүктелеріне орнатыңыз. Домкрат кертпесін табалдырықта көрсетілген орынға орнатып, оны бекітіңіз.




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Жарақат алып қалмас үшін автокөлікпен жиынтықта бірге келген домкратты пайдаланыңыз. Домкратты белгілеген домкратпен көтеруге арналған орындарға ғана орнатыңыз. Автокөліктің басқа бөліктерінің астына домкрат салмаңыз.

Домкратты дұрыс пайдаланбаған жағдайда автокөлік көтерілген кезінде ауып, тайып немесе құлап кетуі мүмкін. Домкратты тек қатты, тегіс, тайғақ емес жерге орнатыңыз.

Домкратты тіреу үшін ағаш тақтайларды / бөліктерін немесе сол сияқты заттарды пайдаланбаңыз. Әйтпесе, домкратқа түскен салмақты домкрат көтере алмай, қажетті биіктікке жете алмай қалады. Шина мен жердің арасы 3 см аспайтынына көз жеткізіп алыңыз.

3. Домкрат тұтқасын домкратқа орнатыңыз және оны автокөлік көтерілгенге дейін оң бағытқа бұраңыз. Баллон кілтінің көмегімен дөңгелек сомындарын шешіп алыңыз.



4. Дөңгелекті шешіп, автокөліктің жанына қойыңыз;
5. Дөңгелектің күпшекпен жанасатын бетін тазалаңыз;
6. Қосалқы дөңгелекті күпшекке орнатыңыз және бекітіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Сақ болыңыз, дөңгелектер мен дөңгелек қақпақтарының өткір жиектері болуы мүмкін.

Дөңгелекті орнатпас бұрын күпшектің немесе дөңгелектің өзінде бөтен заттар және / немесе ластану белгілерінің (мысалы, топырақ, батпақ, шайыр, қиыршық тас және т.б.) жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, дөңгелекті күпшекке орнатуға және бекітуге кедергі келтірмеуі үшін оны тазалаңыз.

7. Дөңгелек сомындарын орнатып, оларды кедергі пайда болғанша қолмен бұраңыз. Назар аударыңыз, дөңгелек сомының конусы ішке қаратылуы керек.
8. Баллон кілтінің көмегімен алдын ала дөңгелек сомындарын оң бағытқа бұрап шығыңыз да, автокөлікті түсіріңіз.
9. Дөңгелек сомындарын көрсетілген ретпен қатайтып бұраңыз. Барлық сомынның қатайтылғанын тексеріңіз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Дөңгелек домкратпен көтеріліп тұрған автокөліктің болттарын немесе сомындарын тартпаңыз, өйткені ол домкраттан тайып кетуі мүмкін. Дөңгелек болттарын немесе сомындарын автокөлік толығымен түсірілгеннен кейін ғана бұрап қатайтыңыз.

Егер сомын немесе болт зақымдалған болса, дөңгелекті мықтап бекіту мүмкін емес. Бұл дөңгелектің шешіліп кетуіне және жарақат алуға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін ауыр апатқа себеп болуы ықтимал.

Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін сомындарды ұсынылған қатайту моментімен тарту керек. CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Шағын қосалқы дөңгелек толық өлшемді қосалқы дөңгелек емес және оны тек төтенше апаттық жағдайларда ғана қолдануға болады. Қосалқы дөңгелекті ұзақ уақыт бойы және ұзақ қашықтыққа қозғалғанда пайдалануға тыйым салынады. Қосалқы дөңгелегі орнатылған автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ мәнінен аспауы тиіс.

Шағын қосалқы дөңгелекті орнатқан соң, толық өлшемді дөңгелекке ауыстыру үшін барынша тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Автокөлікте бір мезетте бір ғана апаттық қосалқы дөңгелекті пайдалануға болады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Алдыңғы дөңгелек зақымдалған болса, артқы дөңгелекті зақымдалған алдыңғы дөңгелектің орнына алмастырып салыңыз және апаттық қосалқы дөңгелекті артқы дөңгелектің орнына орнатыңыз.

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін, шинада ұсынылатын қысымды тексеріп, орнатыңыз.

Ауыстырылған дөңгелекті қосалқы дөңгелектің қуысына салып бекітіп, құралды орналастырыңыз.

Автокөлікті жөндеп болған соң және/немесе түпнұсқа дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін пайдаланылатын дөңгелек болттарының ұзындығы қажетті өлшемде екенін тексеріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Болттар мен сомындарды ауыстыру кезінде метрикалық бұрандасы бірдей және қылау конфигурациясы дәл сондай сомындарды қолданыңыз. Метрикалықтан бөлек, бұрандалары басқа сомындар мен болттар дөңгелек бекітілетін бұранданы зақымдап, дөңгелекті бекітуге мүмкіндік бермейді.

Жаңа дөңгелек сомындарын немесе дөңгелектерді орнатпас бұрын олардың түрі мен өлшемін мұқият тексеріңіз. Қандай да бір мәселелер немесе қиындықтар туындаған жағдайда, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Torque Дөңгелек сомындарын қатайту моменті**

Дөңгелектердің сомындарын қатайту моменті 100 – 120 Нм.

Ауа клапанының қалпақшасын бұрап алыңыз да, ауа қысымын манометрдің көмегімен тексеріңіз. Егер шинадағы ауа қысымы төмен болса, қысымды көрсетілген мәнге дейін жеткізу үшін жақын жердегі техникалық қызмет көрсету станциясында тоқтаңыз. Ауа қысымын тексеріп немесе реттеп болған соң, ауа клапанының қалпағын орнатыңыз.


## АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫНЫҢ ЗАРЯДЫ ӘЛСІЗ БОЛҒАНДА ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ОТАЛДЫРУ

**ЕСКЕРТПЕ**

Автокөлікті 12 V кернеуі бар батареядан ғана қосуға болады.

1. Автокөліктің жанына сыртқы қуат көзін орнатыңыз және оны ұштары (мысалы, «қолтырауын») бар жоғары вольтті сымдардың көмегімен қосыңыз. Оталдыру үшін басқа автокөліктің аккумуляторы пайдаланылып тұрса, оны аккумулятордың қуаты төмен автокөліктің капотына барынша жақын орналастырыңыз. Автокөліктер бір-біріне тимеуі керек. Екі автокөліктің де тұрақ тежегішін қосып қойыңыз.
2. Сымдарды батареяға жалғамас бұрын, батарея мен сымдардың клеммаларын тексеріңіз, кірін тазалап (болған жағдайда), барлық қақпақтары тартылып, теңескеніне көз жеткізіңіз.

3. Қажетті қауіпсіздік индикаторларынан басқа (мысалы, фаралар, апаттық жарық сигналы) қуат көзінің артық тұтынушыларын сөндіріңіз.
4. Аккумуляторларды сымдармен мынадай жолмен жалғаңыз: сыртқы батареяның оң полюсін және заряды таусылған батареяның оң полюсін сыммен жалғаңыз; содан соң сыртқы батареяның теріс полюсіне жалғанған сымды оталдырылуы тиіс автокөліктің теріс полюсіне немесе оның батарея мен отын беру жүйесінен қашық жердегі массасына (қозғалтқыштың ашық металл бөлігіне) жалғаңыз. Екі сымның бір-біріне тиіп қалмауын қадағалаңыз.


GE06004

5. Автокөлікті оталдыру үшін пайдаланған кезінде, сымдарды жалғап болған соң, осы автокөліктің қозғалтқышын оталдырып, тұрақты жылдамдық айналымында біраз уақыт істетіп қойыңыз.
6. Аккумулятор қуаты төмен автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз;
7. Оталғаннан кейін сымдарды кері ретпен ажыратыңыз. Ажырату процесінде кез келген автокөліктің металл бөліктеріне қол тигізбеңіз.

**ЕСКЕРТУ**


Аккумулятор батареясы мұздаған болса, автокөлікті қосалқы аккумулятордан оталдыруға тырыспаңыз. Әйтпесе, аккумулятор батареясы жарылуы немесе істен шығуы мүмкін.

Қуат көзі жеткіліксіз болса, сымдарды батареяның теріс полюсіне тікелей жалғамаңыз.

Қозғалтқышты оталдыру кезінде қолдарыңыз бен сымдарды белдік шкивінен, генератор белдігінен, желдеткіштен және қозғалтқыштың басқа да айналатын бөліктерінен қашық ұстаңыз.

Егер автокөліктің аккумулятор батареясының заряды ешқандай себепсіз жиі таусылатын болса, диагностика жүргізу және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## АВТОКӨЛІКТІ КӨТЕРУ ЖӘНЕ СҮЙРЕУ


GE06005

Автокөлікті артқы осі асылған күйде тасымалдамаңыз, әйтпесе, руль жүйесі істен шығуы мүмкін.

Қозғалтқыш істемей тұрған кезде руль күшейткіші мен тежеу жүйесі жұмыс істемейді. Бұру немесе тежеу үшін көп күш қажет болады.

Автокөлікті сүйреу құлақшасынан, шанақтан немесе шассиден іліп көтермеңіз, себебі бұл оны зақымдауы мүмкін.

Алдыңғы дөңгелектері асылмаған автокөлікті артқа сүйремеңіз. Бұл автокөліктің бұзылып қалуына әкеледі.


Күрт немесе бағынбайтын қозғалысты, немесе сүйреу құлақшасына, сүйреу арқанына немесе шынжырына ауыр салмақ түсіретін автокөліктің өздігінен, тұрақсыз қозғалуына жол бермеңіз, бұл олардың бұзылуына алып келеді және апаттық жағдай тудырады. Бұл автокөлікті зақымдауы және жарақат келтіруі мүмкін.

Бұзылған автокөлікті сүйреу мүмкін болмаса немесе ол бақылаудан шығып кетсе, қозғалысты тоқтатыңыз.

Егер ақаулы / бұзылған / жүрмей қалған автокөлікті орнынан қозғалту мүмкін болмаса, сүйреуді тоқтатыңыз.

Сүйреу кезінде біркелкі және бірқалыпты жүруге тырысыңыз.

**Алдыңғы сүйреу құлақшасын бекіту нүктесі**




Алдыңғы сүйреу құлақшасын бекіту нүктесі автокөліктің алдыңғы бамперінің төменгі оң жақ бөлігінде орналасқан.

**Артқы сүйреу құлақшасын бекіту нүктесі**




Артқы сүйреу құлақшасын бекіту нүктесі автокөліктің артқы бамперінің төменгі оң жақ бөлігінде орналасқан. Артқы бампердегі сүйреу құлақшасы орнатылатын ① бекіту нүктесінің қақпағын ашып, сүйреу құлақшасын пайдалану үшін орнатып, қатайтыңыз.

| ЕСКЕРТУ |
| --- |
| Автокөлікті кез келген торабынан немесе сүйреу құлақшасынан бөлек шанақтың бөлігінен іліп сүйреу салдары автокөлікті зақымдауы мүмкін. |
| Сүйреу үшін арнайы болат арқанды немесе шынжырды ғана пайдаланыңыз. Болат арқанды немесе шынжырды сүйреу құлақшасына мықтап бекітіңіз. |
| Автокөлікті сүйреу кезінде жұлқуға және күрт қозғалуға жол бермеңіз. Жүктемені тұрақты әрі біркелкі үлестіру әдісін пайдаланыңыз. |

**Дөңгелекті ілмей, автокөлікті тіркеп сүйреу**

Көрсетілген тәсілмен төмен жылдамдықта қысқа қашықтықтарға тіркеп сүйреуге рұқсат етіледі және бұл тек қатты тегіс төсемді жолдармен жүзеге асырылуы керек. Дөңгелектер, аспа, жүріс бөлігі, руль және тежеу жүйесі жарамды күйде болуы шарт.

- Сүйрейтін көлік құралы сүйретілетін автокөліктен жеңіл болмауы керек, әйтпесе, жүргізуші автокөліктерді басқара алмай қалуы мүмкін.
- Сүйреу құлақшасы істен шықпағанына және берік бекітілгеніне көз жеткізіңіз;
- Сүйреу құлақшасының бұрандасын толық бұрап бекітіңіз;
- Болат арқанды немесе шынжырды сүйреу құлақшасына бекітіңіз;
- Сүйретілетін автокөлікті құлақшаға болат арқанмен немесе шынжырмен бекітіңіз;
- Сүйреу кезінде баяу, жұлқымай қозғалыңыз. Сүйретілетін автокөлікті және сүйреу құлақшасын жұлқымай тартыңыз;
- Сүйретілетін автокөліктің оталдыру жүйесін қосыңыз. Берілістерді ауыстыру селекторын «N» (Бейтарап) күйіне ауыстырыңыз да тұрақ тежегішін жіберіңіз;
- Зақым келтірмеу үшін автокөлікті оның тұрған бағытына қарай сүйреңіз.
- Сүйреу сымарқанының ұзындығы 5 м-ден аспауы тиіс. Сымарқан көрініп тұруы үшін жалауша іліп қою керек;
- Абайлап қозғалыңыз. Сүйреу арқаны салбырап қалмауы қажет.
- Екі автокөліктің жүргізушілері өзара жиі ақпарат алмасып тұруы керек.
- Еңіске қарай ұзақ уақыт жүрген кезде, тежегіш механизмдері қызып кетуі мүмкін және тежеу сапасы нашарлауы мүмкін. Тежегіштерді салқындату үшін жиі аялдап тұрыңыз.
- Автокөлікті алдыңғы жағынан ғана сүйреуге болады. Артқа жүргізіп сүйреуге тыйым салынады. Тіркеп сүйреу кезіндегі жылдамдық 40 км/сағ аспауы тиіс, ал тіркеп сүйреудің ең ұзақ қашықтығы 25 километрден аспауы тиіс.
- Тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда автокөлікті сүйреу үшін жылжымалы платформаны немесе автокөлікті тасымалдауға арналған эвакуаторды пайдаланыңыз.

**Жолдағы көмек**

Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз немесе автокөліктерді тасымалдаумен және эвакуациялаумен айналысатын компанияға хабарласыңыз. Автокөлікті тіркеп сүйреу үшін автокөлікті көтеру немесе дөңгелектерді ілу мүмкіндігі бар автокөлік манипуляторын (жол-құтқару қызметінің көлік құралдарын) немесе тегіс платформамен жабдықталған эвакуаторларды пайдалану керек. Эвакуатор болмаған жағдайда қатты тіркегіші бар тартқыш жабдықты пайдаланыңыз. Арқанмен сүйреуге тыйым салынады.

Жол-құтқару қызметінің көлік құралдарының көмегімен алдыңғы жетекті автокөлікті сүйреу үшін алдыңғы дөңгелектерді жерден көтеретін құрылғыларды пайдаланыңыз немесе трансмиссия мен рульді зақымдап алмау үшін алдыңғы дөңгелектерді көтеріп, платформаға немесе тіркемеге орнатып бекітіңіз. Бұл жағдайда

алдыңғы дөңгелектер ілінеді, ал артқы дөңгелектер жерде болады.

**Басқа сақтық шаралары**

**Автоматтық беріліс қорабы (АБҚ) бар автокөлікті тіркеп сүйреу**


Автоматты трансмиссияның механикалық ақау пайда болғанда автокөлікті тіркеп сүйреу жетекші дөңгелектерді жерден толығымен көтеріп орындалуы мүмкін.

Егер тіркеменің жылдамдығы сағатына 20 км-ден асса немесе тіркеп сүйреу қашықтығы 20 км-ден асса, онда сүйретілетін көлік құралының жетекші дөңгелектері жерден толық ажырауы тиіс.

Автокөлікті сүйреу кезінде жетекші дөңгелектер жерден ажырамағаны жөн. Автокөлікті қауіпті немесе қиын жерден эвакуациялау қажет болған жағдайда, жылдамдық 20 км/сағ аспауы тиіс.

**Толық жетекті автокөлікті 4WD сүйреу**

Толық жетекті автокөлікті тасымалдау үшін оны толығымен эвакуатор платформасына көтеріп қою керек немесе суретте көрсетілгендей етіп тіркеу керек.




| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Толық жетекті автокөліктерді (4WD) жартылай тиеу арқылы тасымалдауға тыйым салынады. Дұрыс сүйремеу салдары толық жетек жүйесінің түйіндері мен бөлшектерінің зақымдануына алып келеді. |

**Батып қалған кезде көмектесу**

Батқан автокөлікті шығарып алу кезінде оны қатты күшпен күрт жұлқымаңыз және оны белгілі бұрышпен тартпаңыз. Шамадан тыс күш салу автокөлікті зақымдауы мүмкін.

Жетекші дөңгелектер жұмсақ немесе лай жолға батып қалған кезде, әсіресе тиелген автокөлікті шығарған кезде абай болу керек.

Автокөлікті сүйреу құлақшасына іліп шығаруға тырыспаңыз. Мүмкіндігінше, автокөлікті қалып қойған ізімен құлақша арқылы артқа тартып шығарып көріңіз.

## АПАТТЫҚ ЖАБДЫҚ ※

Автокөлік төтенше жағдайда әрекет етуге көмектесетін апаттық жабдықтармен жабдықталған.

## Өрт сөндіргіш

Өрт шыққан кезде өрт сөндіргішті пайдаланып, келесі әрекеттерді мұқият орындаңыз.

1. Өрт сөндіргіштің үстіңгі жағында тұтқаның байқаусызда басылып кетуінен сақтайтын сақтандырғыш сақинаны шығарып алыңыз;
2. Өрт сөндіргіштің шүмегін от шыққан жерге бағыттаңыз;
3. От жалынынан 2,5 м қашықтықта тұрып, өрт сөндіргіш тұтқасынан қысыңыз. Тұтқаны жібере салсаңыз, шашу тоқтап қалады.
4. От көзінің айналасына шүмекті бағыттаңыз. Өрт сөнген соң, от шыққан ошақты мұқият қараңыз, себебі ол қайтадан жалындап кетуі мүмкін.

## Алғашқы жәрдем дәрі қобдишасы

Алғашқы жәрдем дәрі қобдишасында қайшы, бинт, пластырь және т. б. алғашқы жәрдем көрсетуге арналған құралдар бар.

## Шинадағы ауа қысымын өлшейтін манометр ※

Автокөлікті күнделікті пайдалану кезінде шиналардағы қысым өзгеруі мүмкін, сондықтан шиналардағы қысымды жүйелі түрде реттеп тұру керек. Бұл шинаның ақаулығын немесе зақымданғанын білдірмейді әрі қалыпты жағдай. Шиналардағы қысымды салқын күйінде жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз, себебі температура жоғарылаған кезде шиналардағы қысым да артады.

Шиналардағы қысымды тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Шина жиегінде орналасқан ауа клапанының қалпағын бұрап алыңыз.
2. Манометрді шинаның ауа клапанының шұрасына басып, ұстап тұрыңыз. Біраз мөлшерде ауа шығып кетуі мүмкін. Манометрді нық қысып тұрмаса, шинадан ауаның көп бөлігі шығып кетуі мүмкін.
3. Датчикті қосу үшін манометрді ауа клапанының шұрасына бірден әрі мықтап қысыңыз. Ауаның шығуына жол бермеңіз.
4. Манометрдегі шиналардың қысым көрсеткішін тексеріп алыңыз. Шиналардағы қысым көрсеткіштерін рұқсат етілген шамамен салыстырыңыз.
5. Шиналардағы қысымды белгіленген шамаға жеткізіп реттеңіз. «Салқын күйдегі шиналардың рұқсат етілген қысымы» бөлімін қараңыз (VII. Автокөліктің техникалық сипаттамалары).
6. Ауа клапанының қақпағын шұраға орнатыңыз.

## ТӨТЕНШЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕДЕЛ ШАҚЫРУ ЖҮЙЕСІ

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесі төтенше жедел қызметтердің (ТЖҚ) операторын автоматты түрде (апат болған жағдайда) немесе қолмен шақыруға, автокөліктің сипаттамаларын, оның орналасқан жерінің координаттарын, қозғалыс уақыты мен

бағытын сипаттайтын минималды деректер жинағын (МДЖ) беруге, сондай-ақ автокөлік пайдаланушыларының «ЭРА-ГЛОНАСС» мемлекеттік федералды жүйесінің операторымен дауыс зорайтқыш байланыс жүйесін орнатуға арналған. Толық ақпаратты өндірушінің сайтынан алуға болады http: / / www.uveos.ru.




1. Микрофон;
2. «SOS» түймесінің қорғаныс қақпағы;
3. «SOS» түймесі;
4. Күй индикаторы;
5. «Қосымша функциялар» түймесі.

**Жүйенің жұмыс режимдері**

Жүйе 12В борт желісінің номиналды кернеуі бар автокөліктің борт желісінен жұмыс істейді. Қуат көзінен ажыратылған кезде шұғыл қоңырау шалғаннан кейін жүйе кіріктірілген аккумулятор батареясы арқылы жұмыс істейді. Әйтпесе, құрылғы сөніп қалады.

Жүйеде келесі жұмыс режимдері бар:

- «Өшірулі» режимі;
- «ЭРА» режимі;
- «Төтенше қоңырау шалу» режимі;
- «Тестілеу» режимі;
- «Сервис» режимі.

**«Өшірулі» режимі**

Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда жүйе «Өшірулі» режимінде болады. Бұйым оталдыру жүйесі қосылған кезде «Өшірулі» режимінен шығады. Оталдыру жүйесі қосулы болып, қуат көзі болмаса, басқа режимдерден «Өшірулі» режиміне ауысу кіріктірілген резервтік батарея заряды таусылған кезде жүзеге асырылады.

**«ЭРА» режимі**

«ЭРА» режимінде жүйе автокөлік параметрлерін тіркеуді, жол-көлік оқиғаларын автоматты режимде анықтауды жүзеге асырады және пайдаланушының басқару әрекеттеріне жауап қайтарады. Көлік құралының оталдыру жүйесін алғаш қосқан кезде, сондай-ақ «Тестілеу» режимі аяқталғаннан кейін немесе «Төтенше қоңырау шалу» режимі тоқтатылғаннан кейін жүйе «ЭРА» режимінде болады.

**«Төтенше қоңырау шалу» режимі**

«Төтенше қоңырау шалу» режимі МДЖ беруге және автокөлік пайдаланушылары мен байланыс орталығының операторы арасында дауыстық байланысты орнатуға арналған. «Төтенше қоңырау шалу» рәсімі жол-көлік оқиғасын сәйкестендіру модулінен келіп түскен сигнал бойынша оталдыру жүйесі қосылған кезде автоматты түрде, сондай-ақ «SOS» түймесін кемінде 3 секунд басып тұрған кезде орындалады.

ЖКО жағдайын сәйкестендіретін модуль апат уақытын анықтай алады: Бетпе-бет соқтығысқанда; бүйірден соққы алғанда; арттан соққы алғанда; аударылған кезде.

Қолмен басталған «Төтенше қоңырау шалу» режимінен шығу үшін байланыс орнату сатысында (егер жүйе операторымен байланыс әлі орнатылмаған болса) «SOS» түймесін басу керек, төтенше қоңырау шалу тоқтатылады.

«Төтенше қоңырау шалу» режимін автоматты түрде бастаған кезде жүйе төтенше қызметтің байланыс орталығының операторы тарапынан қоңырау аяқталғаннан кейін «ЭРА» режиміне өтеді.

**«Тестілеу» режимі**

«Тестілеу» режимі автокөліктің телекоммуникация жүйесінің жұмысын «ЭРА ГЛОНАСС» жүйесінің операторы тарапынан тексеруге арналған.

«Тестілеу» режиміне кіру «SOS» батырмасын 5 секундтың ішінде қатарынан 5 рет басу арқылы іске асады. Сервистік режимді таңдау күйіне өткен соң 10 секунд күту керек, басқа түймелерді баспау керек.

«Тестілеу» режимінде ПИБ күйінің индикаторы жасыл түспен жанып, 2 секунд сайын 3 рет қызыл түспен жыпылықтайды.

Тестілеуді орындау үшін дауыстық нұсқауларды орындаңыз.

«Тестілеу» режимінен шығу былай жүзеге асырылады:

- өнімді тестілеу нәтижелері бар МДЖ жүйе операторына берілгеннен кейін;
- сыртқы қуат көзін өшірген кезде.

**«Сервис» режимі**

«Сервис» режимі көлік құралы сервис орталығында болған кезде және / немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде өнімнің барлық функцияларын өшіруге арналған.

«Сервис» режиміне кіру үшін «SOS» түймесін 5 секундтың ішінде 5 рет басу керек, содан кейін дауыстық көмекке сүйене отырып, «SOS» түймесін басу керек. «SOS» түймесі 5 секунд ішінде басылмаса, жүйе «Тестілеу» режиміне өтеді.

«Сервис» режимінде ПИБ күйінің индикаторы жасыл түспен жанып, 2 секунд сайын 3 рет қызыл түспен жыпылықтайды және 7 секунд сайын динамиктен дыбыс сигналы беріледі.

«Сервис» режимінен шығу былай жүзеге асырылады:

- «SOS» түймесін басқан соң;
- сыртқы қуат көзін өшірген кезде;
- автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 5 км/сағ шамасынан асқанда.

Ескертпелер:

1. Өнім «Сервис» режимінде болған кезде аударылудың қатерлі бұрышы анықталмайды.
2. Автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету жұмыстары аяқталғаннан кейін жүйені қалыпты жұмыс режиміне ауыстыру қажет.

**Жұмыс режимдерінің индикациясы**

Жүйенің жұмысын индикациялау үшін БИП күйінің индикаторы қолданылады.

Жүйеге қуат көзі берілген кезде күй индикаторы 3-10 секунд аралығында қызыл түспен жанады. Егер өзін-өзі диагностикалау сәтті өтсе, жүйе «ЭРА» режиміне ауысады.

Өзін-өзі диагностикалау кезінде кіріктірілген компоненттердің ақауы анықталған кезде жүйе индикациясы «Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесінің (ТЖҚШЖ) ақауы» күйіне өтеді.

Жүйе күйінің ықтимал көрсеткіштері кестеде келтірілген.

Автокөлік ГЛОНАСС / GPS жерсеріктерінен сенімсіз сигнал қабылдау аймағында ұзақ уақыт болғаннан кейін, автокөліктің орналасқан жерін анықтауға кететін уақыт артуы мүмкін.

Егер жүйе ішкі компоненттердің ақауын анықтаса немесе жүйенің жұмысында өзге ақау анықталса, жөндеуді өзіңіз жүргізбеңіз. Техникалық маманға немесе CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесін пайдаланудың кепілдік мерзімі – автокөлікті бірінші сатып алушыға сату (беру) сәтінен бастап 36 ай.

Төтенше жедел қызметтерді шақыру жүйесінің ішкі аккумулятор батареясының кепілдік мерзімі – автокөлікті бірінші сатып алушыға сату (беру) сәтінен бастап 12 ай.

Толық ақпарат өндірушінің ресми сайтында келтірілген: **http: / / www.santel-navi.ru**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Ауыр апат салдарынан қатты зардап шеккен, нәтижесінде сымдар бумасы зақымдалған (үзілген) автокөлікте жүйе тұрақты жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда қалыпты сервисті қамтамасыз ету мүмкін емес.
- Қызмет көрсету жұмыстарын желіден тыс жерлерде орындау мүмкін емес.
- Жүйенің қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін «SOS» түймесі жедел жәрдемнен басқа қызметтерді сұрату үшін басылған кезде, Call - орталық бұл қызметтерді ұсына алмайды

**Жүйе күйлерінің индикациясы**

| ЖҰМЫС РЕЖИМІ | ИНДИКАЦИЯ |
|---|---|
| ТЖҚШЖ-ны оталғаннан кейін қосу | 3-тен 10 секундқа дейін қызыл түспен жанады. |
| «ЭРА» режимі | Егер ішкі диагностика сәтті өтсе, жасыл түспен жанады.<br>Ақау болса, қызыл түспен жанады. |
| ТЖҚШЖ ақауы | Қызыл түспен үздіксіз жанады.<br>Ақау кодын CAN-шина немесе USB-байланыс арқылы оқуға болады. |
| Ұялы байланыс желісі уақытша қолжетімді емес | Бес қысқа қызыл жыпылықтау (5 Гц) және «Ұялы байланыс желісі уақытша қолжетімді емес» опциялық дауыс көмегі. |
| «Төтенше қоңырау шалу» режимінде байланыс орнату | Баяу жыпылықтау қызыл / жасыл (1 Гц).<br>Опциялық дауыс көмегі мыналар туралы ақпар береді:<br>«Байланысты орнату»;<br>«Деректерді жүйеге жіберу». |
| «Төтенше қоңырау шалу» режимінде МДЖ беру | |
| «Төтенше қоңырау шалу» режиміндегі дауыстық байланыс | Үздіксіз жасыл түспен жанады.<br>«Байланыс орнатылды» опциялық дауыс көмегі. |
| «Тестілеу» режимі | Жасыл түспен жанады, үш рет қызыл түспен қысқа жыпылықтайды (5 Гц), үзіліс 2 секунд, қайталау. |
| «Сервис» режимі | Жасыл түспен жанады, үш рет қызыл түспен қысқа жыпылықтайды (5 Гц), үзіліс 2 секунд, қайталау.<br>Дыбыс сигналы әрбір 7 секунд сайын беріледі. |

Егер жүйе ішкі бөлшектерден ақау тапса, жүйеге қызмет көрсететін техникалық маманға немесе өндіруші кәсіпорынның сервистік қызметінің өкіліне бару керек.

# VI. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

## МІНДЕТТІ ТЕКСЕРІСТЕР ТІЗІМІ

### Күнделікті тексеру

- Негізгі жарықтандыру фаралары мен шамдары: барлық жарықтандыру аспабы және жарық сигналын беру жүйесі (КЖШ, фаралар, артқы шамдар, габарит шамдары, бұрылыс және артқа жүру сигналдары, стоп-сигналдар және тұман фаралары) дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Ескертуші бақылау шамдары және жарық индикаторлары:

Барлық аспап, басқару элементтері және ескертуші шамдар мен жарық индикаторлары дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізіңіз.

- Артқы көрініс айналары:

Айналардың шағылысатын беті таза екеніне көз жеткізіңіз, оларды реттеңіз.

- Автокөлік есіктері, жүксалғыш есігі, капот:

Барлық есіктің, жүксалғыш есігі мен капоттың еркін ашылып, жабылатынына көз жеткізіңіз.

- Шанақтың сыртқы күйі:

Автокөлік шанағында жарықтар немесе сызаттардың болуын тексеріп, қажет болған жағдайда зақымдалған бөлшектерде металл коррозиясының пайда болуына жол бермеу үшін оны мүмкіндігінше тезірек жөндеңіз.

### Отын құю кезіндегі тексеру

- Қозғалтқыштағы май деңгейін, тежегіш және жуғыш сұйықтықтарының деңгейін тексеріңіз;
- Шиналардағы қысымды тексеріңіз;
- Шиналардың күйін тексеріңіз:

Бүйірлік бетте және протекторда жарықтардың жоқтығын тексеріңіз. Шина протекторларында бөгде заттар жоқ.

### Ай сайынғы тексерулер

- Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының деңгейі;
- Құбыршектерде, отын құбырларында және техникалық сұйықтықтар резервуарларында тесіктердің болмауы;
- Кондиционер жүйесінің жұмысы;
- Тұрақ тежегішінің жұмысы;
- Дыбыс сигналы мен динамиктердің жұмысы;
- Дөңгелек сомындарын қатайту моменті:

Сомындар мен болттар берілген мәндерге дейін тартылған.

- Әйнектазартқыштардың жұмысы:

Әйнектазартқыштың щеткалары мен жетектемелері жарамды, жұмыс істеп тұрған күйде екеніне көз жеткізіңіз.

- Рульмен басқару:

Рульде люфтінің болуын тексеріңіз.

- Педальдар:

Тежегіш педалі мен ілінісу педалінің жарамдылығын тексеріңіз.

- Амортизатор тіреулері:

Амортизатор тіреулерінің тозу, ағып кету, қорғаныс тозаңдықтарының сынуы және басқа да зақымданулар бойынша жұмысқа жарамдығын тексеріңіз.

- Төбедегі люк:

Люк пен оның элементтерінде саңылау жоқ екенін тексеріңіз. Сол жақ және оң жақ бағыттауыштағы дренаж арнасын ластану мен бөгде заттардың болуы тұрғысынан тексеріңіз. Люктің және оның реттеуінің бірқалыпты қозғалысын тексеріңіз. Люк тығыздағыштарын үнемі

тексеріп отырыңыз. Люк жұмысында күмәнді шуылдың бар-жоғын тексеріңіз. Қажет болса, тығыздағыштарды сүртіп, майлаңыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКЕН КЕЗДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Жарақат алу немесе көлік құралын зақымдау қаупін азайту үшін инспекциялық тексеру / техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу немесе реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажет:

- Жұмысты бастау алдында қозғалтқышты сөндіріп, оны суытыңыз. Қозғалтқыш ыстық болған кезде жұмыс жасамаңыз;
- Автокөліктің төменгі жағында жұмыс істеген кезде оны ұстап тұру үшін тіректерді / қауіпсіздік тіреулерін қолданыңыз. Автокөлікті домкраттың көмегімен көтерген кезде автокөліктің астына орналаспаңыз;
- Тұтанатын, түтіндейтін, бықсып жанатын және ұшқын шығаратын заттарды аккумулятордан, ЖЖМ-дан және басқа да тұтанғыш бөлшектерден алыс ұстаңыз.
- Автокөліктің электр қуаты қосылып тұрған кезде аккумулятор батареясын немесе басқа электр элементтерін қосуға немесе орнатуға тыйым салынады («ACC/ON» күйлері);
- Клеммалар мен сымдарды аккумулятор батареясына жалғаған кезде абай болыңыз, оларды шатастырып алмаңыз. Оң полюсін теріс полюске және керісінше қосуға тыйым салынады.
- Аккумулятор, оталдыру жүйесінің сымдары және автокөліктің электр тізбектері күшті ток немесе жоғары кернеу шығарады. Қысқа тұйықталуға жол бермеңіз.
- Жабық (мысалы, көлікжай сияқты) үй-жайда жұмыс істеп тұрған қозғалтқышты тексерген кезде тиісті желдету жүйесінің бар екеніне көз жеткізу керек;
- Қозғалтқышқа арналған майды, қозғалтқышты салқындату сұйықтығын және басқа да ЖЖМ мен жанармай сұйықтықтарын балалар мен үй жануарларынан алыс жерде сақтаңыз;
- Төбедегі шыны люкке силикон немесе шыны желімін жақпаңыз.
- Назар аударыңыз: аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейінде «Қатты бөлшектер сүзгісі (GPF) шегіне жетті, техникалық қызмет көрсету қажет» хабары пайда болса, ұсыныстарға сай әрекет етіңіз. Әйтпесе, ол автокөлікті қалыпты пайдалануға әсер етуі мүмкін.

## ШИНАЛАР МЕН ДИСКІЛЕР

### Шиналар

**Шиналарды тексеру және қызмет көрсету**


Автокөлік қозғалған кезде кедергілерден айналып өтуге, шұқанақтарға, шығыңқы жерлерге, шұңқырларға, жиектестарға және т.б. соғылудан аулақ болуға тырысыңыз.

Шинаның бүйірінің үйкелуін және кесілуін болдырмаңыз.

Шинаның бетінде кесілген жерлерінің жоқтығын, бөгде заттардың кіріп кетпегенін және әркелкі тозбағанын үнемі тексеріп отырыңыз. Протектордың әркелкі тозуы

дөңгелектерді орнату бұрыштарының ауытқуын және теңгерімінің бұзылуын аңғартуы мүмкін. Шиналардың бетін үнемі тексеріп, шиналарға жабысып қалған бөгде заттарды үнемі алып тастап жүріңіз.

Шиналардағы индикатор бойынша шиналардың тозуын ай сайын тексеріңіз. Егер протектордың тозуы тозу индикаторымен бірдей деңгейде болса, шиналарды ауыстырыңыз.




Протектор суретінің немесе шинаның бүйір жағының әркелкі тозуы немесе зақымдалуы анықталса (тіліктер, «қампаю» немесе жарықтар), шинаны уақтылы ауыстырыңыз.

Отынды артық жұмсамау үшін шиналардағы қысымды (қосалқы дөңгелекті де) айына бір реттен сиретпей тексеріп отырыңыз.

Бір ось бойындағы шиналардың қысым айырмасы 5 кПа-дан аспауы тиіс. Қоршаған ортаның температурасы айтарлықтай өзгерген кезде шиналардағы қысымды уақытылы тексеріңіз.

Шиналар 6 жылдан астам пайдаланылған кезде олар көрінетін зақымдары болмаса да ауыстырылуы керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Протектордың тозуы жоғары болған шиналарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Бұл өте қауіпті. Тозған шиналар тежеу тиімділігін, рульдің дәлдігі мен айқындылығын айтарлықтай төмендетеді.
- Автокөлікке өлшемі мен түрі бастапқыда орнатылған дөңгелектер мен шиналарды пайдалануға рұқсат етіледі. Олай болмаса, бұл автокөліктің тиімділігі мен қауіпсіздігіне әсер етеді және апатқа ұшырау және жарақат алу қаупі туындайды.


**Шиналардағы қысымды бақылау әдістері**

1. Шинаның тоғынында орналасқан дөңгелектің ауа клапанының (емігінің) қалпақшасын бұрап алыңыз да, алып тастаңыз;
2. Шиналардағы қысымды манометрмен өлшеңіз. Егер суық күйінде шиналардағы қысым ұсынылғанға сәйкес келмесе, оны реттеңіз.
3. Егер қысым тым артық болса, ауа қысымын қажетті мәнге дейін төмендету үшін ауа клапанының өзегін (шина клапанының ішінде) басыңыз.
4. Қысымды тексеріп, реттегеннен кейін шаң мен ылғал кірмеуі үшін қалпақшаны емігіне орнатыңыз.

**Дөңгелектерді алмастырып салу**

Автокөліктің алдыңғы және артқы дөңгелектерінің біркелкі тозуын қамтамасыз ету және шиналардың қызмет ету мерзіміне жету үшін шиналардың қалпын әр 5.000 км сайын ауыстырып отыру ұсынылады. - 10.000

км. Егер әркелкі тозу анықталса, дөңгелектерді мерзімінен бұрын ауыстыру қажет. Шиналарды алмастырып салу бойынша ұсыныстар төмендегі суретте келтірілген.



Дөңгелектерді ауыстырған кезде тежегіш қыспақтары мен дискілердің тозуын тексеріңіз. Дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін алдыңғы және артқы шиналардың қысымын тексеріп реттеңіз. Дөңгелек сомындарын қатайту моменттерінің ұсынылған мәндеріне сәйкестігін тексеріңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Егер автокөлік шиналардағы қысымды бақылау жүйесімен жабдықталған болса, оларды ауыстырғаннан кейін қайта калибрлеу қажет. Шиналардағы қысым датчигін калибрлеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Шиналар бағытталған протектор суретіне ие болса (бұл айналу бағытына жауап беретін шинаның бүйір бетіндегі нұсқармен белгіленеді), оларды көрсетілген айналу бағытына сәйкес орнату керек.

Дұрыс орнатылған шиналар ғана адгезия, шуды азайту, тозуға төзімділік және аквақалқуға төзімділік тұрғысынан өздерінің ең жақсы қасиеттерін толық көрсете алады.

Асимметриялық протекторы бар шиналарды шинаның бүйір бетіндегі ақпаратқа сәйкес орнату қажет. Шиналардың максималды қызметін қамтамасыз ету үшін шинаның «OUTSIDE» (сыртқы) жазуы бар жағы – автокөліктің сыртқы жағына, ал «INSIDE» (ішкі) жазуы бар жағы автокөліктің ішкі жағына қаратылуы тиіс.

**Апаттық (толық өлшемді емес) қосалқы дөңгелек**

Автокөлік апаттық (толық өлшемді емес) қосалқы дөңгелекпен жабдықталған, ол автокөлікте орнатылған түпнұсқа дөңгелектерден ерекшеленеді. Апаттық қосалқы дөңгелекті тек шұғыл жағдайларда пайдалануға болады және ол ұзақ уақыт бойы пайдалануға немесе алыс қашықтықтарға сапарға шығуға арналмаған. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және апаттық қосалқы дөңгелектің ұзақ уақыт бойы пайдаланылуынан туындаған күтпеген жағдайларды болдырмау үшін оны түпнұсқа толық өлшемді дөңгелекке мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Апаттық қосалқы дөңгелекті алдыңғы оське орнатпаңыз. Алдыңғы дөңгелек зақымдалған болса, артқы дөңгелекті зақымдалған алдыңғы дөңгелектің орнына алмастырып салыңыз және апаттық қосалқы дөңгелекті артқы дөңгелектің орнына орнатыңыз.

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін, шинада ұсынылатын қысымды тексеріп, орнатыңыз.

Шағын қосалқы дөңгелек толық өлшемді қосалқы дөңгелек емес және оны тек төтенше жағдайларда қолдануға болады. Апаттық қосалқы дөңгелекті ұзақ уақыт бойы және ұзақ қашықтыққа қозғалғанда пайдалануға тыйым салынады. Апаттық қосалқы дөңгелегі орнатылған автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ мәнінен аспауы тиіс.

Жылдамдықты шұғыл үдету әрекеттерінен, шұғыл тежеулерден және күрт бұрылудан аулақ болыңыз. Кедергілерді еңсеруден аулақ болыңыз, шұңқырлар мен ойдымдарды айналып өтіңіз.

Бір уақытта автокөлікке біреуден артық апаттық қосалқы дөңгелектерді орнатуға үзілді-кесілді тыйым салынады. Егер апаттық қосалқы дөңгелек орнатылған болса, автоматты автожуу қызметтерін пайдаланбаңыз.

6 жастан асқан кез келген шиналарды (соның ішінде қосалқы) пайдалануға тыйым салынады.

Апаттық қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз.

Толық өлшемді дөңгелектерді қайта орнатқаннан кейін түпнұсқа ұзындықтағы дөңгелек болттарын немесе сомындарын міндетті түрде қолданыңыз.

**Қысқы шиналар мен сырғытпайтын шынжырлар**

Қарлы және мұзды жолдармен жүру кезінде қысқы шиналарды немесе сырғытпайтын шынжырларды пайдалану ұсынылады.

Қысқы шиналар орнатылғанда автокөлік қармен және мұзбен жүргенде едәуір сенімді басқарылады. Қысқы шиналарды қоршаған ортаның орташа тәуліктік температурасы +7°С-тан төмен болған кезде орнату керек.

Қысқы шиналарды таңдау және орнату кезінде типі, өлшемі және жүк көтергіштігі автокөлік өндірушісі орнатқанмен бірдей шиналарды таңдау керек. Қысқы шиналардағы жылдамдық индексі мен ауа қысымы автокөлік өндірушісі мен қысқы шиналар дилерлерінің талаптарына сәйкес келуі керек. Олай болмаса, бұл қауіпсіздік пен автокөлікті жүргізуге әсер етіп, жазатайым оқиғалар мен жарақат алу қаупі артады.

Ауыстырылған шиналарды айналу бағыты бойынша белгілеп, салқын, құрғақ жерде сақтау керек. Шиналарды қайта пайдаланған кезде оларды бұрынғы айналу бағыты бойынша орнатыңыз.

Қоршаған ортаның орташа тәуліктік температурасы +7 °С-қа дейін көтерілген кезде жазғы немесе бүкілмаусымдық шиналарды уақытылы орнатыңыз.

Орнатылған сырғытпайтын шынжырлардың қалыңдығы 9 мм-ден аспауы тиіс. Алдыңғы жетекті автокөліктер үшін сырғытпайтын шынжырлар алдыңғы оське орнатылуы тиіс. Толық жетекті автокөліктер үшін сырғытпайтын шынжырларды алдыңғы және артқы дөңгелектерге орнату қажет.

Шынжырларды орнатқаннан кейін автокөлік алғашқы 0,5-1 км өткеннен соң қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін шынжырларды тарту қажет.

Егер автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған болса, тегіс емес, кедір-бұдыр жолдармен жүрмеңіз және төтенше жағдайлар (мысалы, күрт үдету, кенеттен тежеу және т.б.) тудырмаңыз.

Жалпыға ортақ жолдармен немесе тазартылған жолдармен жүргенде сырғытпайтын шынжырларды шешіп алыңыз. Қарсыз жолда сырғытпайтын шынжырларды пайдалануға тыйым салынады.

Басқа сұрақтар туындаған кезде сырғытпайтын шынжыр өндірушісінің / жеткізушісінің нұсқауларын орындаңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Дөңгелектердің жол төсемімен ілінісу коэффициентінің айырмашылығына байланысты автокөліктің басқарылуын жоғалтпау үшін барлық дөңгелек қысқы шиналармен жабдықталуы тиіс. Қысқы шиналары бар автокөлікті пайдалану кезінде автокөліктің жылдамдығы қысқы шиналардың ең жоғары рұқсат етілген жылдамдығынан аспауы тиіс. Әйтпесе, автокөлікті кенеттен басқара алмай қалуыңыз, шинаны зақымдап алуыңыз немесе желін шығарып алуыңыз мүмкін, бұл болса жол-көлік оқиғасына оңай әкеледі.

Қысқы шиналарды және сырғытпайтын металл шынжырларды пайдаланған кезде автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ немесе сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі көрсеткен шекті рұқсат етілген жылдамдықтан, осы жылдамдықтардың қайсысы аз болса, содан аспауы тиіс.

Қысқы шиналарды және сырғытпайтын металл емес шынжырларды пайдаланған кезде жылдамдық 50 км/сағ немесе сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі көрсеткен шекті рұқсат етілген жылдамдықтан, осы жылдамдықтардың қайсысы аз болса, содан аспауы тиіс.

Автокөлік жылдамдығын ауа райына, жол жағдайына және қозғалыс тығыздығына байланысты таңдаңыз. Апаттың алдын алу үшін қысқы шинаның сырғып кетуіне жол бермеңіз!

**ЕСКЕРТУ**

Тек өлшемдері мен сипаттамалары сәйкес келетін шынжырларды қолданыңыз. Сәйкес келмейтін немесе дұрыс орнатылмаған сырғытпайтын шынжырлар тежеу жүйесін, аспаны, шанақты және / немесе дөңгелектерді зақымдауы мүмкін. Бұл зақымдарды өндіруші зауыттың кепілдігі өтемейді.

Егер автокөлік дөңгелектері дөңгелек қақпақтарымен жабдықталған болса, сырғытпайтын шынжырларды орнату алдында оларды алып тастаңыз.

M+S белгісі бар шиналар (ауа райының барлық түріне арналған) жазғы шиналарға қарағанда қысқы мезгілде пайдалануға арналған үздік сипаттамаларға ие, бірақ, әдетте, қысқы шиналардың сипаттамаларына жетпейді.

## Шиналардағы ауа қысымын бақылау жүйесі (TPMS)※

### Жүйені сипаттау

Автокөлік қозғалған кезде шина қысымын бақылау жүйесі барлық төрт шинадағы қысымды бақылайды. Егер жүйе шиналарда ұйғарынды мәндерден жоғары қысымның өзгергенін анықтаса, жүйе тиісті ескерту береді.

Шиналардағы қысым туралы ақпарат аспаптар тақтасының көпфункциялы дисплейінде көрсетіледі. Автокөлік қозғалысы кезінде рульдегі түймелердің көмегімен дисплейге шиналардағы қысым туралы ақпаратты шығаруға және шиналардағы қысым мәнін қазіргі мәні қандай екенін қарауға болады («Көпфункциялы рульдегі басқару пернелері» бөлімін қараңыз).

Шиналардағы ауа қысымы өзгерген кезде қысымның өзгергенін көрсететін тиісті индикатор жанады. Егер бұл тек ауа қысымының өзгеруінен туындаса, автокөлік тақтайшасында көрсетілген ұсынылған салқын қысымға сәйкес шиналардағы қысымды реттеңіз. Шиналардағы қысым индикаторы автоматты түрде қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан соң өшеді.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі қысым датчиктері автокөліктің барлық 4 дөңгелегіне орнатылған жағдайда жұмыс істейді. Қосалқы дөңгелекте шинадағы қысымды бақылау датчигі орнатылмаған. Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан және аз жүріп өткеннен кейін, шиналардағы қысым индикаторы жанады. Шина қысымының түпнұсқа зауыттық датчигін орнатыңыз және оны үйретіңіз.

### Сақтық шаралары

Шиналардағы қысымды қозғалыс жағдайына және автокөлікті жүктеуге байланысты ұсынылған салқын қысымға сәйкес орнату қажет. Салқын күйдегі шиналардағы қысымды тексеріңіз, қажет болса, айына кемінде бір рет реттеңіз. Шиналар келесі жағдайларда қысымды тексеру үшін салқын күйде болады:

- Автокөлік тікелей түсетін күн сәулелерінің әсерінен алыс жерде кемінде 3 сағат қозғалыссыз тұрды;
- Қозғала бастағаннан кейін автокөлік 1,6 км аспайтын жол жүрген.

Манометр көрсеткіштері бойынша салқын күйде орнатылған шиналардағы қысым TPMS жүйесінің көрсеткіштерінен өзгеше болуы мүмкін. Шиналардағы қысым туралы ақпаратты аспаптар тақтасының көп функциялы дисплейіне шығаруға болады.

Шинаның қысымын бақылау жүйесі қысымның бірден толығымен азаюы туралы дереу хабардар ете алмайды, мысалы, шина бөтен затпен тесілген кезде. Бұл жағдайда, рульді басқарудан

кенет айырылып қалмау үшін рульді күрт бұрмастан баяу тоқтаңыз.

Шиналардағы қысымды қалпына келтірген соң, қысым туралы ақпарат жаңартылады және қысым индикаторы автоматты түрде қозғалыс басталғаннан кейін бірнеше минуттан соң өшеді.

**ЕСКЕРТПЕ**

Шина қысымын бақылау жүйесі жүргізушіге шина қысымын дер кезінде бақылауға көмектеседі, бірақ апаттың алдын ала алмайды және ақауларды жоя алмайды.

Шинаның нақты қысымы тек автокөлік жүріп келе жатқанда ғана өлшеніп, көрсетіледі. Автокөлік тұрған кезде шиналардағы қысым көрсетілмейді немесе анықтама ретінде беріледі.

Шиналарды ауыстыру керек болса, шинадағы ауа қысымы датчигін зақымдап алмау үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Дөңгелектер қалпын өзгерткеннен кейін аспаптар тақтасында көрсетілетін деректер шинаның нақты қалпына сәйкес болуы үшін шиналардағы қысымды бақылау жүйесін қайта баптау қажет.

Шина қысымын бақылау жүйесі деректерді жіберу үшін радиоарнаны қолданады. Шиналардағы апаттық қысым индикаторы қате қосылуы мүмкін, ал шиналардағы қысымды басқару жүйесінің жұмысы келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

- Автокөлік әуежай, радиобағаң және т.б. сияқты электр немесе радиомұнаралардың жанынан өтеді;
- Автокөліктің ішінде немесе жанында электрондық құрылғыларды және радиотаратқыштарды (мысалы, ноутбук, сымсыз құлаққаптар, диктофондар, бейнежазғыштар және т.б.) қолданады;
- Автокөлік сырғытпайтын шынжырлармен жабдықталған.

**ЕСКЕРТПЕ**

Автокөлікке қысқы шиналарды және / немесе сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде шиналардың ауа қысымы датчиктерінен сигналдардың берілу қуаты төмендеп, қабылдағыш құрылғы сигналды анықтамай қалып, индикатор қате іске қосылуы мүмкін.

Қысымды бақылау жүйесінің дұрыс істемеуін және индикатордың қате іске қосылуын болдырмас үшін, шиналардың қысымын бақылау жүйесінің қысқы режимі функциясын қосу немесе өшіру және шина қысымы туралы дабыл сигналдарының жалған іске қосылуына тосқауыл қою үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуі**

Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесі бір немесе бірнеше шинадағы қысым өзгергенін анықтаса, дисплейде ескерту хабары пайда болады және тиісті индикатор қосылады. Шұғыл маневрлер жасаудан сақтанып, автокөлікті жайымен қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Шиналар суыған соң, ондағы қысымды тексеріп, ретке келтіріңіз. При необходимости замените шины.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Егер шиналардағы қысым жылы жағдайларда реттелген болса, шиналардағы ауа қысымының өзгеру индикаторы суық аймаққа кірген кезде қосылуы мүмкін. Бұл температураның өзгеруі салдарынан қысымның өзгеруіне байланысты әрі жүйенің ақауы бар екенін білдірмейді. Автокөлікті әртүрлі температуралық аймақтарда қолданған кезде, шиналардағы қысымды уақтылы тексеріңіз және түзетіңіз. |

Шиналардағы қысымды реттеу жүйесінде (TPMS) ақау болған жағдайда дисплейде ескерту пайда болады және шиналардағы қысым индикаторы жанады. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Дөңгелектер

**Дөңгелектерді ауыстыру**

Егер дөңгелек дискісі майысып кетсе, жарылып кетсе немесе тот басса, оны мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз. Олай болмаса, дөңгелектегі ауа қысымы төмендейді де, шина дискіден өздігінен ажырап кетуі мүмкін, бұл автокөліктің басқарылуын жоғалтуға әкеледі.

Дөңгелекке жаңа шина орнатқаннан кейін немесе дөңгелекті ауыстырғаннан / қайта шешкеннен кейін автокөлікке орнатпас бұрын дөңгелекті қалпына келтіріп, барлық төрт дөңгелектегі ауа қысымын тексеріп, реттеңіз.

**Дөңгелек дискілерін таңдау**

Дөңгелек дискілерін ауыстыру қажет болса, жаңа дөңгелек дискілері өлшемі мен сипаттамалары бойынша өндіруші орнатқан дискілермен бірдей екеніне көз жеткізіңіз.

Төмендегідей дөңгелек дискілерін пайдалану ұсынылмайды:

- Өлшемі әртүрлі болатын дөңгелек дискілері немесе түрі әркелкі дискілер;
- Ескі (пайдаланылған) дөңгелек дискілері;
- Илемделген және қалпына келтірілген дискілер.

**Дөңгелектердің теңгеріміне қойылатын талаптар**

Дөңгелектерді орнатпас бұрын немесе шиналарды ауыстырған кезде дөңгелектерді теңгеру керек. Шиналарды ауыстырған кезде де, дөңгелектерді орнатпас бұрын, теңгеру қажет.

Металл дискінің бір жағына орнатылған тепе-теңдік жүкшелерінің жалпы саны 2 данадан аспауы керек. Жүкшелердің жалпы салмағы ең көбі 60 г болуы керек. Дөңгелек дискісінің бір

жағына өздігінен жабысатын жеңіл балқитын теңгергіш жүкшелердің жалпы салмағы ең көбі 100 г болуы тиіс. Дөңгелектер мен шиналардың сапалы кигізілгеніне, ал динамикалық теңгерімсіздік бір жағынан 5 г аспайтынына көз жеткізіңіз.

Бағытталған шиналарды құрастыру кезінде автокөлікке орнатқаннан кейін дөңгелектердің айналу бағытын ескеру қажет. Ол шиналардың таңбаламасында көрсетілген айналу бағытына сәйкес келуі тиіс.

**Жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілеріне арналған сақтық шаралары**

- Жеңіл қорытпалы дөңгелектер үшін тек түпнұсқа сомындар мен CHANGAN баллон кілтін пайдаланыңыз.
- Дөңгелектерді алмастырып салғаннан немесе ауыстырғаннан кейін 1600 км өткен соң, дөңгелек сомындарын қатайту моментін тексеріңіз.
- Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде алюминий дискілерге зақым келтірмеу үшін абай болыңыз. Зақымдалған алюминий дөңгелектерді пайдаланбаңыз.

## АВТОКӨЛІК ШАНАҒЫН ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ЛАК-БОЯУ ЖАБЫНЫНА КҮТІМ ЖАСАУ

### Автокөлікті жуу

Автокөлікке тұрақты түрде қызмет көрсету сапа мен оның сипаттамаларын сақтау үшін қажет. Уақытылы техникалық қызмет көрсету автокөлік шанағында коррозияның түзілуін болдырмаудың және лак-бояу жабынын сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Автокөліктің шанағындағы дақтар мен кірдің құрамында еріткіштер немесе коррозиялық-белсенді химиялық заттар болуы мүмкін, олар автокөліктің шанақ элементтерінің коррозиясына әкеліп, лак-бояу жабыны мен бөлшектерінің қорғаныс қабатына зақым келтіруі мүмкін.

Автокөлікті кірден және / немесе шаңнан уақтылы тазалаңыз. Ұзақ уақытқа созылған жабысу (шанақ элементтеріне әсер ету) автокөлікті тазарту мен техникалық қызмет көрсетуді қиындатады. Зақымдануды болдырмау мақсатында кетірілуі қиын дақтарды кетіру үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына немесе кәсіби тазартуға арналған мамандандырылған клининг компанияларына хабарласыңыз.

Келесі жағдайларда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек жуыңыз:

- Автокөлік өте лас болса немесе оны қатты шаң басса;
- Теңіз жағалауында немесе тұз-сілтілі жолмен жүргеннен кейін;
- Күйе, минералды шаң, кен, темір ұнтағы немесе химиялық заттармен ластанған жерлерге барғаннан кейін;
- Лак-бояу беті тас-көмір шайырымен, шырынмен, өлі жәндіктермен немесе олардың құрттарымен, құстардың саңғырығымен немесе басқа жануарлардың тезегімен бүлінген кезде.
- Лак-бояу жабынына бензин немесе басқа мұнай өнімдері түссе.

**ЕСКЕРТПЕ**

Автокөлікті тікелей күн сәулелері түсіп тұрған жерде, аптап ыстықта жуманыз.

Нарықтағы қолжетімді автокөлікті жууға арналған жуғыш заттар мен дезинфекциялық заттарды қолданған кезде пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және / немесе лак-бояу жабынының немесе шанақтың пластик элементтерінің, сондай-ақ жылтыр, былғары және резеңке бөлшектердің тоттануын, күңгірттенуін / түссізденуін және қабыршақтануын болдырмау үшін өндірушімен кеңесіңіз.

Қолданар алдында көрінбейтін шағын аумақта тексеру, ал шашыратудың орнына сүрту әдісін қолдану ұсынылады.

Автокөліктің лак-бояу бетін абайлап ұстаңыз, сақиналарды алып тастаңыз, қызылсу мұзын кетіруге арналған қырғышты және жабынмен жанасуға арналған басқа да қатты заттарды қолданбаңыз, сонымен қатар шанақтың қорғағыш лак-бояу қабатын тырнауды немесе зақымдауды болдырмау үшін оны тырнамаңыз.

Қоршаған ортаның температурасы төмен болған кезде су мен басқа сұйықтықтарды тікелей есік құлпына, есіктер мен терезелерге, есік тұтқаларына, капот қақпағына, жүксалғыш есігі мен отын құю аузының люгіне шашыратпаңыз, әйтпесе, тығыздағыштар немесе элементтер қатып қалып, оларды ашу қиындауы мүмкін.

Автокөлікті жуғаннан кейін тежеу әсері төмендейді және тежеу қашықтығы артуы мүмкін. Жол жағдайларына сәйкес тежеу механизмдерін құрғату және қалыпты тежеу әсерін қалпына келтіру үшін тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Алдыңғы әйнектің немесе жүксалғыш есігі әйнегінің ішкі жағын тазалағаннан кейін жұмсақ шүберекті таза сумен аздап сулаңыз және әйнекті көлденең бағытта (салынған қыздыру элементіне параллель түрде) ақырын сүртіңіз, қыздыру элементтеріне немесе антеннаға сызат түсірмеуге немесе зақым келтірмеуге тырысыңыз.

Автокөлік шанағын балауызбен өңдегеннен кейін балауызды алдыңғы әйнектен және қалған әйнектерден міндетті түрде алып тастаңыз. Балауыз жақпаңыз немесе жылтыратпаңыз: пластик бөлшектер, фара әйнектері және артқы шамдар, күңгірт элементтер және күңгірт бояумен сырланған элементтер.

Жаңбырлы және ылғалды ауа райында әйнектазартқыштардың және әйнек тығыздағыштарының күйін тексеріп, кірді уақтылы тазалап тастаңыз және шаңды сүртіңіз.

Автокөлікті қыста немесе қоршаған ортаның теріс температурасында жуғаннан кейін люкті ашып, люк тығыздағышын және шыны люкті құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде автокөлікті жууға немесе оған балауыз жағуға тыйым салынады.
- Автокөлікті жуу алдында отын құю ауызының қақпағының жабық болғанын тексеріңіз.
- Автокөлікке күтім жасау кезінде келесі заттарды ешқашан пайдаланбаңыз:
  - құрғақ, бұдыр / қатты матаны немесе қатты материалдарды;
  - тексерілмеген, белгісіз белсенді тазартқыш заттарды;
  - абразивті тазартқыштарды;
  - еріткіштерді немесе еріткіші бар жуғыш заттарды.
- Ластанған немесе шаңды ортада тұрған автокөлікті жылытыратпаңыз.
- Әйнек тазартқышты жылытқышы немесе антеннасы бар әйнектің ішкі бетін тазарту үшін пайдаланбаңыз.
- Автокөліктің әйнек беттерін тазарту үшін күйдіргіш және / немесе химиялық белсенді жуғыш заттарды (агрессивті тазартқыштарды) пайдаланбаңыз.
- Люкті тазалау кезінде жуғыш заттарды, тот еріткіштерін, ЖЖМ, агрессивті заттарды, қышқылдық немесе қатты сілтілі химиялық заттарды немесе қақ кетіру құралдарын пайдаланбаңыз.
- Төбедегі люкті саңылаусыздандыру үшін ұсынылатын майлағыш: DuPont XP1A6, бағыттаушыларға арналған майлағыш: Natto owsyn 2602.

**Автокөліктерді автоматты түрде жууға арналған жабдық**

- Автокөліктерді автоматты түрде жуудың щеткасыз жүйесімен жабдықталған автожуғыштарды таңдаңыз. Осы модельге қатысты автокөлікті жууға арналған порталдың биіктігі мен еніне назар аударыңыз;
- Автокөлікті жуар алдында барлық есікті, терезелерді және төбедегі люкті, капотты, жүксалғыш есігін және отын құю ауызының люгін жабыңыз, сыртқы артқы көрініс айналарын жиыңыз;
- Сәндік және / немесе қорғаныш үлдірмен желімделген автокөліктерге ыстық балауыз жақпаңыз.

**Автокөлікті жоғары қысымды сумен жуу**

- Су температурасы 60°Cтан аспауы тиіс;
- Автокөлік шанағының бетінен 40 см кем қашықтықта суайдағыш пистолеттің шүмегінен атқылайтын суды бағыттамаңыз. Бұл оны сумен басуға немесе лак-бояу қабатының қабыршақтануына әкелуі мүмкін. Жапсырмалар мен молдингтер зақымдалуы немесе жұлынуы мүмкін.
- Судың қысымын датчиктерге, сәндік элементтерге, камераларға және қорғағыш үлдірлерге ұзақ уақыт бойы бағыттамаңыз. Судың қысымы 100 бардан аспауы керек;
- Қатты дақтарды кетірмес бұрын оларды алдын ала жібітіңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

Есік ойығының тығыздағыштарына, терезелер мен төбедегі люкке және қозғалтқыш капотына жоғары қысымды су қысымын бағыттамаңыз.

Мұздатылған немесе қар басқан әйнектерді жуу үшін жоғары қысымды су тапаншасынан судың қысымын пайдаланбаңыз;

Су пистолетінің шүмегінен атқылайтын жоғары арынды су қысымын тығыздағыштарға, шиналарға, резеңке құбыршектерге, оқшаулағыш материалдарға және/немесе автокөліктің басқа да сынғыш және аса сезімтал элементтеріне (мысалы, есік құлыптарына) бағыттамаңыз; суды бір қалыпта / бір жерге ұзақ уақыт бойы шашыратпаңыз;

Автокөліктің түбін және дөңгелектерді жоғары арынды су қысымымен жууға болмайды; жоғары арынды сумен жуу шанақтың бетіндегі лак-бояу жабынының зақымдалуына немесе қабыршақтануына әкелуі мүмкін.

**Автокөлікті қолмен жуу**

- Жуу алдында кепкен кір мен дақтарды жұмсарту үшін автокөлікті мол сумен сулаңыз;
- Автокөлікті жуу және тазалау үшін жұмсақ ысқыштарды немесе тазалағыш қолғаптарды немесе басқа да жұмсақ тазалағыш құралдарды пайдаланыңыз;
- Автокөлікті төбесінен бастап жоғарыдан төменге қарай жуыңыз. Ең соңында дөңгелектерді, есік табалдырықтарын және ұқсас бөлшектерді тазалаңыз;
- Тек кетуі қиын кірлер болған жағдайда ғана арнайы автокөлік жуу құралдарын қолданыңыз.

**Автокөлікті күңгірт беттеріне күтім жасауға қойылатын талаптар**

- Күңгірт беттер мен автокөлік элементтерін тазарту үшін балауыз негізіндегі тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Көліктің күңгірт боялған беттерін қолмен немесе арнайы жұмсақ мата тазартқыш құрылғысымен тазалаңыз.
- Қолмен тазалаған кезде алдымен үлкен кірді кетіру үшін таза суды қолданыңыз, содан кейін жабынды тазарту үшін бейтарап сабын ерітіндісін және, соңында, кішкене дақтар мен кірді кетіру үшін арнайы күңгірт бояуды тазалау құралдарын қолданыңыз.

**ЕСКЕРТУ**

Бояуға зақым келтірмеу үшін шанақ элементтерінің күңгірт бетіне балауыз жақпаңыз және жылтыратпаңыз.

Боялған күңгірт бетке зақым келтірмеу үшін лак-бояу жабынын бояу немесе жөндеу үшін «қарындаштарды» пайдаланбаңыз. Күңгірт немесе боялған бетті бояу керек болса, кәсіби, сапалы жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Автокөліктің салонын тазалау

### Пластик бөлшектер мен сәндік элементтерді тазарту

Салонның пластик элементтерін тазалау үшін аққан сұйықтық ізін, айғыздарды және кетпейтін дақтарды қалдырмау мақсатында дымқыл мақта матаны және бейтарап абразивті емес су ерітіндісін пайдаланыңыз.

Майлы немесе қиын кетірілетін дақтарды кетіру үшін жұмсақ шүберекті еріткіштерді қамтымайтын және бөлшектердің бастапқы беті мен түсін сақтайтын арнайы бейтарап, төмен концентрацияланған (1%) жуғыш затпен сулаңыз және кірді сүртіңіз. Жуғыш заттың қалдықтарын таза сумен кетіріңіз. Салонды қағаз сүлгімен немесе майлықпен сүрту ұсынылмайды.

### Қауіпсіздік белбеулерін тазалау

Қауіпсіздік белбеулерін тазарту үшін бейтарап сабын ерітіндісіне немесе жылы суға малынған жұмсақ ысқышты қолданыңыз. Ағартқышты, дақ кетіргішті немесе абразивті тазартқыштарды пайдаланбаңыз. Тазалағаннан кейін белбеуді табиғи жолмен кептіріңіз немесе белбеуді шүберекпен немесе ысқышпен сүртіңіз. Белдікті күн сәулесінің тікелей әсеріне ұшыратпаңыз.

### Былғары мен матадан жасалған бұйымдардың элементтерін тазалау

Тазарту үшін тек су мен бейтарап жуғыш затты қолданыңыз.

| ЕСКЕРТПЕ |
| --- |
| Күңгірт матадан жасалған салонның кейбір бұйымдары мен элементтері (мысалы, матадан, жасанды былғарыдан және табиғи былғарыдан жасалған орындықтар қаптауышы) күңгірттенуі және / немесе түссізденуі мүмкін. |

### Дисплейді тазалау

Дисплейді тазалау алдында дисплейдің сөніп, салқындағанына көз жеткізіңіз. TFT / LCD дисплей бетін тазарту үшін микрофибра матасын және тазартқыш затты қолданыңыз. Дисплейдің бетін құрғақ микрофибралы матамен сүртіңіз.

## Автокөліктің лак-бояу жабынына күтім жасау ұсыныстары

- Қою қышқылдарға, сілтілерге немесе олардың негізіндегі беттерге жанасуға жол бермеңіз;
- Ағаштардың астына ұзақ уақыт қоймаңыз. Құс саңғырығы, тозаңдар, өлі жәндіктер және т.с.с. Коррозия тудырып, лак-бояу жабынын зақымдайды;
- Автокөлікті химиялық зауыттарға және ұсақ металл бөлшектерін / шаң шығаратын ұқсас жерлерге (болат құю және металлургиялық зауыттар, темір жолдар және т.б.) жақын тұраққа қоймаңыз;
- Автокөлік қозғалысы кезінде үлкен көлік құралдарына (мысалы, үлкен жүк көліктеріне және т.б.) жақындамаңыз.
- Автокөліктің лак-бояу жабынын дөңгелектер арқылы көтерілетін тастармен зақымдамау үшін қиыршық тас жолмен баяу жүріңіз;
- Автокөлікті күннің көзі астында ұзақ уақыт қалдырмаңыз;

- Бензин және мотор майы сияқты ұшпа заттардың автокөлік бетіне тиюіне және төгілуіне жол бермеңіз. Осы заттардың аздаған мөлшері лак-бояу жабынына тисе, оларды арнайы сүрткіш матамен дереу сүртіп тастаңыз;
- Автокөліктің лак-бояу жабынын қорғау үшін кәсіби техникалық қызмет көрсетуді үнемі жүргізіп отырыңыз және шанаққа балауыз жағыңыз. Автокөлікті жылына кемінде бір немесе екі рет жоғары сапалы қатты балауызбен өңдеу және жылтырату ұсынылады. Автокөлікті толық тазалағаннан кейін жоғары сапалы балауыз ерітіндісін құрғақ, айқын су тамшылары жоқ шанақ бетіне жағыңыз;
- Автокөліктің лак-бояу жабыны өзінің жылтырлығы мен жарықтығын жоғалтса, автокөлік бояуының жылтырлығын қалпына келтіру үшін оны жылтыратыңыз (құрамында балауызы бар полироль).

Автокөліктің бетіндегі бояу сыдырылса, зақымдалған бетті тазартып, құрғатыңыз, оны 1500# егеуқұм қағазымен тегістеңіз, содан кейін оны жылтыратқыш жүн шеңбермен жылтыратыңыз. Егер зақымдануды жою мүмкін болмаса, CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

**Шанақ және жабдық**

Есік пен терезе тығыздағыштарын жылына кемінде бір рет майлау керек. Резеңке тығыздағыштарды берік ету, бітеулігін арттыру және жабысып қалуы мен сықырлауын болдырмау үшін оларға силикон жағармайды жағу үшін таза шүберекті қолданыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт сақтауға қойған кезде есіктердің барлық тығыздағышына, соның ішінде жүксалғыштың тығыздағыштарына олар жабысып қалмауы үшін силикон жағармайын шашыратыңыз және лау-бояу жабынының тығыздағыштары түйіскен жерлерге балауыз жағыңыз.

Ілмектерді, есіктер мен капот құлыптарын, есік шектегіштері мен бекіткіштерді үнемі майлаңыз.

## Коррозиядан қорғау

**Автокөліктердің коррозияға ұшырау себептері**

Автокөліктердің коррозияға ұшырайтын негізгі себептері:

- Ұзақ уақыт бойы шасси, шанақ және автокөлік жақтауы сияқты қолжетімді емес жерлерде жиналатын тұз, кір, ылғал және химиялық заттар.
- Апаттардың, сызаттардың немесе басқа зақымданулардың салдарынан лак-бояу жабынының қабыршақтануы, соның ішінде тастар мен құмнан пайда болған сынықтар және т. б.
- Жоғары ылғалдылық коррозияның пайда болуын тездетіп жібереді. Егер автокөліктің кез келген бөлігі ұзақ уақыт бойы жоғары ылғалдылық жағдайында болса, тіпті автокөліктің басқа бөліктері құрғақ болса да, автокөлік коррозияға ұшырайды. Егер жоғары ылғалдылық жағдайында автокөліктің бір бөлігі нашар желдетілгендіктен тез кеуіп кете алмаса, онда бөлшектердің коррозиясы тездетіледі.

**Коррозиядан тиімді қорғау әдістері**

Автокөлік шанағын таза және құрғақ ұстаңыз;

Автокөлікке қызмет көрсету кезінде көліктің төменгі жағындағы есіктер мен су ағызатын саңылауларды жылы немесе суық сумен тексеріп, тазалаңыз. Дренаж саңылауы желдетілуі керек.

Егер автокөлік беті зақымдалған болса немесе лак-бояу жабыны қабыршақтанса, зақымдалған бетті мүмкіндігінше тезірек қалпына келтіру керек. Зақымдалған металл беттерді ауаның әсеріне ұшыратпаңыз.

Едендегі кілемнің астына, салонның қаптамасына және автокөліктің ішкі қуыстарына кірген ылғал, шаң, құм және кір коррозияны тездетуі мүмкін. Автокөліктің салонын үнемі тексеріп отырыңыз. Оның таза және құрғақ екеніне көз жеткізіңіз, әсіресе автокөлікті нашар ауа райында пайдаланған кезде.

Тыңайтқыштар, тазалағыш заттар, сілтілер, қышқылдар мен тұздар сияқты кейбір коррозиялық-агрессивті химиялық заттарды тасымалдау (тиеу - түсіру) кезінде осы химиялық заттарды тасымалдауға арналған арнайы контейнерлерде тасымалдаңыз және түсіргеннен кейін бірден автокөлігіңізді тазалаңыз.

Қыста автокөлікті тұз немесе басқа реагенттермен өңделген жолмен жүргеннен кейін дереу жуыңыз.

Автокөлікті дымқыл, желдетілмейтін үй-жайда тұраққа қою ұсынылмайды. Көлікжай боксында автокөлікті жууға болмайды.

## ФАРАЛАР ЖӘНЕ ЖАРЫҚТАНДЫРУ

### Фаралардың буланuы

Жарықтандыру аспаптары жұмыс істеп тұрған кезде фаралардағы ішкі қысым желдету саңылауы арқылы реттеледі. Фараның ішіне ылғал ауа кірсе және фараның шағылыстырғышының температурасы төмен болса, фаралар буланuы мүмкін (төмен температура кезінде қырау пайда болады). Фаралардың буланuы – кең таралған құбылыс. Бұл ақау емес және жарықтандыру жүйесінің жұмысына теріс әсерін тигізбейді.

Фаралар буланған кезде фараның шағылыстырғышының ішкі бетінде ылғал пайда болады. Буланu біраз уақыттан кейін сейіледі, бірақ болашақта оның қайта пайда болмайтынына кепілдік беру мүмкін емес. Буланудың толық сейілуі қоршаған орта температурасы, ылғалдылық және фараларды пайдалану уақыты сияқты факторларға байланысты 2 күннен 3 күнге дейін немесе одан да көп уақытты алуы мүмкін.

## Фаралардың буланууын тексеру

Қозғалтқышты оталдырыңыз, фаралардың шалғай жарығын қосыңыз да 30-40 минуттан кейін келесі визуалды тексерулерді орындаңыз:

1. Фарада ылғалдың бар / жоғын тексеріңіз;
2. Фарадан 1 м қашықтықта тұрып, оның буланбағанына көз жеткізіңіз.

Егер фаралар жоғарыда аталған шарттарға сәйкес келсе, фаралар қалыпты жағдайда болады.

## Фаралардың жарқырау жарықтығы

Автокөлік фараларының жарық түсіру деңгейі мемлекеттік заңдарда және техникалық регламентте қатаң регламенттелген. Барлық көлік құралындағы жарықтандыру деңгейі тым жоғары немесе тым көмескі болмауы шарт, әйтпесе, оның салдары апатқа ұшыратуы мүмкін.

Бұл автокөлік оң жақты қозғалысқа арналғандықтан, қарсы бағыттағы автокөлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырмау және қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін фаралардың таяу жарығының жарық түсіру стандарты қазіргі талаптарға қолданылады. Сол жақ фараның таяу жарығының шоғы оң жақтағыдан төмен болуы керек.

Егер, сіздің ойыңызша, фаралар жеткіліксіз жарықтандырып тұрса, фараларды тексеру және реттеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Әйнектазартқыштар

### Әйнектазартқыш щеткаларын тексеру

Щетканың кедір-бұдырлығы мен ластану мөлшерін тексеру үшін саусақ ұшын щетканың резеңке таспасының тазалайтын қырына жүргізіңіз.




Егер алдыңғы әйнек немесе әйнектазартқыштың щеткалары басқа заттармен ластанса, әйнеказартқыш жұмысы бұзылады. Әйнек пен әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспасын тазалау үшін алдымен сапалы әйнектазартқыш сұйықтығын немесе алдыңғы әйнекті тазалауға арналған жуғыш құралды және жұмсақ ысқышты пайдаланыңыз да, содан кейін оларды таза сумен шайып тастаңыз.

Егер әйнекті әйнектазартқыш щеткаларымен тазалағаннан кейін алдыңғы әйнекте дақтар немесе кір қалса, онда әйнектазартқыш тозған немесе зақымдалған, оны ауыстыру керек.

**Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру**

Бұл модель үшін жүргізуші / алдыңғы жолаушы әйнектазартқышының щеткаларының ұзындығы 600 мм/ 425 мм құрайды, ал қосылыс түрі – «U» бекітпесі;

1. Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру үшін әйнектазартқышты сервис режиміне қойыңыз. Әйнектазартқыштың жетектемесін көтеріңіз де, әйнектазартқыш щеткасын қайырыңыз, әйнектазартқыш щеткасы мен жетектемесі арасындағы ағытпа бекіткішін басып тұрып, әйнектазартқыш щеткасын суретте көрсетілген бағытта шығарып алыңыз.



2. Жаңа щетканы кері ретпен орнатыңыз.

**Әйнектазартқышқа техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар**




Егер әйнектазартқыштарды ұзақ уақыт пайдаланбаса, олардағы резеңке таспа басылып, пішімін жоғалтуы мүмкін. Бұл жағдайда олар дірілдеп, әдеттен тыс шу шығаруы мүмкін және жұмыстың алғашқы бірнеше циклі кезінде әйнекті толық тазалай алмайды. Аздап жұмыс істегеннен немесе щеткалар тазаланғаннан кейін ақау жоғалуы мүмкін.

Автокөліктің тұрақта ұзақ уақыт тұруы әйнектазартқыш щеткаларының жетектемелерін әйнектен көтеріп қою керек (алдыңғы әйнекке қатысты тік күй) Бұл әйнектазартқыш щеткаларының резеңке таспасының ықтимал деформациялануын азайту үшін қажет. Қозғалысты бастамас бұрын, әйнектазартқыш щеткаларын бастапқы қалпына қайтарыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер алдыңғы әйнекте немесе әйнектазартқыштардың щеткасында бөгде заттар көрінсе, әйнектазартқыш щеткасының резеңке жолағына зақым келтірмеу үшін әйнектазартқышты қолданар алдында оларды алып тастаңыз.
- Бөгде заттардан тазартқан кезде, әйнектазартқыштың тазартатын резеңке бетіне зақым келтірмеу үшін қырғышты қолданыңыз.
- Қыста, әйнектазартқышты қоспас бұрын, әйнектазартқышты және алдыңғы әйнекті мұз бен қардан толығымен тазалаңыз.
- Әйнектазартқыштың щеткаларын бензинмен, ЖЖМ-мен, бояу еріткіштерімен немесе басқа ұқсас реагенттермен тазаламаңыз.
- Әйнектазартқышты немесе басқа элементтерді зақымдамау үшін, әйнектазартқыштың жетектемелері мен щеткаларын өз бетінше сүртпеңіз немесе бұрмаңыз. Әйнектазартқыштың щеткаларын ауыстыруға көп күш салмаңыз

**Әйнектазартқыш щеткаларының жұмысында жиі кездесетін ақаулар**

| Ақау | Сурет | Сипаттамасы | Ақаудың ықтимал себебі |
|---|---|---|---|
| Доға тәрізді жіңішке жолақтар |  | Әйнекте жіңішке және ұзын доға тәрізді жолақтар қалады, олар шолуға әсер етеді. | 1. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының жиегінде бөгде материалдар мен заттардың болуы;<br>2. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасындағы жұмыс жиегінің зақымдануы. |
| Тік жолақтар |  | Әйнектазартқыш щеткасы әдеттен тыс дыбыс шығарады және қозғалыс кезінде дірілдейді, ал резеңке таспа серпіліспен қозғалады. | 1. Әйнек ластанған, май немесе балауыздың іздері көрінеді;<br>2. Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының пішімі жоғалған. |
| Дақтар |  | Әйнектен суды әйнектазартқышпен алып тастағаннан кейін әйнекте дымқыл дақтар қалады. | Әйнектазартқыш щеткасының резеңке таспасының пішімі жоғалған. |
| Кең жолақ |  | Әйнектазартқыш щеткасының резеңке жұмыс беті әйнектің бетіне мықтап жабыспайды және оны әркелкі сүртеді. | Әйнектазартқыш резеңкесінің немесе негізінің деформациясы нәтижесінде әйнектазартқыштың қысқыш қысымы жеткіліксіз. |

ЕСКЕРТПЕ: жоғарыда көрсетілген ақаулар орын алған жағдайларда «Әйнектазартқыштың щеткалары» тарауына сәйкес шаралар қолдану қажет. Егер ақауды осы жолмен жою мүмкін болмаса, тексеру және қызмет көрсету үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## САҚТАНДЫРҒЫШТАР

Сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштар мен релелердің орналасу схемасы сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында немесе аспаптардың сақтандырғыштар блогының ішкі қақпағында бейнеленген.

**Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы**


Мотор бөліміндегі аккумулятор батареясының жанында орналасқан.

**Аспаптардың сақтандырғыштар блогы**

Сақтандырғыштар блогы жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының астында орналасқан. Схема қақпақтың артқы жағында бейнеленген.

**Сақтандырғыштарды ауыстыру**

1. Сақтандырғыштар блогының қақпағын немесе аспаптардың сақтандырғыштар блогының қақпағын алыңыз;
2. Сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғыштың бүтіндігін, оның зақымдалмағанын тексеріңіз;
3. Күйіп кеткен сақтандырғышты мотор бөлімінің сақтандырғыш блогында немесе аспап сақтандырғыштарының қорабында орналасқан қысқашпен шығарып алыңыз;
4. Сақтандырғыштың күйіп кету себебін анықтаңыз және ақауды жойыңыз;
5. Сақтандырғышты ауыстырыңыз.




A: Қалыпты сақтандырғыш;
B: Күйіп кеткен сақтандырғыш

**ЕСКЕРТУ**

1. Автокөліктің электр тізбегіне қандай да бір жолмен араласуға және оны өзгертуге қатаң тыйым салынады. Электр жүйелеріндегі реле және / немесе жоғары ток сақтандырғыштарына техникалық қызмет көрсету, ауыстыру CHANGAN өкілетті сервис орталығында жүргізілуі керек.
2. Сақтандырғыштарды ауыстыру алдында – оталдыру жүйесін ажыратыңыз, электр жабдықтары мен тұтынушыларды өшіріңіз.

Сақтандырғыштарды ауыстырған кезде бастапқы параметрлермен бірдей болатын сақтандырғыштарды орнатыңыз. Олай болмаса, автокөліктің электр жабдығы зақымдалуы мүмкін.

3. Егер ұқсас параметрлері бар жаңадан ауыстырылған сақтандырғыш орнатылғаннан кейін бірден күйіп кетсе, барлық электр аспабын өшіріңіз және диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.
4. Клиенттерге арналған қосымша функцияларды жұмыс істету үшін автокөлік жүйесінде нақты функциясы жоқ белгілі бір сақтандырғыштар орналасқан, оларды алмаңыз және алмастыру үшін пайдаланбаңыз.

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### Қозғалтқыштағы май

**ЕСКЕРТПЕ**

Әртүрлі маркалы және типті мотор майларын араластыруға жол берілмейді.

Қозғалтқыштың зақымдануын болдырмау үшін оған техникалық қызмет көрсету мақсатында мотор майына кез келген бөгде қоспаларды және / немесе басқа да өнімдерді пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Осы себепке байланысты қозғалтқышқа келтірілген кез келген залал кепілдік міндеттемелерімен өтелмейді. Өндіруші зауыттың техникалық талаптары мен сипаттамаларына сәйкес келмейтін мотор майын пайдаланбаңыз. Өйткені ол қозғалтқышты зақымдауы мүмкін, және өндіруші зауыттың кепілдік міндеттемелерімен өтелмейді.


**Май деңгейін тексеру**

1. Автокөлікті қауіпсіз жерде тегіс бетке қойыңыз;
2. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрса, оны сөндіріп, 5 минут күтіңіз.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған немесе ыстық болған кезде май сүңгісін шығармаңыз;

3. Май сүңгісін шығарып алып, оны таза, жұмсақ, түксіз шүберекпен сүртіңіз. Май деңгейін тексеру үшін май сүңгісін қозғалтқышқа салыңыз да, қайтадан алыңыз. Май деңгейі ең төменгі деңгейден төмен болса, май құйыңыз.
4. Қозғалтқышты оталдырмай тұрып май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейі «MIN» (② минимум) және «MAX» (① максимум) белгілерінің арасында тұрғанын тексеріңіз. Егер май деңгейі «MIN» (минимум) белгісінен төмен болса, майды деңгейге дейін құйыңыз.

**Майөлшегіш сүңгі**




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде немесе температурасы жоғары кезде май құю аузының қақпағын алуға және май сүңгісін шығаруға қатаң тыйым салынады.

## Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Қозғалтқыш суық болған кезде салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» (минимум) және «MAX» (максимум) белгілерінің арасында болуы тиіс. Салқындату сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен төмен болса, салқындату сұйықтығын қосымша құю керек.

Жоғары қысым / температура контурының салқындату сұйықтығының бағы:




Төмен қысым / температура контурының салқындату сұйықтығының бағы:




**Салқындату сұйықтығының бағы**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш суып тұрған кезде ғана құйыңыз. Ыстық қозғалтқыштағы кеңейткіш бак қақпағын ашпаңыз. Әйтпесе, ішкі қысымның әсерінен бу мен су атқылап шығып, күйік шалуы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ**

Қозғалтқышты салқындату үшін қолданылатын салқындату сұйықтығының қату температурасы тиісті аймақтағы және маусымдағы ең төменгі температурадан 5 С-қа төмен болуы керек.

Салқындату сұйықтығы ретінде кермек суды (мысалы, құбыр суын, өзен суын және құдық / бұлақ суын) пайдаланбаңыз.

**Жоғары қысым жүйесі**

1. Салқындату сұйықтығы құйылған кеңейткіш бағының қақпағын ашыңыз. Салқындату сұйықтығын бактың аузы арқылы оның деңгейі «MAX» максималды белгісіне жеткенше құйыңыз;
2. Қақпақты жабыңыз;
3. Қозғалтқышты оталдырыңыз, кондиционерді өшіріңіз және радиатордың енгізу келтеқұбыры қызғанша қозғалтқышты 2000 айн / мин жылдамдықпен жұмыс істетіңіз;
4. Қозғалтқыш салқындаған кезде салқындату сұйықтығы бағының қақпағын қайтадан ашып, сұйықтықты максималды («MAX») белгіге жеткенше құйыңыз;
5. Бактағы сұйықтық деңгейі төмендеуін қоймағанша осы процесті бірнеше рет қайталаңыз;
6. Қақпақты жабыңыз.

**Төмен қысым жүйесі:**

1. Салқындату сұйықтығы құйылатын радиатор қақпағын ашыңыз да, құю аузынан салқындату сұйықтығын қойыңыз;
2. Радиатор қақпағын жабыңыз;
3. Қозғалтқышты оталдырып, сұйықтық пен газ қоспасы салқындату сұйықтығы бағының асу келтекұбырынан лақтырылмайынша кондиционерді өшіріп қойыңыз;
4. Қозғалтқыш салқындаған кезде салқындату сұйықтығын құю аузына жеткенше құйыңыз. Бактағы сұйықтық деңгейі төмендеуін қоймағанша осы процесті бірнеше рет қайталаңыз. Радиатор қақпағын жабыңыз;
5. Салқындату сұйықтығы құйылатын бак қақпағын ашыңыз да салқындату сұйықтығы бағындағы максималды белгіге дейін салқындату сұйықтығын құйыңыз;
6. Салқындату сұйықтығы бағының қақпағын жабыңыз.

**ЕСКЕРТУ**


Салқындату сұйықтығының теріге немесе көзге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, судың көп мөлшерімен дереу шайыңыз және мүмкіндігінше тезірек дәрігерге қаралыңыз.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде кеңейткіш бак қақпағын алуға қатаң тыйым салынады.

Дұрыс пайдаланбау салқындату жүйесіне ауаның енуіне, соның салдарынан қозғалтқыштың қызып кетуіне әкелуі мүмкін. Диагностикалау және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## Тежегіш сұйықтығы

Тежегіш қыспақтарының тозуы тежегіштің сұйықтық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі. Тежегіш сұйықтығы деңгейінің «MAX» (максимум) және «MIN» (минимум) белгілерінің арасында тұрғанына көз жеткізу үшін оны үнемі тексеріп отырыңыз.




Тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болған кезде тежегіш сұйықтығын «MAX» (максималды) белгісіне дейін қосыңыз.

Егер аспаптар тақтасында тежеу жүйесінің ақау индикаторы жанса, тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығының төмен деңгейі тежеу жүйесі жұмысының

тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Егер тежеу сұйықтығының деңгейі «MIN» белгісінен айтарлықтай төмен болса, диагностикалау және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



**ЕСКЕРТУ**

Абай болыңыз және тежегіш сұйықтығының теріге немесе көзге тиіп кетуіне жол бермеңіз. Егер бұл орын алса, мол сумен дереу шайыңыз және мүмкіндігінше тезірек дәрігердің медициналық көмегіне жүгініңіз.

Тежегіш сұйықтығын ауыстырған кезде қауіпсіздік көзілдірігін киіңіз.

Егер тежегіш сұйықтығы боялған беттерге түссе, оларды дереу таза сумен шайыңыз

**ЕСКЕРТПЕ**

Жаңа және таза тежегіш сұйықтығын қолданыңыз. Шаңның, судың, мұнай өнімдерінің және басқа қоспалардың тиіп кетуінен туындаған кез келген ластану тежеу жүйесінің бұзылуына және зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Тежегіш сұйықтығын ауыстыру немесе қосымша құю кезінде сипаттамада көрсетілген тежегіш сұйықтығын қолданыңыз. Олай болмаса, тежеу тиімділігі төмендеуі мүмкін.


Әртүрлі өндірушілердің немесе түрі бойынша өзгешеленетін тежегіш сұйықтығын араластыруға және пайдалануға тыйым салынады.

Тежегіш сұйықтығы бағының қақпағын шешіп, оны толтырар кезде оған кір түсірмеу үшін бактың айналасын мұқият тазалаңыз. Тежегіш сұйықтығын құйған сайын, толтыру аяқталған соң тежеу жүйесінен ауаны шығару үшін тежегіш магистралін айдау қажет.

## ӘЙНЕКТАЗАРТҚЫШТАР ЖӘНЕ ӘЙНЕКЖУҒЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ СҰЙЫҚТЫҒЫ

### Жуғыш жүйесінің сұйықтығы

**Алдыңғы әйнек жуғыштың сұйықтық деңгейін тексеру**



Алдыңғы әйнек жуғыш бағындағы тазартқыш сұйықтықтың деңгейін үнемі тексеріп отырыңыз және оны қажетіне қарай уақытылы толтырып жүріңіз. Қоршаған ортаның температурасы 0 С-қа тең немесе төмен болған кезде, қатып қалмау үшін қатпайтын тазартқыш сұйықтықты пайдалану қажет.

Жуғыш багына құбыр суын немесе салқындату сұйықтығын құймаңыз. Құбыр суы қатып қалуы немесе түтіктер мен бүріккіштерді бітеп тастауы мүмкін. Алдыңғы әйнекке шашыраған салқындату сұйықтығы көру мүмкіндігіне әсер етіп, салдарынан автокөліктің бақылаудан шығып кетуіне әкелуі мүмкін. Салқындату сұйықтығының тамшылары шанақтың боялған беттері мен сәндік элементтерін зақымдауы мүмкін.

Сапалы тазартқыш сұйықтығын қолданыңыз. Төмен сапалы тазартқыш сұйықтығы әйнек жуғыштың сорғысын істен шығаруы, бүріккіштерді бітеп тастауы және басқа да ақаулар тудыруы мүмкін. Жуғыш жүйесі ақаулы болған кезде тексеру және жөндеу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

- Әйнектазартқыш жүйесіндегі сұйықтық отқа қауіпті және тез тұтанғыш болуы мүмкін. Тазартқыш сұйықтығы бар жуғыш жүйесі багына ұшқын немесе от тигізбеңіз.
- Жуғыш жүйесіндегі сұйықтық улы. Оны денеге тигізу немесе оны ішке қабылдау ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкеледі. Сұйықтықтың теріге, көзге және ішкі ағзаларға тиюіне жол бермеңіз.

## АККУМУЛЯТОР БАТАРЕЯСЫ

### Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуы

Аккумулятор батареясының заряды міндетті түрде өздігінен таусылады. Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған кезде (2 айдан астам) аккумулятор батареясының қуаты едәуір төмендейді. Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуына температура мен сақтау шарттары сияқты факторлар әсер етеді.

- Қоршаған орта температурасы жоғарылаған сайын зарядтың өздігінен таусылу жылдамдығы артады;
- Аккумулятор зарядының өздігінен таусылуы оны ылғалдылығы жоғары және шаң бөлмеде сақтаған кезде жеделдейді.

### Аккумулятор батареясы зарядының өздігінен таусылуын азайту жолдары

- Аккумулятор батареясы клеммаларының бекіткіштері босап қалмауы керек;
- Батареяның бетін және контактілерін таза ұстаңыз;

- Автокөлік тұрақта ұзақ уақыт тұрған кезде, аккумулятор батареясын шешіп алыңыз, содан кейін оны ауа температурасы орташа болатын біршама құрғақ бөлмеде сақтаңыз;
- Қозғалтқыш өшірілген кезде автокөліктің электр құрылғыларын және басқа тұтынушыларын пайдаланбауға тырысыңыз.

**Аккумулятор батареясы зарядының таусылу себептері**

Аккумулятор батареясы зарядының таусылуы негізінен келесі себептерге байланысты болады:

- Электр энергиясын үнемі тұтынатын электр құрылғыларының энергия тұтынуы (мысалы, айдап әкетуден сақтайтын сигнал беру жүйесі);
- Автокөліктегі компоненттердің электр оқшауламасының нашар болуы электр энергиясының жылыстауына әкелуі мүмкін;
- Минус клемма ажыратылмаған, бұл токты дамылдатып, электр тұтынушыларының батарея қуатын тез тауысуға және энергияны жоғалтуға әкелетіндей токтың жылыстауын тудырады;
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде автокөліктегі электр құрылғыларының жұмыс істеп тұруы.

**Аккумулятор батареясының қуатын тексеру**

Вольтметр көмегімен және жүктеме ретінде негізгі жарықтандыру фаралары көмегімен тексеру: вольтметрді аккумулятор батареясына қосыңыз және аккумулятор батареясының (АКБ) кернеу көрсеткішін өлшеңіз. Содан кейін негізгі жарықтандыру фараларын қосыңыз. Егер аккумулятор батареясының кернеуі 10 В-тан жоғары болып, тез төмендеп кетпесе, автокөлік қозғалтқышын оталдырыңыз. Автокөлік бос жүріспен жұмыс істеп тұрғаннан кейін оталдырылса, аккумулятор батареясы қайта зарядталады.

Егер аккумулятор батареясының кернеуі негізгі жарықтандыру фаралары қосылған кезде тез төмендесе, аккумулятор батареясын зарядтағыш құрылғымен зарядтаңыз.


**Аккумулятор батареясын ауыстыру кезіндегі әрекеттер реттілігі**

Аккумулятор батареясын шешіп алған кезде алдымен батареяның теріс клеммасын ажыратыңыз, содан кейін оң клеммасын ажыратыңыз.


Аккумулятор батареясын орнатқан кезде, алдымен оң клеммасын жалғаңыз, содан кейін теріс клеммасын жалғаңыз және М10 салма немесе мүйізше сомын кілтімен бекітіңіз.

## Салон сүзгісін алмастыру

1. Ұсақ-түйек тартпасын ашып, екі жағындағы шектегіштерді олар ілмектерге еркін ілініп тұратындай етіп шешіп алыңыз;
2. Оң жақтағы ысырманы басыңыз, салонның ауа сүзгісінің қақпағын ашыңыз және салонның ауа сүзгісінің сүзу элементін шығарып алыңыз.



3. Салонның ауа сүзгісінің сүзу элементін ауыстырыңыз.




4. Барлығын кері ретпен орнатыңыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**

Қозғалтқыштан бөлініп шығатын пайдаланылған газдардың құрамында көміртек тотығы (CO), канцерогендер мен уытты компоненттер (бензол туындылары) бар. Пайдаланылған газдармен (CO) ұзақ уақыт дем алу салдары өлімге алып келуі мүмкін, ал гомологтармен және бензол туындылармен ұзақ уақыт дем алу да денсаулығыңызға зиян келтіреді.

Қозғалтқышты желдетілмейтін немесе жабық үй-жайларда (мысалы, көлікжайда) оталдырмаңыз.

Автокөлікте адамдар болғанда, қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ұзақ аялдамалар жасаудан және автокөлікті ұзақ уақыт тұраққа қоюдан аулақ болыңыз.

Автокөлікті ашық аумақта ұзақ уақытқа тұраққа қойып, қозғалтқышын қосып қойған кезде, автокөліктің жақсы желдетіліп тұрғанын тексеріп алыңыз.

Желдету жүйесін сыртқы ауа ағыны (сыртқы ағынды желдету жүйесі) келетіндей етіп баптаңыз және желдеткіштің максималды жұмыс режимін қосыңыз. Мұндай жағдайларда автокөлік ішінде ұзақ уақыт бойы отырмаңыз.

**Каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдануын болдырмауға арналған сақтық шаралары**

- Қозғалтқышты бірнеше рет оталдыру әрекеті және оны бос жүрісте жоғары айналыммен жұмыс істету немесе оны оталдыру мүмкін болмаса, пайдаланылған газ шығарындыларын бақылау жүйесі зақымдалуы мүмкін.
- Пайдаланылған газ шығарындыларын бақылау жүйесіне қандай да бір өзгертулер енгізуге және қозғалтқыштың кез келген компонентін басқаша жабдықтауға тыйым салынады. Барлық тексерулер мен реттеулерді CHANGAN өкілетті сервис орталығында жүргізу қажет.

- Жалынды бәсеңдеткіштің ақауы немесе қуаттың айтарлықтай төмендеуі сияқты қозғалтқыш ақаулары байқалған автокөлікті пайдаланбаңыз.
- Қозғалтқышты әдеттегіден басқаша түрде пайдаланбаңыз, мысалы, оталдыру жүйесін өшіріп қойып жүргізу («OFF» күйінде) немесе тік еңістен берілісті ажыратып қойып түсу.
- Қозғалтқыштың жүктемесіз ұзақ уақыт бойы (бес минуттан ұзақ) жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- Отын деңгейі төмен автокөлікті ұзақ уақыт пайдаланбауға тырысыңыз. Егер отын таусылып қалса, қозғалтқыш дұрыс істемей қалады және каталиттік бейтараптандырғыш зақымдалуы мүмкін.


Жоғарыда көрсетілген алдын алу шараларын сақтамау салдары каталиттік бейтараптандырғыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін, ал бұл өндіруші зауыттың кепілдік міндеттемелерімен өтелмейді.

**ЕСКЕРТУ**

Автокөлікті тұраққа қоймаңыз және оны қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған күйде шөп, қағаз немесе жапырақ сияқты тез тұтанатын жанғыш заттардың жанында қалдырмаңыз. Қозғалтқыштан және түтін шығару жүйесінен бөлінетін жылу өртке алып келуі мүмкін. Пайдаланылған газдарды шығару жүйесі жұмысын тоқтатып, суып болмайынша ол жүйенің компоненттерін (мысалы, пайдаланылған газ шығару құбырын) қорғаныс құралдарын пайдаланбастан ұстауға тыйым салынған. Әйтпесе, күйіп қалуыңыз мүмкін.

# VII. АВТОКӨЛІКТІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

## АВТОКӨЛІК ӨЛШЕМДЕРІ



## АВТОКӨЛІК ӨЛШЕМДЕРІ

| Автокөліктің моделі | | SC6452ABA6 |
|---|---|---|
| A | Жалпы ұзындығы, мм | 4515 |
| B | Жалпы ені, мм (артқы көрініс айналарын есептемегенде) | 1865 |
| C | Жалпы биіктігі, мм (жүктемесіз) | 1680 |
| D | Дөңгелек базасы, мм | 2656 |
| E | Алдыңғы шығу бұрышы, мм | 928 |
| F | Артқы шығу бұрышы, мм | 931 |
| G | Алдыңғы жолтабан, мм | 1600 |
| H | Артқы жолтабан, мм | 1600 |

*Автокөлік өлшемдерінде есепке алынбаған элементтер: сыртқы артқы көрініс айналары, есіктерді ашу тұтқалары, антенна.

## ҚОЗҒАЛТҚЫШ

| Қозғалтқыш моделі / Атауы | JL473ZQ7<br>төрт тактілі, мәжбүрлі оталдыру жүйесі бар |
|---|---|
| Цилиндрлер саны мен орналасуы | 4; қатарлы |
| Отын бүрку түрі | Электрондық түрде басқарылатын тікелей отын бүрку |
| Ауа қармау | түрбоайдауышы бар |
| Жұмыс көлемі, $см^3$ | 1494 |
| Қысу дәрежесі | 10:1 |
| Максималды қуаты, кВт ($мин^{-1}$) | 133 (5500) |
| Максималды айналдыру моменті, Н. м ($мин^{-1}$) | 280 (1500~4000) |
| Бос жүрісте айналдыру жиілігі, ($мин^{-1}$) | 750±50 |
| Цилиндрлер жұмысының реті | 1-3-4-2 |

Автокөлікті пайдалану нұсқаулығында және басқа да ақпарат көздерінде көрсетілген отын шығыны – сынақ жүргізу кезінде алынған **есептік мән**.

Есептік мән стандартты жинақтамадағы автокөлік үшін жүргізілген стендтік сынақтар негізінде алынды. Автокөлікті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта және басқа да ақпарат көздерінде көрсетілген отын шығынының мәні осы мәннің отынның нақты пайдалану кезіндегі шығынына сай келетіндігіне кепілдік бермейді.

## АВТОКӨЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ

| Атауы / Моделі | | SC6452ABA6 |
|---|---|---|
| Еңсергіштігі | Көтерілу бұрышы ≥ (°) | 21 |
| | Түсу бұрышы ≥ (°) | 28 |
| | Минималды клиренсі (жүктемесіз), мм | 171 |
| | Минималды бұрылу диаметрі, м | 11 |
| Динамикалық | Автокөліктің максималды жылдамдығы, км/сағ | 190 |
| | Максималды еңсерілетін еңіс, % | 30% |
| Үнемділік тиімділігі* | Отын шығыны (аралас цикл), л / 100 км* | 5,9 |
| Жүксалғыш көлемі (VDA ), л | | 475 |
| Тежегіш педалінің бос жүрісі, мм | | ≤ 22 |
| Тежегіш фрикциондары блогының рұқсат етілген жұмыс диапазоны, мм | | Алдыңғы тежегіш қаптамаларының қалыңдығы ≥ 9 мм;<br>Артқы тежегіш қаптамаларының қалыңғдығы ≥ 7,8 мм. |
| Жетек түрі | | **2WD** (Алдыңғы жетек) |

Ескертпе*: пайдалану жағдайларына байланысты отынның нақты шығыны көрсетілген мәндерден өзгеше болуы мүмкін.

## АВТОКӨЛІК САЛМАҒЫ

| Параметрлер / Моделі | | SC6452ABA6 | SC6452ABA6 |
|---|---|---|---|
| Максималды рұқсат етілген жалпы салмағы (толық жүктеме), кг | | 1820 | 1835 |
| Осьтерге түсетін жүктеме, кг. | Алдыңғы ось | 988 | 991 |
| | Артқы ось | 832 | 844 |
| | | | |
| Жабдықталған салмағы, кг. | | 1520 | 1535 |
| Осьтерге түсетін жүктеме, кг. | Алдыңғы ось | 944 | 946 |
| | Артқы ось | 576 | 589 |

## ҚҰЙЫЛАТЫН СҰЙЫҚТЫҚТАР МЕН КӨЛЕМДЕР

| Параметрлер | Спецификация SC6452ABA6 | Көлем |
|---|---|---|
| Отын (Euro VI b | Жоғары сапалы этилденбеген октан саны RON (зерттеу октан саны) кемінде 92# / детонацияға қарсы AKI көрсеткіші кемінде 89# автокөлік бензині. | 55 л. |
| Қозғалтқыш майы (JL473ZQ7) | 0W-20 майы, SN/GF-5 класына сай келеді | 3,9±0,1 л. |
| АБҚ-дағы май TM047FDB | Castrol BOT 351 C4 | 4,8 ± 0,1 л. |
| Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы | Q / JD 1028 LEC- Ⅱ -40 | 9,3 ± 0,1 л. |
| Кондиционер жүйесінің майы | JSAM20 | 100±10г. |
| Кондиционер жүйесінің хладагенті | R134a | 600 г. |
| Алдыңғы әйнекжуғыш сұйықтығы | ZT-30 | ～ 3,0 л. |
| Тежегіш сұйықтығы | DOT4 немесе HZY4 | 0,7～0,8 л. |

## ДӨҢГЕЛЕКТЕР МЕН ШИНАЛАРДЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ, СУЫҚ КҮЙДЕГІ ШИНАЛАРДА БОЛУЫ ТИІС ҚЫСЫМ

| Дискілер | Шиналар | Шиналардағы қысым (кПа) | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Жүктемесіз | | Толық жүктememен | |
| | | Алдыңғы | Артқы | Алдыңғы | Артқы |
| 17×7J* | 225 / 60 R17* | 220 | 220 | 220 | 220 |
| 19×7J | 225 / 55 R19 | 220 | 220 | 220 | 220 |

Ескертпелер: апаттық қосалқы дөңгелек өлшемі **T125 / 80 R17,** ауа қысымы 420 кПа орнатылған.

160 км/с жоғары жылдамдықпен жүретін болсаңыз, алдыңғы және артқы дөңгелектердегі қысымды **250 кПа етіп орнату керек.**

* Бұл спецификациядағы шиналарға сырғытпайтын шынжырларды орнатуға рұқсат етілген.

Сырғытпайтын шынжырлар тек белгілі бір шиналарға орнатыла алады. «VI. Техникалық қызмет көрсету және жөндеу – Шиналар мен дискілер – Қысқы шиналар мен сырғытпайтын шынжырлар» бөлімін қараңыз.

## ДӨҢГЕЛЕКТЕРДІ ОРНАТУ БҰРЫШТАРЫ (ЖҮКТЕМЕСІЗ)

| Параметрлер | | Параметр мәні |
|---|---|---|
| Алдыңғы дөңгелектердің параметрлері | Шүберіннің көлденең еңкею бұрышы, (°) | 12,58°±0,75° |
| | Шүберіннің бойлық еңкею бұрышы (Caster), (°) | 4,35°±0,75° |
| | Тігінен ауытқу бұрышы, (°) | -0,5°±0,5° |
| | Бойлық ауытқу бұрышы, (°) | 0°±0,1° |
| Артқы дөңгелектердің параметрлері | Тігінен ауытқу бұрышы, (°) | -1°±0,50° |
| | Бойлық ауытқу бұрышы, (°) | 0°±0,1° |

## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

| Қысқарту | Белгісі | Қысқарту | Белгісі |
|---|---|---|---|
| **ABS / АБС** | Тежегішті бекіту жүйесі | **DBF** | Динамикалық тежеу функциясы |
| **ACC** | Бейімделетін круиз-контроль | **DVD** | Сандық әмбебап диск |
| **AEB** | Шұғыл тежеу кезінде автоматты көмек көрсету жүйесі | **EBD** | Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе |
| **ALR** | Автоматты түрде бекітілетін тарту құрылғысы | **ECU / ЭБҚ** | Электрондық басқару блогы |
| **APA** | Тұраққа автоматты түрде қою көмекшісі | **EDC** | Баяулауды автоматты түрде басқару (Тежеңкіреу) |
| **AT / АБҚ** | Автоматты беріліс қорабы | **ELK** | Жол қатарын сақтау жүйесі |
| **AUTO HOLD** | Автокөлікті жол қатарында ұстау жүйесі | **EPB** | Электрмеханикалық тұрақ тежегіші |
| **AVM** | Айнала шолу мониторы | **EPS** | Рульдің электркүшейткіші |
| **CAB** | Қауіпсіздік жастығының қалқалары | **ESC** | Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі |
| **CD** | Ықшам диск | **SVA** | Қапталды көру көмекшісі |
| **CO** | Көміртек тотығы | **HDC** | Өрден түсу көмекшісі |
| **DAA** | Қозғалысты бастауға көмектесу жүйесі | **HHC** | Өрге шығу көмекшісі |
| **HPS** | Рульдің гидрокүшейткіші | **GPF** | Қатты түйірлердің отын сүзгісі |
| **DAB** | Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы | **SAB** | Бүйірлік қауіпсіздік жастығы |

## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

| Қысқарту | Белгісі | Қысқарту | Белгісі |
|---|---|---|---|
| **HTR** | Жоғары температураларда тұрақ тежегішін реттеу (бекіту) жүйесі | **SBR** | Қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу |
| **IACC** | Интеллектуалды бейімделетін круиз-контроль | **SRS** | Қосымша бір орында ұстау жүйесі |
| **IMT** | Интеллектуалды механикалық беріліс қорабы | **FAB** | Негізгі жарықты автоматты түрде басқару |
| **LAS** | Жол қатарын бақылайтын көмекші жүйе | **TCS** | Тарту күшін бақылайтын бос айналудан сақтау жүйесі |
| **LCD** | Сұйық кристалды дисплей | **TFT** | Жұқа үлдірлі транзистор |
| **LCDA** | Жол қатарын ауыстыру көмекшісі | **TPMS** | Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі |
| **LDW** | Жол қатарын ауыстыру туралы ескерту | **TSP** | Телематика қызметін көрсетуші |
| **LED** | Жарық сәулесін шашатын диод | **TSR** | Жылдамдықты шектеу белгісін тану |
| **МТ / МБҚ** | Механикалық беріліс қорабы | **USB** | Әмбебап бірізді шина |
| **PAB** | Жолаушының қауіпсіздік жастығы | **VIN** | Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі |
| **POI** | Таңдаулы межелі орындар (көрікті жерлер) | **КЖЖ** | Күндізгі жүріс жарықтары |
| **HBB** | Тежеу жүйесінің гидравликалық күшейткіші | | |

# VII. ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ РЕГЛАМЕНТІ

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат сервистік кітапшада келтірілген. Техникалық қызмет көрсету регламенті жайлы толық ақпарат алу үшін CHANGAN өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

## КЕПІЛДІК ӨТЕМЕЙДІ

CHANGAN компаниясы құрамдас бөлшектерді жөндеу немесе ауыстыру құнына келесі жағдайларда жауап бермейді:

1. Сервис кітапшасында берілген спецификацияға сәйкес автокөлікке техникалық қызмет көрсету және сервистік қызмет көрсету жүргізілмеген.
2. Ішкі және сыртқы қаптамасының өңуі, тот басуы немесе тесіп өтетін коррозиясы, ескіруі, саңылаулардың пайда болуы, панельдердің және резеңке бөлшектердің түсінің өзгеруі дұрыс сақтамау салдарынан болды.
3. Қосалқы бөлшектер мен құрамдастардың мерзімдері немесе жүріп өткен қашықтығы бойынша кепілдік мерзімі аяқталған.
4. Зақымдар еңсерілмейтін күштердің (мысалы, су басу, өрт, сел, найзағай, зілзала және т.б.) салдарынан келді.
5. Зақымдар сыртқы механикалық әсерлердің, ЖКО, айдап әкету немесе айдап әкетуге тырысу нәтижесінде алынды.
6. Клиенттің автокөлікті дұрыс пайдаланбауы немесе сақтамауы салдарынан келген зақымдар.
7. Жөндеу жұмысы CHANGAN мамандарының алдын ала мақұлдауынсыз немесе өкілеттігі жоқ CHANGAN сервис станциясында жүргізілген.
8. Ақаулар автокөлік конструкциясына заңсыз өзгертулер енгізуден немесе түпнұсқа емес (немесе қосымша орнатылған) қосалқы бөлшектерді, аксессуарлар мен жабдықты пайдаланудан туындаған.
9. Зақымдардың келу себептері:

– сапасыз отын және / немесе техникалық сұйықтықтар;
– епсіз пайдалану немесе жазатайым оқиға нәтижесінде;
– автокөлікті басқа мақсатта немесе бұзушылықпен пайдалану, соның ішінде кез келген сайыстар, жарыстар, ралли, уақыттық сынақтар;
– автокөліктің техникалық рұқсат етілген максималды массасын шектен асыру;
– үстіңгі жүксалғыш сөресіне және төбедегі рейлингтерге түсетін максималды жүктемені асыру;
– тиісінше жабдықталмаған тіркемені пайдалану және салмағы рұқсат етілген шектен асқан тіркемені сүйреу;
– сервис қызметін дұрыс пайдаланбау немесе қасақана зақымдау, сондай-ақ тазарту құралдары мен материалдарын пайдалану салдары.

10. Жағармай, тежегіш сұйықтығы, сақтандырғыштар, антифриз, майлар және т.с.с. шығыс материалдарын және оңай зақымдалатын қосалқы бөлшектерді ауыстыру.
11. Жұмыс істемейтін, мәжбүрлеп ажыратылған немесе келісімсіз ауыстырылған одометр немесе жүрілген жол деректері, инженерлердің пікірлері бойынша, бұрмаланған.
12. Кез келген компоненттің (тораптың немесе агрегаттың) немесе оның бөлігінің істен шығуынан немесе зақымдануынан, соның ішінде түпнұсқа

емес қосалқы бөлшектің істен шығуына байланысты туындаған кез келген сипаттағы жанама шығындар.

13. Зақымдар халық толқуынан, еңбек тәртіпсіздіктерінен, ереуілдерден, соғыстан, бүліктен, көтерілістен, лаңнан немесе төңкерістен туындаған.

14. Ақаулар мен зақымдар тікелей немесе жанама түрде иондаушы радиация мен ядролық қалдықтар немесе ядролық отынның жануынан қалған радиоактивті ластанулардың, өндірістік немесе ауаны, өсімдік шырындарын, құстар мен жануарлардың өмірлік азықтарын қышқылдық немесе сілтілік ластайтын химиялық қалдықтардың, ағаш шайырының, тұздардың (жол тұздарын қоса есептегенде), мұзға қарсы реагенттердің, бұршақтардың, жаңбырдың, жел мен басқа да табиғи құбылыстардың нәтижесінде пайда болған.

15. Анықталған басқа ақауларды уақытылы жоймау. Көлік иесі тораптар және / немесе агрегаттар бұзылған және әрі қарай ықтимал істен шыққан жағдайда айырылу, зақымдану немесе қираудың алдын алу үшін барлық мүмкін сақтық шараларын орындауы, автокөлікті ықтимал шығындардан немесе залалдардан сақтау үшін барлық қисынды құралдар мен тәсілдерді қолдануы керек.

16. Лак-бояу жабынының сызаттары мен кетіктерінен (қиыршық тастардың, құмның, металл бөлшектерінің немесе сыртқы себептерден пайда болатын басқа да нысандардың әсерінен), деформация жарықтарынан және т. б. туындаған беттік коррозия.

17. Пайдалану материалдарының және отынның ағып кетуін немесе көп шығынын уақытылы байқамауға немесе өндіруші ұсынбаған басқа маркаларды пайдалануға байланысты пайдалану материалдарының (мысалы, тежегіш немесе салқындату сұйықтығының, майдың немесе жағармайдың) жетіспеуі.

18. Автокөліктің немесе оның элементтерінің сапасына, сипаттамаларына немесе өнімділігіне әсер етпейтін шамалы ауытқулар (мысалы, автокөліктің агрегаттары мен жүйелерінің қалыпты жұмысын білдіретін әлсіз шу, сықырлау немесе діріл); майлардың, техникалық сұйықтықтардың немесе жағармайлардың арнайы әдістерді қолданбаса ажыратылмайтын төсемдер мен тығыздағыштар арқылы аз (қалыпты шығынға әсер етпейтін) ағуы; әрлеу, бояу және гальвандық жабын элементтерінің кемшіліктері; өндіруші орнатқан дисплей экрандарында жарқын немесе қараңғы нүктелердің (3 данадан аспайтын) саны тұрғысынан алғанда шамалы болуы.

19. Жүкті тиеу-түсіру немесе тасымалдау нәтижесінде жүк бөлігінің және / немесе салонның зақымдануы.

20. Көлік құралының сәйкестендіру нөмірін (VIN) немесе қозғалтқыш нөмірін өзгерту немесе жою.

21. Автокөлікті пайдалану кезінде оларға техникалық қызмет көрсету (ТҚК), сондай-ақ автокөлікке тиісінше күтім жасамау, автокөліктің апатқа ұшырауы, тозуы, сыртқы және басқа да факторлардың әсерінен туындайтын ақауларды жою, жөндеу және бөлшектерін ауыстыру жұмыстары кепілдік міндеттемелерге кірмейді және автокөлік иелері оларды жеке қаражатына жүргізеді:

- қозғалтқышты компьютермен диагностикалау;
- отын жүйесін тазартып шығу;
- реттеу, бақылау-диагностикалау жұмыстары:
- ілінісу механизмін реттеу;
- дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу;
- фаралар жарығының деңгейі мен бағытын реттеу;
- тозаңдықтар;
- шиналарды ауыстыру жұмыстарын жүргізу;
- дөңгелектерді теңгеру;
- тежегіш дискілері, қыспақтары және қаптамалары;
- шамдар;
- әйнектазартқыштардың щеткалары;
- біріктірілген басқару блогы жоқ сақтандырғыштар мен реле;
- оталдыру білтелері.

22. Кепілді техникалық қызмет көрсетуге арнайы мақсаттағы автокөліктер кірмейді.

23. Табиғи пайдалану шығындары мен отын, май, техникалық сұйықтықтар немесе жағармай, тежегіш сұйықтығының, салқындату сұйықтығының, жуғыш сұйықтығының және хладагенттің шығыны.

24. Автокөлікке арналған құралдар: апаттық аялдау белгісі, баллон кілті, домкрат және домкраттың иінағашы, және құралдар жинағы.

25. Автокөлікті пайдалануға байланысты ұлттық заңдарға, қағидаларға және тиісті нормативтік актілерге сәйкес моральдық зиян.

*CHANGAN компаниясы істен шыққан автокөлікті пайдалану мүмкін еместігіне, уақытты жоғалтуға, отын мен телефон байланысының шығындарына, көлік шығындарына, кірістерден айырылуға байланысты шығындар мен басқа да коммерциялық шығындарды өтемейді.*

## КӨЛІК ИЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Сервис кітапшасы мен пайдалану нұсқаулығында берілген автокөлікті пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі ұсыныстарды сақтау, соның ішінде:
- техникалық сұйықтықтар деңгейін жүйелі түрде тексеру;
- аспаптар мен сигнал шамдарының дұрыс жұмысын тексеру;
- шиналардағы қысымды тексеру (жүктемеге сәйкес);
- суық жағдайда - қозғалтқышты қозғалыс басталғанға дейін жұмыс температурасына дейін жылыту.

Автокөлікті өте төмен температура жағдайында пайдаланған кезде спецификацияға сәйкес келетін майлар мен басқа да техникалық сұйықтықтарды пайдалану қажет.

2. CHANGAN компаниясының жөндеу және қызмет көрсету технологиясына сәйкес көлік құралына уақытылы техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Барлық жөндеу жұмысы CHANGAN өкілетті сервис орталығында жүргізілуі керек.

3. Көлік иесі (сенімді тұлғасы) мәлімдеген барлық жөндеу жұмыстарына көлік иесі (сенімді тұлғасы) қол қоюы тиіс. Автокөлікті алған кезде иесі тапсырыс-жүктелімде көрсетілген және мәлімделген барлық жұмыстың орындалғанына көз жеткізуі тиіс.

4. Одометр істен шыққанда, немесе көлік құралында айқын ақау туындаған жағдайда көлік иесі дереу арада автокөлікті CHANGAN өкілетті сервис орталығына әкеліп, қажетті жұмыстарды орындатуы тиіс.

5. Механикалық немесе электрлік ақаулар туындаған жағдайда автокөлікті жақын маңдағы CHANGAN өкілетті сервис орталығына жеткізуі тиіс.

Иесі дилерлік немесе өкілетті сервис орталығына келесі ақпаратты ұсынуы керек:

- көлік иесінің деректері (ТАӘ, телефон нөмірі, мекенжайы және т.б.);
- VIN (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі);
- сатылған күні;
- автокөлікті ұсынған сәттегі автокөліктің жүріп өткен қашықтығы;
- ақаудың сипаттамасы.

## КЕПІЛДІКТІҢ КҮШІН ЖОЮ

Егер автокөлік CHANGAN компаниясының кеңестеріне сәйкес регламенттелген техникалық қызмет көрсетуден өтпесе, кепілдік күшін жояды. Көлік құралына техникалық қызмет көрсетудің болмауына байланысты ақаулықтармен кез келген жұмыстар иесінің есебінен төленеді.

## КЕПІЛДІКТІ ТАБЫСТАУ

Автокөлік кепілдігі дилерлік кәсіпорынға берілген және CHANGAN компаниясының мамандары растаған жазбаша сауал негізінде көлік құралының келесі иесіне өтеді. Жаңа иесінің мәліметтерін жөндеу туралы барлық құжаттың көшірмесімен бірге ұсыну қажет екенін ескеріңіз. Ақпаратты алғаннан және тексергеннен кейін администраторлар жүйеге жаңа иесін тіркейді. Кепілдікті бір автокөліктен басқасына тапсыру мүмкін емес.

## ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

CHANGAN өкілетті сервис орталығында регламент пен спецификацияға сәйкес автокөлікке жүйелі түрде техникалық және сервистік қызмет көрсетуді уақтылы жүргізіңіз. Егер көлік құралына спецификацияларға сәйкес қызмет көрсетілмесе, кепілдік күшін жоғалтады. Сервистік кітапшаны дұрыс және қатесіз толтыру қажет.

Техникалық қызмет көрсету және жөндеу туралы ақпарат сервистік кітапшада дәл жазылуы керек.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ РЕГЛАМЕНТІ

Техникалық қызмет көрсетуден (ТҚК) өту уақытын анықтау үшін жүрілген жол (км) бойынша стандартқа немесе автокөлікті пайдалану мерзіміне сүйену қажет. Әрбір тексеру, реттеу, майлау және басқа да қажетті техникалық қызмет көрсету кестелерде көрсетілген уақыт бойынша қатаң орындалуы тиіс.

Ауыр жағдайларда пайдалану кезінде техникалық қызмет көрсету интервалын қысқарту қажет:

- жиі «оталу– тоқтау» (жиі тоқтайтын қысқа қашықтыққа сапарлар, кептелістердегі қозғалыс, бос жүріспен ұзақ жұмыс істеу, 6 км-ден кем жүріп өткен қашықтық);
- қоршаған орта температурасы 0°С-тан төмен болғанда 16 км-ден аз қашықтыққа сапар;
- таулы немесе төбелі, құмды немесе шаңды жерлердегі қозғалыс;
- ауыр жүктемелер (мысалы, тіркемені сүйреу кезінде);
- коммерциялық көлік (такси, жолдағы көмек, жеткізу қызметі) режиміндегі сапарлар, ұзақ уақыт бос жүрісте жұмыс істеу және төмен жылдамдықпен шамадан тыс қозғалыс.

Автокөлікті ауыр жағдайларда, шаңды немесе құмды жерлерде, ластанған аймақта немесе жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс жерлерде пайдалану кезінде – ауа сүзгісінің жай-күйін үнемі тексеріп отырыңыз және қажет болған жағдайда оны ауыстырыңыз.

Автокөлікті тозаңдану деңгейі жоғары жағдайларда пайдаланған кезде жиірек техникалық қызмет көрсету қажет.

## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

**I** - Тексеру, байқау, реттеу (қажет болған кезде).
Қажет болған жағдайда жөндеу (тазалау немесе ауыстыру).

**R** - Ауыстыру.

***1:** Белдіктердің тартылуын тексеру және реттеу:

- генератордың және руль күшейткішінің (су сорғысының жетек белдігін);
- кондиционердің жетек белдігі (орнатылған болса).

Қарау, реттеу немесе ауыстыру (қажет болған жағдайда).

***2:** Қозғалтқыштағы май деңгейін тексеру, соның ішінде мадың ағуын әр 500 км сайын немесе алыс сапарға шығар алдында.

# Автокөліктерге жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету регламенті

| СЕРВИСАРАЛЫҚ ИНТЕРВАЛ / АТАУЫ | Айлар саны / автокөліктің жүріп өткен қашықтығы (қайсысы ерте келетініне байланысты). | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ТҚК № | ТҚК - 0 | ТҚК - 1 | ТҚК - 2 | ТҚК - 3 | ТҚК - 4 | ТҚК - 5 | ТҚК - 6 | ТҚК - 7 | ТҚК - 8 | ТҚК - 9 | ТҚК - 10 | ТҚК - 11 |
| | пайдалану мерзімі, (ай) | 3 ай | 15<br>1 жыл 3 ай | 27<br>2 жыл 3 ай | 39<br>3 жыл 3 ай | 51<br>4 жыл 3 ай | 63<br>5 жыл 3 ай | 75<br>6 жыл 3 ай | 87<br>7 жыл 3 ай | 99<br>8 жыл 3 ай | 111<br>9 жыл 3 ай | 123<br>10 жыл 3 ай | 135<br>11 жыл 3 ай |
| | жүрілген қашықтық, км (× 1 000) | 5 | 15 | 25 | 35 | 45 | 55 | 65 | 75 | 85 | 95 | 105 | 115 |
| **КҮШТІК АГРЕГАТТАР** | | | | | | | | | | | | | |
| ГТМ белдігі (болған жағдайда) | | I | Әрбір 80 000 ~ 100 000 км сайын ауыстыру | | | | | | | | | | |
| Жетек белдіктері *1 | | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Қозғалтқыштың май сүзгісі мен мотор майы *2 | | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R |
| Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы | | I | I | R | I | R | I | R | I | R | I | R | I |
| МБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | | Әрбір 60 000 км немесе 3 жыл сайын ауыстыру | | | | | | | | | | | |
| АБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | | Әрбір 60 000 км немесе 3 жыл сайын ауыстыру | | | | | | | | | | | |
| Қосарланған ілінісі бар АБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | | Әрбір 60 000 км немесе 3 жыл сайын ауыстыру | | | | | | | | | | | |
| Салқындату жүйесі (келтеқұбырлар, құбыршектер мен қосылыстар) | | I | | I | | I | | I | | I | | I | |
| Ауа сүзгісі | | I | I | R | I | R | I | R | I | R | I | R | I |
| **ОТЫН ЖҮЙЕСІ** | | | | | | | | | | | | | |
| Отын құбырлары, құбыршектер мен қосылыстар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Отын сүзгісі (EURO V) | | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R | R |
| Отын сүзгісі (EURO VI) | | Әрбір 100 000 км немесе 4 жыл сайын ауыстыру | | | | | | | | | | | |
| Отын бағы | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Отын бағындағы сүзгі (EURO VI) | | I | I | I | I | R | I | I | I | I | R | I | I |

*1: Генератордың жетек белдігінің, руль күшейткішінің, су сорғысының, кондиционердің (болған жағдайда) жетек белдігінің тартылу күшін тексеріп, реттеу.

*2: Қозғалтқыштағы майдың деңгейін және оның ағып кетуін әрбір 500 км сайын немесе ұзақ сапарды бастамас бұрын тексеріп алыңыз.

## Автокөліктерге жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету регламенті

| СЕРВИСАРАЛЫҚ ИНТЕРВАЛ / АТАУЫ | Айлар саны/ автокөліктің жүріп өткен қашықтығы (қайсысының ертерек болатынына байланысты). | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ТҚК № | ТҚК - 0 | ТҚК - 1 | ТҚК - 2 | ТҚК - 3 | ТҚК - 4 | ТҚК - 5 | ТҚК - 6 | ТҚК - 7 | ТҚК - 8 | ТҚК - 9 | ТҚК - 10 | ТҚК - 11 |
| | пайдалану мерзімі, (ай) | 3 ай | 15<br>1 жыл 3 ай | 27<br>2 жыл 3 ай | 39<br>3 жыл 3 ай | 51<br>4 жыл 3 ай | 63<br>5 жыл 3 ай | 75<br>6 жыл 3 ай | 87<br>7 жыл 3 ай | 99<br>8 жыл 3 ай | 111<br>9 жыл 3 ай | 123<br>10 жыл 3 ай | 135<br>11 жыл 3 ай |
| | жүрілген қашықтық, км (× 1 000) | 5 | 15 | 25 | 35 | 45 | 55 | 65 | 75 | 85 | 95 | 105 | 115 |
| **ОТАЛДЫРУ ЖҮЙЕСІ** | | | | | | | | | | | | | |
| Оталдыру білтелері | | I | I | R | I | R | I | R | I | R | I | R | I |
| **ШАНАҚ ПЕН ШАССИ** | | | | | | | | | | | | | |
| Тежегіш сұйықтығы / ілінісу сұйықтығы | | I | I | I | R | I | I | R | I | I | R | I | I |
| Тұрақ тежегіші | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Тежегіш магистральдары, құбыршектер мен қосылыстар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Тежеу жүйесі (дискілер мен қалыптар) | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Руль - руль бағаны, иінтіректер және ұштықтар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Жетек біліктері, тозаңдықтар мен ШРУСтар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Шиналар (қысым, протектордың тозуы) | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Алдыңғы аспаның шар тіректері, сайлентблоктар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Шанақ пен шассидегі болттар мен сомындарды қатайту моменті | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| **ЭЛЕКТРЖАБДЫҚ** | | | | | | | | | | | | | |
| Сымдардың орамы, қосылыстар мен шамдар | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| **КОНДИЦИОНЕР (КЛИМАТТЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ)** | | | | | | | | | | | | | |
| Кондиционер жүйесіндегі салқындатқыш агент | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Компрессор, радиатор, булағыш | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |
| Климатты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (болған жағдайда) | | I | I | R | I | R | I | R | I | R | I | R | I |
| Кондиционер жүйесінің түтікшелері мен қосылыстары | | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I | I |

I - Тексеру, байқау, реттеу. Қажет болған жағдайда жөндеу (тазалау немесе ауыстыру).

R - Ауыстыру.

## Ауыр жағдайларда пайдалану кезінде автокөліктерге техникалық қызмет көрсету регламенті

Ауыр жағдайларда пайдаланылатын автокөліктерде төменде көрсетілген тораптар мен элементтерге жиірек қызмет көрсету қажет.

Техникалық қызмет көрсету аралықтары төмендегі кестеде берілген.

| Атауы | Операция | Қызмет көрсету интервалы | Пайдалану шарттары |
|---|---|---|---|
| Қозғалтқыштың майы мен май сүзгісі | R | Әрбір 5000 км немесе 6 ай сайын ауыстыру | A,B,C,D,E,F,G,H,I,K,L |
| Ауа сүзгісі | R | Күйіне байланысты ауыстыру | C,E |
| Оталдыру біліктері | R | Күйіне байланысты ауыстыру | A,B,H,I |
| Руль - руль бағаны, иінтіректер және ұштықтар | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,E,F,G |
| Алдыңғы аспаның шар тіректері, сайлентблоктар | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,E,F,G |
| Шанақ пен шассидегі болттар мен сомындарды қатайту моменті | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,E,F,G |
| Тежеу жүйесі (дискілер, қалыптар, күпшектер мен бағыттауыштар) | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,E,F,G |
| Тұрақ тежегіші | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,G,H |
| Жетек біліктері, тозаңдықтар мен ШРУСтар | I | Күйіне байланысты тексеру | C,D,E,F,G,H,I |
| МБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | R | Әрбір 15 000 км немесе 12 ай сайын ауыстыру. Қажет болса, сұйықтықты ауыстыру. | C,D,E,F,G,H,I,K,M |
| АБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | R | Әрбір 60 000 км | A,C,F,G,I |
| Қосарланған ілінісі бар АБҚ-ға арналған трансмиссиялық сұйықтық (болған жағдайда) | R | Әрбір 40 000 км | C,D,F,G,H,I,K |
| Климатты басқару жүйесінің ауа сүзгісі (болған жағдайда) | R | Күйіне байланысты ауыстыру | C,E |

I - Тексеру, байқау, реттеу. Қажет болған жағдайда жөндеу (тазалау немесе ауыстыру).

R - Ауыстыру.

Ауыр пайдалану жағдайлары:

A: Қысқа қашықтыққа бірнеше рет (қайталанатын) сапар шегу: қалыпты температурада 8 км-ден аз немесе төмен температурада 16 км-ден аз.
B: Қозғалтқыш ұзақ уақыт бос жүрісте істеп тұр немесе ұзақ қашықтыққа төмен жылдамдықпен жүріп бару.
C: Автокөлікті тегіс емес, шаң, саз, топырақ, тасқұм жолдарда немесе тұз көп себілген жолдарда пайдалану.
D: Автокөлікті тұз немесе басқа да коррозия тудыратын материалдар көп себілген жолда (немесе аудандарда) пайдалану. Төмен температураларда пайдалану.
E: Автокөлікті қатты шаң көтерілетін жағдайда пайдалану.
F: Автокөлікті жол кептелістерінде пайдалану.
G: Автокөлікті бірнеше рет (қайталап) тау жолдарында, созылған өрде не еңісте пайдалану.
H: Тіркеме сүйреу, кемпер тасымалдау немесе төбедегі жүксалғышты пайдалану.
I: Автокөлікті патруль машинасы, такси, коммерциялық көлік ретінде пайдалану немесе көлік құралын сүйреу.
J: 140 км/сағаттан астап жылдамдықпен жүру.
K: 170 км/сағаттан астап жылдамдықпен жүру.
L: Автокөлікті жиі жүргізіп, тоқтату жағдайында пайдалану.